Бұл оқу әдісі студенттердің тәуелсіздігіне және оқытушы мен студенттер арасындағы жолдастық қарым-қатынасқа негізделген. Пәнаралық білім алу аясында студенттер әр түрлі факультеттер мен кафедралар ұсынатын сабақтар арасынан таңдау жасай отырып оқу жоспарын өздері үлгілей алады. Олар үшінші оқу жылына дейін белгілі бір мамандық бағытынсыз кез-келген пәнді немесе курсты таңдай алады. Бір мамандық бойынша диплом алу үшін осы мамандыққа тән пәндер бойынша белгілі бір академиялық сағаттар мен сынақ бірліктерін жинау керек. Оқу аяқталғаннан кейін таңдаған мамандығы бойынша диплом алады. Сонымен бірге пәнаралық оқыту бойынша білім алғандығы, оқыған курстар нәтижелері енгізілген құжат беріледі [8].

Алғашқыда гуманитарлық пәндер арасында қолданылса, қазіргі таңда бұл инновациялық оқу әдісі заманауи техникалық және медициналық ғылымдар саласына енгізілуде.

Оңтүстік Каролина Университетінде (АҚШ) студенттерде кәсіпаралық және пәнаралық оқыту санаторий, аурухана, әлеуметтік қорғау орталықтарында жедел және созылмалы аурулары бар науқастардың шынайы клиникалық жағдайы бойынша жүргізіледі. Студенттер жалпы медицина, фармация, медбикелік іс, стоматология мамандықтары бойынша біріктірілген мақсаттарға ие болатын клиникалық жағдайларда науқасқа қызмет атқарады [7].

Томас Джеферсон Университетінде (АҚШ) кәсіпаралық және пәнаралық білім беруге жауапты оқытушы екі жыл аралығында 3-4 мамандық бойынша оқитын құрамында 4-5 студенті бар кәсіпаралық топпен 8 рет кездеседі. Жетекшілерімен кездесу барысында студенттер мамандықаралық мақсатқа ие жағдайларға қатысып, пікірталас, оқытушымен кері байланыс ұйымдастырылады. Жұмыс соңында студенттердің меңгеру деңгейін жазбаша түрде бақылайды [7].

Нью-Мексика Университетінде (АҚШ) студенттер оқытушымен біріге отырып пәнаралық машықтарға негізделген сценарий құруға қатысады. Студенттер (әдетте 8-12 студент және екі оқытушы) көктемде 3 ай пәнаралық топтар құрамында ауылдық жерлерде болып, денсаулық жәрмеңкесіне, халықты медициналық қарау, жасөспірімдер, жастар арасында ішімдік пен нашақорлықтың зияндылығы туралы үгіт-насихат шараларына қатысады [7].

Осы жасалған сараптама нәтижесіне қарасақ, беделді шетел жоғарғы оқу орындарында кәсіпаралық және пәнаралық оқыту тәрізді инновациялық білім беру әдісі студенттердің өзіндік білім алуы мен оны жетілдіруі үшін маңызды екендігін айқындауға болады.

Шетелдік мәліметтерге және республикамызда жүргізіліп жатқан еңбектерге сүйене отырып, Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің жанынан құрылған білім беру мен оқытудың белсенді әдістері комиссиясының қолдауымен ішкі аурулар, акушерлік іс және гинекология, жалпы тәжірибе дәрігері кафедраларында кәсіпаралық оқыту қолға алынды. Терапевттер, гинекологтар, жалпы тәжірибе саласы бойынша оқитын дәрігер-интерндердің тақырыптық жоспарлары, білуі және меңгеруі қажет машықтары мен құзыреттіліктерін ескере отырып кәсіпаралық және пәнаралық оқытуға арналған тақырыптар тізімі қарастырылды. Жоғарыда аталған мамандық бойынша білім алатын дәрігер-интерндер арасынан кәсіпаралық оқыту тобы құрылды. Ішкі аурулар, акушерлік іс және гинекология, жалпы тәжірибе дәрігері кафедралары оқытушыларының көмегімен таңдалып алынған тақырыптар бойынша клиникалық сценарийлер құрастырылды. Клиникалық сценарий көмегімен кәсіпаралық оқытуды өткізу алдында студенттерге тек талқыланатын тақырыптың жалпы нұсқасы ғана айтылатындықтан, студенттерден кең көлемді, терең, тиянақты дайындалуды қажет етеді. Бұл сценарийлер оқу-клиникалық орталықтың құрал-жабдықтары мен стандартталған науқастардың көмегімен жүргізіледі. Клиникалық сценарийге қатысты жабдықтарды, стандартталған науқастарды, зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелерін дайындау оқытушыларға жүктеледі. Мысалы, «Жүктілердегі тыныс алу ағзаларының аурулары» тақырыбы бойынша жүргізілетін кәсіпаралық оқыту сценарийіне тоқталсақ. Алдын-ала оқу-клиникалық орталығында оқытушылар жабдықтарды, науқастың үйі, терапия, акушерлік іс және гинекология саласы бойынша қабылдау бөлімдеріне еліктеме бөлмелер дайындайды. Стандартталған науқасқа және науқастың туысқанына (кафедра ассистенттеріне) клиникалық сценарийдің жоспары, оларға жүктелетін міндеттері айтылады. Үш мамандық бойынша білім алатын студенттерге қысқаша клиникалық жағдай түсіндіріледі. Студенттер 2 топқа бөлінеді. Бір топ – бақылаушылар, екінші топ – клиникалық сценарийге қатысушылар. Бақылаушылар тобына бақылау және бағалау парақтары ұсынылып, арнайы жабдықталған бақылау бөлмесіне отырғызылады. Сценарийге қатысатын топ мүшелері арасында мамандығына байланысты жалпы тәжірибе дәрігері, фельдшер, қабылдау бөлімінің терапевт дәрігері, дәрігердің көмекшісі, пульмонолог, реаниматолог, акушер және гинеколог рольдері бөлінеді. Әрі қарай дәрігерлердің әрекеті бақыланып, видеотүсірілім жүргізіледі. Сценарий соңында видеотүсірілім қаралып, дәрігер-интерндердің, әрқайсысының клиникалық сценарийде алған орны, коммуникациялық, тәжірибелік машықтары, диагностикалық және емдеу шараларын анықтаудағы көзқарастары, жағдайдың кенет өзгеруіне байланысты шұғыл жағдайдағы іс-әрекеттері, топ арасында жұмыс атқара алуы талқыланып, бақылаушылар тобы және оқытушылармен кері байланыс жасалады.

Оқыту барысында кәсіпаралық оқыту топтарына енген студенттер (жеке пікірі және сұрақнама нәтижелері бойынша) осы әдістің нәтижелілігінің жоғары екендігін, шынайы жағдайда науқасқа көмек көрсету барысында клиникалық логиканы арттыратындығын және тәжірибелік машықтарды жетілдіретіндігін, басқа мамандармен келісе жұмыс атқара алуға бейімдейтіндігін, үлкен жауапкершілікті қажет ететіндігін атап өтті. Кәсіпаралық және пәнаралық оқыту әдістері оқытушылардың тиянақты, үлкен дайындығын қажет еткендігімен, студенттердің коммуникациялық және тәжірибелік машықтарды, аурудың және шұғыл жағдайлардың диагностикасы, емдеу шараларын меңгеру деңгейі мен сын сәттерде іс-әрекетін бағалауда тиімді екендігі анықталды.

Қорыта келгенде, шетел мәліметтерінің сараптамасы мен өзіндік жүргізілген бақылаулар мен талқылаулар нәтижесінде пәнаралық және кәсіпаралық оқыту инновациялық білім берудің әдісі ретінде медициналық жоғары оқу орындарында студенттердің клиникалық құзыреттілігін жетілдіруде маңызды екендігін айтуға болады. Кәсіпаралық медициналық білім беру әдісінің болашақ мамандардың тығыз ынтымақтастығы мен науқастарға сапалы қызмет көрсетудегі тәжірибесін арттыруда санаты жоғары, жаңа заман талаптарына сай мамандарды даярлауда маңызы зор.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». – Астана, 2007 жылғы 28 ақпан // http: //www. Kazembassy .by/ofisial_ astana/new. html.

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында [Мәтін]: Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә. Назарбаев // – Астана: Елорда, 2005. – 48 б.

3. Байдурин С.А. Пути оптимизации преподавания внутренних болезней в медицинском вузе / С.А. Байдурин, А.Х. Альмухамедова, Ф.К.Бекенова [и др.]. // Клиническая медицина. – 2008. – №3. – С. 36-38.

4. Телеуов М.К., Досмагамбетова Р.С., Тургунова Л.Г., Мациевская Л.Л., Седач Н.Н. Сфера компетентности выпускника медицинского вуза. Компетентности: Навык работы в команде. Профессионализм / Методические рекомендации. – Караганда, 2010. – 84 с.

5. Герасименко С.Л. Соврешенствование коммуникативной культуры студентов в условиях медицинского вуза // Электронный педагогический журнал. – 2007. – №1.

6. Фирсов М.В., Шапиро Б.Ю. Психология социальной работы: Содержание и методы психосоциальной практики. – М.: Академия, 2002. – 147 с.

7. Шорникова О.Н. Этапы формирования междисциплинарной технологии обучения студентов // http://www.rusnauka.com/6_NITSB_2010/Pedagogica/59672.doc.htm.

8. Иваницкий С.А. История международного опыта междисциплинарного обучения // http://rudocs.exdat.com/docs/index-445647.html.

Резюме

Развитие науки и образования в современном мире все более определяется междисциплинарной конвергенцией и интеграцией различных областей знания. В статье рассмотрены вопросы междисциплинарного и межпрофессионального образования, показана история международного опыта междисциплинарного обучения. Обоснована высокая актуальность междисциплинарного и межпрофессионального образования в условиях повсеместного внедрения Болонской системы высшего образования.

Summary

The development of science and education in a modern world is increasingly determined by interdisciplinary convergence and integration of the various areas of knowledge. The issues of interdisciplinary and interprofessionaleducation and history of international experience in interdisciplinary education are considered in the article. High topicality of interdisciplinary and interprofessionaleducation in the conditions of ubiquitous implementation of Bologna system of education is substantiated.

УДК 907.23

ОСОБЕННОСТИ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ КАК ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ДИДАКТИКЕ ВЫСШЕЙ МЕДИЦИНСКОЙ ШКОЛЫ С РЕАЛИЗАЦИЕЙ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА

Н.Г. САХИПОВ,
доктор медицинских наук, профессор
В.А. ЛУЗАНОВ,
доктор медицинских наук, профессор,
Казахстанско-Российский университет,
г. Астана, Республика Казахстан

Современная казахстанская высшая медицинская школа находится в русле поиска и внедрения новых методов и технологий, направленных на реализацию основополагающей стратегии – компетент-

ностного подхода. Чтобы судить об эффективности процесса обучения, необходимо определить, что мы будем считать его результатом. В педагогической литературе термин «компетентность» предлагается использовать в описании результатов обучения, так как это качество человека выражается в готовности на его основе к успешной деятельности с учетом ее социальной значимости. В свою очередь, компетентностный подход в высшем образовании означает формулирование целей – результатов обучения в виде компетенций и создание оптимальных условий организации учебного процесса для их формирования. Для определения результатов подготовки по отдельным дисциплинам в профессиональном образовании более подходит термин «уровень подготовленности». Уровень подготовленности – совокупность знаний и умений обучаемых по конкретным разделам определенной области науки или практической деятельности.

Актуальность проблемы дидактики обучения в медицинском вузе состоит в том, что до сих пор отсутствует обоснованная теория содержательных основ профессионального образования, хотя отдельные аспекты теории получили свое решение: мировоззренческий принцип, личностно ориентированное обучение. Недостатком этих подходов является то, что в них недостаточно используются принципы интегрального, системного и деятельностного подходов, например, в направлении решения задач совершенствования дидактики высшей медицинской школы.

Если подойти к проблеме с позиций педагогики, то результатом учебного процесса высшей медицинской школы можно считать определенный набор знаний и умений как профессиональных, так и познавательных и личностных свойств, сформированных у выпускника за период обучения. Этот результат определяется целями обучения, которые достигаются в процессе подготовки выпускника определенной специальности в целом, например, специальности «Лечебное дело», «Стоматология» и технологией обучения отдельным дисциплинам, в частности анатомии, гистологии, хирургическим болезням. Несомненно, что при разработке эффективных технологий обучения потребуются знания и других, смежных, отраслей научных знаний. Но основным источником научных положений, безусловно, является педагогическая психология.

В обучении большую ценность представляют общие знания. Зная основные положения учебной дисциплины и общую методику, или алгоритм выполнения действий, например, решения задач, обучаемый всегда решит любую частную задачу. При этом частная информация может и не храниться в памяти, т. е. не должна переводиться в знание – ее всегда можно извлечь при необходимости из любого источника информации. Поэтому процесс обучения направляется на формирование обобщенных, инвариантных, знаний и умений.

Подход к процессу учения как к деятельности требует также принципиально другого рассмотрения соотношения знаний и умений. Знания не должны противопоставляться умениям, а должны рассматриваться как их составная часть. Знания не могут быть ни усвоены, ни сохранены вне действий обучаемого [3, с. 47].

Знать – это всегда выполнять какую-то деятельность или действия, связанные с данными знаниями. Например, действие характеризуется неполным составом ориентиров, или вообще не содержит указаний, как его выполнять, а предъявляется только само действие и его продукт. Обучающийся методом «проб и ошибок» усваивает действие. Но формирование идет очень медленно, сформированное действие оказывается очень неустойчивым к изменениям условий выполнения. Например, студенту предъявляют описание симптомов болезни и предлагают поставить диагноз в конкретном клиническом случае. Также студент получает сведения, что у больного заболевание легких и для постановки диагноза этой нозологии (например, «пневмония») требуется анализ симптомов; дается инструкция, что и в какой последовательности нужно делать, на какие сведения опираться.

Таким образом, вместо двух проблем – передать знания и сформировать умения по их применению – перед обучением в медицинском вузе стоит одна: сформировать такие виды деятельности, которые с самого начала включают в себя заданную систему знаний и обеспечивают их применение в заранее предусмотренных пределах.

В контексте вышеизложенного, исследование проблемы состоит в определении методологии, основанной на интегральном подходе к сознанию и деятельности индивида, учете двусторонних информационно-динамических связей между ними с образованием подсистем интеграции. Наличие входа в систему психики со стороны психического образа и выхода из нее на уровне результатов деятельности позволяет построить на интегральной основе логическую структуру форм и способов целостной системы познавательного процесса субъекта обучения в медицинском вузе. В таком случае указанная методология предоставляет преподавателю возможности:

1) построить содержание процесса обучения в интегрально структурированном и системообразующем виде на уровнях сознания и деятельности;

2) осуществить процесс обучения с учетом уровней познавательного процесса;

3) оценить результативность дидактики в образовательном процессе на уровне сознания и результатов деятельности.

Наряду с этим, возможно исследовать динамику познавательного процесса, выявить его особенности, разработать план действий по выравниванию учебного процесса как у отдельных студентов, так и в академической группе в целом. Все это говорит о необходимости разработки дидактических подходов на путях повышения профессиональных компетенций, гармоничного развития личности при обучении в медицинском вузе, причем на базе системного построения; применения интегральной структурно-функциональной системы психики, обеспечивающей ход познавательного процесса – от формирования у индивида психического образа до результата деятельности [2, с. 114].

Вместе с тем, следует учитывать такие условия, как:

1) на основе интегрального подхода построение структуры организации и путей регуляции информационно-динамических процессов в системе психики человека, которые в целом отражают ход и этапы реализации познавательного процесса в образовательной деятельности медицинского вуза;

2) обоснование оптимальных дидактических подходов и принципов, позволяющих обеспечить повышение профессиональных компетенций и гармоничное развитие личности будущего врача.

Парадигма совершенствования преподавания в медицинском вузе учений и теорий медицинской науки требует сформировать у будущих врачей преемственность, системообразующие взаимосвязи между гуманитарными, медико-биологическим, клиническим и профилактическим блоками дисциплин учебного плана медицинского вуза с использованием новык подходов дидактики, положений субъекта познания [1, с. 69].

Целесообразность этого пути обусловлена тем, что на завершающей стадии познавательного процесса в сознании студента должно быть сформировано глубокое и целостное осмысление всех аспектов исследуемой теории. По мнению ученых, сознание является совокупностью чувственных и умственных образов, предстающих во «внутреннем опыте» человека и предвосхищающих его практическую деятельность.

Психолого-педагогическая наука установила, что наиболее рационально цели обучения, т.е. набор умений и знаний, усваиваются в результате самостоятельной активной деятельности обучаемого. Для высшей медицинской школы эта деятельность – решение задач-моделей из сферы профессиональной деятельности или выполнение некоторых видов именно профессиональной деятельности: обследование больного, постановка диагноза, назначение лечения и пр. Отметим, что деятельностный подход уже широко используется в педагогической практике высшей медицинской школы.

Общей задачей системы обучения врачей в вузе является формирование у выпускников конкретных профессиональных и познавательных умений, определенных нормативными документами высшего образования. Учебные дисциплины выступают компонентами системы вузовской подготовки врача. Технология их изучения должна строиться для успешной реализации общей цели подготовки.

Литература:

1. Волков А.М., Микадзе Ю.В., Солнцева Г.Н. Деятельность: структура и регуляция. Психологический анализ. – М.: Изд-во Московского ун-та, 2007.

2. Завалова Н.Д., Ломов Б.Ф., Пономаренко В.А. Образ в системе психической реуляции деятельности / Отв. ред. докт. психол. наук, проф. Ю.М. Забродин. – М.: Наука, 1998.

3. Крачун Г.П. Психологические аспекты обучения и воспитания в медицинском вузе // Проблемы медицины и здравоохранения: Прошлое, настоящее, будущее / Межвед. сборник науч. трудов / Отв. ред. докт. мед. наук, проф. В.А. Шуткин. – Вып. 2. – Тирасполь: ГУИПП «Типар», 2004.

Түйіндеме

Мақалада қазіргі қазақстандық жоғарғы компетенттік тіл табудың, ізденістің және стратегияның жүзеге асуына деген оңтайлы жаңа әдістің және технологияның енгізілуінің арқасында болатын медициналық мектептер туралы сөз болады.

Summary

In the offered scientific article about modern Kazakhstan higher medical school, that is in the river-bed of search and introduction of the new methods and technologies, sent to realization of fundamental strategy, approach.

УДК 541.13

ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ В ОБЛАСТИ ХИМИЧЕСКОЙ ТЕХНОЛОГИИ В УСЛОВИЯХ ФОРМИРУЮЩЕЙСЯ ИННОВАЦИОННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ

А.А. МУСАБЕКОВА,
кандидат химических наук, доцент
М.У. АБИЛОВА, А.М. ШАЛДЫБАЕВА,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Республика Казахстан

Реализация комплекса организационных, учебно-методических и научно-практических задач образовательного процесса, осуществляемая на факультете химии и химической технологии КазНУ имени аль-Фараби, призвана обеспечить подготовку востребованных, конкурентоспособных специалистов, обладающих высокопрофессиональными навыками и умениями. Для достижения этой цели, прежде всего, необходимо активизировать самостоятельный творческий интерес обучающихся к овладению широкого спектра профессиональных знаний [1], что достигается внедрением в учебный процесс кредитно-модульных образовательных программ на основе компетентностного подхода и личностно-ориентированной подготовки. Через компетентностный подход и модульное обучение осуществляется перенос акцента образовательного процесса с предметно-дисциплинарной и содержательной стороны на овладение профессиональными знаниями, навыками и умениями, необходимыми в дальнейшей профессиональной деятельности.

На кафедре аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов КазНУ подготовка магистров и PhD-докторов по специальности «Химическая технология неорганических веществ» проводится по трем направлениям: «Технология неорганических веществ и неорганических материалов», «Технология переработки минерального сырья», «Технология электрохимических производств», что отражает наиболее динамично развивающиеся современные химические производства Казахстана. Главным резервом активизации познавательного процесса обучающихся в магистратуре и PhD-

докторантуре является научно-исследовательская работа, одна из составляющих образовательного процесса в вузе. Поэтому на разных этапах подготовки специалистов одним из основных условий является четкая организация научных исследований обучающихся, в результате которых закрепляется теоретическая база и приобретаются практические навыки и профессиональные компетенции. Значение самостоятельной исследовательской работы существенно повышается при модульной системе обучения, позволяющей структурировать дисциплины, направленные на проблемно-ориентированное обучение.

Активное участие обучающихся в НИР начинается с учебных и научно-исследовательских практик в бакалавриате и продолжаются в магистратуре и PhD-докторантуре, что обеспечивает тесную взаимосвязь и логическую последовательность образовательного процесса от теоретического обучения до практической работы. Благодаря разветвленной базе исследовательской практики: Центр физико-химических методов исследования при КазНУ имени аль-Фараби, Центр по комплексной переработке минерального сырья РК, Институт органического катализа и электрохимии имени Д.В. Сокольского, Институт химических наук имени А.Б. Бектурова – у обучающихся имеется возможность участвовать в выполнении современных научно-технических проектов, что позволит им в дальнейшей профессиональной деятельности быть готовыми к инновациям.

При выполнении самостоятельной научно-исследовательской работы обучающиеся, особенно магистранты, могут испытывать некоторые затруднения: неумение четко распределять свое время, неуверенность в себе из-за отсутствия ясного представления ожидаемых результатов заданий, недостаточность навыков работы с приборами и аппаратурой, со специальными видами литературы и т.д. Преодоление этих трудностей в большой степени зависит от уровня продуманной научно-методической организации исследований: четко поставленная цель, задачи достижения цели, поэтапная программа практических действий, ожидаемые результаты.

При использовании модульной технологии обучения одним из важных принципов является принцип осознанной перспективы, который требует глубокого понимания обучающимся близких, средних и отдаленных стимулов учения, выступающих в качестве значимых результатов познавательной деятельности [2]. Необходимо дать понять и осознать обучающимся промежуточные и конечные цели самостоятельной исследовательской работы.

Тематика магистерских и PhD докторских диссертаций кафедры тесно связана с направлениями международных, фундаментальных и поисковых проектов, проводимых в указанных научных центрах. Свою научно-исследовательскую работу обучающиеся выполняют на современных приборах и оборудовании, приобретая необходимые для специалистов химиков-технологов знания и навыки. Результаты научно-исследовательской работы они представляют в виде научных докладов на конференциях, конкурсах и семинарах с участием известных ученых и специалистов, что способствует развитию их творческого личностного подхода к профессиональному самообразованию, умению доходчиво излагать и отстаивать свои идеи, приобретать навыки критического анализа. Публикация результатов НИР в виде статей и тезисов докладов позволяет видеть результаты промежуточных этапов самостоятельной работы и является стимулом для дальнейшего творческого развития.

Продуктивными видами самостоятельной исследовательской работы магистрантов и докторантов, обладающих достаточной языковой подготовкой, являются стажировки в зарубежные вузы, что является нововведением в нашем университете, повышающим академическую мобильность обучающихся. Такую возможность химики-технологи получили благодаря вхождению КазНУ в консорциумы двух сетевых университетов – Университета Шанхайской организации сотрудничества и Сетевого открытого университета СНГ. Такие стажировки в зарубежных научных центрах углубляют теоретические знания, навыки и умения. Особенно важным результатом стажировок является развитие стремления к самообразовательной деятельности, интеллектуальной активности, познавательной потребности, коммуникативной компетенции. Кроме того, при участии в совместных проектах и стажировках работа

в команде формирует у магистрантов и докторантов самостоятельность, как свойство личности, способствуя развитию культуры личности.

Такая организация НИР магистрантов и PhD-докторантов при модульной системе обучения, осуществляемая в настоящее время на факультете химии и химической технологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, создает практически все условия для достижения целей по подготовке конкурентоспособных специалистов, соответствующих требованиям современности.

Литература:

1. Ташмухаметова Ж.Х. Практическая нацеленность подготовки специалистов – ключ к интеграции в образовании / Совершенствование качества высшего образования в свете Болонского процесса: реалии, проблемы и перспективы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – С. 133-138.

2. Абилова М.У., Мусабекова А.А., Шалдыбаева А.М. Самостоятельная работа магистрантов и PhD-докторантов химико-технологических специальностей в условиях модульного обучения // Инновации в образовательной деятельности и вопросы повышения качества обучения. Кн. 1. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – С. 7-9.

Түйіндеме

Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасындағы «Бейорганикалық заттар мен материалдар технологиясы», «Минералды шикізатты қайта өңдеу технологиясы» және «Электрохимиялық өндірістер технологиясы» бағыттары бойынша жоғары білікті және бәсекелестікке қабілетті мамандар даярлаудағы магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысының инновациялық рөлі қарастырылған.

Summary

Questions of a role of research work of undergraduates and doctoral candidates are considered at preparation of highly skilled competitive experts in directions «Technology of inorganic substances and materials», «Technology of processing of mineral raw materials» and «Technology of electrochemical manufactures» on chair of analytical, colloidal chemistry and technology of rare elements.

ӘОЖ 378:001.891

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ІЗДЕНІМПАЗДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ж. АСАНОВ,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
С. ДӘРІБАЕВА,
магистрант,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Қоғамдағы болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер жоғары мектеп жағдайында білім берудің қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен саралай отырып бағалауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және жеке адамның шығармашылық, рухани және тәни күш-қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты толысуына жағдай жасай отырып, зерделі азамат даярлау міндеті көзделген. Демек, жастарды қоғам өмірінің барлық саласында да, соның ішінде білім алуда да тек деректер жинап, жалпы хабардар болумен шектелмей, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын маман ретінде тәрбиелеу уақыт талабынан туып отыр.

Ғылымның бүкіл саласында білім мазмұны тереңдеп, оның ауқымы өсіп отырған қазіргі ғылыми-техникалық өрістеу кезеңінде бұл міндеттердің жүзеге асуы әрбір шәкіртте танымдық ізденімпаздықтың қалыптасуына тікелей байланысты. Оқушы ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдері мен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оны әрі қарай өзінің белсенді, нысаналы, зерделі іс-әрекетімен сабақтастыруға тиіс. Демек, студенттердің танымдық ізденімпаздығын дамытуды арнайы ұйымдастыруды оқу процесін жетілдірудің негізгі шарты ретінде қарастыру керек. Қазіргі тәжірибе көрсетіп отырғандай, жоғары оқу орнын бітірген жас маман өз ісін заман талабына сай ұйымдастыру қабілеті, психологиялық, педагогикалық, теориялық және практикалық даярлығы болуымен қатар, ол өзін қоршаған дүниені ізденімпаздықпен танып-білу сапасымен танытуға тиіс.

Танымдық ізденімпаздық проблемасы педагогика ғылымында өте маңызды орын алады. Бұл мәселе орта мектеп жағдайында теориялық тұрғыда зерттелінгенімен, жоғары мектеп педагогикасында терең зерттеуді талап етеді.

Жалпы болашақ ұстаздардың танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру – өзекті мәселелердің бірі, себебі қоғам мүшелерінің білімдарлығы, әрбір жағдайға қатысты нақты ұстанымы, алға қойылған міндеттерді шешудің қолайлы тәсілдерін таңдай білуі көбінесе олардың даярлық деңгейіне байланысты болады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттерді ғылыми-педагогикалық, зерттеушілік қызметке даярлау шын мәнінде әлеуметтік-педагогикалық мәселеге айналып отыр, сондықтан оны теориялық және практикалық тұрғыда шешу жоғары мектеп педагогикасының обьективті қажеттілігіне айналуы тиіс. Оқу әрекеті студенттердің негізгі іс-әрекеті болып табылады. Ол өте күрделі құбылыс. Оқу әрекетінде оқу міндеттері шешіліп, мақсаткерлік, мотив, танымдық процесс ақпаратты қабылдаудан бастап, күрделі шығармашылық процестің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік көріністерімен және т.б. сипатталады.

Танымдық әрекеттегі жағымды мотивтердің қалыптасуына қатысы кейбір жағдайларды көрсетсек:

1) оқытудың қажетті және перспективалық мақсаттарын түсінуі;

2) игерген білімінің теориялық және практикалық маңыздылығын түсінуі;

3) ғылыми ақпаратты сезімдік формада жеткізуі;

4) оқу материалдарының мазмұны мен жаңалығын енгізу;

5) оқу әрекетінің кәсіптік бағытта жүзеге асырылуы;

6) оқу әрекеті жүйесінде танымдық ақпаратты қайшылықтарды тудыратын міндеттерді таңдау;

7) оқу тобында білуге құмарлық және танымдық-психологиялық ахуал орнату.

Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыруда оқу белсенділігінің орны ерекше. Студенттің оқу белсенділігінің төрт деңгейін көрсетуге болады:

Бірінші – оқу белсенділігінің өте жоғары деңгейі. Студенттің үлгерімі 4,8-5 балл; ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейі республикалық байқау, студенттердің ғылыми конференцияларында баяндама жасау деңгейінде болады; семинар сабақтарына баяндама жасап, белсенділік танытады; бос уақытында мамандығы бойынша әдебиеттер оқиды, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қызыға айналысады.

Студенттердің танымдық әрекет құрылымы



Екінші – оқу белсенділігінің жоғары деңгейі. Үлгерімі 4,1-4,7 балл; ғылыми-зерттеу жұмыстары ұжым, топ арасында баяндау деңгейінде; белгілі бір тақырыпта курстық (дипломдық) жұмыс орындау; студенттердің ғылыми-зерттеу үйірмелеріне мүше және семинар сабақтарында үнемі жауап береді.

Үшінші – оқу белсенділігінің орташа деңгейі. Студент үлгерімі 3,6-4 балл; ғылыми жұмысқа енжар, семинарларды нашар баяндама жасайды.

Төртінші – оқу белсенділігінің төмен деңгейі. Студент үлгерімі 3,0-3,5 балл; ғылыми-зерттеу жұмысымен айналыспайды, семинар сабақтарында оқытушының сұрауымен жауап береді.

Оқу белсенділігінің төменгі деңгейінде танымдық әрекет көбінесе танымдық ізденімпаздықты күштеп енгізу түрінде көрінеді. Танымдық ізденімпаздық дамуының жоғарғы деңгейі – студенттің белсенді танымдық әрекеті мен оқу белсенділігі ерекше байқалады.

Барлық жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие қызметі негізінен студенттің болашақ мамандығына кәсіби даярлығын арттыру мақсатын көздейді. Осы жағдайда студенттің одан әрі жеке тұлға ретінде қалыптасуы, басқа да қырларының дамуы көрінеді. Бұл барлық жоғары оқу орындары студенттеріне тән.

Кез-келген шығармашылық әрекет негізінде: болжау, алдын ала білу, сезу сияқты әрекеттер жүзеге асады. Болжап білу – адам әрекетінің мақсатты жемісі. Ол мақсатты, перспективті әрекет етуді көздейді. Сондықтан студенттердің теориялық материалдарды шығармашылық деңгейде игеруі оларды алдын-ала әрекетті болжап білуге ұмтылдырады. Болжау тек қана репродукциялау негізінде жүзеге асады.

Студенттердің танымдық ізденімпаздығын дұрыс бағыттау үшін болжау тапсырмасы анық, болжай білу мен болжам жасау құралы болғаны дұрыс.

Танымдық ізденімпаздық ұғымы студенттің өзіндік жұмысы барысында ашыла түседі. Осы ұғымдардың мазмұнын әдебиеттерге шолу жасай отыры қарастырайық.

Мысалы, кейбір авторлар өзіндік жұмысты тапсырма берушінің нұсқауы арқылы жүзеге асатын әрекет ретінде қарастырса, (А.К. Маркова, М.И. Низамов, т.б.), басқалары өзіндік жұмысқа оның мақсаты арқылы баға береді (В.Б. Бондаревский, Н.Д. Хмель) Осыған байланысты өзіндік жұмыс оқытудың әдіс-тәсілі ретінде немесе оқытуды ұйымдастырудың формасы ретінде, немесе студенттердің өздігінен білім алуға дайындығының негізі ретінде сипатталады. Мұндай түрлі пікірлер құбылыстың күрделілігін, диалектикалық сипатын көрсетеді. Авторлар студенттердің өзіндік жұмыс ерекшелігін ашуға, оның ішкі және сыртқы қырларын анықтауға тырысқан.

В.П. Беспалько «өзіндік жұмыс» ұғымын адамның белгілі жұмысты өз бетімен, ешкімнің көмегінсіз орындауы деп біледі.

Г.П. Семеновтың пікірінше, өзіндік жұмыс оқытуды ұйымдастыру формасы да, әдіс-тәсілі де емес, өзіндік жұмыс алдын-ала берілген бағдарлама немесе нұсқау арқылы оқытушының қатысуымен орындалатын танымдық әрекет.

П.И. Пидкасистый өзіндік жұмысты оқушының танымды ізденімпаздығын арттыратын құрал ретінде қарастырады.

В.Б. Бондаревский пікірінше, өзіндік жұмыс болашақ маманның шығармашылық өзіндік ойлауын, ғылыми қызығушылығын және арнайы білім алуын қамтамасыз ететін жоғары оқу орындарындағы оқыту әдісі деп түсіндіреді.

Н.Д. Никондров өзіндік жұмыс деп оқытушының бағыттау және ұйымдастыруымен, тапсырманы студенттің өз бетімен орындауын айтады. Екі түрлі ұғымды көрсетеді: өзіндік жұмыс және өздігінен білім алу. Өздігінен білім алу ешкімнің қатынасынсыз студенттің өзіндік жұмыс істеуі деп есептейді.

М.К. Гарунов студенттің өзіндік жұмысына іс-әрекет мақсатының көрсетілуі, іс-әрекет нысанының анықталуы, іс-әрекет түрінің таңдап алынуы деп сипаттама береді.

Р.А. Низамовтың пікірінше, өзіндік жұмыс – студенттердің аудиториялық сабақта және одан тыс уақыттарда жеке, топ болып істейтін танымдық әрекет түрі.

Өзіндік жұмыс тақырыбында жазылған еңбектерге шолу жасай отырып, оның негізгі мағынасы әр түрлі бағытта талқыланатынын байқадық. Бір зерттеушілер өзіндік жұмысты студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мен басқаруының белгілі бір педагогикалық тәсілі ретінде қарастырады (П.И. Пидкасистый, С.И. Архангельский, М.Г. Гарунов)

Кейбір зерттеушілер өзіндік жұмысты студенттердің интеллектуалдық, жігерлілік және кәсіптік сапаларын дамытатын оқу бағдарламасында қарастырылған, оқылатын материалдардың мазмұны және қажетті көлемін игерудегі оқытудың жеке-жеке түрлері ретінде қарастырады.

Б.П. Есипов: «Оқушылардың өзіндік жұмысы – мұғалімнің тікелей қатысуымен емес, бірақ оның белгілі уақыт мөлшеріне есептелген тапсырмасы бойынша орындалатын жұмыс, бұл кезде оқушылар өздерінің ой-өрістерін және іс-әрекеттерін қорытындылай отырып, алға қойған мақсатына жетуге ұмтылады». Мұндай анықтаманы көптеген зерттеушілер жоғары оқу орындарындағы өзіндік жұмысты ұйымдастыру негізіне алған.

В.К. Буряктың көзқарасы бойынша, өзіндік жұмыс студенттердің ойлау қабілетін дамытып, олардың белсенділігін және танымдық бағдарын, өз бетімен жұмыс істеуін қалыптастырып, білімдерін тереңдету жолдарын қарастырады. Өзіндік жұмыстың мағынасын сипаттауда ол студенттердің ішкі ойлау процесінің ерекшеліктерін ескеру керек екендігін ұсынады. Сондықтан өзіндік жұмыстың тапсырмалары өзін-өзі тексеруге апаратын, студенттердің талдау-толықтыру процесі түріндегі ойлау мүмкіндігін туғызады. Өзін-өзі тексеру барысында студенттер осы прцесті қайтадан қарастырады.

Өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын талдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу және т.б. студенттің танымдық ізденімпаздығын

қалыптастырудың алғышарттары болып есептеледі. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын дамытуды арнайы ұйымдастыру оқу процесін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады. Оны жүзеге асыру жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын ынталандыруға септігін тигізетін оқу процесін ұйымдастырудың тәсілдерін, әдістері мен нысандарын іздестіруге сипат береді. Танымдық ізденімпаздықтың дамыту проблемаларының тарихи және әлеуметтік түп тамыры бар болғанымен, заман ағымы, уақыт талабы бұл мәселені шешудің, оны зерттеудің жаңа сатысына көтерілуді талап етеді.

Әдебиеттер:

1. Шамова Т.И. Формирование познавательной самостоятельности школьников в процессе ведущих знаний и способов деятельности // Сб. науч. статей / Под ред. Т.И. Шамовой. – М., 1975. – 69 с.

2. Шамова Т.И. Активация учения школьников. – М.: Педагогика, 1986. – 144 с.

3. Шалавина Т.И. Формирование познавательной самостоятельности в условиях сочетания проблемного, обьяснительно-иллюстративного обучения. – М., 1984. – 203 с.

4. Эльконин Д.В. Детская психология. – М.: Учпедгиз, 1960. – 328 с.

5. Ястребова Е.Б. Развитие познавательной самостоятельности студентов младших курсов: Дис. канд. пед. наук. – М., 1984. – 255 с.

6. Якобсен П.М. Психологические проблемы мотивации поведения человека. – М.: Просвещение, 1969. – 317 с.

Резюме

В статье рассматриваются проблемы, структура и содержание, методы и пути развития, формирования познавательной деятельности студентов высших учебных заведений. Значимость данной проблемы раскрывается на основе анализа взглядов идей ученых-педагогов, как В.П. Беспалько, Т.П. Семенова, П.И. Пидкасистый, Р.А. Низамов, что позволило разработать иерархическую структуру познавательной деятельности студентов.

Summary

This article deals with the forming of cognitive activity of students in Higher schools.In this article the problems,structure and content,methods and ways of forming and development of students' cognihke activity at higher schools are dealf.

The special attektion is paid to development of students' creative activity during the course of study.

ӘОЖ 793.31:7.016:7.048

ҚАЗАҚ БИІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТІҢ МАҢЫЗЫ

Г.Е. МЫРЗАБАЕВА,
доцент,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Би қойылымында қимыл, музыка және бишінің сыртқы ажары бір-бірімен байланыста. Осы үш тұтастық бірдей көркемдік жоғары деңгейде орындалса, бидің сахналық образының құндылығын көре аламыз.

Көп жағдайларда хореографиялық ұжымдардың жетекшілері ұлттық билерде, әсіресе қазақ билерінде бидің сыртқы пішіндерін көркемдеу мәселелеріне мән бермейді.

Негізінен, мұндай жағдайлар қазақ билерінде көп кездеседі, мысалы, музыкасы қимылына сәйкес емес, немесе музыкасына сахналық киімдері сай емес, я болмаса, бишілердің костюмдері би қимылдарын орындауға кедергі жасайды. Сондықтан, осындай кәсіби жетілмеген қойылымдар сахнаның деңгейін төмен түсіреді.

Ұлы Қазақ халқы өзінің төл мәдениеті мен өнерін, тілін қастерлеуді талап етеді, жаңа әндері мен билерін шығарарда қолөнері мен соның ішінде ұлттық киімді көркемдеуге көп мән бөлінген.

Бүгінгі таңда халықтың дәстүрлі өнерін қайта жаңғыртып, эстетикалық тәлім-тәрбие беру мүмкіндіктерін пайдалануға зор көңіл бөлінеді, хореографиялық ұжымның жетекшісі, қазақ биінің маманы жас жеткіншектерге қазақ ұлтының мәдениетін және қазақ тарихының жаңа беттерін ашып, оларға қолөнерінің құндылығын көрсетіп, ғасырлар бойы халықтың жинаған ұлттық киімдердің үлгілерімен таныстырып, жастардың мақтаныш сезімін оятуда. Бірақ, қазақ ұлтының киімдері жайлы оқығанда бір жәйді ұмытпау керек, сахнада орындалатын би қойылымына арналған костюм мұражайдағы үлгінің көшірмесі болмауы (қазақ биінің костюміндегі ою-өрнектері де, пішіп-тігілуі де).

Әрине, қазақтың ұлттық киімінің негізгі тігілу әдістері, түстік тіркесімдері, ою-өрнектердің түрлері мен атаулық сипатын ұмытпай, қимылдарды орындауға ыңғайландырып және киім маталары да жеңілдетіліп, ою-өрнектері мен әшекейлік бұйымдары жәй, бірақ сахнада мәнерлі көрініп, костюмнің стилін және ұлттық колоритін жоғалтпау керек.

Қазақтың ұлттық киімдері, әсіресе қыздардың киетін киімдері ерекше, пішіп-тігілуі де, ою-өрнектері де, әшекей бұйымдары да. Қыздар бойжеткенше бастарына тана, күміс шытыра тағып, үкілі тақия киіп жүрген. Тақияның да бірнеше түрлері бар. Қыздар қос етек көйлек киіп, барқыттан тіккен кеудеше, мойнына қызыл маржан таққан. Шаштарын тарамдап өріп, аяғына аласа өкшелі етік киген. Он бес-он алты жастағы бойжеткендер етегіне екі-үш бүрмелі желбіршек салған ұзын көйлек, белі қынамалы, жеңсіз оқалы қамзол киіп, қаптырмамен қабыстырған. Шаштеңге, шашбау, шолпы сияқты әшекейлерді бұрымдарына байлап, қолға жалпақ білезік салып, шынжырлап жүзік ілген, құлағына үзбелі күміс сырға таққан. Бас киімдері оқалап, зерлеп тіккен үкілі құндыз тақия мен кәмшат бөрік болып, оның үстіне қызыл жібек орамал жамылған.

Қазақ әйелдерінің киімдері, әсіресе бас киімдері өзгеше: қалыңдық басына үкілі сәукеле, үлкен ақ жібектен желек жамылады; жас келіншектер балалы болғанға дейін басына сулама немесе сәукеле жаулық тартып, қызыл жібектен шашақты шәлі салған; келін алғашқы баланың анасы болған соң алдын қызыл маржанмен шеккен кимешек киіп, оның үстінен жібек шашақты ақ шәлі жамылатын болған; әйелдер 30 жастан кейін басына кимешек киіп, оның сыртынан әр түрлі сәнді күндік ораған; кексе әйелдер кимешегінің артқы етегі ұзын болады, оның сыртынан күндік орайды [1].

Қазіргі кезде республикамыздың барлық облыстарының киім үлгілері араласып кетті. Қазақтың ұлттық киімдерінің үлгілері жақсы сақталған және мұны ұлттық би өнерінде орнымен пайдалануға да мүмкіндік мол.

Әлбетте, қазақтың ұлттық киімдері мен әшекей бұйымдары тамсанарлықтай әсемдігімен ерекшеленеді, бірақ сахналық биді көркемдегенде бұл материалдардың біршамасын қолданбағаны жөн.

Балаларға арналған қазақ биінде мұндай жағдайда, біріншіден, әйелге ғана тән заттардан бас тарту керек. Сонымен бірге, кішкене қыз балаларға әйелдердің бас киімін кигізбегені дұрыс: сәукеле, кимешек және ақ жаулық. Балалар биін көркемдегенде ұлттық киімнің түп нұсқасын алмай, күрделі ою-өрнектерден бас тартып, балаларға арнап бөлек киім үлгісін жасағаны дұрыс.

Қазақ халқының ою-өрнегі өнері – байырғы ұлттық өнердің ішіндегі ең ежелгі, әрі кең тараған саласы. Бұл – ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, адам жанына ләззат сыйлайтын, эстетикалық мәні зор өнер.

Қазақ ою-өрнектерінің түрлері де, атаулары да көп. Жалпы бүгінгі таңда зерттеушілер қазақ ою-өрнектерінің екі жүзден астам түріне ғылыми анықтама берген. Ою-өрнектерде көшпелілер дүние-

танымы, эстетикалық талғам-түсінігі, табиғаттағы бояу түстерінің сыры мазмұндалған. Оның ішінде кеңістік жан-жануарлар, ауқыт-космогониялық, ал кеңістік пен уақыттың біртұтастығы – өсімдік, геометриялық ою-өрнектер де заттанған көрініс алады.

«Ою», «Өрнек» белгілі бір мағына береді. Бедері түсірілген үлгіні ойып, кесіп, қиып немесе екі затты оя кесіп орналастыру ою деп аталады. Ал киім-кешекке, түскиізге, т.б. қолөнер бұйымдарына кестелеп бейнелейтін бедер және де алашаға, басқұрға, қоржынға түсірілетін түрлі геометриялық бедерлерді өрнек дейді. Өрнекті тасқа, ағашқа күйдіріп, қашап, бояп түсіруге болады.

Сахнаға арналған би костюмдері әр түрлі тәсілдермен әрленеді, бірақ осы тәсілдерді келесі талаптарға бағындырған жөн:

1. Ұлттық өрнектің стилін сақтау және, сонымен қатар, сахналық мәнерлі өрнектер болу;
2. Өрнектердің орындалуы қиын болмағаны дұрыс;
3. Жуған кезде оңып кетпеу.

Қазақ халқының ұлттық киімдері, сән-салтанаты халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-тіршілігіне, табиғат жағдайына байланысты бірнеше үлгіге бөлінеді, сонымен қатар қолөнері мен киімдерінде өзіндік айырмашылық бар. Киімдерді көркемдеу үшін түрлі-түсті жіптер мен маталар арқылы аппликация тәсілі қолданылады. Бұл әдісті балалар костюмін көркемдеу кезінде де қолдануға болады, өйткені ақырғы эффект декоративтік қанық көрініс береді және де орындау тәсілі де қиын емес.

Ою-өрнектері бар дайын маталарды да қолданып, теріп тоқу арқылы көп мәнерлі өрнектер түсіруге де болады. Теріп тоқу – бұл ең қиын әдістердің бірі, бұл тәсілді қолдануға болады, әрине сіздердің ұжымдарыңызда уақыт жеткілікті болса, сахналық киімдер де көп болса.

Сахнаға арналған костюмдердің өрнектері де қарапайым болса, майда детальдарсыз, ұлттық нақыш негізінде жаңа өрнектер құрастырып, орындау техникасы да барынша жәйша болса.

Би қойылымдарында барлық костюмдердің өрнектері бірдей немесе бір сипатта орындалуы тиіс. Ою-өрнектегі алабажақтық және әртүрлілік жалпы би қойылымына көрермендер үшін әсер бермейді.

Балалар костюмдерін көркемдеу әдістерінің бірі – ою-өрнекті бояп түсіру – мұның орындалуы тез және тиымды, бірақ көптеген кемшіліктері де бар. Егерде боялған костюмдерді жумайтын болсаңдар, акварельдік бояумен немесе тушпен, қалаған сулы бояулармен трафарет арқылы, я болмаса қолдарыңмен ұқыпты қолдануға болады. Боялған өрнектері бар костюм көп қолданылатын болса, өрнектерді бөлек матаға түсіріп, дайын костюмге әр жерінен тігіледі және киімдерді жуатын кезде жаңағы қосылған матаны сөгіп, орнына басқа өрнектелген матаны қолдануға болады.

Қазақ қолөнерінде қолданылатын түстердің символдық мәні бар: көк түс – аспанның, қызыл – оттың, сары – ақыл-парасаттың, қайғы-мұңның, қара – жердің, жасыл – жастықтың, көктемнің символы [2, 26-бет]. Осы түстердің мәнін би жетекшілері балаларға арналған қойылымдарды көркемдеу кезінде дұрыс қолданса демекпін. Әрине, киімнің кез-келген жеріне кесте тігуге немесе жапсырма жапсыруға болмайды. Бәрі ретіне қарай, өз орнымен қолданылып биік талаптың тұрғысынан шығуы тиіс.

Ою-өрнектердің көлемі, түсі жалпы түсімен, көлемімен және салмағымен сәйкес келуі қажет. Көйлектердің етектеріне негізінен түрлі кестелер төгіледі, желбірлер тігіледі.

Киімді өрнектеуден бұрын оның дәл орнын анықтау керек. Әр нәрсе тек өз орнында тұрғанда ғана тартымды болатыны аян.

Алдымен, әшекейленетін өрнектің көлемі және орны есептеліп алынады. Содан соң сол өрнектің түсі немесе түстері анықталады. Қазақ кесте түсін таңдағанда екі бағытты ұстанған. Біріншісі – матаның немесе кестенің өңін ашып көрсету. Бұл үшін кестенің түсі негізгі матаның түсіне қарама-қарсы (контраст) болады. Сол себепті ақ матаға қара ою, қызыл матаға жасыл жапсырма жабыстыру содан қалған. Екінші тәсіл – тектес түрлер арқылы кесте тігу. Қызылдың немесе көктің, яки жасылдың ашық, қалыпты, солғын, көмескі, ақшыл түстері арқылы сол бояудың бүкіл әлемін көзге елестетуге болады. Тектес бояулар бір-бірін толықтыру үшін қолданылады. Дұрыс ретін таба білсе, тектес түрлер

арқылы қайталанбас түстердің үйлесімін құру мүмкін. Ол үшін суретші-сәнгер қиялы ұшқыр әрі бай болуы міндетті.

Қазақ түстердің өзін өмірмен, тіршілікпен атастырған. Қай түсті қандай жағдайда қолдануды ойластырған. Бояулардың қаншама түрін біле тұрып, қазақ сол бояулардың әрқайсысының астарын ашқан, оған әлеуметтік мән берген.

Қазақтың ұғымында көк түс – аспан асқан паңдықты (асқақтық), биіктікті әйгілейтіні себепті көк көйлекті қыздар көлбеңдеп, өздерін жоғары ұстаған. Аспан түстес болудың ар жағында мәңгілік, яғни мәңгілік жастық түсінігі жатыр.

Қызыл түс – көзге отты, күнді елестетуіне қатысты қызыл көйлекті қыздың мінезі де от сияқты лапылдап тұрған. От жастықтың бір таңбасындай. Қызыл түсті киімдерді, негізінен, жастар киетін болған. Жасы үлкен адамдар қызыл түстен киім кимеген.

Ақ түс тазалықтың, пәктіктің белгісі деп бағаланған. Ақ түс адалдықты, шындықты әйгілеп тұрған. Ақ түс бақыт әкеледі деп санаған. Сол себепті ақ түсті көйлектерді қалыңдықтар тойға киетін дәстүр қалыптасқан. Мұның өзі – шаңырақты жаңа аттанған жастарға бақыт, ақ жол тілеудің белгісі.

Сары түс – сабырдың, ақылдың нышаны. Сары түсті киімді әйелдер сарықарын тартқанда, келіншектен енді әйел, одан әже боларда киген. Күз – жемістің, берекенің уақыты. Ендеше, адамның сары түсті табыс, ақыл, сабыр, байлыққа балауының қисыны бар.

Оның есесіне қара түс топырақты танытқан. Еңбек пен бейнеттің түсі деп танылған.

Жасыл түс кез-келген адамды жайнатып жібереді. Жасыл түс көктемді елестетеді. Сондықтан, көктемдей көк өрім жастар жасыл көйлек, жасыл тақия, бөрік киіп құлпыратын болған. Ақ көйлекке жасыл түсті кесте тіккізген.

Сонымен, қандай түс болмасын негізсіз түспеген. Олардың әрқайсысының өз ролі, айтар ойы болған. Осындай тәжірбиелік білімдерді бүгінгі жастардың да ұмытпағаны дұрыс [3, 97-бет].

Халық киімдері, театр реквизиттері, декорация, жарықпен сахнаны көркемдеу – хореографиялық образдар жасауда негізгі компоненттер. Сондықтан, би қойылымдарында драматургиялық заңдылықтарға сүйене отырып, образ мазмұнын ашуда қолданылуға берілген және костюм тарихынан қысқаша мағлұмат ала отырып, оның биге арналған үлгісін (эскиз) қалай жасауға болады, әр халықтың киім үлгісінің айырмашылығы қаралады. Балетмейстер би қою процесінде әрбір қойылымына арнап костюм үлгілерін дайындау керек, әрине, сәнгер-суретшілердің көмегімен орындалатын жұмыс. Ұлттық мотивтегі сахналық би костюмдері қазіргі сәнгер-суретшілердің шығармашылық шабытынан туындайды. Сахна киімдері өте ашық түсті, көңіл көтерерлік, есте сақталатындай болуы тиіс. Ондай костюмдер ұлттық киімнің нәрін сақтай отырып, би мазмұнына сәйкес болуы қажет.

XX ғасырдың қазақ мәдениетінің әйгілі таңбасы – суретші, режиссер, хореограф Аубәкір Исмаиловтың шығармашылығымен жас өнер иелері таныс болса демекпін. Ол кісі өмірге «Ақсақ киік», «Қарасай», «Дауылпаз», «Өрмек биі», «Сайыс биі», «Қылыш ойыны» және басқа билерді сахнада қойып, үлкен абыройға оранды.

Этникалық бидің табиғи иеленушісі ретінде Аубәкір аға би өнерін сақтаушы және дамытушы ғана болмай, суретші ретінде сахна үшін этникалық костюмдерді жобалап, тіккізіп, қазіргі уақытқа шейін классикалық үлгілерін қалдырды.

Әлеуметтік, әр топтың уәкілдеріне жас жақтарына лайықтап тартымды этникалық бояуларды пайдаланған. Осы суреттер белгілі қазақ хореографы Д. Әбіровтың «Қазақ ұлттық билері» кітабына кірген. А. Исмаилов уақыт кеңестіктерін көне заманнан жалғастырып, алтын көпір салып кетті.

Әдебиеттер:

1. Жиенқұлова Ш. Сымбат. – Алматы: Өнер, 1987.

2. Өмірбекова М. Энциклопедия. Қазақтың ою-өрнектері. – Алматы, 2005.

3. Асанова Б., Птицина А., Әбдіғаппарова Ұ. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихы және теориясы. – Астана, 2008.
4. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998.
5. Қазақстан балет әлемі. – 2011. – №2 (7).

Резюме

Сценический танцевальный костюм – очень важный компонент в создании художественного образа. Особенно велико его значение в сценических композициях, созданных на этнографически-фольклорных основах. Сценический костюм помогает выявлению красоты и гармоничности танцевальных движений, посредством которых выражаются представления народа об идеалах национальной пластики.

Танцевальный костюм должен содержать в себе народную традиционность силуэта с приближением к подлинности фактуры, не бьющей в глаза своей мнимой эффектностью – атлас, блестки, мишура. В украшении костюма необходимо строго соблюдать национальные традиции узоров и орнаментовки. Цветовая гамма костюма должна отвечать эмоциональному настрою сценической композиции.

Summary

Stage dance costume – a very important component in the creation of an artistic image. Especially great importance in his stage compositions created on ethnographic folklore basis. Stage costume helps identify the beauty and harmony of the dance moves, which are expressed by means of representation of the people of the ideals of the national plastics.

Dance Costumes must contain national traditional silhouette approaching the texture of authenticity, not glaring his supposed spectacular - satin, sequins, tinsel. In decorating the costume should strictly abide by the national tradition of patterns and ornamentation. The color scheme of the costume must meet the emotional mood scenic composition.

ӘОЖ 373 (574) 54:32

КЕМЕЛДЕНГЕН СОЦИАЛИЗМ ДӘУІРІНДЕГІ СЫР ӨҢІРІ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Д.К. ОМАРОВ,
тарих магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Кеңес мектебі өзінің дамуының барлық кезеңдерінде оқушылардың еңбек тәрбиесі мен политехникалық оқуына база назар аударып келді. Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің оқушы жастарды өмірге, еңбекке тәрбиелеу ісі айрықша қамқорындағы мәселелердің бірінен саналды. Осы орайда кеңестік дәуірде Қызылорда облысы мектептерінің бұл саладағы мол іс-тәжірибелерінің болғандығын атап өткен жөн. Мектептерде оқу шеберханалары мен кабинеттерінің саны көбейіп, олардың оқу-материалдық базасы нығая түсті, оқушы жастарға техникалық, ауылшаруашылық және тұрмыстық еңбек жөніндегі білім мен дағдыларды игеретін, олардың еңбекке коммунистік қатынасын қалыптастыратын оқу процесінің кластан және мектептен тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстарының формалары мен мазмұны жылдан-жылға жетілдіріп отырды. Көптеген мектептер оқушыларды еңбекке баулуды ауылшаруашылық өндірісімен тығыз байланыста жүргізді. Мектептер жанындағы оқу-тәжірибе

участоктары, оқушылардың өндірістік бригадалары, колхоздар мен совхоздардың егістіктері, машина-трактор парктері мал фермалары, өндірістік кәсіпорындар, зауыттар оқушылардың өз білімдерін өнімді еңбекпен ұштастырып, тәжірибе алаңдарына айналды. Облыс мектептерінде оқушылардың өндірістік бригадаларының құрылып дамуының өзіндік тарихы қалыптасты десе болады. 1972-1973 оқу жылдарында Жаңақорған ауданының №52 Красная звезда, Шиелі ауданының №49 авангард, №50 Абай атындағы, Сырдария ауданының №40 Орджинкидзе атындағы, №43 Коммунизм, Жалағаш ауданының №33 Красный Октябрь, Қармақшы ауданының №24 орта мектептерінде, Арал ауданының №19 Сольтрест орта мектебінде оқушылардың алғашқы өндірістік бригадалары құрылып, кейіннен олар облыс мектептерінде кеңінен қанат жайды, игі тәжірибелер қалыптасты.

Еңбекке баулу және кәсіптік бағдар беру жастарға коммунистік тәрбие берудің негізгі бір құрамды бөлігі деп саналды. Мектеп оқушыларын қоғамдық пайдалы еңбекке қатыстыру, оларға кәсіптік бағдар беруді жақсарту мақсатында КСРО Оқу Министрлігі мен Ауылшаруашылық министрлігінің коллегиясы, БЛКЖО Орталық комитетінің секретариаты 1969 жылы «Колхоздар мен совхоздарда оқушылар өндірістік бригадаларының жұмысын одан әрі жақсарту туралы» арнайы қаулы қабылдады. Міне, осы қаулы оқушылар өндірістік бригадасындағы жұмыстарды одан әрі жетілдірудің негізін қалады. 1974 жылы облыс аумағындағы колхоздар мен совхоздарда оқушылардың 87 өндірістік бригадалары өндірістік бригадалары жұмыс істеп, оған 3213 мектеп оқушысы қамтылды. Мұнда 39 егін бригадасы, 21 көкөніс өсіруші бригадасы, 20 құрылыс бригадасы, 5 бағбаншылар және 2 мал өсірушілер бригадалары болды. Сол жылы бригада мүшелері 883 гектар жердің егіндік алқаптарын өңдеді. Мұның 265 гектарына күріш, 450 гектарына жүгері, 45 гектарына жоңышқа, 113,5 гектарына бау-бақша дақылдары егілді. Сол сияқты 9,5 гектар жеміс – жүзім учаскесі болды. Жалпы облыста оқушылар өндірістік бригадаларының жұмысы Жаңақорған ауданындағы №167, Тереңөзек ауданындағы №135, Жалағаш ауданыдағы №33, Арал ауданындағы №81, 57, Қазалы ауданындағы №421, Қармақшы ауданындағы №199 орта мектептерінде және басқа да білім ошақтарында жақсы жолға қойылды. Тіпті кейбір білім ордаларында құрылған өндірістік бригадалар, мысалы, Жалағаш ауданындағы №33 орта мектептің оқушылары өндірістік бригадасы күріш дақылынан мол өнім өсіргені үшін КСРО Оқу министрлігінен «Беларусь» тракторын сыйлыққа алды. Сол сияқты Тереңөзек ауданындағы Абай атындағы №130, Шиелі ауданындағы №50 орта мектептердің оқушылары өндірістік бригадалары КСРО Оқу министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

КОКП Орталық комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі 1977 жылдың 22 желтоқсанында «Жалпы білім беретін мектептерде оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуді және оларды еңбекке даярлауды одан әрі жетілдіру туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулыға сәйкес барлық мектеп оқушылары үшін оқу-өндірістік комбинаттар ашу міндеті тұрды. Бұл комбинаттардың мақсаты – оқушыларды еңбекке қатыстыру, оларды кәсіби мамандыққа баулу, жоғарғы класс оқушыларының өнімді еңбегін ұйымдастыру, сондай-ақ қаулыда ауыл-село мектептерінде оқушыларды ауыл шаруашылығы мамандықтарына мектеп қабырғасында жүріп-ақ дайындау мәселесі қамтылды. Қызылорда қаласында алғашқы өндірістік-оқу комбинаты 1977-1978 оқу жылында ашылып, оның алғашқы директоры Ю.Л. Ли болды. Бұл комбинатта жоғарғы сынып оқушылары 15 мамандық бойынша білім алды. Кейінгі оқу жылдарында мұндай оқу өндірістік комбинаты облыстың барлық аудан орталықтарында құрылды. 1979 жылы облысымыздың 18 мектебінде автомобиль, 68 мектебінде трактор, басқа да ауылшаруашылық машиналарына оқытылып, оқушыларға куәліктер берілді.

1972-1979 оқу жылдары ішінде облыс мектептерінде 3586 оқушы III класты шофер, 5942 оқушы тракторист-машинист мамандығын алып шықты. Олардың басым көпшілігі өздерінің туған ауылдарында қалып, ауыл шаруашылығы саласының еңбекшілерін толықтырды. Осы жылдар ішінде жылмажыл жаз айларында 5 мыңнан астам жоғарғы класс оқушылары түрлі өндірістік бригадалар жасақтап, халық шаруашылығының түрлі салаларында еңбек етті. 1979 жылы 12862 оқушы еңбек және демалыс лагерлерінде қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысты. 1986 жылы жазғы каникул кезінде облыс аумағында оқушылардың 126 өндірістік бригадасы, 130 еңбек және тынығу лагерлері, 6 орман қорғау

бригадасы, 189 жоғарғы класс оқушыларынан құралған құрылыс бригадалары жасақталды. Жалпы осы жылы облыстың еңбек бірлестіктеріне 30130 оқушы қамтылып еңбек етті. 1978 жылы облыс аумағында оқушылардың 118 өндірістік бригадасында 4252 оқушы, 148 тыныңу-еңбек лагерлерінде 14557 оқушы, 99 жөндеу-құрылыс бригадаларында 6397 оқушы еңбек етті. Оқушылардың өндірістік бригадалары 2283 гектар жерді игеріп, одан 7500 центнер күріш, 287 тонна жүгері, 292 тонна картоп 41 тонна бақша өнімдерін алды. Сондай-ақ 12 мың тонна жем-шөп азығы дайындалып, 145 мың дана кірпіш өндірілді.

Оқушылардың жазғы каникулы кезіндегі пионер лагерлеріне көптеп тартылуы бұл кеңес қоғамындағы балаларға жасалған үлкен қамқорлық болды. Облыстың халық ағарту органдарының жүйелі жұмысында пионер лагерлерінің саны да және онда демалушы оқушылардың саны да жылма-жыл өсіп отырды. Бірақ пионер лагерьлерінің барлығы бірдей заман талбына сай жауап бермеді. Мысалы, 1978-1979 жылы қала сыртындағы, аудан орталықтарында ұйымдастырылған 16 пионер лагерінің тек 7-еуі ғана арнайы типтік ғимараттарда орналасты. 1982-1983 жылдардан бастап қана типтік ғимаратта орналасқан пионер лагерлерін ұйымдастыру ісі жолға қойыла бастады.

1985-1986 жылы халық ағарту бөлімі арқылы жазғы тыныңу-сауықтыру стационарлық пионер лагерьлерінде 3230 оқушы, кәсіподақтар арқылы 5050 бала, мектептер жанындағы пионер лагерлерінде 6740 оқушы, еңбек-тыныңу лагерлерінде 30760 оқушы демалыстарын өткізді. Сондай-ақ облыс аумағында көп күндік туристік жорықтар мен экскурсияларға 16096 оқушы қамтылды. Жыл сайын пионер лагерлерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, балалардың жазғы демалыстарын жайлы демалыс орындарында өткізулеріне халық ағарту мекемелері барынша көңіл бөлді. Пионер лагерлерінде кеңес заманының тәжірибесі оқушы балалардың жазғы тыныңуларын жақсы ұйымдастырғаны үшін социалистік жарыстар өткізіп тұрды. Онда ыңғайлы ғимараттардың болуы балалар үшін барлық жағдайдың жасалуы, тамақтануы, түрлі жарыстардың, ойын-сауықтардың ұйымдастырылуы және т.б. мәселелерді назарда ұстады. Мысалы, 1985 жылы социалистік жарыстың жеңімпазы төмендегі пионер лагерлері болды:

I орын: «Жас сұңқар» пионер лагері, Жаңақорған ауданы.

II орын: «Орленок» пионер лагері, Қызылорда қаласы.

III орын: «Жас ұлан» пионер лагері, Шиелі ауданы.

Бұд үрдіс жыл сайын болып отырды және жеңімпаз лагерлер облыстық партия комитеті, халыққа білім беру басқармасы тарапынан мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталып отырды.

1971 жылы Семей облысы, Шұбартау ауданы орта мектеп бітіруші түлектері «Қой шаруашылығы – жастардың екпінді ісі» деген ұранмен мектеп бітірушілерді ауылда қалып, ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге шақырған үндеуін Сыр өңірінің жастары да қызу қолдап оған үн қосты. Бірінен кейін бірі құрыла бастаған комсомол жастардың шопандар бригадалары ол уақытта дамушы фактор ретінде бағаланды. КОКП ОК-нің Бас хатшысы Л.И. Брежнев «Кезінде тың игеру қалай қолға алынса, Қазақстандағы қой малы шаруашылығының дамуын тап сондай қолға алу керек» деп республикада қой санын 50 миллионға жеткізу міндетін қойған болатын. Тың игеруге жастар Кеңес Одағының барлық жерінен тартылса, енді қой шаруашылығын өркендету ісі қазақ ұлтынан жасақталған жастардың үлесіне тиді.

1976 жылы республикада 1059 комсомол-жастар қой шаруашылығы бригадалары жұмыс істеді, оларда мектептердің 10 мыңнан астам түлектері еңбектенеді. Олар 3 миллионға тарта қойды бағып күтті, бұл республикадағы қой басының 10 пайызға жуығы еді. 1977 жылы Жалағаш ауданының №144, №188, №203 орта мектептерінің оқушылары да шұбартаулықтардың бастамасын қолдау мақсатында өз ауылдарында қалып, қой бағумен айналысатын «Арай», «Алау», «Ұшқын», «Жалын» деген атаулармен бригадалар құрды және облыс жастарын да осыған шақырды. Жалағаштықтар «Орта біліммен – өндіріске» деген тақырыппен облыс жастарын мектеп бітіргеннен кейін құрылыс бригадаларында, егін далаларында, мал фермаларында қалып, Ұлы Октябрдің даңқты мерекесін аға ұрпақпен бірге татымды табыстармен қарсы алу жорығына шақырамыз деп үндеу жариялады. Бұл үндеу облыстық «Ленин

жолы» газетінде жарияланып, облыс жастарына таратылды. 1977-1978 жылдары Қызылорда облысының ауылдық елді мекендерінде 48 адамды қамтыған 8 қой өсіретін комсомол-жастар бригадасы, 1092 адамды қамтитын 25 құрылысшы комсомол-жастар бригадалары, 166 адамды қамтитын 20 механизатор комсомол-жастар бригадалары құрылды. Алғашқы кезде бұл бастама жақсы кең өріс алғанымен, түпкілікті оң нәтиже бере алмады. Қой шаруашылығын дамыту сылтауымен мектеп қабырғасымен қош айтысып жатқан жастар жүздеп қана емес, мыңдап қой бағуға аттануға мәжбүр болды. Құрылған бригадалар көп ұзамай тарап кетіп отырды. Сондай-ақ бұл шара облыс жастарының жоғары білім алуына тежеу болды. Орындалуы мүмкін емес осынау науқанның қырсығынан қазақ балалары шопан таяғын ұстап, көпшілігі кәсіби білім алу мүмкіндігінен айрылды. Жастардың моральдық-психологиялық ерекшеліктері мен олардың келешектегі мақсат-мүдделері ескерілмеді. Жалағаштықтардың үндеуін Арал, Қармақшы, Шиелі, Сырдария аудандарының мектеп бітіруші түлектері қолдап, бұл аудандар аумағында да түрлі комсомол-жастар бригадалары халық шаруашылығының түрлі салаларында еңбек етті.

Кеңестік кезеңнің ерекше назарда ұстаған мәселесі халықтың көңілінен шыққан бағыттарының бірі – бұл мектеп бітіруші жастардың еңбекпен қамтамасыз етілуі еді. 1971 жылдың мамыр айында Қызылорда облыстық партия комитетінің бюросы «Қызылорда облысының жалпы мектептеріндегі оқушыларды еңбекке баулу, мектеп бітіруші жастарды еңбекпен қамту және кәсіптік бағдар беру» жөнінде арнайы қаулы қабылданды. Кеңес қоғамында халықты әлеуметтік жағынан қорғау басты мәселе болғандықтан, бос сенделіп кәсіпсіз, жұмыссыз жүрген жастар өте аз болды. Халық шаруашылығындағы еңбекшілердің қатары жыл сайын мектеп бітірушілердің есебінен көбейіп отырды.

Мысалға алатын болсақ, 1971-1972 оқу жылында мектеп бітірген 6339 жастың 2023-і ауыл шаруашылығына, 934-і өнеркәсіп пен транспортқа, 365-құрылысқа, 130-ы халық шаруашылығының басқа салаларына жұмысқа орналасты, яғни мектеп бітірушілердің 54,4 пайызы тікелей араласты. Қызылорда қаласында комсомол-жастар ұйымы «Қала бойынша құрылысқа барамыз» деген қала жастарын салынып жатқан құрылыс алаңдарына барып жұмыс істеуге шақырды. Бұл қала мектептеріндегі мектеп бітіруші жастардан қолдау тапты. Қаладағы №4, 198, 140, 253 орта мектептердің оқушылар құрылыс бригадаларын құрып жұмыс жасады. Мысалы, 1977 жылы №140 мектептің 10 класс бітірген 31 түлегі түгелдей жастар құрылыс отрядына барды. Бұлардың ісін бұдан кейінгі жылы мектеп бітіруші жастар да жалғастырып, өз еріктерімен қалалық құрылыста қалды. Сонымен қатар қаладағы №171 орта мектептің 1976-1977 жылдары бітірген түлектері «Кітап пен қалақты қатар ұстап» деген девизбен қаланы көркейту мақсатында құрылысқа аттанды. 1978 жылы ауыл мектептерінде оқушылардың 89% жазғы тыныңу еңбек лагерлерінде еңбек етті. 1978 жылы мектеп бітірген 8983 түлектің 1139-і жоғарғы оқу орнына, 1607-і орта арнаулы оқу-орындарына, кәсіптік техникалық училищелерде, 5455-і түрлі жұмыстарға, соның ішінде 2770 жас ауыл шаруашылығы өндірісіне, 1092-і құрылыс бөлімдеріне, 402-і өнеркәсіп салаларына жұмысқа орналасты. 1979 жылдың 17-18 ақпанында «Оқушыларға кәсіптік бағдар беру, оларды еңбекке үйрету және тәрбиелеу» деген тақырыпта облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Конференцияға мектеп басшылары, салалық бөлім басшылары, еңбек коллективтерінің жауапты қызметкерлері қатысып, жас ұрпақ бойында еңбек дағдыларын қалыптастыру жөнінде өз пікірлерін білдірді.

Жоғарыда келтірілген дерек көздері мен дәйектерді түйіндей отырып, төмендегідей ой-тұжырымдар жасауға болады: 70-80-жылдардағы кемелденген социализм дәуіріндегі коммунистік идеологияға тәуелді болған қоғам бағыты мектептердегі еңбек сабақтары тиімді ұйымдастырылғанымен, басым көпшілігі қазақ балалары құраған облыс мектептерінің түлектерін ауыл шаруашылығы төңірегінде ұстау болды. Бұл Қызылорда облысындағы қазақ жастарының жоғары оқу үдерісіне қатысуын айтарлықтай шектеді. Осы жылдары мектеп бітірген түлектер көбінесе біліммен қарулану жағынан ерекшеленбей, керісінше өндіріс пен ауыл шаруашылығындағы істерге араласты. Облыс жастарының басымы ауылдық елді мекендерде, МТС-та, шеберханаларда, кең өріс алған комсомол-жастар бригадаларын нығайтуға атсалысты, бірақ бұл қадамдардан оң нәтиже бола қойған жоқ.

Әдебиеттер:

1. Бекмамбетов Ж. Кешегім мен бүгінім – ұстаздық өмірім. – Алматы: Санат, 2005. – 102 б.
2. Өтегенов С. Қызылорда қалалық білім жүйесінің тарихы /1917-2003 жж. – Кызылорда: Тұмар, 2004. – 267 б.
3. Байжанов М. Мамандар біліктілігінің бастауы: тарихи деректер. – Қызылорда: Тұмар, 2004. – 157 б.
4. Мүсілімов Ә. Мектеп реформасын жүзеге асырамыз // Ленин жолы. – 1986.
5. ҚРОММ. 217-қ., 1-т., 1143-іс.
6. ҚРОММ. 121-қ., 1-т., 1280-іс.
7. ҚРОММ 127-қ., 1-т., 1231-іс.
8. ҚРОММ. 127-қ., 1-т., 974-іс.
9. ҚРОММ 127-қ., 1-т., 809-іс.
10. Основные итоги развития народного образования в Кзыл-Ординской области за 10 лет. 1968-1978 гг. – Кзыл-Орда, 1978. – С. 19.
11. Основные итоги развития народного образования в Кзыл-Ординской области за 10 лет. 1978-1987 гг. – Кзыл-Орда, 1987 . – С. 8.

Резюме

В статье рассматриваются некоторые проблемы обучения детей труду в средних школах Кызылординской области в период развитого социализма. Автор раскрывает политику коммунистической идеологии в образовательной сфере. Использованы материалы Государственного архива Кызылординской области.

Summary

In this report wrote about situation of village schools in Kyzylorda region on period of socialism. Author used archive in formations and documents in Kysylorda region.

ӘОЖ 37.018. 523: 330. 3: 330. 342. 151 /574.54/

КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІН БАСҚАРУ ІСІ

(Қызылорда облысының материалдары негізінде)

Д.К. ОМАРОВ,
тарих магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Білім беру ісі қашанда қоғам дамуы мен елдің рухани түлеуінің іргетасы бола отырып, сол қоғамның идеологиялық ұстанымына сәйкес дамып келеді. КСРО тарихында 1970-1991 жж. «тоқырау жылдары» деп аталғаны белгілі. КСРО-ның тоқырауға ұшырауының обьективті себептері болды. КСРО сөз жүзінде федеративтік негізде құрылды, қоғамдық меншікке және жоғарыдан жасалған жоспарлы экономикаға негізделді, елді бір партия басқарды, «Ол – біздің ұйымдастырушы және дем беруші күшіміз», «Маркс-Ленин ілімі, оның теориялық негізі» деп насихатталды. Мұнан басқа баламалық пікір, ұсыныс айту бұл ілімге жат деп есептелінді. «Марксtік-Лениндік концептуалдық іліммен қаруланған қоғам қоғамның бүкіл саласында жетістікке жетеді» деген түсінік үстем болды. КСРО-да қоғамның бағыт беруші және ұйымдастырушы күші Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы екені конституциялық баппен бекемделді. Бұл жүргізілген солақай саясат өз кезегінде халық-ағарту органдарын да айналып өтпеді.

Жалпы Кеңес дәуірінде халық-ағарту саласы коммунистік партияның үлкен ықпал алаңына айналды. Сол кездегі әдебиеттерде совет мектебі оқыту орны ғана емес, мемлекетіміздің жас ұрпаққа жан-жақты коммунистік тәрбие беретін идеологиялық мекемесі деп айтылды. Сондай-ақ мектеп бітірушілер білім алумен бірге коммунизм ісі үшін идеялық күрескер болып шығады. Мектеп партия ұйымы – мектептегі барлық оқу тәрбие жұмысының жетекші күші, ұйытқысы және дем берушісі. Мектептің бас педагогы – директордың жұмысындағы басты принцип – партиялық. Оның да, бүкіл педагогикалық коллективтің де жұмыс мазмұны, формасы мен бағыты партиялық принципте құрылып, халық-ағарту саласында партия саясатын жүзеге асыруды, жаңа адамды қалыптастыру міндетін шешуде партиялық шешім жасауды алға қояды. Жұмыстың басқа принциптері (ғылыми негізі, коллегиялығы) партиялық принципке бағынып, соны анықтай түсетін шарттар деп баса айтылды. КСРО мемлекеті өзі өмір сүрген 70 жыл уақыт ішінде халық-ағарту саласында түрлі реформалар, бағдарламалар, мектеп өмірі туралы түрлі заңдар қабылдады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында, соғыс жылдары және одан кейінгі кезеңдерде уақыт және өмір талабына сай болған бұл қаулы-қарарлар мерзіміне қарай жетілдіріліп отырды.

Халық ағарту бөлімдері мемлекет басқару органдары ретінде облыс, аудан және қала аумағындағы бүкіл оқу-тәрбие жұмысының басқарушы органы болып табылды. Кеңес қоғамында баланың сәби күнінен бастап, кәмелетке толғанға дейінгі барлық қамы осы органдардың мойнында – балалар бақшасы мен толық орта білім алудың арасындағы 17-18 жасқа дейінгі өмірі, әрбір қоғамның болашақ тағдыры ата-анадан кейін осы мекемелердің қолында болды. Қызылорда облыстық, аудандық, қалалық білім беру органдарында өз уақыт талабына сай білімді де, білікті басшы болған азаматтар басқарды. Олардың басым көпшілігі жалпы халықтың ықыласына бөленіп, партиялық жолмен жоғарылатылып, кейбірі тіпті партияның сенім үдесінен шығып, сала басшылығын ұзақ уақыт басқарды. Біз қарастырып отырған кезеңде облыстағы оқу-ағарту, білім мекемелерінің дамуы мен материалдық техникалық базасының нығаюына, мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жетілдіруге мүмкіндіктер жасауда, білікті педагог кадрларды іріктеуде 1963-1983 жж. облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалім, Кеңес Одағы халық-ағарту ісінің озаты, қоғам қайраткері Уәли Төралиев пен 1983-2001 жж. облыстық білім басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер, педагогика ғылымдарының докторы Әли Мүсілімовтың еңбектері халық-ағарту саласы өмірінен өзіндік орын алады. Халық арасында бұл екі кісі де «Ұстаздардың ұстазы» деген атқа ие болды. Сондай-ақ облысқа қараста аудандық оқу бөлімдерінің басшылары С. Ижанов, А. Айбосынов, Е. Исаевтар қажырлы еңбектерімен халық арасына өз есімдерін мәңгілікке қалдырды десе болады. Қалалық оқу бөлімін осы жылдар аралығында басқарған Кенжалы Атабаев (1974-1982 жж.), Сейітқасым Жүнісовтер (1982-1998 жж.) халық ағарту саласының дамуына елеулі үлестерін қосты.

Аталмыш кезеңде көрсетілген міндеттерді ойдағыдай орындап, өздеріне жүктелген педагогикалық коллективтер де оқу-тәрбие жұмыстарын жақсы ұйымдастырып көзге түскен мектеп директорлары біздің облыста да аз болмады. Мектептегі қандай бір жұмыстардың табысты болуы педагогикалық жаңалықтардың мектеп өміріне еңгізілуі, ұжым мүшелерінің шығармашылық пен жұмыс істеуге бет бұруы мектеп директорларының ізденімпаздығы мен талғампаздығына және оны қостаушы жеке мұғалімдердің шығармашылық орындаушылық субьектілеріне байланысты. Сондай мектеп басшыларының бірі №143 Киров орта мектебін 1971-2003 жж. басқарған Остаев Батырхан болды. Ол 1971 жылдан мектеп директоры болып жұмыс істеп, мектептегі «педагогикалық жұмыстарды ғылыми түрде ұйымдастыруды» мақсат етіп қойды. Сабақта консультанттар пайдалану, оқушыларға социометриялық зерттеулер жүргізу, мұғалімдер жұмысына диагностикалық талдаулар жасау секілді педагогикалық озат тәжірибелерді мектеп өміріне ендірді. Мектептегі басқарудың пәндік салалық жүйесіне көшу, оқушылардың тоқсан сайынғы үлгерімін жүйелі түрге келтіру, жылдық жоспарды бесжылдық жоспар негізінде жасау, педагогикалық кеңес тақырыптарын әдіскерлік кеңес тақырыптарымен байланыстыра жоспарлау, мұғалімдердің сабақтарына талдау жасаудың түрлерін жинақтау және т.б өзіндік ізденімпаздығынан туған педагогикалық ойлары мектеп ұжымында өмірге енді. Бұл тақырыптар бойынша бірнеше рет аудандық, облыстық семинарлар өткізілді. Мектептегі еңбек бірлестіктерінің жұмыс тәжірибелері әуелі облыс, кейін республика мектептеріне үлгі болды.

Сондай-ақ осы жылдар ішінде облыс, республика көлеміне қажырлы еңбегімен белгілі болған мектеп директорлары Қызылорда қаласындағы №4 орта мектеп директоры Қ. Ыбыраев, Шиелі ауданындағы №50 орта мектеп директоры А. Бәкіров, Қызылорда қаласындағы №112 орта мектеп директоры Н. Ахмадиева, №198 орта мектеп директоры М.З. Подольский, Қазалы ауданындағы №421 орта мектеп директоры Ж. Бекмамбетов, Арал ауданындағы №13 орта мектеп директоры С. Жетпісбаев, №83 орта мектеп директоры Н. Оспанов және т.б. есімдері елге жақсы таныс болды..

Мысалы, Қызылорда қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы №4 орта мектепті басқарған Қасымбек Ыбыраев қызметте жүрген кезінде мұғалімдерді біріктіріп, ұжым жұмысын жақсартуда көп еңбек сіңірді. Ұжымның атқарған жұмысы жоғары бағаланып, қала, облыс, республикалық жоғары орындардан бірнеше рет марапатқа ие болды. Мектеп халық-ағарту саласында жеткен жетістіктері үшін бүкілодақтық көрмеге қатысып, «Алтын медальмен» наградталды. Мектеп директоры Қасымбек Ыбыраевтың халық-ағарту саласындағы еңбегі еленіп, Қызылорда қаласының бір көшесіне оның есімі берілді. Бұл ұстаз еңбегін ұлықтаудың бір көрінісі болып табылады.

Бірақ аталмыш кезеңде мектеп басқару ісінде кемшіліктер де аз болмады, әсіресе ауылдық елді мекендердегі кейбір мектеп басшылары мектеп жұмысына салғырт қарауынан мектептердің материалдық-техникалық базасы жаңартылмауы, оқушылардың оқу үлгерімі нашар болуы және т.б. халық-ағарту саласының дамуына өз әсерін тигізді. Тіпті кейбір мектеп басшылары толық үлгерім үшін күресті бетке ұстап, принципті көрсеткіш қуып, көзбояушылыққа, өтірік ақпар беруге дағдыланды. Бірақ бұл сол кезеңдегі тоқырау жылдарындағы қоғамдағы қалыптасқан жайт болатын. Сонымен қатар кеңестік білім жүйесінде қоғамда, қоғамдық қатынастарда коммунистік партия, оның ізбасарлары – комсомол, пионер ұйымдары шешуші роль атқарды. Жоғарыда айтылған уставта жалпыға бірдей білім беретін мектептің басты міндеттері айтыла келіп, «мектеп оқу-тәрбие жұмысын коммунистік құрылыстың істәжірибесімен байланыстырады және оқушыларды коммунизм құрылысшысының моральдік кодексі талаптары рухында адамгершілікке тәрбиелеуді жүзеге асырады» делінді. Білім беру мекемелерінде коммунистік партияның бастауыш партия ұйымдары жұмыс жасады. Олар мектептерде коммунистік партияның съездерінің шешімдері, қаулы-қарарларын мектеп ұжымына, қалың жұртшылыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізумен қатар мектептердегі оқу-тәрбие процесіне қатаң бақылау орнатты. Сондай-ақ облыстық «Білім» қоғамының басым көпшілік лекторларын партиялық дайындығы жоғары білімді коммунист мұғалімдер құрады. «Білім» қоғамы елдің санасына коммунистік идеологияның негізін сіңіру, қоғамдағы саяси-экономикалық жағдайды түсіндіру мәселесіне басымдық берді.

Жалпы білім беретін мектептің одан әрі дамуына әрдайым белсене және құлшына қатысу республика комсомолының аса жауапты міндеті саналды. Комсомол комитетінің күш-жігері мектеп комсомол ұйымдарына басшылықты жақсартуға, олардың оқушыларға коммунистік тәрбие берудегі ролін күшейтуге, оқу сапасын көтеруге бағытталды.

Жалпы кеңес қоғамында қалыптасқан комсомол, пионер ұйымдарының негізгі жұмысы жас ұрпақтың бойына әрдайым қоғамшыл, көпшіл, қамқоршы, мейірімді, адамгершілігі мол, тәрбиелі азамат ретінде қалыптастыруға бағытталды. Бұлар үлкен тәрбие мектебінің ошағы болды десек, артық айтпағанымыз. Сол тұста мектептегі келелі істердің барлығы да комсомол, пионер, октябрят ұйымдары арқылы іске асырылды. Жастардың әскери мамандыққа қызығушылығын арттыру мақсатында облыс мектептерінде «Өжет», «Орленок» сияқты пионерлер мен комсомолдардың әскери-патриоттық мектептері, клубтары мен бірлестіктері құрылды. Облыс, аудан орталықтарында октябряттардың әскери парады, «пионерлік зарница, орленок» секілді ойындары өткізіліп жеңімпаздар әрдайым марапатталып отырды. Мысалы, 1980 жылы аталған ойындардың облыс бойынша жеңімпаздары космонавт Титовпен кездесу құрметіне ие болды. Қызылорда қаласындағы №171 орта мектептің пионер ұйымы республика бойынша «Пионер» журналына ең көп жазылу, пионерлік іс-шараларға қатысқаны үшін ерекше құрметке ие болып, осы журналдың 80-жылдардағы редакторы Фариза Оңғарсынова мектепке арнайы келіп, пионерлермен кездесу өткізді.

Жалпы алғанда, 1970-1991 жылдары мектептерді және мектептен тыс мекемелерді басқару жүйесінде, олардағы оқу-тәрбие үдерісін жүргізуде халық-ағарту органдары елеулі жұмыстар атқарды.

Бірақ партия халық-ағарту мекемелеріне тек идеологиялық насихат орны ретінде қарады. Ондағы мұғалімдер мен мектеп оқушыларына олар тек қана коммунистік рухта тәрбиеленіп, коммунистік партияның қағидалары негізінде ғана оқып-білім алуы тиіс деп негіздеді. Сондай-ақ, облысымыздағы партия ұйымдары, халық ағарту органдары өз жұмыстарын, СОКП съездерінің қаулы-қарарларын шешімдерін орындауы, соған сай жастарға коммунистік тәрбие беру, ғылым негіздерін оқытудың сапасын жақсарту, екінші жылға сыныпта қалдырушылықпен нақты күрес жүргізу, мұғалімдердің саяси-идеялық білімін және методикалық шеберлігін арттыра түсу негізінде жалпыға бірдей орта білім беруге көшуді аяқтау бағытында ұйымдастыру шараларын жүргізді.

Әдебиеттер:

1. Сембаев Ә.І. Қазақ совет мектебінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1967.
2. Жастарға жаппай орта білім беруге көшуді табысты аяқтайық // Казақстан мектебі. – 1975. – № 2.
3. ҚРОММ 127-қор, 1-тізімдеме, 214-іс, 24-29 бет.
4. ҚРОММ 127-қор, 1-тізімдеме, 409-іс, 125 бет.
5. Село мектебінің жарқын болашағы // Қазақстан мектебі. – 1980. – №12.
6. Өтегенов С. Қызылорда қалалық білім беру жүйесінің тарихы (1917-2003 жж.). – Қызылорда, 2004.
7. ҚРОММ 127-қор, 1-тізімдеме, 976-іс, 36 бет.
8. Қоянбаев Р. Селолық мектептерде кәсіптік бағдар берудің кейбір мәселелері // Қазақстан мектебі. – 1973. – № 11.
9. Байжанов М. Мамандар біліктілігінің бастауы: тарихи деректер. – Қызылорда, 2004. – 15 б.
10. Основные итоги развития народного образования в Кзыл-Ординской области за 10 лет. 1968-1978 гг. – Кзыл-Орда, 1978.

Резюме

В статье рассматривается состояние образовательных школ в Кызылординской области в период развитого социализма. Используются материалы Государственного архива Кызылординской области.

Summary

In the article wrote about situation of village schools in Kyzylorda region on period of socialism. Author used archive in formations and documents in Kysylorda region.

УДК 371.133:371.136.1

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ КАК УСЛОВИЕ ИХ УСПЕШНОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ САМОРЕАЛИЗАЦИИ

М.А. АЙТБАЕВА,
кандидат педагогических наук, доцент
А.Б. НУРЕКЕЕВА,
магистрант,
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Основная тенденция изменений, происходящих в настоящее время в системе образования, отражает направленность на гуманистические ценности, коммуникативную культуру, процессы самоактуа-

лизации и самореализации личности каждого участника образовательного процесса. Вместе с этим в школах, а вслед за ними и в вузах наиболее востребована новая, «компетентностная» парадигма образования. При этом итогом деятельности образовательного учреждения становятся так называемые компетентности, отражающие результаты обучения, систему знаний, умений, навыков, ценностей, мотивационную сферу к той или иной деятельности, общению, поведению; морально-нравственные нормы, социально-культурные обретения и взаимодействие с окружающей действительностью [1].

В настоящий момент компетентностный подход является основополагающим в подготовке профессионалов любой сферы деятельности. Особенно важен этот вопрос в сфере подготовки специалистов педагогического направления. Профессиональная компетентность включает в себя не только овладение общими профессиональными знаниями, умениями и навыками, но также высокий уровень развития коммуникативной компетентности.

Сегодня, в процессе гуманизации образования, когда работа школы ориентирована на личность, направлена на поддержку ребенка в его развитии и саморазвитии, предъявляются качественно новые требования к личности учителя. Выпускники педагогических факультетов должны быть готовы к творческому труду, строить отношения на основе сотрудничества, диалога, доверия, владеть навыками создания открытых отношений, обеспечения внутреннего эмоционального комфорта ученика в своем коллективе-классе и в учебно-воспитательном процессе в целом.

Потребность в педагогах, способных занять гуманистическую позицию по отношению к ученикам и осуществить свои профессиональные функции через оптимально созданную ситуацию общения, выдвигает в разряд актуальных проблему целенаправленного развития у будущих учителей коммуникативной компетентности (А.А. Бодалев, О.И. Даниленко, В.А. Кан-Калик, А.А. Леонтьев, Н.В. Кузьмина, Н.Е. Щуркова и др.). Это, на наш взгляд, является непременным условием успешной профессиональной самореализации учителя, деятельность которого осуществляется в условиях непосредственного общения с субъектами образования.

В современной науке выделяют два понятия – «компетенция» и «компетентность», которые взаимосвязаны между собой. Понятие «компетентность» в настоящее время является предметом активного исследования многих ученых. Неоспоримый вклад в изучение данной проблематики внесли такие ученые, как Дж. Равен, А.К. Маркова, Ю.Н. Емельянов, Ю.М. Жуков, Л.А. Петровская, Г.С. Миролюбова и др. Происходит уточнение, дополнение и расширение понятия, исследуются пути формирования. Компетентность – уровень умений личности, отражающий степень соответствия определенной компетенции (области знаний), позволяющий действовать конструктивно в изменяющихся условиях [2].

Наряду с понятием «компетентность», в научной литературе авторы часто используют понятие «компетенция», подчас подменяя одно другим. Компетенция – общая способность, основанная на знаниях, опыте, ценностях, которые приобретены благодаря обучению (область знаний). В отечественной научно-практической литературе оба понятия в большинстве случаев употребляются для выражения достаточного уровня квалификации и профессионализма специалиста, однако имеют разное содержательное наполнение. Компетенция характеризует требования среды, а компетентность отражает соответствие человека этой среде [3].

То есть понятие «компетенция» сужается до круга должностных (функциональных) полномочий и в основном применяется для характеристики внешних по отношению к человеку функциональных обязанностей, а «компетентность» – личностная характеристика, отражающая осведомленность, авторитетность.

Определение коммуникации целесообразно рассмотреть в контексте определения понятия «общение». Проблеме общения посвящены исследования многих ученых и исследователей, но, являясь главной формой жизнедеятельности человека, она по-прежнему остается актуальной. Владение культурой общения, знание правил, техники, стилей общения, умение сделать правильный выбор в зависимости от ситуации необходимы человеку на протяжении всей его сознательной жизни. Начиная с раннего детства, находясь в семье, детском саду, школе, студенческой группе или рабочем коллективе, именно в общении человек самореализуется как личность, как гражданин, как специалист.

В науке дается много трактовок понятия общение. Общение – «это многоплановый процесс развития контактов между людьми, порождаемый потребностями совместной деятельности» [4, 7], «… осуществляемое знаковыми средствами взаимодействие субъектов, вызванное потребностями совместной деятельности» [5, 196], самостоятельная и специфическая форма активности, результатом которой являются не преобразованный предмет, а отношения с другим человеком, с другими людьми» [6, 7]. «Межличностное общение, осуществляемое с помощью средств речевого и неречевого воздействия, взаимодействие между несколькими людьми, в результате которого возникают психологический контакт и определенные отношения между участниками общения» [7, 12]. Исследуя проблемы профессионального общения, в частности, общения руководителя трудового коллектива, П.П. Скляр трактует это понятие как «совокупность норм ценностей и установок, реализуемых в общении при помощи социальных навыков коммуникации. Она выражается в осознании личностью руководителя трудового коллектива ценности общения, овладении ею знаниями о природе, механизмах, формах и способах общения, правилах этикета и умении использовать их в профессиональной деятельности» [8, 6].

В научной литературе в структуре общения выделяют три аспекта: перцептивный аспект – процесс взаимного восприятия партнеров по общению, познания друг друга и, как следствие, взаимного понимания; коммуникативный аспект – процесс обмена информацией при помощи вербальных и невербальных средств общения; интерактивный аспект – процесс взаимодействия людей, предполагающий непосредственную организацию совместной деятельности .

В коммуникативном процессе различают вербальные и невербальные средства общения.

К вербальным средствам относится слово, то есть общение осуществляется посредством речи. Речевое общение является самым распространенным и универсальным, когда осуществляется прямой или опосредованный контакт между людьми при помощи языка, и при передаче информации максимально сохраняется смысл разговора.

Невербальные средства общения разделяются на жесты: визуальные – мимика, позы, внешний вид, прическа, кожные реакции (покраснение, побледнение); акустические (тембр голоса, его диапазон, тональность, темп речи, паузы, покашливание, плач, смех); тактильные (прикосновения, объятия, поцелуи, пожатие руки); ольфакторные – запахи окружающей среды (естественный и искусственный запахи человека).

Речевое общение обязательно сопровождается невербальными средствами, которые несут значительную информацию и используются в процессе общения.

Особенно актуальной среди педагогов, психологов становится проблема конфликтов в общении, основных способов их предупреждения и разрешения. В повседневной жизни каждому человеку, независимо от социальной группы, приходилось сталкиваться с конфликтными ситуациями в быту, на работе, в личной жизни. К сожалению, многие люди не знают, как правильно вести себя при конфликтах, не владеют умением достойного выхода из таких ситуаций. Разбирая эту тему, студенты знакомятся с видами конфликтов, с основными причинами их возникновения и путями их разрешения, осваивают правила поведения в условиях конфликта.

Чтобы сделать процесс общения более эффективным, необходимо обладать определенными умениями, которые и определяют коммуникативную компетентность. Коммуникативная компетентность учителя – личностное профессионально значимое качество, которое должно формироваться в стенах вуза.

Коммуникативная компетентность, относясь к группе ключевых, является важной и неотъемлемой составляющей профессиональной, социальной и межличностной компетентности и выступает в качестве ведущего фактора эффективного общения, во многом определяющим успешность и конкурентоспособность будущего специалиста [3].

Говоря о структуре коммуникативной компетентности, можно выделить когнитивную, ценностно-мотивационную и практическую характеристики [9].

Когнитивный компонент характеризует деятельность по обеспечению обучаемых лиц системой профессиональных коммуникативных знаний. Он реализуется через насыщение образовательного про-

цесса коммуникативным содержанием; через целенаправленную организацию внеаудиторной учебной деятельности, ориентированную на самостоятельное получение и углубление коммуникативных знаний на основе самообразования.

Практический компонент отражает деятельность по развитию профессиональных коммуникативных умений и основывается на обеспечении студентов коммуникативным опытом, организации различной по видам, формам и содержанию целенаправленной самостоятельной деятельности.

Ценностно-мотивационный компонент характеризует деятельность по формированию ценностного отношения к будущему профессиональному функционированию, установки на развитие профессиональной коммуникативной компетентности и участие в профессиональном общении.

Другие авторы выделяют следующие структурные составляющие коммуникативной компетентности: когнитивный, регулятивный, рефлексивно-статусный, нормативный компоненты [10]. Когнитивный компонент включает высокий уровень профессиональной эрудиции, знание о применяемых коммуникативных стратегиях, методах психологического воздействия, правилах и приемах риторики, полемики, рефлексивного слушания и пр. Регулятивный компонент – умение вести диалог, убеждать, внушать, менять тактику коммуникаций, защищаться от манипуляций и психологических уловок, владеть инициативой в любом виде коммуникаций и ситуаций. Рефлексивно-статусный компонент – привлекательный имидж, осознание своего статуса, возможностей и ресурсов, высокий уровень рефлексивной культуры, позволяющей гибко и адекватно реагировать на изменение коммуникативной ситуации. Нормативный компонент – следование морально-этическим и корпоративным нормам поведения и общения. Развитие профессиональной коммуникативной компетентности опирается на совокупность общих принципов целостного педагогического процесса, таких как междисциплинарная координация, личностно-ориентированная направленность обучения, сознательность и активность студентов.

Принцип междисциплинарной координации рассматривается как умение использовать методологию, основные положения, аппарат учебных дисциплин, а также приобретенные навыки для решения профессиональных и учебно-познавательных задач.

Определение понятия коммуникативной компетентности, содержания ее составляющих – это первые шаги на пути решения проблемы формирования и развития компетентности будущих профессионалов, в том числе педагогического профиля. Как подчеркивает Ю.Г. Татур, «компетентность, по сути, потенциальна, она проявляется в деятельности и имеет особенность развиваться в деятельности» [10, 22]. Именно в процессе профессионального обучения есть возможность целенаправленного и планомерного развития коммуникативной компетентности будущего специалиста.

Из сказанного можно сделать вывод, что перемены в отечественном образовании требуют от высшей школы совершенствования подготовки специалиста, обладающего не только профессиональной, но и коммуникативной компетентностью.

Литература:

1. Петухов М.А. Аксиологические основы компетентностного подхода к профессиональному становлению выпускника педагогического вуза // Материалы межрегиональной научно-практической конференции. – Ульяновск: УлГПУ, 2002. – С. 3-10.

2. Лухтанова Е. Формирование коммуникативной компетентности учителя // Школьный психолог. – 2007. – № 19. – С. 12-17.

3. Варданян Ю.В., Кильмяшкина Т.А. Модель вузовской образовательной системы становления психологической компетентности педагога // Психология в вузе. – 2008. – №2. – С. 5-16.

4. Фомин Ю.А. Психология делового общения. – 2 изд., перераб. и доп. – Мн.: Амалфея, 2000. – 384 с.

5. Реан А.А., Бордовская Н.В., Розум С.И. Психология и педагогика. – СПб.: Питер, 2004. – 432 с.

6. Ломов А.В. Управление: искусство общения. – М.: Советская Россия, 1983. – 237 с.

7. Куницина В.Н., Казаринова Н.В., Погольша В.М. Межличностное общение: Учебник для вузов (Серия «Учебник нового века»). – СПб.: Питер, 2002. – 544 с.

8. Скляр П.П. Профессиональное общение руководителя: содержание, структура и пути его развития: автореф. дис… канд. пед. наук. – М.: МГУ, 1993. – 25 с.

9. Горшунова Н.К., Медведев Н.В. Формирование коммуникативной компетентности современного врача // Успехи современного естествознания. – 2010. – № 3. – С. 36-37.

10. Татур Ю.Г. Компетентность в структуре модели качества подготовки специалиста // Высшее образование сегодня. – 2004. – №3. – С. 20-26.

Түйіндеме

Мақалада қазіргі кезеңде құзіреттілікті қалыптастыру кез келген сала мамандарын даярлаудың негізі болып табылатыны, педагогикалық бағыттағы мамандарды даярлауда аталған мәселенің маңызы арта түсетіні, кәсіби құзіреттілік, бұл тек жалпы кәсіби білімдер, икемділіктер мен дағдыларға ғана емес, сонымен қатар коммуникативті құзіреттіліктің ең жоғары деңгейіне қол жеткізу болып табылатыны айтылады. Аталған сапалар кез келген саланың болашақ мамандарының кәсіби мүмкіндіктерін жүзеге асыруының міндетті шарты ретінде көрсетіледі.

Summary

Nowadays forming competence is basis in preparing professionals of any work circles. The question is not less important in preparing specialists of teaching line. This question arised today on account of enormous loads of graduates' professional unsuitable of teaching institutions of higher education. Professional competence involves not only mastering general professional knowledge, abilities and skills, but also a high level of development of communicative competence. We think this is necessary condition of realization successful professional self-realization of future any profile specialists.

УДК 33:316.453

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ, ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ ПРИ ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ ЭКОНОМИЧЕСКОГО ПРОФИЛЯ

Р.А. БИСЕНОВА,
магистр экономики и бизнеса
Ж.Т. ЖАКСЫЛЫКОВА,
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Образование – это индустрия,
направленная в будущее.
С.П. Капица

В современных условиях глобализации и конвергенции образовательных рынков и становления общего образовательного пространства высокое качество образования прочно ассоциируется с целями Болонского процесса: академическая мобильность, признание дипломов, введение кредитных систем, инвариативные технологии обучения и управления знаниями.

Основной целью профессионального образования является подготовка квалифицированного специалиста, способного к эффективной профессиональной работе по специальности и конкурентного на рынке труда

Традиционная подготовка специалистов, ориентированная на формирование знаний, умений и навыков в предметной области, все больше отстает от современных требований, так как в настоящее время происходит смена приоритетов и социальных ценностей: научно-технический прогресс все больше осознается как средство достижения такого уровня производства, который в наибольшем мере отвечает удовлетворению постоянно повышающихся потребностей человека, развитию духовного богатства личности. Поэтому современная ситуация в подготовке специалистов требует коренного изменения стратегии и тактики обучения в вузе. Главными характеристиками выпускника любого образовательного учреждения являются его компетентность и мобильность. В этой связи акценты при изучении учебных дисциплин переносятся на сам процесс познания, эффективность которого полностью зависит от познавательной активности самого студента. Успешность достижения этой цели зависит не только от того, что усваивается (содержание обучения), но и от того, как усваивается: индивидуально и коллективно, с опорой на внимание, восприятие, память или на весь личностный потенциал человека с помощью репродуктивных или активных методов обучения.

Основой образования должны стать не столько учебные дисциплины, сколько способы мышления и деятельности. Необходимо не только выпустить специалиста, получившего подготовку высокого уровня, но и включить его уже на стадии обучения в разработку новых технологий, адаптировать к условиям конкретной производственной среды, сделать его проводником новых решений, успешно выполняющим функции менеджера.

В своей статье «Мечты становятся явью» министр образования и науки РК Б. Жумагулов констатировал, что «мир не стоит на месте, в ведущих странах уже началась смена парадигмы «образование = становление», то есть становление человека, его саморазвитие, самооформление в личность. Дан старт процессу перехода от концепции функциональной подготовки к концепции развития личности, предусматривающей индивидуализированный характер образования, учет возможностей каждого человека и содействие его самореализации и развитию» [1].

Реализации этих приоритетных требований способствуют педагогические инновации. Инновации в образовательной деятельности – это использование новых знаний, приемов, подходов, технологий для получения результата в виде образовательных услуг, отличающихся социальной и рыночной востребованностью.

Изучая опыт использования в педагогической деятельности инновационных методов, можно выделить их преимущества: они помогают научить студентов активным способам получения новых знаний; дают возможность овладеть более высоким уровнем личной социальной активности; создают такие условия в обучении, при которых студенты не могут не научиться; стимулируют творческие способности студентов; помогают приблизить учебу к практике повседневной жизни, формируют не только знания, умения и навыки по предмету, но и активную жизненную позицию [2, с. 120-125]. В связи с чем особый интерес вызывают активные методы обучения, т.к. они способствуют эффективному усвоению знаний; формируют навыки практических исследований, позволяющие принимать профессиональные решения; позволяют решать задачи перехода от простого накопления знаний к созданию механизмов самостоятельного поиска и навыков исследовательской деятельности; формируют ценностные ориентации личности; повышают познавательную активность; развивают творческие способности; создают дидактические и психологические условия для проявления активности студентов.

С целью повышения качества подготовки специалиста, активизации познавательной деятельности студентов, раскрытия творческого потенциала, организации учебного процесса с высоким уровнем самостоятельности преподаватели КГУ имени Коркыт Ата применяют в работе следующие образовательные технологии: личностно-ориентированное обучение, проблемное обучение, тестовые формы контроля знаний, кейс-метод, кредитно-модульная система оценки, обучение в сотрудничестве, дистанционное обучение.

Преимуществом применения образовательных технологий является то, что меняются функции преподавателя и студента, преподаватель становится консультантом-координатором (а не выполняет ин-

формирующе-контролирующую функцию), а студентам предоставляется большая самостоятельность в выборе путей усвоения учебного материала.

В рамках данной статьи хотелось бы обратить особое внимание на такой метод активизации учебно-познавательной деятельности обучаемых, как анализ конкретных ситуаций или case-study, который широко применяется преподавателями университета.

Это метод обучения, когда студенты и преподаватели *(instructors)* участвуют в непосредственных дискуссиях по проблемам или случаям *(cases)* бизнеса. Он характеризуется следующими признаками: наличие конкретной ситуации; разработка группой (подгруппами или индивидуально) вариантов решения ситуации; публичная защита разработанных вариантов разрешения ситуации с последующим оппонированием; подведение итогов и оценка результатов занятий.

Метод конкретных ситуации предполагает:

• подготовленный в письменном виде пример ситуации из практики бизнеса;

• самостоятельное изучение и обсуждение ситуации студентами;

• совместное обсуждение ситуации в аудитории под руководством преподавателя;

• следование принципу «процесс обсуждения важнее самого решения».

При формировании конкретной ситуации необходимо учитывать следующие положения.

Во-первых, учебная ситуация специально готовится (пишется, редактируется, конструируется) для целей обучения.

Во-вторых, учебная ситуация должна соответствовать определенному концептуальному полю того учебного курса или программы, в рамках которого рассматривается.

В-третьих, работа должна научить студентов анализировать конкретную информацию, прослеживать причинно-следственные связи, выделять ключевые проблемы и (или) тенденции в бизнес-процессах.

Таким образом, идеальная конкретная ситуация должна быть представлена как:

• занимательная история конкретного бизнеса или имевшегося случая из истории данного бизнеса;

• головоломка, требующая решения;

• обилие информации, анализ которой не тривиален и требует поиска дополнительной информации;

• актуальная проблема, способная дать продолжение ситуации в будущем;

• более или менее типичная ситуация, совпадающая в главном — «теории» вопроса.

Для работы с учебной конкретной ситуацией необходимо подготовить комплект материалов, который включает:

• собственно саму ситуацию (текст с вопросами для обсуждения);

• приложения с подборкой различной информации, передающей общий контекст ситуации (копия финансовых документов, публикации, фото и др.);

• заключение по ситуации (возможное решение проблемы, последовавшие события);

• записку для преподавателя с изложением авторского подхода к разбору ситуации.

Также необходимо разработать письменное представление ситуации, которое должно включать следующие разделы:

• *титульный лист* с кратким, запоминающимся названием ситуации (в примечании указываются автор и год написания);

• *введение*, где упоминается герой (герои) ситуации, рассказывается об истории фирмы, указывается время начала действия;

• *основную часть*, где содержатся главный массив информации, внутренняя интрига, проблема;

• *заключение,* где ситуация может «зависать» на том этапе своего развития, который требует соответствующего решения проблемы.

Одним из важных моментов использования данного метода заключается в правильном подборе конкретной ситуации. Преподаватель может использовать в качестве источников следующие варианты:

Первый вариант – за основу берется история, а чаще всего фрагмент жизни реальной компании, информация о которой получена автором ситуации непосредственно в ходе исследовательского или консалтингового проекта, либо целенаправленного сбора информации.

Второй вариант – использование вторичных источников, прежде всего информации, «рассыпанной» в средствах массовой информации, специализированных журналах и изданиях, информационных вестниках и буклетах, распространяемых на выставках, презентациях и т.д.

Третий, наименее распространенный, вариант – описание вымышленной ситуации.

Данный метод обучения хорошо зарекомендовал себя и, по мнению студентов, они ощущают себя на таких занятиях участниками реальных рыночных действий.

Поэтому для подготовки студентов к профессиональной деятельности в будущем и используются инновационные методы обучения в вузе, так как на современном этапе развития общества как никогда возросла социальная потребность в нестандартно мыслящих творческих личностях, имеющих развитое мышление, умеющих конструировать, оценивать, рационализировать. Решение этих проблем во многом зависит от содержания и методики обучения будущих специалистов [3, с. 240].

К таким методам относится также проблемное обучение, предусматривающее формирование навыков для решения проблемных задач, которые не имеют однозначного ответа, самостоятельной работы над материалом и выработку умений применять обретенные знания на практике.

Следует отметить, что инновационные методы обучения предусматривают интерактивное обучение. Оно направлено на активное и глубокое усвоение изучаемого материала, развитие умения решать комплексные задачи. Интерактивные виды деятельности включают в себя имитационные и ролевые игры, дискуссии, моделирующие ситуации.

Также одним из современных методов является обучение через сотрудничество. Он используется для работы в малых группах. Этот метод ставит своей задачей эффективное усвоение учебного материала, выработку способности воспринимать разные точки зрения, умение сотрудничать и решать конфликты в процессе совместной работы.

Применяемые на современном этапе инновационные методы обучения в вузе предусматривают и метод, приоритетом которого являются нравственные ценности. Он способствует формированию индивидуальных нравственных установок, основанных на профессиональной этике, выработке критического мышления, умения представлять и отстаивать собственное мнение.

Инновационные методы позволили изменить и роль преподавателя, который является не только носителем знания, но и наставником, инициирующим творческие поиски студентов.

Литературы:

1. Жумагулов Б. Мечты становятся явью // Казахстанская правда. – 2012. – 7 июня.

2. Сорокин Н.Д. Об инновационных методах в преподавании социологических курсов // Социус. – М., 2005. – № 8.

3. Гузеев В.В. Планирование результатов образования и образовательная технология. – М.: Народное образование, 2000.

Түйіндеме

Мақалада авторлар басымдылықтар мен әлеуметтік құндылықтардың ауысуы болып отыратындықтан, оқу процесін әрдайым жетілдіріп отыру қажеттілігін атап көрсеткен. Ғылыми-техникалық прогресс көбіне адамның үнемі артып отыратын қажеттіліктерін қанағаттандыруға, тұлғаның рухани байлығын дамытуға жауап беретін өндіріс деңгейіне жетудің құрамы ретінде түсіндіріледі. Сондықтан мамандарды дайындаудың заманауи жағдайын, ЖОО-да оқытудың стратегиясы мен тактикасын түбегейлі өзгертуді талап етеді.

Summary

In this paper, the authors note that the educational process requires continuous improvement, as there is a change of priorities and social values: technological progress increasingly recognized as a means to achieve this level of production, which best meet the steadily increasing satisfaction of human needs, the development of spiritual wealth personality. Therefore, the current situation in training requires a radical change in the strategy and tactics of the academic studies.

ӘОЖ:37,037.1:37,034:37,037

ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ДЕҢГЕЙІН ЖЕТІЛДІРУ

Ш.Н. ҚУАТБЕКОВ,
Б.Х. ТЮТЕБАЕВ,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке, демократиялық дәстүрге өту жағдайында адамзат қоғамының ғасырлар бойы жинақтаған жалпы құндылықтар мұрасына ден қоюы, рухани-адамгершілік негізінде дене тәрбиесін және спортты сабақтастықта дамытып, салауатты өмір сүру дағдылары арқылы дене мәдениетін қалыптастырудың өзектілігі артуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Спорт – игілікті іс. Спортта мінез-құлық, мәдениет қалыптасады. Спортпен айналысқан адам ар-ұятқа тиетін іс жасамайды. Жастайынан дене тәрбиесімен шұғылданған адам бүкіл ғұмыр бойы табысқа жетуге талпынады. Мен мұны өз тәжірибемнен білемін» деуі тарих сахнасының төрінен спорт қозғалысының өзіндік орны бар екендігін делелдейді.

Дене мәдениеті өсіп келе жаткан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны отансүйгіштікке даярлауға қызмет етеді. Бұл мәселе ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «2007-2011 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасы», «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында», «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009-2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында» білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде көрініс тапқан.

Тәуелсіз еліміз үшін адамның денесінің сау болуы үлкен маңыздылыққа ие. Еліміздің өндірістік потенциалы мен қорғаныс кызметіне тікелей кері есер етіп отырған жағдай – елдің ертеңгі болашағы, жалпы орта мектептеріндегі оқушылардың денсаулықтарының өте төменгі деңгейде болуы. Жалпы орта мектептердегі дене тәрбиесін, заманауи технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидаларымен байланыстыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене мәдениетінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Дене мәдениетінің әлеуметтік және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы

мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес жалпы орта мектеп оқушыларының дене тәрбиесін жетілдіру үшін қажет. Дене мәдениеті тек мектептегі дене тәрбиесі сабағында ғана емес, ол сабақтан тыс уақытта денсаулыққа байланысты қажетті шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі жалпы орта мектептерде дене тәрбиесінің жүйесі мектеп оқушыларының денсаулықтарын нығайтумен қоса, олардың бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі пәнін оқыту үрдісінде мектеп оқушыларында дене мәдениетін қалыптастыру үдерісіне тікелей байланысты. Оқушыларға дене тәрбиесінен білім беру тарихи-педагогикалық тұрғыда анықталып, мектеп оқушыларының дене мәдениетін қалыптастырудың бүгінгі жағдайы мен мүмкіндіктері айқындалып, оқу үдерісі мен сыныптан тыс жұмыстарда, спорт түрлері бойынша үйірмелерде, оқушылардың өз беттерінше денені шынықтырып, дене мәдениетін қалыптастыратын арнайы әдістемесі қолданылса, онда дене тәрбиесі және спортқа қызығушылық оқушылардың денесін шынықтырумен қатар, денсаулығын нығайтып, дене бітімін жақсартады, салауатты өмір салты мен дене мәдениетін қалыптастыруға, спортты әлемдік бейбітшілік құралы ретінде танып білуге жол ашылады, дене тәрбиесі және спортқа қызығушылықтың теориялық материалын терең меңгеруге, жалпы орта мектеп оқушыларында дене мәдениеті қалыптасып, дені сау болып тәрбиеленеді, өйткені дене тәрбиесі сабағы мен спорт үйірмелері сабақтан тыс тыныс тіршілігіне оң ықпал жасай алады. Орта мектептерде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру мәселесі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылыққа негізделген, болашақ жас ұрпақты салауаттылық пен дене тәрбиесін рухани тұтастықта қарастыратын оқу-тәрбие үдерісі еліміздің жарқын болашағына сеніммен қарауға мүмкіндік береді. Дене мәдениетінің мәнін түсіну үшін алдымен олардың мағыналы мазмұнын анықтап алу қажет. Дене мәдениеті – адамның денсаулығын нығайтып, күш-жігерін арттыруға, козғалыс белсенділігін жетілдіру мақсатында қоғамның жасайтын және пайдаланатын рухани, материалдық құндылықтарының жиынтығы. Дене мәдениетінің көптеген аурулардан және зақымданған кезден кейін жұмысқа қабілеттілікті қайтадан қалпына келтіруде және әрмен карай денсаулықты жақсартуға көмегі зор екені белгілі. Дене мәдениетінің тағы бір атқаратын аса маңызды қоғамдық қызметі бар. Ол қоғамда салауатты өмір салтын калыптастырудың ең басты құралы болып табылады. Білім беру жүйесінде дене тәрбиесінің негізгі мақсаты ретінде мектеп оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру мәселесі көрсетілуде. Бұл мақсат үздіксіз білім беру жүйесінің жекелеген бөліктерінің сабақтастық принципін бейнелейді, онда мәдениет аясында жеке толыққанды өмірдің субъектісі сапасында өзін-өзі анықтауға бағытталған перспективамен оқыту идеясы да айтылған. Осындай интегративтік мақсатпен осы мәдениеттің индивидте, оның жалпы мәдениетінің бөлшегі ретінде дамытудың шикізаты болып мектеп оқушыларында дене мәдениетін қалыптастыру алынады.

Орта мектептерде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру тұтасымен оның жас ерекшелік және басқа да қасиеттерімен сәйкес дене сапасы, қабілет, мүмкіндік жүйелерін дамытудың ең жоғарғы дәрежесіне, мақсатқа бағытталған, біртіндеп және бірізді жақындау дегенді білдіреді.

Дене мәдениетін қалыптастыру деңгейінің жоғарыда баяндалған сипаттары мектеп оқушыларының зерттеліп отырған іс-әрекеттің диагностикасы бойынша тапсырмалар жүйесін іріктеу қажеттілігін көрсетеді.

Оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру үшін мынадай іс-әрекеттер атқарылуы тиіс:

– денсаулықты нығайту, қалыпты денені шынықтыруды дамыту;

– өмірлік мәнді қозғалыс қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру;

– қозғалыс қабілеттерін дамыту және үйлестіру;

– дене мәдениеті және спорт саласында қажетті білімдерді игеру;

– денені шынықтыру жаттығуларымен өз бетінше шұғылдануға қажетті қабілеттерді үйрету, тәрбиелеу, денсаулықты нығайту, жұмыс қабілеттерін арттыру;

– адамгершілік және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу, психикалық үдерістер мен жеке тұлғаның қасиеттерін дамыту.

Дене мәдениеті бойынша бағдарламалық материалдарды оқушылар ойдағыдай меңгеруі үшін мынадай талаптарды орындайды:

– дене тәрбиесі сабақтарына міндетті түрде қатысу;

– өзінің денесінің даярлығын арттыру және спорттық шеберлігін жетілдіру;

– жыл ішінде бағдарламалық материалдың негізгі бөлімдері жөніндегі бақылау көрсеткіштерін орындау;

– мектепте спорттық-бұқаралық бағытта өткізілетін іс-шараларға және денені шынықтыру-сауықтыру жұмыстарына белсене қатысу;

– дене тәрбиесі пәнінің мұғалімінің нұсқау-кеңестерін пайдалана отырып, дене жаттығуларын өз бетінше жасау;

– дене тәрбиесі пәніне қосымша бағдарламаның теориялық бөлімінің талаптарын білу және тәжірибе жүзінде қолдану;

– әрбір оқу жылында бітіретін сыныптарда дене мәдениеті бойынша білімін анықтау үшін сынақ тапсыру;

– әрбір оқушының жеке спорт киімінің болуы.

Дене мәдениетін қалыптастыру үдерісін жүзеге асыру, қажетті міндеттер үш тобын құрайды. Олар – сауықтыру, тәрбиелік және білім беру міндеттері [3].

Оқушылардың дене мәдениеті бойынша білімі мен тәрбиесіне, олардың дене мәдениетін қалыптастыруға біршама ғылыми зерттеулер арналған. Алайда, аталған жұмыстарда жалпы орта білім беру мектептері оқушыларының дене мәдениетін қалыптастыру, олардың тұлғалық дамуын ескерумен байланысты ерекшеліктер жеткілікті ашылмаған. Сонымен қатар, мемлекеттің одан әрі дамуы жақын болашақта дене тәрбиесі және спорт саласында кәсіби іс-әрекетпен айналыса бастайтын оқушылар тұлғасының дене мәдениетінің қалыптасу деңгейіне тікелей байланысты болып отыр. Сондықтан, жалпы білім беру жүйесінде еліміздің жалпы орта мектептерінде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру міндеті қойылады және білім беруде дене тәрбиесіне, оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру жүйесі мен дене мәдениеті және спортты дамытуға орай білім беру саласын реформалаудың маңызды бағыттарының біріне айналады. Осыған байланысты жалпы орта мектептерде оқушыларға дене тәрбиесін оқытудың мақсаты, оларда дене мәдениетін қалыптастыру, заманауи технологиялар негізінде оқытып, үйрету мен білім беруді басқаруда пайдалану туралы білімді меңгеру, қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру және оны жетілдіру мен еңбек етуге, отанды қорғауға дайындау болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Егемен Қазақстан. – 2007. – 27 қаңтар.

2. Ресми газет. – 2000. – №9.

3. Оразов Ш.Б. Автореферат. Докт. дис. – Түркістан, 2008. – 15-16-б.

Резюме

В статье рассматриваются основные направления духовного роста учащейся молодежи.

Summary

The article deals with the main directions of spiritual growth of studying youth.

ӘОЖ:37.037.1;371,13

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗІ

Ш.Н. ҚУАТБЕКОВ, С.Т. ТУРСПЕНБЕТОВА,
В.В. МОЩЕЕВ, Н.Б. МАХАНОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке, демократиялық дәстүрге өту жағдайында адамзат қоғамының ғасырлар бойы жинақтаған жалпы құндылықтар мұрасына ден қоюы, рухани адамгершілік негізінде дене тәрбиесін сабақтастықта дамытып, салауатты өмір сүру дағдылары арқылы дене мәдениетін қалыптастыру өзектілігі артуда. Бұл мәселе ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасында, ҚР «Білім туралы» Заңында, «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде көрініс тапқан [1].

Республикамыздағы білім беру саласында және әр түрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы спорт, дене тәрбиесі жүйесі бойынша мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығы, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселе болып отыр.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді [2].

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны отансүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Демек, жоғары оқу орындарына болашақ мамандарды кәсіби дайындау денсаулығы мықты, жан-жақты дамыған, алуан түрлі дене және ақыл-ой еңбектерін тәрбиелеуге қабілетті ұрпақты дайындау жөніндегі мемлекеттік қажеттілік талаптарына байланысты жүргізілетін іс. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының алға қойып отырған басты міндеттерінің бірі – халықаралық білім жүйесіне ену.

Жоғары білімді дамытудың жаңа ұлттық тұжырымдамасы мен бағдарламасына, жоғары білімдегі құрылымдық өзгерістерге байланысты білім мазмұнына оның жаңаша педагогикалық негіздерін енгізу қажеттігі туды, біздің зерттеуіміз дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруға болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісі тұрғысынан қарастырылды.

Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене тәрбиесін жүзеге асыру денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арт-

тыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене-қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін-өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды.

Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басы мен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек. Дене тәрбиесі және спорт мамандары күрделі әлеуметтік міндеттерді шешуге араласумен бірге оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай оқу-тәрбие міндеттерін шешуде олардың рухани жетекшісі де болуы тиіс.

Бүгінгі болашақ педагогтарды дайындауда олардың салауатты өмір сүру мен денсаулық, дене мәдениеттерін өздері игермей тұрып, оларды білімді, білікті маман ретінде қалыптастыру мүмкін емес. Себебі әр болашақ маманның денсаулығы жеке байлық қана емес, ол, сондай-ақ, халқымыздың білім және экономикалық қуатының өсуі үшін де қажетті шарттарының бірі. Соның ішінде денсаулықтың басты шарты – мәдени орта, салауатты өмір салты.

Сондықтан да болашақ педагогтарға қойылатын жаңаша талаптар мен өзгерістер туындап отыр. Бұған себеп – қазіргі кезде жеке тұлғаның қоғамдық және әлеуметтік мәні дене тәрбиесі мұғалімінің назарынан тыс қалмауы қажет. Дене тәрбиесі сабағындағы сауықтыру, білімдік, тәрбиелік міндеттерімен қатар, педагог кәсіби жұмысын атқарып қоймай, оқушылардың рухани жеке тұлғасын қалыптастыруды жүзеге асыруы керек [3].

Болашақ педагогтың жеке басының маман ретінде қалыптасуы үшін кәсіби сапасының негізгі талаптарының бірі ретінде оның жалпы ғылыми-әдістемелік даярлығын ерекше атап өтуге болады. Бүгінгі таңда күн тәртібінде студенттердің өзін-өзі басқаруды дамыту міндеттері қойылып, болашақ мұғалімнің дербестігі мен белсенділік дағдысын тәрбиелеу және дамыту қажеттілігі күннен-күнге артып отыр. Жоғары оқу орындарына болашақ педагогтарға өз кәсіби міндеттерін жете білетін, қажетті педагогикалық дағдыларды меңгерген, өз Отанын сүйетін шәкірттерді тәрбиелеу мен оған мұғалімдерді кәсіби дайындау міндеті жүктелген. Осы мақсатта жоғары оқу орындарында болашақ маман дайындаудың сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Сондай-ақ тәрбиенің ықпал жасау өрісі де орасан кеңейе түсті.

Қазіргі кезеңде мектеп және жоғары оқу орны бағдарламаларын құрастыру тұжырымдамасы өзгерді. Алайда бұлардың бәрінде мектеп оқушысы мен студенттің қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген.

Ғылыми прогресс өркен жайған қазіргі жағдайда жоғары оқу орындарында мектеп үшін оқу тәрбие жұмыстарын шығармашылықпен жүргізе алатын мұғалім – тәрбиешілер дайындаудың теориялық деңгейін көтерудің маңызы ерекше. Үнемі көбейетін ақпараттар тасқыны жағдайында жастарды жанжақты дамыту мұғалімнің өзінің ғылыми теориялық білімін күнделікті көтеруді талап етеді. Қазіргі мектепке өз пәні бойынша сабақты тартымды өткізуімен қатар, оқушыларды ғылым мен техниканың жетістіктерімен қызықтыра алатын мұғалім қажет. Соған байланысты жоғары оқу орнының студенттері бойында өздерінің болашақ қызметіне зерттеуші ретінде қарауға деген ұмтылысты қалыптастырудың ерекше маңызы бар. Бұл міндетті үйірме мен курс жұмыстарына, студенттердің ғылыми конференцияларына қатысу арқылы, әсіресе, педагогикалық тәжірибесінде нәтижелі шешуге болады. Бұлар студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына араласып, өз бетімен жұмыс істеуге, дағдылануына мүмкіндік береді. Ал мұның одан кейінгі педагогтік қызметте ерекше маңызы бар.

Бүгінгі таңда жоғары білім беру жүйесі мен құрылымы, білім берудің мазмұны, оқыту әдістері мен тәсілдері, әсіресе дене тәрбиесі мамандарын дайындауда жаңашылдық көзқарас, соны ізденістер мен зерттеулерді талап етуі қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін айғақтап берді. Зерттеу жұмысының нәтижесі көрсеткендей, республикада жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуында мұғалім кадрларын дайындау кеңестік жүйе кезінде қалыптасқан тәжірибенің аумағында жүргізіліп келді. Сонымен бірге осы саладағы білім негізінің жүйесін құрайды. Мұғалімнің дене тәрбиесі тео-

риясы мен әдістемесін жете білуі – оның педагогикалық ойлау жүйесінің дамуының басты шарты. Әр түрлі деңгейлерде дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғысынан шешуге, болып жатқан жаңалықтарды біліп отыруға, кейбір теориялық және іс-тәжірибелік жаңалыққа сын көзбен қарап қабылдауға, дене тәрбиесі міндеттерін шешуде қосымша өтетін ғылыми пәндердің атқарар рөлін дұрыс бағалауға, өзінің педагогикалық шығармашылық негізін жасауда дене тәрбиесі мәселесі бойынша жүргізілген зерттеудің маңызы зор [4].

Болашақ дене тәрбиесі мұғалімін дайындау жүйесін және оны психологиялық-педагогикалық білім алуын үйлестірудің жетекші бағыты ретінде дене тәрбиесі үрдісін жүзеге асырудың және түрлендірудің жолдарын түсіндіретін және көрсететін білім жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Мектеп тәрбие жүйесінің маңызды міндеті баланың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы болып табылады. Сондықтан шығармашылықпен ойлайтын тұлғаны тәрбиелеудің негізгі мәселелерінің бірі қозғалыс белсенділігінің қалыптасуы болып табылады, өйткені оның жоқтығы тек ақыл-ой дамуын ғана кідіртіп қоймайды, балалардың қозғалыс белсенділігін де төмендетеді. Ал бұл өз кезегінде баланың өзінің дағдылары мен икемділіктерін практикалық қызметінде пайдалану қажеттілігін болдырмайды, қозғалыс кестесінің бұзылуына апарып соқтырады.

Болашақ мұғалімнің оқушылардың белсенділігін дене тәрбиесі құралдарымен қалыптастыру тиімділігі төмендегі педагогикалық шарттарын сақтаған кезде қамтамасыз етіледі:

1. Дене тәрбиесі процесінің кәсіби бағыттылығы.

2. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінің оқушылардың қозғалыс белсенділігін тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мәселелерімен толықтырылуы.

3. Дене тәрбиесі құралдарымен балалардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда қажетті білім мен шеберліктің белгілі бір деңгейіне қол жеткізу.

4. Оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің құралдарын, белсенді түрлерін пайдалана отырып, балалардың жеке психологиялық ерекшеліктерін, қозғалыс белсенділігінің деңгейін ескеріп, іскер көзқарас таныту.

Бұдан шығатын қорытынды, болашақ мұғалімдер оқушылардың дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруға дайындауды ұйымдастыру және студенттің өз тарапынан болашақ кәсібіне оның қажеттілігін сезінуін тәрбиелеу, мақсатты педагогикалық процестен оңтайлы әдіс-тәсілдерді пайдалану, шығармашылық қатынас орнату, үнемі кәсіби біліктілігін жетілдірудің өзектілігі жоғары және дене тәрбиесі, спортқа қызығушылық оқушылардың денесін шынықтырумен қатар, денсаулығын нығайтып, дене бітімін жақсартады, салауатты өмір салты мен дене мәдениетін қалыптастыруға, спорттың әлемдік бейбітшілік құралы ретінде танып білуіне жол ашылады, дене тәрбиесі және спортқа қызығушылықтың теориялық материалын терең меңгеріп, жалпы орта мектеп оқушыларында дене мәдениеті қалыптасып, дені сау болып тәрбиеленеді, өйткені дене тәрбиесі сабағы мен спорт үйірмелері сабақтан тыс тыныс-тіршілігіне оң ықпал жасай алады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

2. Қуатбеков Ш.Н. Мектептерде дене тәрбиесін оқытып, үйретудің ерекшеліктері // Хабаршы. – Түркістан, 2005. – №3. – 198-200 б.

3. Абусейітов. Б., Оразов. Ш.Б. Болашақ мамандарды даярлау үрдісінде дене мәдениеті мен спорт құралдарын пайдаланудың әдістемелік негіздері // Ізденіс-Поиск. – Алматы, 2009. – № 3(2). – 125-128 бб.

4. Оразов Ш.Б., Бисейтов М. Дене тәрбиесі сабағында оқушылардың іскерлік қабілетін дамыту // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Көкшетау, 2008. – 79-81 бб.

Резюме

В статье рассматриваются направления реализации молодыми педагогами системы физического воспитания.

Summary

This article deals with the direction of realization of young teachers in the system of physical training

ӘОЖ -378:001.891

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ӘРЕКЕТІ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ш.М. МАЙГЕЛЬДИЕВА,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
А.С. ШЕРИМОВА,
магистрант,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Қазіргі танда білікті маман даярлауда студенттердің зерттеу мәдениетін қалыптастыру өзектілігін тоқталсақ, ол болашақ маманның университеттік білімімен тоқтап қалмай, үнемі білімін толықтырып, жетілдіріп ізденісте жүруін талап етеді.

Кәсіптік білім беру тәжірибесінде ұйымастырудың бірнеше психологиялық-педагогикалық стратегиялары бар:

– қажетті психологиялық қабілеттерді дамыту және аяғына дейін жеткізу, оларды қажетті деңгейге жеткізу стратегиясы;

– қатаң тәртіпке қалыптастыру, қатаң белгіленген тәртіпте еңбек әрекеттерінің нақты құрамына үйрету стратегиясы;

– еңбек әрекеттерінің кең спектріне үйрету ретінде жұмсақ қалыптастыру стратегиясы;

– оларды өзгерту және жеке тұлғаландыру мүмкіндігімен коррекциялау стратегиясы;

– кәсіпқой тұлғасын дамыту стратегиясы;

Оқу, квазикәсіптік, оқу-кәсіби әрекеттері базалық болып табылады. Оқытудың сәйкес кезеңінде оқытудың нақты мазмұны мен мақсаттарының ерекшелігіне жауап беретін дәстүрлі және жаңа кез келген түрлері аралық болып табылады. Әрекеттің базалық формаларының шартты реттілігі, олардың кәсіби дайындығы үдерісіндегі орны мен мазмұны келесі кестеде берілген.

Кесте 1. Кәсіптік дайындық процесіндегі қызметтің жетекші формалары

Кәсіптік дайындық аспектілері	Әрекетінің мазмұны
1. Оқу әрекеті	
Теориялық оқыту (дәріс семинар сабақтар)	Ақпаратты тарату және меңгерту
2. Квазикәсітік әрекет	
Практикалық-бағдарланған теориялық оқыту (жобалау, ойын түрлері)	Педагогикалық әрекеттің тұтас фрагменттерін модельдеу (пәндік-технологиялық және әлеуметтік-ролдік мазмұн)
3. Оқу-кәсіптік әрекет	
Педагогикалық тәжірибе, оқу-зерттеу жұмысы	Кәсіби және әлеуметтік қатынастар нормаларына сәйкес келетін қызмет
4. Кәсіптік қызмет	

Кесте мазмұнынан көріп отырғанымыздай, оқу-зерттеу жұмысына зор мән беріледі. Бүгінгі таңда оқу зеттеулері негізінен дамыта оқыту мақсатына жету үшін пайдаланылады, өйткені олар ойлауды қалыптастырудың қуатты құралы болып табылады:

– ой операцияларын дамытуға зор әлеуетті мүмкіндіктері бар;

– ойлау белсенділігі мен мақсаттылығын қалыптастырады;

– ойлау икемділігін дамытады;

– логикалық пайымдау икемділігін қалыптастырады.

Студенттерді оқу-зерттеу әрекетіне тартуға арналған барлық еңбектерде педагогикалық міндеттер мен ахуалдарды шешу үдерісінде зерттеу дағдылары мен машықтануды дамыту дәлелденеді (болжам ұсына білу, зерттелетін жағдайдың елеулі аспектілерін анықтай білу қалыптасады, т.с.с.) сөйтіп, зерттеулердің дамытушы қызметі айқындалады [2].

Оқу зерттеулері танымдық қатынасты шындыққа жетуге ынталандырады, ақыл-ой өрісін қалыптастырады және танымдық қызығушылықтың ықпалы болып табылады, ғылыми дүниетанымды тәрбилеуге ықпал етіп, тәрбилеу қызметін атқарады. Соған байланысты студенттердің оқу-зерттеу жұмысының негізгі бағыттарына жататындар:

– ғылыми үйірмелер мен басқа да студенттік бірлестіктерде және оқу топтарында тыңдалатын рефераттар жаза отырып және баяндамалар даярлай отырып, стендтер, макеттер, моделдер, т.б. дайындау арқылы оқу пәндерін оқып-үйренуді тереңдету;

– есептеу-график және зертханалық жұмыстар орындауда курстық және дипломдық жобалауда және оқу мен өндірістік практикалардан өту кезінде нақты тақырыптарды немесе типтік емес тапсырмаларды зерттеу және орындау;

– ғылыми зерттеулердің бағдарламаларын, әдістемелерін ұйымдастыру мен жоспарлауды, кәсіпорындағы менеджмент пен маркетингті және экологиялық қауіпсіздіктің теориялық негіздерін оқу;

– пәндік олимпиадаларға қатысу;

– ғылыми-әдістемелік конференцияларға қатысу;

– насихаттау жұмысына, шешім қабылдау дағдыларын, қарым-қатынасты және сөйлеу мәдениетін дамытуға араласу.

Университетте зерттеу жұмысын ұйымдастыруды Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік униерситетінің Студенттердің ғылыми зерттеу жұмысы (СҒЗЖ) кеңесі және кафедрада кафедраның СҒЗЖ жауапты адам жүзеге асырады [3].

СҒЗЖ кеңесі ұйымдастырушы және ақпараттық орган болып табылады. СҒЗЖ кеңесі студенттің зерттеу жұмысының негізгі бағыттарын анықтайды және әзірлейді, университетте студенттердің зерттеу әрекетін ұйымдастыру жұмысын үйлестіреді, жүйе буындары жұмысын бақылайды, біріктіреді және факультет кеңестері жұмысын үйлестіреді.

Жыл сайын оқу жылының аяғында СҒЗЖ кеңесі институт пен факультет кеңестерінің жылдық жоспарлары мен есептерін қарайды және бекітеді, студенттердің зерттеу жұмыстарының негізгі шараларының мерзімдері мен номенклатурасын анықтайды, атап айтқанда, конференциялар, көрмелер, байқаулар, конкурстар, т.с.с.

Айтылған пікірлер ЖОО студенттерінің оқу-зерттеу әрекеттерінің (ОЗӘ) мәдениетін қалыптастыру әдістемесін әзірлеуге және ғылыми негіздеуге мүмкіндік берді, яғни білім беру үдерісі субъектісінің әрекеттің мотивациялық негізінің, әрекеттің бағдар беруші, орындаушылық, шығармашылық негіздері кезеңдерінен өтуі мен қалыптасуының кезеңділігін көрсетеді (1-кесте). Әдістеме логикасы П.Я. Гальпериннің ойлау әрекеттерін кезеңдік қалыптастыру теориясына негізделді [5].

Кесте 2. ЖОО студенттерінде ОЗӘ мәдениетін қалыптастыру әдістемесінің сипатамасы

Кезеңдер	Кезеңнің мақсаты	Оқытушының әрекеттері	Студенттің әрекеттері
Мотивациялық	Әрекеттің мотивациялық негіздерін құру	Оқу-зерттеу тапсырмалардың мәнін түсіндіреді.	Проблеманы ұғынады
Теориялық	Әрекеттің бағдарлық негіздерін құру	Теориялық ойлау процестері жайлы түсінік қалыптастырады. Ғылыми зерттеу кезеңдерін анықтау, ғылыми таным логикасымен таныстырады, зерттеу машықтарын меңгеру мақсатын қояды, оқу-зерттеу тапсырмасын орындау құрамы мен үлгісін көрсетеді.	Әрекеттердің орындалу реттілігін ұғынады
Әрекетті-рефлексті	Әрекеттің орындаушы негіздерін құру.	Оқу-зерттеу жұмыстарын орындауды ұйымдастыру, талдай білуді қалыптастыру, қайшылықтарды анықтау, проблемаларды көру, пайымдау логикасын құру, болжамдар ұсыну, зерттеу нәтижелерін негіздеу, қорытындылар жасау, өздігінен талдау жүргізу, өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру	Зерттеу дағдыларын меңгереді, оны жаңа жағдайларға көшіруге үйренеді.
Шығармашылық	Әрекеттің шығамашылық негіздерін құру	Студенттерге шығармашылық тапсырмалар ұйымдастырады, тұтас ғылыми зерттеу жайлы түсінік қалыптастырады, ғылыми зерттеу жұмысын өзінің шағын зерттеуі шеңберінде жүзеге асыра білуді қалыптастырады.	Педагогикалық проблемаларды модельдеу, болжау және шешу бойынша шығармашылық тапсырмаларын орындайды.

Оқытушы және студенттің өзара іс-қимылына елеулі әсер ететін жағдайлар:

– студенттердің оқу-зерттеу әрекеті жайлы білім деңгейі және зерттейтін пән бойынша нақты білімдерінің деңгейі;

– студенттердің даму және дайындық деңгейі (олардың оқу-зерттеу әрекеттерінің әдістерін, тәсілдерін, іскерліктерін меңгеру деңгейлері);

– оқу үдерісі шеңберінде оқу-зерттеу әрекетін ұйымдастырудың әрбір белгілі кезеңіне оқытушының қоятын оқу талаптары;

– оқу материалының мазмұны мен логикасы, таза сипаттаушы дәйекті материал, тәжірибелік дәйектемелер негізінде қандай бір заңның тұжырымы, жиынтығы іргелі теория болып табылатын, адамзат алдында тұрған глобальды ғылыми проблеманың шешімі қандай болмасын заңның немесе заңдылықтың теориялық тұжырымы, белгілі теорияларды растайтын немесе қайшы келетін тәжірибе фактілері, т.с.с

– осы оқу пәнін зерттеп оқуға бөлінген уақыт лимиті.

Оқу зерттеу жұмыстары мен тапсырмаларды жүзеге асыру үдерісін үш бағыттың жиынтығы ретінде қарастырамыз: лекция сабағы арқылы сарамандық сабақ арқылы және зертханалық жұмыстар. Мотивациялық және теориялық кезеңдерде оқу-зерттеу әрекеті мәдениетін меңгеруді ұйымдастыруға ең тиімді технологиялардың бірі – білім дамытудың концентрлік технологиясы.

Осы технологияны құрудың негізі диалогтық концентризм әдісі болып табылады, оның мәні, мұғалім студенттердің игерген білімдерін, дағдыларын жаңа материалды оқыту үдерісінде тиімді пайдаланады, яғни жаңа білім бұрыннан бар білімдерінің берік іргетасына құрылады. Әрбір концерн жаңа материалды оқып-үйрену емес, бұрын үйренгенді жаңартып сезіну сипатында болады. Мұндай концерн мүмкіндігінше осы кезге дейін оқушылардың білім әлемінде құрылған тұтас жүйені диалогқа тартуға ұмтылады.

Сонымен, студенттердің оқу-зерттеу әрекеті мәдениетін қалыптастыру үшін осы айтылған кезеңдер сақталынса, қажетті нәтижені алуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Александров В.С. На базе УлГУ создается университетский комплекс // Социология образования. – 2001. – № 7.

2. Алексеева О.И. и др. Организация управления научными исследованиями в вузах. – Воронеж, 1981.

3. Алексеевская И.К. Формы и методы научно-исследовательской работы студентов, участвующих в кафедральных экспедициях // Самостоятельная работа студентов в вузе. – Саратов, 1982.

4. Балашов В.В., Лагунов Г.В., Малюгина И.В., Масленников В.В., Момот А.И., Першуткин Б.В., Поршнев А.Г., Рулев В.М., Румянцев, В.С., Стриханов М.Н. Организация научно-исследовательской деятельности студентов в вузах России: Монография. В 3 ч. / ГУУ. – М., 2002.

5. Гальперин П.Я. Методы обучения и умственное развитие ребенка. – М., 1985.

Резюме

В статье показана работа по формированию учебно-исследовательской культуры студента высшего учебного заведения. Рассмотрена методика поэтапного формирования учебно-исследовательской культуры студентов высшего учебного заведения.

Summary

This article deals with the work of formation of the educational research culture of students. Methodius of gradual formation of educational research culture of students are determined.

ӘОЖ 37.015.3:378.2

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ КӘСІБИ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ РӨЛІ

Г.Қ. АБСАТОВА,
магистрант,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Қазіргі кездегі қарқынды жүріп жатқан жаһандану процесі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Сондықтан жастарды оқытуға, оларға кәсіби білім беруге, мамандарды жан-жақты даярлауға қоғам мен мемлекет бүгінгі таңда барынша назар аударып отыр.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында еліміздің индустриялық-инновациялық даму жобаларына сай келетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету көзделген [1]. Осы мақсатқа қол жеткізуде жоғары оқу орнында психологиялық қызметті жүзеге асыру өзінің қажеттілігін туындатады. Дегенмен бұл мәселе кәсіби мамандарды даярлауда қарастырылмаған. Бірақ, осы бағыттағы жұмыстар жүйелене бастады.

Жоғары оқу орындарындағы психологиялық қызмет жүйесі білім беру жүйесінің қажетті бөлігі болып табылады. Шетел (Л. Адлер, Л. Анастази, А. Бине, Г. Фигдор және т.б.) және кеңестік психологтардың (Б.Г. Ананьев, И.В. Дубровина, В.Н. Мясищев, Н.М. Пейсахов, К.К. Платонов, С.Л. Рубинштейн К.А. Абульханова-Славская, Е.А. Климов және т.б.) ғылыми-практикалық зерттеулері психологиялық қызметтің құрылуы мен дамуының ғылыми алғышарттары болды. Қазіргі білім беру жүйесін реформалаудың негізгі бағыттарында көрсетілген мемлекеттік маңызы бар міндеттердің бірі – жастардың кәсіби қызығушылығын қалыптастыру мәселесі. Жоғары оқу орындарының алдына қойып отырған міндеттер – мамандарды кәсіби даярлаудың сапасын көтеруді, олардың таңдап алған мамандықтарына тұрақты қызығушылығын қалыптастыруды талап етеді. Осыған байланысты тұрақты кәсіби қызығушылықты мектепте, кәсіби даярлауда және жас мамандардың қызметінде қалыптастыру маңызды болып отыр. Республикамыздың білім беру саласын реформалау жағдайында жоғары оқу орнында психологиялық қызметті ұйымдастыру қажеттілігі тек мамандардың кәсіби біліктілігін көтерумен ғана емес, сонымен қатар жоғары оқу орнында тұлғаның дамуына, өзін-өзі дамытуға және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға қажетті жағдай жасау міндеттерімен де маңызы арта түседі. Себебі, ғылым мен техниканың қазіргі даму жағдайында мамандар даярлаудың сапасына ерекше назар аударылуда. Жоғары оқу орнының түлектеріне қойылатын талаптың күшеюуі ең алдымен олардың тез өзгермелі жағдайда жұмыс жасауымен түсіндіріледі. Сондықтан да жоғары мектептің негізгі міндеттерінің бірі өзгермелі жағдайға тез бейімделе алатын, бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, ой-өрісі дамыған, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңа типті мамандарды қалыптастыру болып табылады.

Жоғары оқу орнындағы оқу процесі көп деңгейлі, бірнеше жүйені біріктіретін динамикалық жүйе ретінде қарастырылады. Бұл жүйенің түпкі мақсаты – мамандарды жалпы және кәсіби тұрғыдан даярлаудың жоғары сапасына қол жеткізу. Мамандарды даярлауда психологиялық сүйемелдеудің өзектілігін тәжірибе көрсетіп отыр. Психологиялық сүйемелдеуді оқыту және тәрбиемен қатар білім берудің үшінші жағы ретінде қарастыруға болады. Жоғары оқу орнындағы оқу процесін психологиялық сүйемелдеу – білім алушыға оқу жылының түрлі кезеңдерінде білікті көмек беру мен қолдаудың жүйелі технологиясы. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жоғары оқу орнының психологиялық қызметінің ұйымдастырушылық, психодиагностикалық, психологиялық сауықтыру, психологиялық түзету, психологиялық кеңес беру сияқты өзара байланысты кешені ретінде сипаттама береміз. Осы кешеннің көмегімен студенттің тұлғалық және кәсіби қалыптасуымен байланысты міндеттер шешіледі.

Студенттерді психологиялық сүйемелдеу мен кәсіби даярлауда жоғары оқу орнының психологиялық қызметі мынадай жұмыстар жүргізеді:

1. Жоғары оқу орнында студенттердің тұлғалық және кәсіби даму жағдайына мониторинг жүргізу;
2. Студенттердің кәсіби оқу іс-әрекетіне бейімделу процесіне психологиялық қолдау көрсету;
3. Студенттердің тұлғалық және интеллектті әлеуетін қалыптастыруға жәрдемдесу;
4. Студенттердің кәсіби даму барысындағы мәселелерді шешу және осы бағытта әр студентпен дербес жұмыс жүргізу;
5. Студенттерге кәсіби қарама-қайшылықтарды шешуге көмек көрсету және сүйемелдеу;
6. Педагогикалық құзіреттілікті қалыптастыру;
7. Тұлғалық және кәсіби дамудағы ауытқушылықтарды жеңуге көмек беру;
8. Психология ғылымының жетістіктерін білім беру процесінің тәжірибесіне енгізу және т.б.

Кеңес ғалымы Н.М. Пейсаховтың еңбектерінде жоғары оқу орнындағы психологиялық қызметті жүзеге асырудың психологиялық зерттеулер, қолданбалы функциясы және психологиялық білімдерді насихаттау сияқты үш аспектісі қарастырылады. Психологиялық қызмет зерттеулерінде жоғары білікті мамандар даярлауда қоғамның жаңа талаптары мен оқу-тәрбие процесін басқарудың қажеттілігін ескеру қажет. Мұнда студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеті, студентердың кәсіби ынтасы мен қызығушылығын туғызу, білім беру процесінің субъектілері арасындағы қарым-қатынас және оқу-тәрбие процесіне байланысты басқа да зерттеулер жүргізіледі. Ал психологиялық қызметтің қолданбалы функциясы психологиялық зерттеулермен тығыз байланысты. Психологиялық қызметтің зерттеу нәтижесінде тәжірибеде қай жерде, қай уақытта және қалай қолдану туралы сұрақ туындамайды. Себебі, басым жағдайда мұндай зерттеулер тәжірибе сұранысы мен ректораттың, оқу бөлімінің, топ тәлімгерлері және студенттер белсенділерінің тапсырысымен жүргізіледі. Автордың пікірі бойынша, психологиялық қызметтің көмегіне деген сұраныстың болуы оның жұмысын бағалаудың негізгі көрсеткіші болып табылады. Психологиялық білімдерді насихаттау психологиялық зерттеулерге қажеттілік тудыруда, алынған нәтижерлер жоғары оқу орны әкімшілігіне, оқытушыларға және студенттерге түсінікті болып, ақпаратты дұрыс қабылдауда маңызы зор. Жоғары оқу орынында психологиялық білімдерді насихаттаудың формалары алуан түрлі: оқытушылардың психологиялық-педагогикалық білімдерін арттыру курстары, ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастыру, студенттермен лекция, сұхбат, тренинг өткізу, студенттерге, ата-аналарға психологиялық кеңес беру және т.б.

Автор жоғары оқу орнының психологиялық қызметі болашақ маманның моделін жасауға ғана белсенді қатысып ғана қоймай, сонымен бірге оның бүкіл қалыптасу жолын – оқу орнына түскен сәттен тұрақты тұлғалық және кәсіби сапаларының қалыптасуына дейін бақылап отырады деп тұжырымдайды [2].

Еліміздің белгілі ғалымы Ж.И. Намазбаева Қазақстанда білім беру процесінің субъектілерінің іс-әрекетін психологиялық сүйемелдеу мәселесі арнайы кешенді зерттеудің пәні болған емес деп көрсетеді. Психологиялық сүйемелдеу кез келген білім беру мекемесінің тиімді қызмет атқаруының қажетті шарты болып табылады. Басқаша айтқанда, білім беру ортасында адам психикасы қызметінің заңдары мен механизмі жайлы білімдерді білім алушы және білім берушілердің сауатты пайдалануын ғылыми негіздеу қажет. Білім берудің түрлі аспектілерін ғылыми психологиялық тұрғыдан қамтамасыз етпейінше, көздеген нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Білім беру процесінің барлық субъектілерін психолгиялық-педагогикалық сүйемелдеудің ғылыми жүйесімен қамтамасыз ету білім берудің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс [3]. Осылайша, психологиялық қызметтің қажеттілігі қазіргі қоғамның сұранысынан туындап отыр.

Психологиялық қызмет оқытудың барлық кезеңдерінде студент тұлғасының дамуына, оқыту процесіне және болашақ кәсіби қызметіне позитивті мотивациясын жасауға және студенттік топтарда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға, студенттердің тұлғалық және кәсіби дамуындағы ауытқушылықтың әлеуметтік-психологиялық себептерін анықтайды. Әрбір жоғары оқу орнында психологиялық қызметті ұйымдастыру қажеттілігі қоғам дамуының талабы, білім беру жүйесінде, ғылымда, техника мен мәдениетте психология ғылымының рөлінің артуынан туындайды. Оның оқу-тәрбие процесіндегі ұйымдастырушылық, әдістемелік және қолданбалы сипаттағы мәселелерді шешуде маңызы зор.

Біздің зерттеуіміз жоғары оқу орнындағы психологиялық қызметті ұйымдастырудың теориялық және қолданбалы сипатымен айқындалады. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Педагогика және психология» кафедрасының базасында «Экспрессия» психологиялық үйірмесі негізінде жұмыстар жүргізілуде. Мұнда студенттердің кәсіби тұлғалық дамуына ықпал ететін бағыттағы жұмыстар ұйымдастырылуда.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

2. Пейсахов Н.М. Проблемы психологической службы высших учебных заведений // Психологическая служба в вузе. – Казань,1981. – 8 б.

3. Намазбаева Ж.И. Психология в образовании // Педагогика и психология. – 2011. – №2. – С. 47.

Резюме

В статье рассматривается роль психологической службы в вузе, которая является неотъемлемой частью любой современной образовательной системы. Основная цель ее в вузе – обеспечение психологической защищенности студентов и профессорско-преподавательского состава. Психологическая служба вуза оказывает содействие: развитию личности студентов на всех этапах обучения, созданию у них позитивной мотивации к обучению и последующей профессиональной деятельности, формированию благоприятной психологической атмосферы в студенческих группах, определению социально-психологических причин нарушения личностного и профессионального развития студентов и преподавателей, профилактике условий возникновения подобных нарушений.

Summary

Psychological work is an integral part of any modern educational system. The main aim is guarantee students' and professor-lecturer staff's psychological protection in institution of higher education. The psychological work of the institution of higher education expresses assistance to: develop students' individual in all stages of education, creation their positive motivation to education and subsequent professional work, forming favourable psychological atmosphere in students' groups, determination social-psychological reasons of breaking students' and lecturers' professional development, prevention of arising such breakings.

ӘОЖ 371.398:37.026.9:373.6

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК ДАЙЫНДЫҒЫ

А.Ә. ӘЛАЙДАРОВА, Г.Е. ПАРМЕНОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Егемен еліміздің болашағы үшін жастарға өркениеттің даму деңгейіне лайықты білім және тәрбие беруді үйірме негізінде жүзеге асыру қажеттілігі айқын сезіліп отыр. Осыған орай 2010 жылғы 29 қаңтарындағы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» Қосымша білім берудің желісін дамыту және мазмұнын жетілдіру негізгі бағытында «Шығармашылық құзыреттілікте, үздіксіз білім беру мен тәрбиелеуде, кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықтауда тұлғаның бәсекелі артықшылықтарын қалыптастыру мақсатында негізгі бағыттар бойынша балаларға қосымша білім беру мазмұны жаңартылатын болады. Олар: көркем-эстетикалық; ғылыми-техникалық; экологиялық-биологиялық; туристік-өлкетану; әскери-патриоттық; әлеуметтік-педагогикалық; білім беру, сауықтыру және т.б.» деп көрсетілген. [1, 18]. Егеменді еліміздің алғашқы жылдарының өзінде жарық көрген бұл мәселе жастарымызды мектептің тыс еңбекке дайындау бағыты қазіргі таңда да жеткілікті шешімін таппай жатуы осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

Осыған орай жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие процесінде және мектептен тыс мекемелерде халықтың қолданбалы өнерін енгізу барысында оқушыларды көркемдік және кәсіптік дайындау мақсатына зор мән беріліп жатыр.

Қосымша білім беру негізінде халық өнерін енгізудің ерекшелігі: аға ұрпақтың тарихы қалыптасқан көркемөнер тәжірибесін сабақтан тыс оқып үйрену барысында, шығармашылық іс-әрекет процесінде меңгерумен сипатталады.

«Эстетикалық тәрбие мен көркемдік білім беруді жетілдірудің өте тиімді жолдарының бірі – көркемдік қызметке әлеуметтік маңыз беру, яғни оны қоғамдық пайдалы қызмет түріне айналдыру болып табылады» [2, 150].

Қоғам дамуының қазіргі заманғы кезеңінде мектеп оқушыларын еңбекпен тәрбиелеудің маңызды мәселесі оқушылардың өмірлік ұстанымының қалыптасуымен, еңбек ету қажеттілігімен, сондай-ақ оларда ұжымшылдық, патриотизм және интернационализм сияқты маңызды жеке қасиеттерін қалыптастырумен тығыз байланысты. Оқушылар ұжымдық жұмыс барысында қоғамдық пайдалы өнімді еңбек бұйымдарын шығарумен айналысады.

Жылдан-жылға жүйелі түрде оқушыларда ұжымды жұмыс істей білу және дайындық, қоғамдық еңбек белсенділігі сияқты маңызды қасиеттері қалыптасады, сондай-ақ еңбек ету мәдениетін тәрбиелеу де жатады.

Мысалы, бұрындары дәстүрлі кәсібін – кілем тоқу, тігу, ши орау, текемет басу және т.б. игеру тек отбасылық жекелеп оқып-үйрену барысында, яғни ұжымнан тыс, балалар тек біржақты кәсіптік шеберлік және дағдылары игерумен шектелетін, біржақты даму алатын жерде үйреніп жатты.

Сабақтан тыс кәсіптік оқыту жалпыға білім беру дайындығымен табиғи байланысып жатқан қазіргі кезде бағдарламада негізі қаланған ауқымды ғылыми-теориялық және іс-тәжірбелік материал халықтық өнердің барлық бай өнегелі-эстетикалық күш-қуатын оқушылардың жан-жақты дамуына бағыттауға мүмкіндік береді. Мектеп ұжымы жағдайында бағдарламаның барлық оқу-тәрбиелік міндеттерін іске асыру үшін қолайлы алғышарттар жасалады. Іс-тәжірибелік сабақтар барысында ұжымдық жұмыстарды орындай, бір-бірімен араласа отырып, балалар бір-бірінен оқып-үйрену және тәрбиелік әсерін тигізеді.

Оқушылардың патриоттық тәрбиесіне, ұлттық дәстүрлі халық шығармашылығымен олардың ортақтастығымен байланысты, оқу барысының өзіндік өзгешелігінде негізі салынған еңбек ету әрекеті ықпал етеді.

Сабақ барысында түрлі көркемөнер орталықтарының бұйымдарымен танысу кезінде оқушыларда тек ұлттық шығармашылығына емес, Кеңестер Одағының басқа да халықтарының өнеріне нағыз қызығушылық пайда болады.

Ақырында барлық компоненттердің тығыз өзара іс-әрекетінде, оқыту және тәрбиелеу барысының бірлігі мен тұтастығында жіктеледі. Бағдарламаның негізі маңызды мақсатқа бағытталған. Сондықтан, ғылыми-педагогикалық қағидалар негізінде бағдарлама оқушылардың жан-жақты тәрбиесін жүзеге асыруға ықпал етуі тиіс.

Бұл жұмыстың маңыздылығы – әрбір мектеп оқушысын еңбекке адал қарауды тәрбиелеу. Еңбекке деген әдет, оның бірінші өмірлік қажеттілігі болатындай етіп, ақыл-ой және дене күштерін толық жұмсаумен қоғамның көркеюіне саналы еңбек ете білу. Бұл ретте «...Нақ осы еңбектің қоғамдық қажеттілігін сезінуді, қоғам алдындағы өз борышын, өзінің моралдық жауапкершілігін сезінуді басшылыққа ала отырып» [3, 109], бағдарламаны қалыптастырудың өзекті мәселелерінің бірі – мектеп бітірушілерді мамандық игеруге жеткізу болып табылады. Оның мазмұны – пәннің педагогикалық және әдістемелік жағынан негізделген кәсіптік бағытқа бағындыру.

Теоретической и общеметодической основой деятельности преподавателя являются общепедагогические знания и умения, составляющие его педагогическую компетенцию. Интеллектуальной основой методической компетенции выступают знания теорий, концепций, методической системы в качестве базовых для преподавания русского языка, знание метаязыка, литературы и источников специальной методической информации, знание приемов, методов, способов преподавания русского языка, типологии упражнений, учебников, программ, а также умения мотивации и стимулирования учебной деятельности, коммуникативно-обучающие, информационные, гностические, организационные.

Профессионально-коммуникативная компетенция включает в себя владение технологией педагогического общения и владение педагогической техникой.

Владение технологией педагогического общения представляет собой технологическую готовность преподавателя, владение педагогической техникой – техническая готовность. Технологическая готовность преподавателя – это умение настроиться на предстоящее общение самому и сформировать настрой на общение у обучающегося, добиться коммуникативного контакта, видеть и понимать партнеров по общению, владеть тактикой педагогического общения, управлять общением, оперативно по ходу общения корректировать коммуникативные действия свои и обучающихся, анализировать процесс общения и др.

Владение педагогической техникой включает в себя владение техникой речи, которая предусматривает специальные профессиональные требования к речевому дыханию, дикции, темпу речи, использование пауз и т.д., владение культурой речи, которая предусматривает нормативность речи, точность словоупотребления, грамотность, выразительность речи, ее образность, эмоциональность, яркость,

чистоту, уместность, лексическое богатство, вариативность, умение использовать мимику, жесты, профессионально регулировать свое психическое состояние, учитывать национальные особенности восприятия обучающимися русской речи, формировать комфортную коммуникативную обстановку.

Профессиональное самосознание преподавателя складывается из педагогического самоанализа, способности к саморегуляции деятельности. Педагогический самоанализ проявляется в процессе практического взаимодействия преподавателя с обучающимися, когда он старается понимать и целенаправленно регулировать мысли, чувства и действия, в процессе проектирования учебной деятельности обучающихся, когда он осуществляет это проектирование с учетом возможностей, способностей и особенностей обучающихся. В основе саморегулирования лежит следующая последовательность рефлексивных действий: самонаблюдение – самоанализ – самоконтроль – самокррекция.

В профессиограмме преподавателя русского языка в качестве умений саморегулирования выступают умения своевременно и в достаточном объеме диагностировать условия и результаты своей профессиональной деятельности, прогнозировать трудности в предстоящем педагогическом взаимодействии с обучающимися, предвидеть последствия своих методических поступков, предусматривать варианты решения проблемных ситуаций, рационально спланировать урок, свой труд, адекватно воспринимать, осуществлять оперативную коррекцию собственной речевой коммуникации, контролировать точность и уместность использования в общении средств педагогической техники и др.

Таким образом, профессиограмма преподавателя русского языка компетентна в том случае, если основополагающим фактором профессиональной деятельности будет являться направленность личности. Проявления направленности личности в различных сферах деятельности и различных ситуациях влияют на самооценку человека, на результативность его деятельности, от уровня и степени завершенности которой можно судить о профессиональном портрете, профессиограмме преподавателя.

Для того чтобы успешно выполнять свои функции, преподаватель должен быть компетентным в избранной своей профессии, иметь достаточный для этого уровень сформированности профессионального сознания. Избранный им труд должен быть ему интересен, удовлетворять наиболее насущные из его потребностей, в том числе потребность в реализации собственного потенциала. В этом случае преподаватель добьется своего профессионального мастерства, достижение которого обеспечит его целостный профессиональный портрет, его профессиограмму.

Литература:

1. Молчановский В.В. Профессиональный портрет преподавателя русского языка как иностранного // Методика преподавания русского языка как иностранного / Под ред. Э.Г. Азимова. – М., 2004. – С. 102-123.

2. Лингводидактический энциклопедический словарь / А.Н. Щукин – М.: Астрель: АСТ: Хранитель, 2008. – 746 с.

3. Профессиограмма учителя иностранного языка: рекомендации / С.Ф. Шатилов и др. – М., 1985.

4. Есаджанян Б.М. Научные основы методической подготовки преподавателей русского языка как неродного. – М., 1984.

5. Елисеева Т.Ю. Структура профессиональной деятельности преподавателя. – Л., 1988.

6. Молчановский В., Шипелевич Л. Преподаватель русского языка как иностранного. Введение в специальность. – М.: Русский язык, 2002.

7. Зимняя И.А. Психология обучения неродному языку. – М.: Высшая школа, 1989. – 264 с.

Түйіндеме

Мақалада орыс тілі оқытушысының кәсіби шеберлігі туралы мәселе қарастырылған. Ол ішінара екі модельді қамтиды: аталған қызметтік субъектісі ретінде оқытушының тіларалық моделі және қызметтік моделі. Орыс тілі пәні оқытушысының мақсаты, міндеті, компетенциясы, қызметтік саласы,

функциясы сипатталады. Оқытушы кәсіби білігінің негізі оның кәсіби-педагогикалық зерделілігінде екені айрықша аталып көрсетіледі.

Summary

This article considers problems of professional teaching of Russian language which contain two models: the model of activity and the model of personal teaching as subject of this activity. There are aims, problems, competence, sphere of activity, function of Russian teaching. The main idea of this article is pedagogical consciousness of professional teaching.

ӘОЖ 316’9

СТУДЕНТ ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТКЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ж.А. ИСАЕВА,
заң ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Елімізде экономикалық дамудың жоспарлы және орталықтандырылған бағытынан шаруашылықты жүргізудің нарықтық әдістеріне өтуі елеулі өзгерістерге алып келді. Сонымен қатар, нарықтық қатынастардың дамуы жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты реттеу, еңбек қатынастары жүйесін реформалау мен жұмыс орындарының сапалық сипаттамаларының артуы кәсіби білім беру жүйесінің жаңа экономикалық жағдайға бейімделуімен байланысты еңбек нарығында туындайтын мәселелерге алып келді.

Жастардың еңбек нарығына енуі елеулі қиыншылықтармен және қайшылықтармен қатар жүреді. Олар, ең алдымен, мамандық таңдауда жастардың оның еңбек нарығында қажеттілігіне емес, қоғамдағы беделділігі мен абыройына қарай бағыт ұстауына байланысты туындайды. Осыған байланысты оқу орнын бітірген жастардың көп бөлігі алған мамандығы бойынша жұмыс істемейді немесе мүлдем жұмысқа орналаспайды, бұл жастар арасында жұмыссыздық деңгейінің артуына әкеледі. Нәтижесінде жастардың осы бөлігінің біліміне салынған қаражат өзін-өзі ақтамайды.

Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қоғамның барлық саласында орын алды, соның ішінде білім беру саласында да. Қазіргі таңда бұл саланың басты проблемаларының бірі – бұл жоғары кәсіби мамандарды даярлау. Прогрессивті экономикалық және әлеуметтік даму жағдайында маманға болашақ кәсіби қызметте терең теориялық және тәжірибелік дайындықпен қатар, жаңа процестерге бейімделіп, тұйытқы проблемаларды дер кезінде шеше білу қажет.

Жас маман жоғарғы оқу орнын бітірген соң кісіби қызметіне бейімделемін дегенше бірнеше уақыт өтеді. Соған қарамастан, оның жұмыс орнында қалыптасуы ЖОО-да алған білімінің негізінде болса да, негізгі рөлді оның кәсіби қызметке дайындығы атқарады.

Бүгінде еңбек XXI ғасыр жағдайындағы шешуші ұлттық фактор ретінде жаһандық бәсекелестік жағдайында алдыңғы кезекке ілгерілетілуі тиіс. Жаңа өндірістер, білім беру мен ғылымның жаңа жүйелері, орта тапты дамыту, әлеуметтік кепілдемелерді кеңейту қазақстандықтар санасында үлкен өзгерістер қалыптастыруы тиіс. Ал бұл әлеуметтік қатынастың барлық жүйесін дер кезінде түзетуді талап ететін болады [1].

Осыған орай, заңгерлерге деген жоғары қызығушылық олардан кәсіби бағытында да, жеке басы бағытында да жоғары дайындықты талап етеді. Құқықтық реттеу механизмінің тиімді жұмысы ғана

емес, қарапайым азаматтардың да құқыққа және құқықтық институттарға деген көзқарасы, көп жағдайда заңгерлердің қызметтік деңгейіне де байланысты. Яғни, құқық пен мемлекеттің беделі, халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті деңгейі заңгер кадрларының кәсібилігіне байланысты [2, 21]. Алайда, заңгерлерді дайындау сапасы қазіргі заңи білім берудің ең өзекті мәселелеріне айналып отыр. Соңғы жылдары заңгерлер дайындайтын оқу орындары көп болғанымен, оларға сұраныс болмай, бітірушілер жұмыссыз қатарын көбейтіп отыр. Соған қарамастан, қоғамда құқықтық жаңа үдерітерді жүзеге асыра алатын жоғары кәсіби заңгерлерге деген сұраныс азайған емес.

Жаңаша заңи білім беру мәселелерінің арасында (қаржылық, әкімшілік, ұйымдастырушылық) заңгер мамандарды дайындаудың негізгі бағыттарын айқындау маңызды орын алып отыр. Заңи білім беруде қоғамдық даму қажеттілігіне бейімделген заңгер моделін қалыптастыру қажеттілігі туындап отыр. Заңи білім берудің негізгі идеологиясы ретінде жоғары құқықтық сананы қалыптастыру бітірушінің кәсіби деңгейіне тікелей байланысты болып отыр: оның болашақ мамандығына тәжірибелік дайындығы, біліктілігі және т.б. Мұндай талаптарға сай болмай заңгерлердің беделіне де көлеңке түсіреді, ал заңгерлердің рөлі төмен мемлекет құқықтық мемлекет бола алмайды [3, 58-бет].

Қазіргі уақытта заңгер әр түрлі ақпараттармен аналитикалық жұмыс істеу қабілетіне ие болу қажет. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуы заңгерлерден өз білімдерін үнемі жаңалауды, нақты жағдайларға қатысты белгілі шешімдер қабылдауда оны қолдануды, заңдағы өзгерістерді уақытылы тауып, оларға анализ жасауды, не себептен заңға өзгерістер мен толықтырулар болғандығы туралы білуді, елдегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар туралы хабардар болуды міндеттейді. Сонымен қатар, дауларды шешудің дағдыларын, бұл саладағы заңдылықтарды қолдану ерекшеліктерін білу, азаматтық заңдылықтарды білу, оны тәжірибелік қызмет аясында қолдана білу, қылмыстық-құқықтық және қылмыстық іс жүргізушілік заңдылықтардың негіздерін білу, тергеу және соттық қарау үрдісіндегі олардың тәжірибелік қолданылуын меңгеру, криминалистикалық техника және тактика тәсілдері мен әдістерін пайдалана алу, құқықтық жүйелердің салыстырмалы талдауын жүргізе алу қажет [4, 23].

Сондықтан, болашақ заңгерлерді дайындаудың негізгі формаларына мемлекет тарапынан да, заңгерлер қауымдастығы тарапынан да ерекше көңіл бөліну қажет. «Заңтану» мамандығында оқитын студенттерге дәріс беруді студенттердің теориялық дағдысымен қатар тәжірибелік дағдысын да қалыптастыратындай етіп ұйымдастыру қажет, үнемі білімдерін толықтырып, жаңалап отыру мәжбүрлігін түсіндіру қажет.

Дәстүрлі дәріс беру барысында көп жағдайда студенттерге дайын ақпаратты берумен шектелетін болсақ, біз студенттерге алған білімдерін тәжірибеде нақты жағдайларға қатысты қолдана алу қабілеттерін дамыта алмаймыз. Сондықтан студенттерде дербес ойлану, шешім қабылдау қабілеттерін қалыптастыру үшін әр түрлі тиімді әдістерді қолданған жөн. Осыған орай студенттерді тек білім беру объектісі ретінде емес, әр түрлі ситуацияларға байланысты оларды шешуде білім берудің субъектісі ретінде қатысуды қамтамасыз ету қажет.

Заңгер кадрларын дайындау мен кәсіби санасын қалыптастыру үшін оқу процесі сауатты ұйымдастырылу қажет. Білім беру Қазақстанда Болон декларациясының негізінде жүзеге асып жатыр. Көп дау жүргізіп жатқан да осы жоғары білім берудің екісатылық жүйесі (бакалавр, магистр). Сондықтан аталмыш жүйемен қоса отандық дәстүрмен сыйысатын оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып студенттерді оқыту студенттерді көбірек кәсіби бейімдеуге мүмкіндікті арттырар еді.

Оқытушылардың оқу жүктемесінің көптігі, оқу топтарындағы студент санының көптігі, оқу жоспарына сәйкес дәрісханалық сағаттар көлемінің қысқартылуы, кей тұстары лекция мен тәжірибелік дәрістерді екі түрлі оқытушы беруі сөзсіз дәрістің сапасына кері әсерін тигізеді.

Қашықтықтан оқыту да көп университеттің, студенттердің материалдық базасының тапшылығынан сын көтерерлік жағдайда емес. Ақпараттық және телекомуникациялық технологияларды кең пайдалану мүмкіндігі барлық студенттерде бірдей емес. Заңгерлердің кәсіби қызметінде компьютерлік құқықтық жүйелерді қолдану құқықтық ақпаратты іздеу, жинау, қайта өндеу, сақтау маңызды орын

алады. Болашақ заңгерлердің көбісінің осы білімін кәсіби қызметінде пайдала алу дағдысы жоғары болмай отыр. Негізгі себептерінің бірі дәріс барысында компьютерлік білім тек оны пайдалану бағытында ғана берілетіндігі. Сондықтан, болашақ заңгердің кәсіби қызметіне дайындығын қалыптастыруға заңи ақпаратты табу, талдау, өндеу, пайдалану, сақтау үшін компьютерлік сауаттылықты арттыру қажет. Үздіксіз дайындығын жалғастыру үшін оқытудың дәстүрлі түрлерін өзгертіп, жоғары курстарда құқықтық компьютерлік жүйелерді қолдану, дайындықтың технологиялық және арнайы деңгейін қамтамасыз ететін технологияларды жүзеге асыру қажет. Ол үшін «Құқықтық информатика», «Правовая информатика», «Заңтанудағы компьютерлік жүйелер», «Компьютерные системы в юриспруденции» атты арнайы курстарды еңгізуге болар еді.

Студенттердің кәсіби біліктілігін арттыратын, олардың сұранысқа сәйкес оқытылуына тәжірибе түрлері де ықпал етпек. Алайда тәжірибе өтетін базалар (Ішкі істер департаменті, сот, прокуратура, адвокатура, өзге де кәсіпорындар) студенттерді қабылдауға құлықты емес. Көп студенттерді тәжірибе өтуге қабылдау олардың қызметіне қолайсыздық туғызуы мүмкін. Азаматтық құқық принциптері негізінде шартқа отыру ерікті, мекемелердің жоғары оқу орындарымен шартқа отыруы олардың дербес құқығына жатқандықтан, ЖОО тәжірибе өту базаларымен шартқа отыру барысында көптеген кедергілерге тап болады. Сондықтан осы және басқа да мәселелерді (мысалы, мекемеден бөлінген әдіскерге ақы төлеу, қызметшілер санына қарай студенттерді қабылдау саны және т.б.) арнайы заңнамада қарастыру қажет.

Студенттердің мамандығын игеруде, сол арқылы оқуға деген ынтасын көтеруде оқу орындардың арасында ғылыми конференциялар, құқық салалары бойынша олимпиадалар ұйымдастыру тиімді болар еді. Қоғамдық заңи қабылдау тәжірибесін енгізіп, университеттің арнайы жабдықталған дәрісханасында ақысыз заң консультациясын беру арқылы да кәсіби мамандануға ынталандыруға болады.

Қорыта келе, студенттің мамандықты дұрыс игеруі, оқуға деген қызығушылық танытуы – бұл оқытушылардың негізгі міндеттерінің бірі, оқытушының кәсіби біліктілігінің критерийі болу қажет.

Студенттің кәсіби қызметіне дайындығын қалыптастыру факторларына кәсіби сенімділікті де жатқызу қажет.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам // Егемен Қазақстан. – 2012.

2. Курлаева Е.И. Юридическое образование и формирование профессионального сознания юристов: Автореф. дис. ... канд. юр. наук. – М.,2005. – 21 с.

3. Харитиди Д.П. Исследование формирования готовности студентов-юристов к профессиональной деятельности // Право и образование. – 2010. – №10. – С. 58.

4. Соколов Н.Я. Юридическая профессия: понятие, сущность и содержание // Государство и право. – 2004. – №9. – С. 23.

Резюме

Высокий профессионализм юристов является ценнейшим достижением общества, одной из гарантий защиты прав личности. В связи с этим особого внимания требует обучение будущих юристов с целью формирования у них готовности к профессиональной деятельности.

Summary

High professionalism of lawyers is the most valuable achievement of society, one of the guarantees of protection of individual rights. In this regard, special attention should be given training future lawyers to form their willingness to practicing.

УДК 800.1:392.91:665.5

ПРАГМАТОНИМЫ КАК СРЕДСТВА ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОСТИ В ПАРФЮМЕРНОМ ДИСКУРСЕ

Н.Р. ХЕГАЙ,
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Сегодня в результате появления новых информационных технологий создается единое информационно-коммуникативное пространство. Одной из составляющих глобальной коммуникации становятся различные обзоры и ревю, в том числе и парфюмерные. На сегодняшний день парфюмерный дискурс является одним из малоизученных и нуждается в дополнительных исследованиях. Он характеризуется особым способом построения текста парфюмерного ревю, обилием профессионально-ориентированной лексики, а также разнообразием стилистических приемов, как средств воздействия на реципиента.

Отличительной чертой подобного текста является то, что авторские тексты, равно как и тексты различных рекламных агентств, подвергаются прагматической адаптации в соответствии с ориентацией на определенную читательскую аудиторию. Подобные тексты зачастую также требуют описаний, совмещающих красоту и привлекательность рекламного текста с четкостью технических формулировок. Переводы из таких областей, как парфюмерия и парфюмерное искусство, требуют большой осторожности и точности исполнения. Их можно сравнить с медицинскими переводами и переводами в области химии, как одними из наиболее сложных видов перевода, поскольку в связи с общим повышением уровня образованности общества наблюдается тенденция к написанию не просто художественно красивых, но и информативных обзоров.

В настоящее время можно говорить о том, что в области парфюмерной индустрии уже сложилась специфическая лексика. И можно утверждать, что существует необходимость в более пристальном и глубоком изучении данного пласта лексики.

Как известно, прагматическая функция языка не имеет средств реализации в языке, а осуществляется в процессе коммуникативно-речевой деятельности непосредственно в тексте. Широкий размах лингвистических и переводческих исследований позволяет говорить о становлении и развитии нового направления в языкознании – лингвистики перевода или трансляционной лингвистики, акцентирующей свое внимание на прагматическом аспекте коммуникации. Под прагматикой текста понимается его коммуникативный эффект, т.е. его способность вызывать у реципиента определенные ассоциации [1, 26]. Поскольку перевод предназначен для иного реципиента, нежели оригинал, возникает необходимость прагматической адаптации перевода, т.е. внесения определенных поправок на социально-культурные, психологические и иные различия между реципиентами оригинального и переводного текстов.

В условиях глобальной коммуникации различные англоязычные обзоры и ревю становятся *объектом* перевода; при этом специфика массовой коммуникации обусловливает их неизбежную адаптацию в процессе межъязыкового перекодирования. Вероятно, именно поэтому традиционно считается, что различные типы преобразований исходного текста необходимы для достижения переводческой эквивалентности [2, 13]. Вместе с тем, «компенсирующие» сдвиги не ограничиваются рамками перевода.

Существует необходимость рассмотрения лингвистической сути различных видов прагматической адаптации, а также в описании видов прагматической адаптации в зависимости от функционально-стилевых особенностей текстов обзоров, ревю и др.

Переводчики парфюмерных обзоров зачастую сталкиваются с существенными трудностями при передаче прагматического потенциала оригинала. В частности, это может быть связано с переводом

профессионально-ориентированной лексики, включающей в себя не только узкоспециальные термины, но и элементы профессионального жаргона, сленга и фразеологизмы. На практике именно социолингвистические факторы становятся определяющими при переводе подобных текстов на другой язык.

Любая индустрия, вынужденная учитывать национальные особенности рынка, на котором работает, нуждается в прагматической адаптации своих материалов. В первую очередь, это касается текста. Поэтому переводчики рекламных текстов сталкиваются с существенными трудностями при передаче прагматического потенциала оригинала. В частности, это связано с переводом в рекламном тексте фактов и событий, связанных с культурой данного народа, различными национальными обычаями и т.д.

Сегодняшние реалии заставляют более внимательно относиться к переводу рекламных текстов, разновидностью которых являются и парфюмерные обзоры, с точки зрения их психологического влияния на массовую аудиторию. Тексты обзоров должны содержать четкие фактические данные; они должны быть ясно и понятно изложены. При переводе подобных текстов переводчик должен учитывать: цель текста, характер потребителя, языковые качества текста оригинала, культурные и индивидуальные возможности языка в культурном аспекте потребителя и многое другое.

Для привлечения внимания в текстах парфюмерных ревю часто используют текст чужого языка. Использование слов из другого языка нарушает грамматические нормы языка читателя, а значит, привлекает внимание и становится частью «визуального оформления» наряду с цветом и изображением.

Реклама парфюмерии в большинстве случаев характеризуется изысканным стилем, изобилующим конкретными словосочетаниями и прочими средствами выразительности, что придает тексту совершенно особое звучание.

Анализ фактического материала показывает, что ключевыми словами любого текста парфюмерного обзора являются *прагматонимы*. Они присутствуют практически во всех жанровых разновидностях рекламного текста и во всех его частях (заголовке, основном тексте, слогане).

Прагматонимы – это один из разрядов имен собственных. Однозначного определения прагматонимам в науке не сформулировано. Разные ученые (В.Д. Бондалетов, Л.А. Введенская, Н.В. Подольская, А.В. Суперанская) называют их по-разному. Например, определение А. В. Суперанской: «Прагматонимы – разряд онимов, в котором «объединены различные категории имен собственных, имеющие денотаты в прагматической сфере деятельности человека, связанные с практической, предметной областью» [3, 47].

Еще один способ употребления *прагматонима* в тексте парфюмерного обзора выражается во внимании создателей текста к звуковому облику названия. Отмечается использование средств художественной изобразительности (звуковые повторы, рифма, аллитерация). Предварительно выделено 5 подгрупп парфюмерных прагматонимов:

• *личные имена* (Omnia, Lucy Fur, Felix Navidad, Miss Dior Cherrie)

• *наименования прозвищного типа* (Fuzzy Teacup – меховая кружка (подразумевается раздраженная, ощетинившаяся), Exquisite Corpse – грациозный труп, Horny Little Devil – маленький рогатый дьяволенок, Hungry Hungry Hippies – очень голодные хиппи, Fat Electrician – толстый электрик от Etat Libre d`Orange)

• *имена антропо-подобных существ* (Lalique Pour Homme *Le Faune* – Фавн от Лалик, Lemon *Cowboy – Лимонный ковбой, Prairie Nymph – Нимфа прерий)*

• *поэтонимы* или *литературные топонимы* (Josephine Rance – Жозефина от Рансе, Jean Renau Loves You – «Жан Рено любит Вас» или «С любовью, Жан Рено», Sara Konnor – Сара Конор)

• *зоонимы* (Scorpios Limited Edition 2010 - скорпионы, Little Miss Panda – маленькая Мисс Панда, Lobster Cellphone – телефон-лобстер, She-wolf – волчица, Louve Serge Lutens – Волчица Сержа Лютенса)

Парфюмерные дома, относящие себя к так называемой нишевой парфюмерии, такие как Smell Bent, Etat Libre d`Orange часто практикуют необычные названия для своих ароматов. Результатом их работ стали такие названия, как: Encens et Bubblegum – Эссенция жевательной резинки (апеллируя к ха-

рактеру аромата), Fat Electrician – Толстый электрик (подразумевается определенная эпоха), Jasmin et Cigarette – Жасмин и сигареты (сочетание двух несочетаемых запахов).

Любой рекламный текст формирует определенный образ, а формирование образа и связанных с ним когнитивных категорий невозможно без имен рекламных персонажей. *Рекламные персоналии* ассоциативно связаны с когнитивными категориями, под которыми понимаются категории мыслительного содержания, конструкты сознания, моделирующие наши знания о мире и соотносящие их с моделями знаний, зафиксированных в структуре языка.

Однако лексика в области парфюмерии, как и любая профессиональная лексика, отличается значительным количеством *терминов, специализированных слов*, часть которых заимствована из других языков и имеет свои соответствия. Наряду с общеупотребительной лексикой, присутствуют также слова со сниженной стилистической окраской, метафорические высказывания.

Таким образом, лексические единицы в области парфюмерии можно разделить на *общеупотребительную лексику*, *специальную лексику* (профессионально-терминологическую), *жаргонную лексику* или иначе *профессиональный жаргон* (сюда относятся и слова со сниженной стилистической окраской, т.е. имеющиеся в словаре данного языка, но принимающие ироничное, пренебрежительное значение, и метафорические высказывания).

Специальная терминология обычно «покрывает» всю данную специальную область применения: все основные понятия получают свое терминологическое наименование. Терминология той или иной отрасли создается сознательными и целенаправленными усилиями людей – специалистов в данной области. Здесь действует тенденция, с одной стороны, к устранению многозначных терминов, а с другой – к установлению строгих границ каждого термина и четких отношений его с остальными единицами, образующими данную терминологическую систему [4, 34].

Профессионализмы также рождаются в устной речи людей, занятых одной профессией, однако они менее регулярны. Для некоторых объектов и понятий имеются профессиональные наименования, а для других их нет. Отношения между различными профессионализмами также отличаются известной случайностью, неопределенностью. Значение профессионализма, возникающее обычно на базе метафорического переосмысления слова или оборота, нередко пересекается со значениями других профессионализмов. Наконец, в отличие от специальных терминов, профессионализмы ярко экспрессивны, выразительны, и это их свойство с особой отчетливостью обнаруживается в соседстве с официальным, специальным термином, значение которого данный профессионализм дублирует.

В некоторых случаях профессионализмы могут использоваться на правах официальных терминов; их экспрессивность при этом несколько стирается, однако лежащая в их основе метафоричность значения ощущается достаточно хорошо [5, 29].

Хотя специальная и профессиональная лексика имеет ограниченную сферу употребления, между ней и лексикой общеупотребительной существует постоянная связь и взаимодействие. Литературный язык осваивает многие специальные термины, они начинают употребляться в не свойственных им контекстах, переосмысляться, в результате чего перестают быть терминами, или детерминологизируются (см. таблицу).

Таблица 1. Классификация парфюмерных терминов

Общеупотребительная лексика	Специальная лексика	Профессиональный жаргон		
		Слова со сниженной стилистической окраской	Жаргонизмы	Метафорические высказывания
Тестер	Ноты	Хомяк	Отливант	Бабушкин сундук

Пирамида	Декант (от английского decant – отливать)	Жаба	Атом (от французского atomizer – распылитель)	Деревянный ящик
Альдегид	Гальбанум	Лемминг	От*шприц*ант (от – шприц, некоторый объем жидкости, отлитый при помощи шприца)	на *Шалимар*иться (от имени собственного Shalimar, названия легендарных духов Парфюмерного Дома Guerlain)
Мускус	Гесперидыы	Компот	Премьерная (от названия Eau de *Premier* Chanel №5)	у**Коко**шиться (от имени собственного – Coco Chanel, название духов Дома Chanel)
Амбра	Блоттер	Кошатина (резкий аммиачный запах)	Недошипр	Вынос мозга
Сердце	Спрей	Бомжатинка (резкий аммиачный запах)	Недовосток	Красная Москва
База	Люкс	Водица	Кубик	Настоящий *Яд* (от названия Poison – Яд)
Аромат	Индол	Водичка	Конс (сокращенное от – консультант)	Бледный Опиум
Линейка	Стоппер	Цвет**уе**чки	Свежак	*Пятерка* (от названия собственного, название духов – Шанель №5)
Восток	Фужер	Фрукты-ягодки	Парфманьяк	Тройной одеколон

Например: *жаба* – фразеологический синоним скупости и жадности, *лемминг* – человек, бессознательно стремящийся к повторению вслед за другими, *водичка* – пренебрежительное название парфюмерной композиции, не отличающейся качеством, стойкостью и раскрытием аромата. К метафорическим высказываниям относятся такие высказывания, как например: *бабушкин сундук* – аромат, характеризующийся как тяжелый, удушливый, сладкий и старомодный.

Значимые с точки зрения носителя языка отпечатки реальности, в том числе вкусовые и обонятельные образы, воплощаясь в языке, становятся достоянием не только отдельного человека, но и национальной культуры. Лингвистические факты говорят о различной интерпретации ощущений в разных культурах. Различия эти обусловлены особенностями национального склада мышления, самобытностью природной среды, материальной культуры, жизненной практики и, как следствие, неодинаковым выбором наиболее типичных прототипов того или иного понятия.

Литература:

1. Комиссаров В.Н. Общая теория перевода. – М., 2000. – 253 с.

2. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. – М.: ЭТС, 2001. – 424 с.

3. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М., 2007.

4. Комиссаров В.Н. Прагматические аспекты перевода // Сб. науч. тр. МГПИИЯ имени М. Тореза. – М., 1982. – Вып. 193.

5. Васильева Н.В. Собственное имя в мире текста. – М.: АГИ, 2005. – 224 с.

Түйіндеме

Қазіргі таңда парфюмерия дискурсы қосымша зерттеулерді қажет етеді. Бұл мәселе парфюмериялық мәтін шолуының ерекше құрылымымен, кәсіби бағытталған лексиканың көптігімен, рецепиентке әсер ететін стилистикалық қабылдаулардың көптігімен түсіндіріледі. Парфюмерия саласының өзіндік ерекше лексикасы бар. Парфюмерия саласындағы лексика қандай да бір кәсіби лексика секілді арнайы терминдердің санымен және басқа кәсіби тілдерден енген кірме сөздер арқылы ерекшеленеді. Жаһанданған коммуникация кезеңінде ағылшын тілінде жазылған әр түрлі шолулар аударманың нысанына айналады.

Өзекті болып саналатын аталмыш материалдың талдауы әрбір парфюмерия шолуының тірек сөздері прагматонимдер болатынын көрсетеді. Әрбір жарнама мәтіні ерекше бейнені жасайды. Бейне және онымен байланысатын когнитивті категорияларды жасау жарнамадағы жалқы есімдер, яғни прагматонимдер екені көрсетіледі.

Summary

Today the perfumery discourse needs special additional researches. It is characterized by peculiar structure of the perfumery revue text, abundance of the professional-focused lexicon, and a variety of stylistic receptions influencing on the recipient. In the perfumery industry field they have already a very specific lexicon. This lexicon in the field of perfumery, as well as any professional lexicon, is characterized by the significant amount of special terms and special words borrowed from other professional languages. In condition of global communication various reviews written in English language become the object of translation.

The analysis of actual material shows that the keywords of any perfumery review text are pragmatonyms. Every advertisement text forms a peculiar image, and the formation of an image and connected with it cognitive categories is impossible without Proper names of advertisement characters, in other words pragmatonyms.

ӘОЖ 687.1 (5К)

ҰЛТТЫҚ КИІМНІҢ ДАМУЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК БЕЛГІСІ

Л.Қ. ШИЛДЕБАЕВА,
техника ғылымдарының кандидаты
Ә.Т. ЖҮНІСОВА,
магистр
А.Ә. ӘЛАЙДАРОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Қай халықтың да тарихы құнды және өте қызық, өйткені ол әлемнің барлық халықтарының жүріп өткен жолдарының шежіресі болып табылады. Кез келген халықтың тарихындағы оқиғалар мен өзгерістер оның киімдерінде де сарқылмайтын шабыт, рух болып қала береді. Ол қазақ халқының мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының айнасы іспетті. Дала қазақтарының өмір тарихын зерттей қарасаңыз, уақыт аралысындағы киімдердегі қызығушылық тудыратын өзгерістер мен жетілгендікті байқауға болады.

Қазақ халқында «Мен сенен бұрын бес-алты көйлек тоздырғанмын» деген сөз бар. Бұл сөз айтушы адамның жасының үлкендігін білдіреді. Қазақстанның ерте кезеңінен бүгінгі күнге дейінгі қазақтардың киімдері атауларымен қоса өздері де үлкен өзгерістерге ұшырады.

Қазақ халқының дамуымен қоса киім түрлері өзгерді, жетілдірілді және өткен күндер белгісін қалдыра отырып, жақсара түсті.

Қазіргі киімдерді дайындау барысында ұлттық костюмнің дәлме-дәл ұқсауын қайталамау маңызды, қайта соның негізінде уақыт талаптарына жауап беретін басқа көркем бұйымдарды үлгілеу керек. Көнерген элементтердің механикалық көшірмесі болмау қажет. Кестемен безендіруді киімнің құрылысымен және фасонымен үйлестіруі тиіс, оны шамадан тыс әдемілеудің қажеті жоқ.

Ұлттық костюмнің тұрақты екендігін, ал қазіргі заман киімі өзінің синусоидалдық кестесі бойынша кенет өзгеріп тұратынын ескерсек, үлгішілер, дизайнелер сәннің дамуының әрбір келесі сатысында қазақша костюмдердің заман бағытына өте сәйкес келетін артықшылықтарын пайдаланады.

Қазіргі заман киімдерін жобалауда әрбір сәтте қазақ костюмінен қай элементті және қалайша алу керектігін анықтап алған дұрыс.

Жасалып жатқан үлгіні тұтынушы адамның жасын ескеру де аса маңызды: үлкен кісілер жайбарақат, сабырлы шешімді ұнатады, ал батыл жастар алабажақ, ашық түстілерді таңдайды.

Қазақтың ұлттық костюмі атпен, түйемен жүргенде өте ыңғайлы. Практикалық сапаларымен қатар терімен, кестемен, оюмен безендірулерінің арқасында ол ерекше көзге түседі. Киімдегі кестелер мен басқа әдемілеулердің байлығы бойынша қазақтың қоғамдағы әлеуметтік жағдайын оңай болжауға болады.

Қазақтың ұлттық киімі, оның қосымшалары, тұрмыстық заттары, әр түрлі оюлармен әшекейленген аппликация, кесте техникасымен, мүйіз тәрізді фигуралармен, өсімдік элементтерімен, геометриялық фигуралардың қиыстырып басып тігілген жылқының және түйенің ер-тоқымдары әр түрлі оюлармен жабылған. Өрнектердің кескіні, әшекейлеу мен оюлау түрлері қазақтардың қай руында да өзінше құбылып, өзгеріп тұрады. Геометриялық оюларда өрнек бірлігі қиыстырылады. Кең жол-жолдар енсізімен алмаса алады. Әшекейлеуге екі қарама-қарсы түстердің үйлесуімен қол жеткізіледі. Қиық аппликациялар безендіріліп отырған киімнің шекарасын анық сызып қояды. Киімдегі аппликация ойған оюдың және түсі бойынша әр түрлі екі жазықтықтала оның қиысының орналасу принциптерін бейнелейді.

Бір суреттің өзі бір үлгіде ою ретінде көрінсе, ал басқасында түстердің үйлесуінің әр түрлі акцентінің нәтижесінде фон ретінде көрінеді.

Жаңа үлгіні жасаудың шығармашылығы кезінде дизайнерлер үнемі халықтың өнер өнімдерін пайдаланған. Ұлттық костюмнің сәндік дыбыстауын, құрылымдық шешімдерін және керемет ою дәстүрлерін шебер пайдалана отырып, оның өзіндік ерекшелігін ұлттық нақышта қолдану керек.

Костюм жасай отырып немесе киімді жобалай отырып, суретші, дизайнер әр уақытта халықтық ұлттық өнердің тауысылмас қазынасынан, ұлттық костюмнің құрылымдық шешімдерін және оюөрнектері дәстүрін шебер пайдалану қажет.

Тәуелсіздік алған күннен бастап, 90-жылдар кезеңін қарап отырсақ, республикада әділетсіздіктің салдарынан ұмыт болған дәстүрлер қайта жаңғырғанын көреміз. Мұсылман күнтізбесі бойынша Жаңа жылды қарсы алу көктемдегі күн мен түннің уақыт бойынша теңелетін 22 наурыз күні болған. Дәл осы күні қазақтар өздерінің Жаңа жылын тойлай отырып, оны ұлттық киім киіп қарсы алуға ұмтылып жүр. Осы күн үшін үлкендер де, балалар да арнайы жаңа киім дайындайды, балаларды қазақша киіндіру сәнге айналып келеді. Үлкен кісілер сандықтарынан шапандарын, айырқалпақтарын алса, әрбір қазақ әйелі қазақы оюлармен өрнектелген қамзолдарын киюді абырой санайды.

Салтанатқа киетін костюмдердің түстерін тұтынушылар республиканың туы сияқты дайындау сәнге айналды. Бұл қазақ халқының отансүйгіштігінің артқанын, халықтық дәстүрлерге деген сүйіспеншілігін білдірсе керек.

Қазақстан Республикасының Туы көк түсті болуы Орталық және Орта Азияда бұрыннан өмір сүріп келе жатқан халықтардың ежелгі дәстүрлерімен түсіндіріледі. Аспан өңдес көк түсті барлық халық аса қадірлейді, өйткені ол бізді қоршаған табиғаттың әсерін бейнелейді, биік аспан мен таза ауа көңіліңді көтеріп, сенімділік туғызады. Бұл түсті біздің ата-бабамыз ежелден-ақ аса қадірлеген.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік көк туында өз тәуелсіздігін алған Қазақстан халқының бақыты мен өркендеуі жөніндегі барлық ұғымдар біріктірілгендей.

Киімде жиі пайдаланылатын мемлекеттік рәміздер 1992 жылы өз тәуелсіздігімізді алған бойда шыға бастады. Онда республикамызда өмір сүріп жатқан барлық халықтардың, әсіресе жергілікті халықтың тарихының жаңғырықтары бейнеленген. Оған қоса олар республиканың барлық халықтарының бейбітшілікке деген ұмтылысы мен арман-мүдделеріне жауап беруі керек. Оларда халықтың әділетті және жетілген, білімді мемлекетте өмір сүруге деген шынайы ұмтылысы бейнеленген.

Тудың ортасындағы күн барлығына өз шуағын шашып, жылуымен аялап тұрғандай. Қазақ халқы ежелден-ақ бүркітті қасиетті құс санаған. Бүркіт образының мемлекеттік туда бейнелеуінен тәуелсіз Қазақстанның жоғары өрлеп, бейбіт өмір сүруіне деген тілек жатыр.

Осы кезеңде Республиканың өнеркәсібінің тауарлары әлемдік нарықта төмен бағаланып, даму перспективасы бастапқы сатыда тұрған жағдайы бар. Бұл жағдайдан шығу, көтерілген мәселелердің өзіндік шешімін іздеу – тігін өнеркәсібі міндеттерін шешуде қазіргі тұрғыда республикада ЖОО-да осы сала мамандарын дайындауы. Нарықтық қатынастың жаңа жағдайларында бітіруші мамандардың жаңа өзгешелігі, жаңа белгілері айқын көрінеді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Кәсіби оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасы 5В042100 «Дизайн» мамандығы бойынша республика аймағына кадрлар дайындайды. Кафедра жанында «Компьютерлік графика», «Материал өндеу технологиясы», «Енбек технологиясы және кәсіпкерлікті оқыту әдістемесі», «Киімді құрастыру және жобалау», «Сәндік қолданбалы өнер» т.с.с. зертханалар жұмыс жасау барысында. Олар талаптарға сай шетел фирмаларының тұрмыстық және өнеркәсіптік тігін машиналарымен жабдықталған.

Осы кафедра ашылғалы жұмыс жасап келе жатқан, қазір ғылыми атақтары, дәрежелері бар оқытушылар дизайнер мамандығын дайындау барысында. Олар жүргізетін сабақтарда кафедра студенттері алуан түрлі дәстүрлі киімдер дайындап, халықаралық дизайнерлер сайыстарында өз шығармашылықтарында жеке әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жасаған ұлттық киім негізіндегі қазіргі сән жиынтығын шығарып, жүлделі орындарға ие болды (1, 2-фотосуреттер).

2011 жылы қазан айында Алматы қаласында «Сымбат» дизайн және технология академиясында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған Қазақстан (Астана, Алматы, Атырау, Рудный, Қызылорда қалаларындағы ЖОО-ры), Қырғызстан және Өзбекстан елдерінің студенттері мен оқытушыларының қатысуымен «Kazakhstan Fashion Style» атты Халықаралық дизайнерлер сайысы болып өтті.

Бұл сайысқа «Прет-а-порте» және «Этностиль» номинациясы бойынша кафедра оқытушыларының жетекшілігімен дизайн мамандығының студенттері «Red snow (қызыл қар)» сән жиынтығымен жүлделі II орынды иеленді.





Фотосуреттер 1, 2. «Сымбат» дизайн және технология академиясында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Kazakhstan Fashion Style» атты Халықаралық дизайнерлер сайысында жүлделі II орынға ие болған ұлттық киім негізіндегі «Red snow» атты «Кәсіби оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының студенттері дайындаған қазіргі сән жиынтығы

Д-08-1 оқу тобының студенттері Шинибекова Индира және Д-06-1 оқу тобының түлегі Искакова Сауле «Этностиль» номинациясы бойынша «Сыр арулары» атты бірнеше бұйымнан тұратын қазақ ұлттық киімдер жиынтығын көрсетіп, сертификаттармен марапатталды.

Оқытушылар жетекшіліктерімен студенттер дайындаған ұлттық бұйымдарға ҚР-нің Әділет министрлігінің зияткерлік меншік құқығы комитетінен патенттер алынған. Бұл нәтиже костюмдерді дайындау барысында бұйымдар өз деңгейінде, талаптарға сай орындалғандығын көрсетіп отыр.

Жасалған үлгінің табысты болуы дизайнердің тәжірибесіне, оның өмірлік дағдыларына байланысты. Өткен ғасырдың соңғы жылдарындағы көп оқиғалар қазақтың ұлттық костюмдері негізінде қазіргі заман костюмдерін жасаудың өз принциптерін алға тартады. Соның ішінде Европа сән үлгілерінің бағыттарының ұлттық ерекшеліктерімен үйлесімді болуын ескеру қажет. Қазіргі заман киімдерінде ұлттық мотивтерді пайдалану бірқалыпты ағымда болды, бірде төмендеді, бірде көтерілді.

Қазақ костюмдері негізінде жасалған үлгілердің санының тұрақсыз болуы республика өміріндегі оқиғалардың қай-қайсысымен де тығыз байланысты. Бұл құбылысты күшейте түскен себептердің бірі 1991 жылы желтоқсан айында қол жеткізілген егемендік алумен арта түскен патриоттық, мақтаныш сезімдер еді. Ұлттық ар, намыс сезімі саз өнерінің, драматургия мен әдебиетте бейнеленді. Ал ол өз кезегінде қазіргі заманның киімдерін жасаушыларға және дизайнерлерге өз әсерін тигізді, өйткені ұлттық киімнің өзгешелігі мен әдемілігі қазақтардың ұлттық құндылықтары мен өзіндігін көрсетеді.

Ұлттық киімдер мен бас киім материалдық мәдениеттің бірегей көрінісі, әр түрлі салалардағы жан-жақты зерттеушілердің сарқылмас көзі болып табылады. Ұлттық киімдер мен бас киім қазіргі сән үлгісінің, материалдардың, безендірулердің ауысуынан, қазақтың көңіл күйі әсерінен көптеген өзгерістер мен белгілі бір даму жолын басынан өткеруде. Ұлттық киім мен бас киім қазақтың ұлттық мақтанышторының бірі болып табылады.

Резюме

В статье рассматривается работа преподавателей кафедры «Профобучение и изобразительное искусство» КГУ имени Коркыт Ата по разработке современной одежды на основе казахского национального костюма. В материально оснащенных мастерских студенты специальности «Дизайн» обучаются изготовлению современных национальных изделий, на которых Комитетом по правам интеллектуальной собственности получены патенты на промышленные образцы. Использование элементов казахской национального костюма в современной одежде усилилось с обретением в декабре 1991 года Независимости Республики Казахстан. Возрождение патриотизма, национальной гордости сказалось и в использовании цвета государственных символов при изготовлении костюма для торжественных случаев.

Summary

This article examines the work of teachers in the Department «Job training and art» Kyzylorda National University after Korkyt Ata about development of modern clothes on the basic of traditional Kazakh clothes. In financially equipped workshop, students of «Design» learn the manufacture of modern domestic products, in which the Committee of Intellectual Property Rights obtained design patents.

Using elements of the Kazakh national dress in modern clothes increased after taking the sovereignty of the Republic of Kazakhstan in December 1991. It's all justified by originality, richness and elegance of the Kazakh national dress. The revival of patriotism, national pride was reflected in the use of the color of national symbols during the manufacture of costumes for special occasions.

ӘОЖ 809.434.2:800.879

ТІЛ МЕҢГЕРУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

А.М. АБАСИЛОВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Өткен ғасырдың басында Алаш зиялылары қазақ тілінің тағдырына алаңдап, қайткен күнде қазақ тілін ұлттың өмір сүруінің тірегі, кепілі болуын армандап, оны оқытып үйретудің негізін қалады. Қалағанда да құламастай етіп берік етті. Алайда жетпіс жылдан асатын мерзімде сол үлгі-нұсқалардың ешбірі еленбей, сол зиялы аталарымызбен бірге құмға көміліп, топырақ астында қалды. Олардың айтқан сөздері мен ұлт, оның тілі туралы ой-пікірлері, аңсаған армандары ескерусіз қалды. Тәуелсіз ел болып, еңсемізді көтерген бүгінгі күні де олардың қазақ тілін дамыту, оқытып-үйретудегі көрсеткен сара жолы әлі де назарға алынбай, үздік-үздік ой ұшқындары ғана қазақ тілін оқыту, меңгерту тақырыбындағы бүгінгі ғалымдар мен әдіскерлердің өз ойын, өз пікірін дәлелдеуде ғана дәйек түрінде айтылып қалады. Біздіңше, әсіресе, А. Байтұрсынұлының қазақ тілін оқыту, үйрету, дамыту тұрғысындағы «Тіл – құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл жұмсар», «Қай әдіс жақсы», т.б. толып жатқан мұрасын бүгінгі күн талабына сай да толығынан пайдалануға әбден болады. Мысалы, А. Байтұрсынұлы «Тіл жұмсар» атты сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын бірінші кітабында: «Тіл – құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп бір өте үлкен машина секілді құрал.

Қандай құрал болса да, оның жұмсаушысы екі түрлі болмақ. Біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы. Ішкі бөлшектері мен тетіктерін бұл таныс құралды жұмсап жүріп, онымен көп істес болып барып, тәжірибе арқылы таниды.

Солай танығаннан кейін ананың да, мынаның да құрал жұмсауы, оны тануы бірдей сияқты болып шығады. Бірақ асылында олай болмайды. Мәселен, машина бөлшектері жасалған заттардың қасиеттерін, олар үйлесумен шығатын тетік заңдарын жайын жақсы білетін жұмсаушының машина тануы мен тек өз тәжірибесі арқылы машинамен танысқан адамның машина тануы – екеуі бірдей болмайды. Машина жүрісінде кемшілік біліне бастаса, оның неден екенін анау бірден білгенде, мынау тіпті білмеуі мүмкін.

Жалпақ жұрттың құрал тұтынуы көбінесе екінші жолды болады. Тігін машиналарын, пішен, егін машиналарын қолданушылар солардың ішкі, сыртқы бөлшектерін, тетіктерін біліп отырып жұмсамайды, жүргізетін, тоқтататын сияқты жұмсауға керегі бар тек тысқы бөлшектері мен тетіктерін біліп қана жұмсайды. Бұлардың да машина біліп алатындары болады, бірақ оны құрал жұмсау жүзінде көп тәжірибе көргеннен кейін біледі.

Бұл күнде бала үйретудің табиғи жолы – тәжірибе арқылы білім алатын осы айтылған соңғы жол деп танылады. Жаңа ел мектебі білімді түптеп білдіріп, мамандар шығаратын мектеп емес. Жалпы тұрмысқа жұмсалатын жалпақ түрдегі білім беретін мектеп. Сондықтан үйрету жүзіндегі қазіргі жаңалықтың негізі – үйрету, әсіресе бастауыш мектепте үйрету, тәжірибе жолымен білу» [1, 335-336].

Міне, А. Байтұрсынұлы тілді қалай үйрету, қалай меңгерту керектігін тайға таңба басқандай етіп, қарапайым мысалмен түсіндіреді. Тіл меңгертудің екі түрлі жолын көрсетіп, жалпақ жұртқа, басым көпшілікке тілді меңгертудің табиғи жолын нұсқайды. Бірақ тіл үйретуде біз бұл жолды таңдамай,

барлық тіл үйренушіні филолог, тіл маманы етіп шығаратындай грамматиканы үйретуді, яғни екінші жолды таңдадық. Содан мектепке тақпақтатып өлең оқып, ән айтып сайрап келген балаға тілдің ішкі жүйесі мен құрылымын оқытып, тіл меңгеру деңгейін оның дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысымен емес, таза грамматикалық анықтамалар мен теориялық қағидаларды білуімен бағалап, мектеп бітіргенде бір ауыз сөзді дұрыс айта алмайтындай дәрежеге апардық. Бұл ащы болса да шындық.

Жалпы тіл білу, тіл меңгеру дегенге белгілі бір тілдің грамматикасы мен сөздік қорын игеруді ғана жатқызу жеткіліксіз. Өйткені сол сөз, сөйлемдердің немесе грамматикалық құрылыстың сөйлеу жағдаятының қай түріне қолдана білу туралы анық түсінігі болуы қажет.

Баланың әлеуметтану процесінде, яғни қоғамның толық құқылы азаматы болу процесінде ол тілдің грамматикалық құрылысын, қарым-қатынасына қарай қай жерде, қандай мақсатта және қай коммуникативтік тәсілде қолданудың жүйесін үйренеді. Мұның бәрі әлеуметтік лингвистикалық немесе барынша кең коммуникативтік құзіретті құрайды. Бұл адамға тек сөйлеуші ғана емес, әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінің толыққанды мүшесі болуына көмектеседі. Сондықтан «тіл меңгеру» ұғымы әлеуметтік лингвистикалық категория болып табылады.

Белгілі социолингвист-ғалым Л.П. Крысин «Социолингвистические аспекты изучение современного русского языка» атты еңбегінде тіл меңгерудің төмендегідей деңгейлерін көрсетіп, оларға түсініктеме береді [2, 120-133-бб.].

1. Таза лингвисткалық деңгей. Бұл деңгей адамзат қызметінің қай саласындағы қолданылу сипатына қарамастан сөйлеушінің ойын еркін бейнелеп, құбылтып айта алу икемдігін, қабілеттілігін қамтиды. Тілді құбылта қолдана білу қабілеттілігі сөйлеушінің бір ойды әр түрлі айта алуынан көрінеді. Ойды неғұрлым көп түрлі ете айта білсе, соғұрлым тілді меңгеру дәрежесі жоғары болады.

2. Ұлттық мәдени деңгей. Бұл – тілдік құралдарды пайдалануда ұлттық нақыштағы ерекшеліктерді меңгеру. Ана тілі немесе өзге тілде сөйлеуші жас кезінен сол тілдің сөздік қорын, грамматикасын, интонациялық жүйесін біртіндеп қабылдай келе дағдыға айналдырады, ұлттық, мәдени материалдар мен рухани формаларды бойына сіңдіреді. Осыдан келіп, өзіндік ұлттық сөз саптау ерекшелігі пайда болып қалыптасады. Мысалы, Венгрияда шайды қайнатады (варить) деп айтқан дұрыс болса, Ресейде шайды демдейді (заваривают) деп айту ұлттық сипатты көрсетеді. Сондықтан орыс тілінде шай қайнату (варить чай) деген тіркес грамматикалық жағынан дұрыс болғанымен, сөйлеу дәстүріне жат көрінеді. Айталық, қазақтарға қонаққа бару және қонақты үйге шақыру деген дағдылы нәрсе, ал французда бұл тәртіп бойынша қонақпен үйден тысқары кездеседі. Соған байланысты оларда мұндай оралымдар қазақ тіліндегідей кездеспейді.

Финляндияда жұмыртқаны біздердегідей емес, салмағын өлшеп сатады, соған байланысты олардағы «Маған 1 кг жұмыртқа беріңізші» деген сөйлем бізге біртүрлі жат естіледі. Біздегі сөз саптауда бұл «Маған 10 дана жұмыртқа беріңізші» түрінде айтылады. Ал бұл сөйлем оларға жат естіледі.

3. Энциклопедиялық деңгей. Бұл – тек сөздің өзін ғана игеріп қана қоймай, сонымен қатар «сөз әлемін», яғни сөз астарындағы шындық болмысты және осы шындық болмыс пен сөз арасындағы байланыстарды игеру. Мысалы, орыс тілінде сағат сөзін меңгеру тек оның беретін лексикалық және грамматикалық (часы идут, стоят, спешат, остановились, тикают, бьют, точные часы) мағыналарын ғана емес, сондай-ақ сол сөздің фразеологиялық мағынасын да (точен как часы) және оның түрлі құрал аттары болуын, яғни уақыт өлшемін білдіруге (часы электронные, наручные, будильники, т.б.) қатысты ұғымдарын да қамтиды.

4. Жағдаятты (әлеуметтік лингвистикалық) деңгей. Бұл – тілдік білімі мен қабілеттілігін таза лингвистикалық тұрғыдан, сондай-ақ ұлттық-мәдени және энциклопедиялық деңгейлерге қатысты әр алуан жағдаятқа сәйкес қолдана білу. Жағдаятты қарым-қатынаста болу бірнеше компоненттен тұрады:

1) сөйлеуші және оның әлеуметтік рөлі;

2) тыңдаушы және оның әлеуметтік рөлі;

3) сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы байланысты қатынас;

4) қарым-қатынастың түрі (ресми, бейресми, достық);

5) мақсаты;

6) қарым-қатынас құралы (тілдің ішкі кіші жүйелері: әдеби тіл, диалекті, жаргон, т.б.) немесе тіл стилі, тілдік емес құралдар: мимика, жестілер, т.б.);

7) қарым-қатынас тәсілі (ауызша-жазбаша);

8) қарым-қатынас орны.

Осы айтылғандарды жинақтай келсек, тілді қолдану мен оны игеруде адам әлеуметтік әрекеттегі субъект ретінде жалпы және коммуникативтік құзіретін дамытады.

Жалпы құзірет тілдік болып табылмайды, бірақ ол коммуникативтік құзіретпен қоса кез келген әрекетті қамтамасыз етеді. Жалпы құзіретке белгілі ғалым Т.М. Балыхина мыналарды жатқызады:

1. Ғалам туралы түсінік. Бұл түсінік адамның өмірлік тәжіребесі мен түрлі көздерден алған білім арқылы алынады.

2. Әлеуметтік мәдени білім. Бұл белгілі бір тілдік қауымдастықтың төмендегідей мәдени салаларын қамтиды: күнделікті өмір (мерекелер, жұмыс күндері, демалыс уақыты, тұрмыс), өмір жағдайы (өмір сүру деңгейлері, тірлік жағдайы, әлеуметтік көмек жүйелері), жеке тұлғалар арасындағы қатынастар (қоғамның жіктік құрылысы, отбасылық қатынастар, түрлі ұрпақ өкілдері арасындағы қатынастар, қызметтік қатынастар, саяси және діни топтар арасындағы қатынастар, т.б.), мынадай құбылыстар мен түсініктерге қатысты құндылықтар, сенімдер (мемлекеттік қызмет, білім беру саласы, басқару, қауіпсіздік, дәстүр, өнер, дін, қалжың), жест тілі (ұлттың осы саладағы өзіндік дәстүрлері), этикеттік ережелер (сыйлықтар, киім, танысу этикеті, т.б.), ритуалдарды орындау (қоғамдық орындарда әр түрлі қойылымдар мен ресми салтанаттарда адамдардың өзін-өзі ұстауы, көрсете алуы, т.б.).

3. Жалпы құзіреттің үшінші компонентіне мәдениетаралық білім жатады. Бұған өзінің туған елі мен тілін үйренуші елдің мәдениеттеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата алу түсінігі енеді. Өзге тілді үйренушінің коммуникативтік әрекеті оның алған білімінен, қалыптастырған дағдысынан ғана көрінбейді. Ол әрдайым адамның жекелік қызметімен анықталатын тұлғалық фактордың әсерінде болады. Адамның жекелік (тұлғаның) қасиеті оның көзқарасымен (мысалы, жаңа адамдарды, жаңа мәдениетті қабылдаудағы ашық-жақындығы, оларға қызығушылығы), оның әрекет қылығындағы мотивациялар (мотивацияға шешім қабылдаудағы интуициясын, шешімнің ойлылығын, қатынастағы қажеттілігін жатқызуға болады); құндылықтарымен (этикалық және өнегелік); сенімдерімен (мысалы, идеологиялық, философиялық, діни) танымдық қабілеттерімен (конвергентті, дивергентті, бүтіндік, аналитикалық, синтетикалық), жекелік сапасымен өлшенеді.

Сонымен қалыптасқан, қисынға келген, жетілген коммуникативтік құзіреттің деңгейі негізіне тұжырымдалған, қалыптасқан жалпы құзіреттің деңгейі мен сапасы жатады.

«Коммуникативтік құзірет» түсінігі туралы бірер сөз айтар болсақ, ол жөнінде ғылыми қауым біршама көп түрде қарастырып, оған жалпы құзіретті қоса жатқызып жүр. Шындығында, коммуникативтік құзірет тіл үйренушінің ана тілінде қалыптасып жүйеленеді. Сондықтан коммуникативтік міндеттерді тіл үйренуші жоғарыда санамаланып көрсетілген жалпы қабілеттерін тілдік құзіреттілікпен бірлікте қолдана отырып орындайды. Тілдік құзіретке мыналарды қамтиды:

– лингвистикалық құзірет;

– әлеуметтік лингвистикалық құзірет;

– прагматикалық құзірет.

• Лингвистикалық құзірет. Бұған ғалымдар лексикалық хабардарлық, семантикалық хабардарлық, грамматикалық хабардарлық, фонологиялық хабардарлықты жатқызады. Сондықтан бүгінгі таңда ғалымдар лингвистикалық хабардарлық құрамына орфографиялық және орфоэпиялық хабардарлықты қосып жүр.

• Әлеуметтік лингвистикалық құзірет. Бұл хабардарлыққа әлеуметтік контексте тілді тиімді қолдану үшін қажетті білім мен дағды енеді. Бұл хабардарлықтың өзіндік жүйесі бар. Оған амандасу, сәлемдесу түрлері, қаратпа, сөзге тарту түрлері, әдептілік ережелері, халық даналығы, халық мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылатын көп ғасырлық тәжірибесі (мақалдар, қанатты сөздер, ырымдар, нанымдар) қарым-қатынас тізбегі (салтанатты, ресми, бейтарап, бейресми, әңгімелесушілік, т.б.) жатады.

Әлеуметтік лингвистикалық хабардарлық сондай-ақ адамның тілдік қабілеттігін, оның шығу тегі, өмір сүру орны, әлеуметтік ортасы, қызмет түрі жағынан да анықтауға мүмкіндік береді.

• Прагматикалық құзірет. Оның құрамы күрделі және ол дискурстық қабілеттілікті, яғни дұрыс сөз саптай алуды, оларды мәтінге біріктіре алу ережесін білуді, функционалдық қабілеттілікті (түрлі коммуникативтік қызметтерді орындау үшін сөз саптай білуді: өз пікірін айта алу, сендіре білу, қатені түзете алу, нұсқау, айта алу, дәлелдеме, түсініктеме айта алу, т.б.) қамтиды.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

2. Крысин Л.П. Социолингвистические аспекты изучения современного русского языка. – М.: Наука, 1989. – 188 с.

3. Балыхина Т.М. Уровни владения русским языком в системе общеевропейских компетенций // www.testor.ry/files /Conferens/test_kompet/Balihina.doc.

4. Аврорин В.А. Проблемы изучения функциональной стороны языка: к вопросу о предмете социолингвистики. – Л.: Наука, 1975.

Резюме

В статье понятие «владение языком» рассматривается как социолингвистическая категория. Автор в своем исследовании основывается на взглядах Ахмета Байтурсынулы по вопросам изучения и преподавания казахского языка. Показаны уровни владения языком с точки зрения социолингвистического аспекта и дается анализ общеязыковой и коммуникативной компетенции.

Summary

In this article the meaning «learning language» is worked out as sociolinguistical category. The author in his research work is based by opinions of Akhmet Baitursynov on matters of studying and teaching kazakh language. The levels of learning language with the opinion of sociolinguistical aspects are worked out futher in this article and the analysis of general language and communicative competention is also given in it.

УДК 839.6.09

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ВОСТОЧНОЙ ПОЭЗИИ

К.О. АЖИЕВ,
кандидат филологических наук
Р.А. ДОСМАХАНОВА,
кандидат филологических наук, доцент,
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Многие исследователи считают, что сейчас у нас «непоэтическое» время. Если рубеж XIX-XX веков был веком поэзии («серебряный век»), то рубеж XX-XXI веков – это «прозаическое время». Однако роль поэзии в духовной жизни человечества неоспорима. Не подлежит сомнению, что одна из важных

миссий учителя-словесника (во все времена и особенно сейчас!) – это воспитание эстетически развитого читателя. В нынешних условиях – это не простая задача. Сегодня часто высказывается мнение о «конце литературы». Современный писатель и критик М. Берг утверждает о необходимости фундаментального переосмысления функций литературы в обществе: «Читатель увидел, что ему литература не нужна. Не нужна в той степени, в которой она нужна ему была несколько лет назад, когда она заменяла ему жизнь» [1, с. 45]. Критик Д. Амантай делает неутешительные прогнозы о том, что конец XX века является концом литературы, а в XXI веке придет конец Читателю.

В настоящее время, когда происходит переоценка ценностей, а люди стали меньше читать, проблема читателя весьма актуальна. В связи с этим приобщение студентов-филологов, будущих учителей словесности, к шедеврам мировой литературы, в том числе восточной поэзии – насущная проблема сегодняшнего дня.

Древняя формула «С Востока свет» не теряет своей значимости. И хотя современная культура черпает свет из источников самого различного происхождения, мы не вправе забывать, как много правдивого и доброго обрело человечество благодаря «свету с Востока». Классическая литература Востока, прежде всего поэзия, за многие столетия своего существования воплотила в художественной форме черты гармоничной и активной человеческой личности. Лирическая поэзия Востока искусно передает тончайшие оттенки любого переживания, детально воспроизводит извечные споры между сердцем и разумом, создает целостный образ внутреннего мира личности в его нерасторжимом единстве с миром внешним, с потоком движущейся жизни. Произведения восточных поэтов, написанные в далекое средневековье и в более позднее время, объединяют идеи созидания и любви к людям. Восточная классическая поэзия является средством психологической защиты и внутренней свободы для тех, кто умеет ее правильно читать. Изучение текстов стихотворений восточных поэтов позволит углубить общую систему знаний по теории и методике читательского развития личности студента, а также решить задачи повышения профессионального мастерства будущего учителя-словесника и совершенствования его читательской квалификации по восприятию поэзии.

Изучение литературного наследия великих поэтов и мыслителей Востока в форме специальной дисциплины (компонента по выбору) играет важную роль в профессиональной подготовке не только студентов казахской, но и русской аудитории. Изучение восточной поэзии студентами-филологами будет способствовать формированию их читательской культуры. Восточная поэзия поможет студентам по-новому осмыслить как казахскую, так и русскую литературу в контексте восточной и в целом, мировой литературы. Известно, что русская классическая литература имеет глубокие связи с восточной. У Пушкина есть стихи, навеянные Кораном, персидской и арабской лирикой. Индия вдохновила Жуковского на создание «Наля и Дамаянти» – поэтического пересказа из «Махабхараты». Эпопея Фирдоуси подсказала Жуковскому его «восточную повесть» в стихах «Рустам и Зураб». Фет перелагал на русский язык стихи Хафиза и Саади. Есенин создал «Персидские мотивы». Многие русские поэты XX столетия (А. Ахматова, Б. Пастернак, Н. Тихонов, И. Сельвинский, С. Кирсанов, В. Державин, В. Левик и др.) занимались переводами восточной лирики. Общеизвестно, что Абай считал известных восточных поэтов своими учителями. Несомненно, студентам придется изучать восточную поэзию по казахским и русским переводам, т.е. опосредованным путем. Это обстоятельство нисколько не умаляет художественно-эстетической и культурной значимости творений поэтов разных стран таджикско-персидского, арабского и иранского Востока, Китая, Японии, Кореи, Индии. В сокровищнице мировой культуры занимают достойное место высокохудожественные казахские и русские переводы, которые прошли проверку временем.

В процессе изучения восточной лирики студентам целесообразно дать подробные сведения о таких специфических терминах и понятиях, как: «аруз», «бахр», «редиф» и других, а также о жанрах восточной поэзии (касыда, газель, рубаи и др.). В этом плане можно предложить аудитории составить терминологические словари и глоссарии. Вместе с тем следует дать информацию об известных поэтах

Востока (Рудаки, Фирдоуси, Руми, Низами, Джами и др.). Студенты могут самостоятельно написать рефераты о творчестве тех или иных восточных поэтов. Следует учесть, что названные формы работы выполняют лишь вспомогательную роль при осмыслении материала, связанного с изучением сложного процесса рецепции словесного искусства, в частности, восточной поэзии.

В современном литературоведении достаточно разработана методика анализа стихотворного текста. В работах Б.О. Кормана, М.М. Гиршмана, А.М. Медведева, А.М. Левидова, Г.Е. Амитирова, Л.Я. Гинзбург, а также в трудах казахстанских исследователей З. Ахметова, З. Кабдолова, К. Алпысбаева, С. Макпырова, Н. Джуанышбекова так или иначе рассматриваются различные аспекты изучения и анализа лирического произведения. В процессе интерпретации стихотворения, безусловно, учитывается его родовая и жанровая специфика. В отличие от прозаического текста лирическое произведение лаконично и сжато в объеме, характеризуется рифмической и строфической организацией. Стихотворение бесфабульно. В нем усилено экспрессивное начало. Оно импульсивно и эмоционально по содержанию. Анализ лирики требует от читателя предельной осторожности. При изучении стихотворного текста важно не расщепить его и суметь воспринять как нечто целое, гармоничное, как «союз звуков, чувств и дум».

Безусловно, нет каких-либо готовых рецептов и заданных схем анализа стихотворения. Можно лишь условно выделить основные моменты анализа лирического стихотворения: изучение творческой биографии поэта; изучение творческой истории стихотворения; определение основного образа-переживания; характеристика художественно-изобразительных средств; определение интонации стихотворения; формулировка темы и идеи; определение рифмы, стихотворного размера и строфической организации текста; рассмотрение лирического стихотворения в контексте творчества автора и в системе искусств. Однако при анализе лирического произведения наряду с использованием традиционных методов результативно обращение и к инновационным методикам. Так, студент может участвовать в эксперименте и выполнить специальные задания, основанные на «методике пропусков». К примеру, можно предложить студенту вставить пропущенные слова в следующее стихотворение Авиценны:

Всему живому свой отпущен _____.
Имеет время жизни _____.
Горячий в детстве, в юности, как _____.
Он холодней становится с _____.
У зрелых больше трезвости_____.
А старость, словно лютая _____.
Ребенок полон хлипости и _____.
А юноша – поджарости, _____.
От полдня до закатного _____
Взор тверже, суше, тяжелей _____.

Подобная работа поможет читателю глубже понять текст и подтекст стихотворения, осмыслить его философскую идею.

Можно предложить студентам восстановить стихотворные фразы из стихов Табризи:

1. *Мудреца дело позорит злое*
2. *Глупца ненависть орудие*
3. *Бахвальство претит гордеца душе*

Выполнение данного упражнения способствует более глубокому пониманию смысла стихотворения восточного поэта. А чтобы студент мог почувствовать ритмику стиха, можно предложить ему соединить разрушенные строки Навои:

Первые строки:

1. *Все отдать, себя лишая, – Это щедрость свыше мер,*
2. *Дородность тела нам всегда отягощает бытие,*

3. *Обманщик должен быть хитер, внимания не привлекать –*
4. *Тот, кто учтив и кто не скуп, вдвойне свой одарил народ:*
5. *От людей звероподобных ждать привета и добра –*

Вторые строки:

1. *Мир – от спокойствия его, благоустройство – от щедрот.*
2. *Все равно, что юной розе пожелать любви козла.*
3. *Сделать то же, только молча, - это мужества пример.*
4. *Душе спокойней во сто раз освободиться от нее.*
5. *Так тихо крадется лиса.*

Одна из основных задач, стоящих перед студентами-читателями, связана с освоением акме в искусстве чтения. С этой точки зрения имеет смысл обращение к методике восприятия художественной литературы, основанной на многолетнем опыте доцента кафедры социологии и психологии чтения Санкт-Петербургского государственного университета В.А. Бородиной, являющейся автором свыше 130 работ, посвященных вопросам психологии чтения и работе с книгой на основе акмеологического подхода. В.А. Бородина разработала специальную программу читательского развития личности. Данная программа рассчитана на разные категории читателей в соответствии с их общеобразовательным и культурным уровнем развития. Предлагаемую методику можно избирательно использовать в вузовском учебном процессе при изучении и анализе художественного текста. В.А. Бородина объясняет на основе восточной символики методику эвристического восхождения к акме: «Пройти от алифа до кафа» означает «сосчитать до ста», т.е. пройти большой путь, много узнать и пережить. Каф, кроме буквы «к» арабского алфавита, имеющей значение «100», означает еще мифическую гору, на которой обитают птицы Анка и Симург – это вещие птицы, птицы – символы. «Увидеть Симурга» – значит осуществить несбыточную мечту. <…> И если даже не удастся осуществить мечту – подняться на вершины искусства чтения, то, по крайней мере, эти 100 заданий помогут частично одолеть трудный и радостный путь восхождения к вершинам восприятия восточной поэзии, много узнавая и переживая» [2, 117].

С целью развития читательской интуиции и культуры целесообразно предложить студентам различные тренинги, эксперименты, а также поэтическую эвристику. Поэтическая эвристика предполагает использование разнообразных заданий, как: восстановление разрушенных стихов, вставка пропущенного слова, поиск слова в шифрограмме, соединение разрушенных строк в двустишия, группировка слов и т.п. Известно, что у студентов уже со школьной скамьи имеется определенный опыт восприятия поэзии. Он приобретается в процессе чтения на уроках словесности. В связи с этим предлагается «формирование своеобразной поэтикограммы» студента [3, 5], т.е. определенного перечня знаний, умений и навыков по работе с поэтическим текстом. В ходе эксперимента со студентами целесообразно использовать основные методики, предлагаемые Г.М. Мучник: регистрация эмоциональных реакций читающего, методика «срезов», метод творческих продолжений текста, организация в группе читающих дискуссии по поводу спорных мест текста [4].

В результате изучения поэзии Востока студенты не только получат обширную информацию о творчестве восточных поэтов, но и сумеют познать себя в качестве читателей. Приняв участие в эксперименте, каждый студент сможет объективно оценить свою читательскую квалификацию и получить конкретную установку для дальнейшей работы над повышением своей читательской культуры. Поэтапная работа студентов по изучению восточной поэзии на основе использования инновационной методики позволит им осмыслить сам сложный процесс чтения как искусства. Студенты постепенно освоят навыки глубокого, профессионального (филологического) чтения. Каждый из них сумеет отойти от стереотипного, шаблонного восприятия читаемого текста и обрести свое собственное видение и понимание художественного мира того или иного произведения.

Литература:

1. Берг М. Проблема присвоения и перераспределения власти в литературе. – М., 2000.

2. Бородина В.А. Восприятие поэзии Востока: Учебно-методическое пособие. – М. – СПб.: Диля Паблишинг, 2001.

3. Авлова-Шперлинг Т.Г., Краснова Н.В. Тайны словесного искусства (Введение в поэтику): Кн. для учителя. – М.: Интерпракс, 1994.

4. Мучник Г.М. Методические указания к проведению лабораторных работ по курсу «Анализ художественного текста». Эксперимент в поэтике. – Алма-Ата, 198 с.

Түйіндеме

Мақалада Шығыс поэзиясы негізінде лириканы оқытудың инновациялық әдістерін қолданудың мәселелері қарастырылады. Студенттердің оқырмандық интуициясы мен мәдениетін жетілдіру мақсатында практикалық сабақтарда әр түрлі тренингтер, эксперименттермен қатар поэтикалық эвристика әдістерін пайдаланған тиімді. Поэтикалық звристика реті бұзылған өлең жолдарын, шифрограммадағы сөздерді табу, сөздерді топтастыру, т.б. тәсілдерге негізделген. Студенттердің Шығыс поэзиясын инновациялық әдістер арқылы, кезең-кезеңімен оқып үйренуі олардың күрделі оқу процесінің өзін өнер ретінде қабылдауына мүмкіндік береді.

Summary

The article is devoted to the use of some innovative methods while studying lyric oriental poetry. In order to improve readers' intuition and culture of reading it seems reasonable to propose different kinds of students' trainings, experimental work, and also the use of poetic heuristics. This method is based on the application of various tasks such as the reconstruction of erased verses, insertion of a missing word, search of the word in a cipher text, composition of couplets consisting of erased verses, grouping of words etc. Working step-by-step on the basis of innovative methods mentioned before, students will come to comprehension of the complicated skills of the reading process.

ӘОЖ-378.14:37.015.3:159.9

Б. БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ – ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Г.Ә. ӘМЗЕЕВА,
педагогика және психология магистрі
Г.М. ОҢАЛБАЕВА,
педагогика және психология магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Оқытудың белсенді әдістеріне жататын тәсілдерді психологияда қолдану арнайы әдістемелік жұмысты, ең алдымен, психология курсында оқу міндеттерін құруды білдіреді. Психологиялық міндеттерді құруға алғашқы қадамдар жасалды. Алайда формальды және формальды емес образдық, инстуитивті ойлауды құруды басқару мақсаттары үшін бір жүйеге жинақтауды қамтамасыз ететін осы міндеттерді жіктеу әлі жүргізілген жоқ. Осы ғылыми психологиялық әдістемелік міндеттерді

шешудегі қадам Д. Толлингерованың оза оқытуды басқару түрлерін қарастыратын зерттеулері нәтижесінде жасалды. Д. Толлингерова оқу міндеттері студенттің орындайтын ойлау әрекеттері мен интеллектуалдық кеңістігін анықтайтын «болашақ оқу әрекетінің жобасы» ретінде когнитивті іс-әрекетті оза басқару түрі ретінде көрсетеді. Бұл байланыста оқу міндеттерінің таксономиясы студенттердің міндеттерді шешу үрдісіндегі операциялар және ойлау әрекеттерін қалыптастыруды оза басқару зонасын кеңейтуді құру үшін қажет құрал болып табылады. Меңгерілетін білім мазмұнына негізделген міндеттердің көмегімен оқытуды оза басқаруды Д. Толлингерова субьектінің өз ақыл-ой әрекет тәсілдерін тану және сезінуімен, белгілеуімен ерекшеленетін жобалау деп атады. Д. Толлингерова оқу міндеттерінің операциялық құрамын белгілеу арқылы оқу-танымдық әрекеттерді жобалау технологияларын нығайту үшін оқушылардың танымдық әрекеттерін жобалайтын операциялардың когнитивті құрамына қойылатын талаптар негізінде оқу міндеттерін реттейтін таксономияны енгізді. Міндеттер когнитивті сипатына қарай бес топқа бөлінеді.

Міндеттердің бірінші тобы білімді қабылдау және қайта жаңғыртуды талап етеді, екіншісі – қарапайым ойлау әрекеттерін (фактілерді сипаттау және жүйелеу), үшіншісі – ойлау операцияларына арналған міндеттер (түсіндіру, аргументация), төртіншісі – нәтижелі ойлау актілерін анықтау үшін белгілі бір айтылған сөздердің пайда болуын болжайтын міндеттер (реферат, мазмұндама, ғылыми мәтіннің түпнұсқасы), бесіншісі – шығармашылық ойлауға арналған міндеттер (мәселелерді шешу). Әрбір топтың ішінде міндеттердің толық сипаттамасын беретін міндеттер жиынтығы белгіленген. Осының арқасында таксономияны қолдана отырып, оқу курсындағы міндеттердің когнитивті күрделілігіне қарай орналасу ретін тіркеуге болады.

Оқу міндеттерін жобалау мақсатында осы таксономияны қолдану үшін ерекше технологиялық процедура – таксацияны орындау қажет. Ол студенттердің танымдық іс- әрекеттерінің операциялық құрамы оқу міндеттерінің талаптар деңгейін анықтау негізінде барлық топтан міндеттерді таңдауды болжайды. Бұл процедура когнитивті жүктемені өлшеуді бағалау үшін, сабақтарды жүйелеу және жобалау үшін мұғалімге қажет. Әрбір міндеттердің өзіне тән лингвистикалық сипаттамасы сәйкес келеді, таксация міндеттерді лексикалық безендіруде стимулятор сөздерді белгілеу негізінде жүргізіледі. Таксация оқытушыға студенттердің оқу іс-әрекеттеріне қойылатын когнитивті талаптар құрамын ескеруге ғана емес, сондай-ақ өзінің дидактикалық ойларын бақылауына мүмкіндік береді. Бірақ танымдық іс-әрекеттің барлық түрлері жүктемелерінің деңгейін және міндеттердің күрделілігіне қарай оқытудың барысын болжау және мақсатқа бағытталған жобалау құралы болып табылады.

Психологияны оқытудың мақсаттарына және пәндік мазмұнына адекватты міндеттерге кіріспе және таксономияны кеңейту жатады. Қарастырылып отырған таксономия психология пәні бойынша оқу міндеттерінің типологиясы үшін, сондай-ақ психологтардың қарастыруы бойынша жаңа міндеттер тобын анықтау үшін нәтижелі қолданылуы мүмкін. Бұл қатынаста 4-ші және 5-ші міндеттер тобы қызықтырақ болып табылады. Олар Дрейфус схемасындағы 3-ші және 4-ші танымдық іс-әрекеттер тобына арналады және олардың дамуын басқару тәсілдерінің нақты анықтамасын беруі мүмкін. Ең алдымен психологияны оқытудағы 4-ші топ міндеттерінің кең көлемін анықтау қажет. Бұл міндеттер ойлау іс-әрекетінің продуктивті және репродуктивті формаларының бірігуімен қызықты болып табылады. Бұл байланыста осы формалардың генетикалық байланыстарының көптүрлілігін қамтамасыз ететін психологиялық сипаттамалар мен түсініктемелердің әр түрлі типтерін бөлуге болады. Сипаттамалар метафора, метономия және тағы басқа көркемдік ойлаудың түрлі тәсілдерін қолдануымен, логикалық байланыстардың проекциясы немесе бұйрық формасында болуы мүмкін. Түсіндіру ұғымдық ойлау аппаратын қолдануымен, сондай-ақ символдық аналогтарды (миф, көркемдік образ) қолдану, символдар интерпритациясы ретінде құрылуы мүмкін.

5-ші топтағы мәселелік міндеттерді шешудің жазбаша мәтінді сөзбен көркемдеу 5.6. тобындағы ерекше бөлігін құрайды. Осы топ міндеттерін арнайы психологиялық мәселелерді болжайтын жаңа бөліктермен толықтыруға болады.

5.7. Эмпирикалық мәліметтерді, феномендерді жалпылау және талдауға арналған міндеттер (адам-гершілік мәселелерді шешу ерекшеліктері); 5.8. Күрделі конфликтілі жағдаяттардың интуитивті шешімін іздеу, «жағдаят сезімін» өңдеуге арналған міндеттер; 5.9. Ашық құрылымдағы күрделі мәселелерді топтық түрде шешу. Мұнда міндеттердің нақты мынадай түрлері болуы мүмкін: ашық құрылымдағы оқу-өндірістік және теориялық-эксперименталдық мәселесі. Таксономияны ашық жүйе ретінде және психология курсын оқыту үшін тиімді міндеттердің жаңа топтары мен бөліктерімен толықтыруға болады.

Міндеттердің ішіндегі маңыздысы – рефлексивті міндеттер. Олар Д. Толлингерованың рефлексивті басқару деп атаған оқушылардың танымдық іс-әрекетін оза басқару түрімен байланысты. Бұл міндеттер метатанымдық іс-әрекетке көшуді қамтамасыз етеді. Бұл топтың бөліктеріне мыналарды жатқызуға болады: 6.1. Тану, есте сақтау, еске түсіру сияқты әрекеттер құрылымына қатысы бойынша рефлексивті процедураларды меңгеруіне мүмкіндік беретін міндеттер; 6.2. Эвристика түрлеріне қатысы бойынша рефлексивті процедуралар; 6.3. Жазбаша мәтінді құрумен байланысты рефлексивті әрекеттер; 6.4. Түрлі мәселелерді бірге немесе жеке-дара шешуге арналған міндеттер; 6.5. Міндеттерді бірге шешудегі қарым-қатынас және тұлғааралық өзара әрекеттерді таңдауға арналған міндеттер.

6-топ міндеттерінің ерекшеліктері өз шешімдері үшін оқу әрекетіндегі ерекше жағдаяттарға кіріспе талап етуімен ерекшеленеді. Бұл жағдаяттар тұлғаның күнделікті оқу жағдайындағы шешім қабылдау процесі мен нәтижесіне қатысы басқаша болуымен сипатталады. Рефлексивті мәселелерді шешу жағдайында студенттің алдына әр түрлі мәселелердегі когнитивті стратегияларды саналы түрде өңдеу және когнитивті әрекеттердің тәсілдерін белгілеу міндеті қойылады. Басқаша айтқанда, студенттер бұл ситуацияда бағыттылықтардың өзгеруімен байланысты жаңа тұлғалық ұстанымдарды меңгереді.

Бұл міндеттер студенттердің топішілік және топаралық өзара әрекеттер жүйесіне кіретін оқу ситуацияларының нақты типтерін құру жағдайында шешілуі мүмкін, ал мақсаты әр түрлі когнитивті стратегияларды сәйкестендіру және талдау негізінде табылған шешімді негіздеумен, шешімді көрсетумен қатар белгілі бір міндеттердің, шешімдердің оптималды стратегияларын бірге өңдеу болып табылады. Міндеттерді топтық шешуде жоғарыда аталған бес міндетті қолдану арқылы шешуге болады, бірақ 6-топ міндеттерін шешуде қолдана алмаймыз.

Алайда 1-топ міндеттерін шешуде студенттердің топтық әрекетінің пәні мен мақсаты басқаша болады. Бұл бес топ міндеттері студенттерге білімнің бөлінбейтін пәндік-мазмұндық фактурасын, когнитивті операциялар мен әрекеттердің барлық диапазонын меңгеруіне мүмкіндік береді. Бірақ оқытылатын шындықты тану тәсілдерінде субъективті айырмашылықтар жойылады, олар белгілі бір нормада болады. Сонда ғана 6-топ міндеттерін топтық түрде шешу, керісінше, танымдық іс-әрекет субъектілерінің дербестенуіне, психологиялық міндеттерді шешудегі когнитивті тәсілдерді тануға көмектеседі. Сондықтан да 6-топ міндеттерін топтық түрде шешу студенттердің өзін-өзі жетілдіруінің, оқуды оза басқарудың маңызды шарты болып табылады. Б. Блум таксономиясы бойынша сұрақтар мен тапсырмаларды кесте түрінде ұсынып отырмыз.

Кесте 1. Б. Блум таксономиясы бойынша сұрақтар мен тапсырмалар үлгісі

ТҮРІ	**Мазмұны**	**Үйренушілерге қойылатын сұрақтар (мысалдар)**	**Үйренушілерге берілетін тапсырмалар**	**Таным мен ойлау деңгейі**
БІЛІМ	Мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді: тест тапсырмалары; қалдырып кеткен белгілерді қою; жатқа айту; анықтамалар мен атауларды қайталау, олардың қолдану тәртібін айту.	– Психология ғылымы философия ғылымынан қашан бөлініп шықты? – Психика деген не?	Анықтау, қайталау, белгілеу, санап шығу, еске түсіру, атау, назар аудару, жаттау	Төменгі
ТҮСІНУ	Мәліметтерді басқа таныс жүйеге ауыстыру, оларды түрлендіру; есте сақталған мағлұматты басқаларға жеткізу жолдарын айқындау. Ұқсастықтарды анықтау, айырмашылық жасау мен салыстыру, нәтижені суреттеу. «Түсіну» ұғымын төрт топқа бөлуге болады: 1. *Түсіндірме (интерпретация)* – негізгі идеяларды және олардың өзара байланыстарын анықтау. *«Қалай? Неліктен?»* сұрақтарына жауап іздеу, *«Салыстырыңыздар», «Айырмашылығын көрсетіңіздер»* тапсырмаларын орындау. 2. *Аударма (трансформация)* – мағынасын сақтай отырып, идеяларды таныс жүйеге, формаға ауыстыру. Формуланы сөзбен айтып беру, графикті оқып беру, суретті түсіндіру, мәліметті өз сөзімен мазмұндау. 3. *Мысалдар* мәліметті, ойды дұрыс түсінгендікті көрсетеді. 4. *Анықтамалар* – атау немесе түсініктің мағынасын өз сөзімен жеткізу, таныс және түсінікті сөздермен анықтамаларды тұжырымдау (анықтамалар жаттанды немесе оқулықта келтірілгендерді қайталамауы керек).	1. *Түсіндірме:* – Түйсік пен қабылдау процестерін салыстырыңыздар. 2. *Аударма:* – Түсінгеніңізді өз сөзіңізбен айтып беріңіз; – Зерттеуіңізді таблица жүзінде көрсетіп, қысқаша мазмұндап беріңіз; 3. *Мысалдар*: – Тақырып (анықтама) бойынша мысал келтіріңіздер. 4. *Анықтамалар:* – 1 курс студенттеріне түсінікті болатындай етіп проблеманың анықтамасын беріңіз; – Осы атауды өз сөзіңізбен түсіндіріп беріңіз.	Аудару, сөзбен қайта құрастыру, сипаттау, анықтау, түсіндіру, жеткізу, ерекшелігін анықтау, өз орнына қою, әңгімелеп беру, мәлімдеп беру, салыстыру, айырмашылығын көрсету, ұқсастықтарын келтіру, графикті оқып беру, суретті түсіндіру, өз сөзімен айту, анықтаманы тұжырымдау	Орта
ҚОЛДАУ	Белгілі бір проблеманы шешу үшін мәліметті қолдану немесе іске асыру. Студент оқытушының көмегінсіз таныс емес проблеманы өзінше шешуі керек. Оқытушы тек шешімге емес, шешу процесінің құралуына да назар салуы керек, өйткені шешу жолы шешімнің өзінен де маңызды болуы мүмкін.	«Қалай қолдануға болады? Не білгің келеді? Таблица, график құрыңыз» тапсырмаларына сәйкес орындауы керек.	Интерпретациялау, қолдану, бір нәрсеге тіркеу, пайдалану, көрсетіп беру (жұмыс ретін, қағидасын), ережесін сақтап орындау (рөлді орындау), практикада қолдану, иллюстрациялау, идеяларға жүгіну, жазып көрсету, реттеу	Орта

ТАЛДАУ /анализ/	Зерттеу нысанының құрылымын анықтау мақсатымен оны құрамдас бөліктерге жіктеу. Студент әр түрлі бөліктердің қалайша жұмыс істейтіндігін және нәтижеге қалай жеткізетіндігін анықтайды, түсіндіреді. Түсінуден талдау мәліметті терең өңдеумен, игерумен ерекшеленеді. Талдаудың түрлері: 1. Негізін тану; 2. Астарлы мағынаны ажырату; 3. Қозғаушы күшті (мотивацияны) анықтау. 1. *Негізін тану* – құрамдас бөліктерге жіктеу (мәліметтің негізгі түсініктері арасындағы қатынастарды көрсету үшін студенттер оның шеңберінен шығуы керек), айтылған ойды дамыту. 2. *Астарлы мағынаны ажырату /Подтекст/* – екі тұжырымның қатынасын көрсетуді талап етеді (тура көрсетілмеген шешімдер, ассоциациялар, себеп-салдар келтірілуі мүмкін). 3. *Мотивация* – себептерді айқындау. Студент тура және жасырын (астарлы) мағына мен әрекеттерді танып, өз ойларын дәлелдер арқылы қорғауы керек.	1. *Негізін тану* – Қабылдау қасиеттерінің айырмашылықтарын көрсетіңіз; 2. *Астарлы мағына* – Психологиядағы бихевиоризм және гештальтпсихология бағыттарының арақатынасын айқындаңыз. 3. *Мотивация* – Неліктен зат пен фон деп аталады?	Бөліп шығару, талдау, бөлу, баға беру, санап шығару, тәжірибе жасау, тестілеу, салыстыру, қарама-қарсы қою, сынау, диаграммамен көрсету, тексеру, талқылау, анықтап сұрау, салыстыру, мәселені шешу, категорияларға бөлу	Жоғары
СИНТЕЗ	Жаңа мазмұн тудыру мақсатымен элементтерді шығармашылықпен біріктіру. Болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарын қолданып, өз тәжірибесі негізінде жаңа модель (құрылым) құрастыру. Жұмыс және нәтиже түрлері: • *Шығармашылық жанрлар.* • *Жоспар құрастыру немесе тәжірибе қою, өткізу.* • *Абстрактылы ұғымдармен негізделетін нәтижелер.*	1. Шығармашылық жанрлар – эссе, шығарма, өлең, шешендік (ораторлық) сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама жазу. 2. Мәлімет бойынша барлық білімді тиянақтап, оны бір жүйеге келтіріп, жоспар немесе кесте құру (Тәжірибені жоспарлап, нәтижесін бақылау). 3. Ғылыми гипотеза (болжау) құрастырып, ұсыну.	Құрастыру, жоспарлау, ұсыну, жасау, сөзбен құрастыру, құрастыру / ретімен қою, жинақтау, шығармашылықпен орындау, ұйымдастыру, дайындау, жасап беру	Жоғары
БАҒАЛАУ	Даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны дәлелдеу. Студенттер өз ойларын, идеяларын, пайымдауларын мазмұндап, оларды негіздеуі қажет. Бұл деңгейде олар өз позицияларын нақтылық, логикалық жүйелілік, дәйектілікке негіздеуі қажет.	«Сіздің ойыңызша бұл дұрыс/ бұрыс, маңызды ма/емес пе, жақтайсыз ба/ қарсысыз ба?» деген пікірталас, полемика мен дау-дамай туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асырылады.	Тиянақтау, салмақтау, бағалау, рейтингілеу, салыстыру, қайта қарастыру, рет-ретімен қою, сұрыптау, таңдау, өлшеу, жазу, жақтап не жоққа шығаратын дәлелдер келтіру	Жоғарғы

Әдебиеттер:

1. Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы. – М., 1980.

2. Герасимова В.С. Методика преподавания психологии: Курс лекций. – 2-е изд. – М.: Ось-89, 2005.

3. Ляудис В.Я. Методика преподавания психологии: Учебное пособие. 3-е изд. испр. и доп. – М.: Изд-во УРАО, 2000.

Резюме

В статье рассмаривается таксономия Б. Блума как управление процессом обучения и для определения учебных задач на основе применения таксаций. На основе таксономии Б. Блума по дисциплине «Психология» составлены вопросы и задания.

Summary

In artiele it is considered Blum’s taxonomy as managements of process of training and for detinition of educational tasks on the basis of appliocation of valuations. Discipline of psyhology questions and tasks are made on the basis of Blum’s taxonomy.

ӘОЖ 37.017:374.3

ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕ ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕНІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Б.К. МОМЫНБАЕВ,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
М.Д. ЕСЕКЕШОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Г. СЕЙЛХАН,
педагогика ғылымдарының кандидаты,
С. Сейфуллин атындағы Казақ агротехникалық университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Кез келген халықтың дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы, педагогикалық ой-санасын тәрбиелеу мен дамытудың көп ғасырлық тарихы, оның өмірінің әлеуметтік-тарихи және де мәдени мазмұнынан тысқары түсіндіріле алмайды. Ерте ме, кеш пе кез келген адамға өзінің сүйген кәсібін немесе мамандығын таңдап алуына тура келеді. Ал бүгінгі таңдағы еңбек бөлінісі болашақ білікті мамандар мен жұмысшылардың әрқайсысының өздеріне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оларды заман талабына сай мыңдаған кәсіптер мен мамандықтар бойынша дайындау қажеттігін туындатып отыр. Халқымыздың ұлттық, мәдени мұраларын ескермеу, оның мән-маңызына көз жібермеу болашақтың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына теріс ықпалын тигізері сөзсіз.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев қоғамның казіргі нарықтық қарым-қатынасқа көшуі барысында туындаған «экономикалық, саяси, ұлттық, экологиялық, имандылық дағдарыстары» жас ұрпақтың жан-жақты жетілуіне көптеген қолайсыздықтар туғызып отырғанын атап көрсетті. Демек, бұдан адам бойында имандылық қасиеттерінің кемуі қоғамдық дағдарысқа алып келетінін аңғаруға болады.

Еліміздің егеменді мемлекет болып қалыптасуы халықтың рухани, адамгершілік, имандылық көзқарастары, жастар арасындағы білім мен тәрбиеге байланысты.

Президент Н.Ә. Назарбаев «...Қазақтардың қайталанбас этикалық, психологиялық әлемі әлі жете зерттелмей, зерделенбей жатқан ғылыми дүние» деп атап көрсетуі өте орынды. Өткенді зерделеу тарихи шындықты қалпына келтіріп, қайта жаңғырту – қазіргі қоғам талабы. Өз кезегінде дәл осындай кәсіптік қызметтің сан саласының осыншалықты көп болуының адамның кәсіптік тұрғыдан қалыптасуының барлық кезеңдерінде де оқушыларға білім беру, тәрбиелеу және оны дамыту мәселесін шешуді одан әрі күрделендіре түсуі сөзсіз. Мұндай қалыптасып дамудың элементтері жас сәбидің өзін қоршаған ортаға икемделуінің ең алғашқы қадамдарынан-ақ аңғарыла бастайды. Олай болса, баланың жанұяда, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, жалпы білім беру мектептерінде алған ең алғашқы білімдерінде, әдеттері мен тәжірибесінде оның өзінің жеке басының мақсаты мен қабілеттерін болашақта қай салада жүзеге асыра алатындығына қарамастан оларда белгілі бір кәсіптік компоненттердің, сол адамның болашақ еңбек қызметінің нышандары жатқандығын жоққа шығаруға болмайды.

Қалыптасқан мұндай жағдай жалпы білім жүйесінде жеке адамның қалыптасуын одан әрі айқындауда кәсіптік педагогиканың рөлі мен орнын мүлде жаңаша бағалауды қажет етіп отыр. Ал кәсіптік педагогикалық білім беру деп адамның жасымен қатар оның бұған дейінгі қалыптасқан білім дәрежесіне, еңбек және кәсіптік қызметінің сипаты мен саласына, қызмет объектілеріне қарамастан, адамды кәсіптік тұрғыдан дайындаудың барлық жүйесіне кеңінен таралатын ғылыми білімнің теориялық және тәжірибеге негізделген саласын айтуға болады. Бұл арадағы ең басты ең басты нәрсе кәсіптің белгілі бір саласын таңдап алған маманның немесе жұмысшының кәсіптік деңгейін қажетті деңгейге дейін жетілдіру болып табылады.

«Қазіргі кезде ел болашағы – жастар, Қазақстанның келешегін көркейтетін – білімді ұрпақ» деген сөздерді жиі еститін болдық. Әлбетте, қай халықтың да болмасын, мемлекеттік даму стратегиясында жастарға, жас буынға, олардың тәрбиеленіп, ортаға сай озық білім игеріп шығуына баса назар аударылады. Бүгінгідей ақпарат пен техникалық жаңалықтар кезек шарпыған заманда, оқуға, ғылымға, тәжірибеге сүйеніп, бұл салалардағы жетістіктерге иек артқан дұрыс-ақ. Алайда жастардың саналы азамат болып қалыптасуының кілті тек құрғақ білімде тұр деп айтсақ, қатты қателескеніміз.

Адам баласының тура жолдан адаспай, толық, кемел, ақыл-есі түзу азамат қатарына жетуі оның жас шағында алатын тәрбиесіне, ата-анасының мейірім көрсете алуына байланысты. Жасыратыны жоқ, бүгінде космополиттік идея кеуделерін улап, туған ұлтына жандары ашымайтын «мәңгүрт» типіндегі жастардың көбейіп келе жатуы алаңдатарлық жайт. «Бұған жол беріп жатырсың» деп, жетпіс жылдай уақыт бойы кеңестік сүзгіден әбден сүзіліп, қорғаншақтық күйге ұшыраған аға ұрпақ өкілдерін кінәлау қиянат та болар. Әйтсе де, кез келген нәрсеге көзді жұмып қарау, сүйекке сіңген салғырттық көзді байлап, көрер алдымызды тұмшалап тастаған. «Құлдық психологиядан», қараңғы қорқыныштан, ит түртпектен арыла алмай отырғанымыз шындық. Мына мәселеге де байыпты көзқарас танытқанымыз жөн. Тәуелсіздік алған кезден былай қарай он бес жыл уақыт ішінде өмірге келген ұрпақ бойында ерекше ұмтылыс, ерекше қуат сезіледі. Қоғам мен адамды қатар шырмаған қат-қабат қиындықтардың, дауасыз даулардың көп уақыт өтпей күні бітеріне күмәнсіз сенгіміз келеді. Бұл арманды жас өскіндеріміз жүзеге асырмақ. Тек өскелең өркенді жаһанданудың жойқын соққысына, тілсіздік дертіне ұрындырып алмай, өз ұлтының мәдениет мәйегінен алшақтамай өсуіне жол ашуымыз керек. Ол үшін жүріп өткен ізімізге тағы бір бұрылып, жеткен жетістіктерімізді салмақтап, рухани құндылықтарымызды ұрпақ санасына ендірген абзал. Бабаларымыздың қастер тұтып, атадан балаға аманаттап, жүрекке дарытып келген асыл қасиеттері көп-ақ. Халқымыз сырт көзбен емес, жүрекпен ұғатын адамгершілік құндылықтарды жоғары дәріптеген. Имандылық, әділеттілік, ізгілік, мейірімділік мұраттарын терең игеруге күш салған. Мал-мүлкінен, дәулетінен иманын жоғары бағалаған қазақ «Ер жігіттің үш байлығы бар: бірінші – иманы, екінші – ырысының тұрағы, үшінші – дәулетінің тұрағы» деп аталы сөз қалдырған. Қазіргідей «мал үшін біреуді алдап, біреуді арбаған» жандар кездесіп отырған кезде мұндай сөздің маңызы да жоғары. Жиған-терген дәулетіне жүрегін байламай, одан да биік нәрсе бар

деп білген аталарымыздың имандылық төңірегіндегі түсінігіне біраз толғаныс жасап, оны дәріптеу мен үшін, болашақ педагог үшін маңызды.

Иман – қазақ халқының рухани дүниетанымындағы парасат пайымымен сабақтасып жататын өте кең өлшемді ұғым. Ата-бабаларымыздың ақиқатқа жетелер сенімінің де басты тірегі – осы. Барлық бет-болмысының, мінез-құлқының айнасы. Яғни, Шәкәрім атамыз айтқандай:

Кімде болса шын мінез,
Болмас онда екі сөз.
Өлтірсе де көзбе-көз [1],
Иманын сатып алмас бөз, –

дегендегі иман, имандылық деген бір ғана сөздің бойына ұят, ар, ынсап, қанағат сықылды бүкіл жақсы қасиеттер түгел сыйып тұр. Қазақтың жүзі жылы жанды жолықтыра қалса, «Бетінен иманы төгіліп тұрған адам екен» немесе «Иманжүзді кісі екен» деп сөз етісетіні де сондықтан. Тіпті адам ғұмырының мәні болып саналатын махаббат сезімінің де негізі имандылықтан басталады. Оны Абай атамыз «үш сүюмен» байланыстырып, «иманигүл» деп ат береді:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жол осы деп әділетті [2].

Дәстүрлі қазақ руханиятынан тамыр тартып, нәр алған данышпан тұлғалардың елді жақсылыққа үндеудегі көптеген ой-пікірлерінің имандылық маңына келіп тоғысатыны шындық. Кешегі «Біз барлық қайратымызды ел үшін еселеп жұмсайық. Халық түзеуді жол қылайық» деген кемеңгер Мұхтар Әуезов те жас жеткіншектерге кемел тәрбие беру үлгісін имандылықтан іздеген. Бесікте жатқан жас сәбидің жүрегіне имандылық нұрын құйған жөн деп есептеген. Ендеше, арысы Абайдай бабалар, берісі Мұхтардай даналар ұлт болмысының дәнекеріне жатқызған имандылық негіздерінен бас тартуымызға мүлдем жол жоқ.

Имандылық қасиеттің сырына тереңірек үңілетін болсақ, қазақ халқы имандылықтың үш негізін өздеріне тірек еткен. Ол, біріншіден, дін. Өзін сол ұлттың өкілімін деп санайтын адам сол ұлттың дінін де жақсы білуі керек. Дін деген нәрсенің ұлттық рухқа тікелей қатысы бар. Қарап отырсаң, дінде ұлттық рухты құраушы, соған белгілі бір мазмұн беруші, тәртіпке салушы күш бар. Мұның өзі ерекше күш.

Ұлт мәселесі төңірегінде әңгіме айтқан кезде дін сырттан келген нәрсе екен, бүкіл дүние жүзіне тарап кеткен идеологиялық құрал екен деп қарау мүлдем дұрыс емес. Оның ұлттық дүниетанымдық психологияға, санаға, тәртіп пен тәрбиеге үлкен әсерін тигізетіндігін айтқан жөн. Дінсіз ұлт, халық болмайды.

Қандай халық болмасын, өзінің тарихи тағдырына байланысты дінді белгілі бір идеологиялық сананы тәрбиелеуші құрал ретінде өзінің бойына қабылдап алған. Біздің қазақ халқының тарихи тағдыры ислам дінімен байланысты. Ислам діні – біздің ұлт болып қалыптасуымызға, халық болып, тәртіпті, тәрбиелі ел болып, өмір сүруімізге көп қызмет еткен дін. Кейінірек марксизм ілімінің билеп-төстеуіне, идеологиямыз болған коммунистік тәрбиеге байланысты діннен сырт айналып, оны мүлдем теріске шығарғанымыз бәрімізге белгілі.

Бүгінгі таңда тәуелсіздікке, халқымыздың азаттығына байланысты ой, ойлау еркіндігі ауадай қажет болып отыр. Сондықтан да бізге тәрбиелік құрал бола алатын нендей нәрселер керек деген мәселеге көңіл бөліп отырмыз. Толық өркениетті ел болу үшін дін өте қажет деуден аулақпын. Бірақ, ислам дініндегі екі нәрсе тәрбиемізге сәйкес келетін сияқты. Сол екі нәрсенің бірі – иман. Адам баласының иманжүзділігі, өзінің жеке басының тәрбиелілігі жүректен шығып жататын нәрсе екенін сезіну өте бір қажетті дүние. Осыған байланысты үлкен бір психологиялық сезім бар, ол – сенім, бір нәрсеге сену.

Жетпіс жыл бойына осыдан ажыратуға көп күш жұмсалды. Өйткені, ақты қара деп, қараны ақ деп көрсетуге, иә, күнделікті толып жатқан мәселелердің оңын теріс, терісін оң деп дәлелдеуге тырысу адамды сенім деп аталатын сезімнен бездіруге алып келді. Бұған байланысты көп нәрсе айтуға болады. Бірақ, адам баласының миында бір-ақ сенім бар. Олай дейтінім – миды бөлшектеп тастауға болмайды. Бұл жердегі менің айтқым келгені – дінге байланысты, сенімге байланысты, яғни Аллаға сену. Жалпы, «Алла – әрқайсысымыздың жүрегімізде» деген мәселе. Адамның арына, ұятына сену керек. Осы Аллаға сену ұлғайып барады-дағы, жалпы сенім деген сезімді тудырады. Осыдан барып басқа сенім түрлері шығады: болашаққа сенім, адамның белгілі бір қасиеттеріне сену, адамға сену, баланың әкеге, әкенің балаға сенуі. Адамаралық күнделікті тұрмыста сенім дегенің – адамға қуат беретін күш. Адам мен адамды жақындататын, адамды біріне бірін танытатын, жақсыға сеніп, жаманға сенбеуді ажыратуға үшін де керек нәрсе бұл. Сондықтан иман деген нәрсе иманжүзділік деген сеніммен байланысты. Діннің қуатты, күшті жері – адамның бойында сенім деген сезімді тәрбиелеу. Жалпы, тәрбиелеу тек дін арқылы ғана болады деген ой тумауы керек, өзі адамаралық қарым-қатынаста жалпы заңдылықтар болу керек. Менің айтып отырғаным – діннің прогрессивтік-тәрбиелік мәні.

Дінмен қатар жүретін мәселе – шариғат деген ұғымға қатысты. Шынында да, заң жөнімен өмір сүру – керек нәрсе, өйткені, қауымдасып, қоғамдасып өмір сүргеннен кейін белгілі бір тәртіпке, заңдылыққа бағынбаса, онда адам мен адамның арасындағы қарым-қатынас мүлдем бұзылып кеткен болар еді, сөйтіп бірін-бірі тану мүмкін болмас еді. Сондықтан шариғат та қажеттілік. Жалпы, бұзақылыққа тыйым салу, белгілі бір жағдайда кімге де болсын шара қолдану қажет қой. Осының бәрі діннің қажет те, қасиетті шаруаларының бірі дегенді аңғартпай ма? Дін біздің ұлтты көп нәрсеге үйретті деуім де осыдан. Діннің арқасында мынау кең далада шашырап жатқан біздің көшпенді халқымыз белгілі бір тәртіпке келіп, жинақталған.

Мұхаммед ғалаиссаламның тағы бір айтып кеткені – білімді, ғылымды қабылдайтын адамға ғана түсіндіру керек. «Кешеге айтқан сөз – шығын» дегендей, қабылдамайтын адамға көңілімізде жүрген жақсы ойларды айтсақ, онда қабылдамаушы адам емес, айтушы күнәкәр екенін тереңінен толғап айтқан да пайғамбарымыз [3]. Абай да осы тұрғыда тамаша ойлар айтып кеткен. Мысалы:

«Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз».

Егер білімді адамға айтылмаса, сөздің шығын екенін Абай да тап басып көрсетіп кеткен болатын.

Осы мәселеге байланысты Абайдың ойлары өте көп. Мысалы:

«Ақыл беріп тыңдатқан
Сөз көкейге қонар ма?
Құлағын сатқан, тәңір атқан
Оңдырар ма, оңар ма?» –

деген Абайды да түсінуге болады.

«Адасқан күшік секілді
Ұлып жұртқа қайтқан ой», –

деуіне де мән бар. Айтқан ойын ешкімге дарыта алмай, жеткізе алмай, пұшайман болған жүрек қынжылысынан туындап отыр.

Міне, осының бәрін бүгінгі таңда ұлтымыздың өркениеттілігіне, мәдениеттілігіне, ойлау қабілетінің дұрыс болуына пайдалануымыз керек. Яғни, дін менен Абайдың арасында толық үндестік бар екендігіне дәлел. Демек, біз Абайды ұлы классик, ғұлама ғалым, кемеңгеріміз, данамыз деп уағыздайтын болсақ, оның үстіне оның кейбір ойлары Мұхаммед ғалаиссалам пайғамбарымыздың айтқанымен ұштасып жататын болса, онда дінді де, керек жерінде Абайды қалай пайдалансақ, солай пайдалануымыз керек.

Негізінен, Мұхтар Ғалиұлы да діннің даму деңгейін, тарихы мен теориясын терең талдайды. Оқып көрейік: «Мың бір хадисте ғылымды, білімді бірінші орынға қойған. Онда білім екі түрлі болады: біреуі – жүректегі білім, ол өте пайдалы; екіншісі – тілдегі білім, ол жүрекпен қабылданбаған, оны шын мәніндегі білім деуге болмайды» [4].

Сонымен қатар дінде фәни мен бақи екеуін шендестіріп, адамды сол бағытта тәрбиелейді. «Фәни» дегеніміз – арабтың сөзі, қазақшаға аударсақ, «тұрақсыз, уақытша» болып шығады. Ал «бақиды» аударсақ, «тұрақты, мәңгілік» деген сөздерді білдіреді. Яғни, фәни өмір сүріп жүрген тірі өмірімізді, ал бақи о дүниемізді, адам баласының мәңгілік мекенін білдіреді. Осы жерде толып жатқан қызық мәселе бар. Солардың бірі – адам баласын тәрбиелеу үшін белгілі бір шектеуші күштер болуы керек. Ол шектеуші күштердің өзіндік, адамды сескендіретін, ойландыратын терең сыры болады. Онсыз адамды тәрбиелеу өте қиын

Ұлттық мәдениет халықтың ертеден келе жатқан өзіне тән өнері, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері негізінде жетілгені айқын. Ғасырлар бойы електен өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан халқымыздың мәдени салт-дәстүрлерін жан-жақты зерделеп, оның сан қырлы тәлім-тәжірибесін болашақ азаматтарды тәрбиелеуде кеңінен пайдалану қажет.

Әдебиеттер:

1. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы, 1991.
2. Құнанбаев А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1977. – 251 б.
3. Арын М. Бес анық. – Алматы: Арыс, 1996 .
4. Сейтбеков С. Иман негіздері. – Алматы: Көкжиек баспасы, 2008. – 376 б.

Резюме

В статье рассматриваются условия формирования гуманного воспитания молодежи в профессиональном образовании.

Summary

Tne conditions of formind of numane upbringing of the young people in the professional education ar examined in the given article.

ӘОЖ 372.853:535.31

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУДА ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Ұ.З. ЕШІМОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты
Ш.А. ЖУМАГУЛОВА,
магистрант,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Бүгінгі уақыт талабына сәйкес білім беруді одан әрі жетілдіру оқу-тәрбие процесіне озық тәжірибені, ғылыми жетістіктерді енгізуді талап етеді. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты міндет – оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру.

Жас ұрпақ заман талабына сай білім беру, әрбір ұстаздан шығармашылықпен жұмыс істеуді, үлкен ізденісті талап етеді. Білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Осындай сұраныстарға орай оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде.

Физика сабағында оқушылардың белсенді қабілеттерін арттыру – педагогикалық мәселелердің бірі. «Қазақстан-2050» атты Елбасының стратегиялық бағдарламасында ең негізгілердің бірі – жоғары интеллектуалды жастарды жан-жақтылыққа тәрбиелеу. Сондықтан, мұғалімдер қауымының алдында үлкен міндет жүктелді [3].

Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – интербелсенді әдіс. Интербелсенді оқу білім процесінің бұрынғы біржақты түсінігін екіжақты, диалогтік түсінікке ауыстырады. Интербелсенді оқудың негізгі қағидасы әрекет арқылы және әрекетпен үйренуге негізделеді: адам бірінші өз қолымен жасағанды есте сақтап, игереді. Конфуцийдің «Маған не айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін [1]» деген ұлағатты сөзінде біраз мағына жатыр.

Осыған байланысты, интербелсенді әдістемеде қолданылатын дидактикалық тәсілдер ретінде тірек сызба жасау әдісін ұсынамыз. Тірек сызбаның тиімді жақтары – оқушының мынадай мәселеге көңіл аударуын қажет етеді:

• Тірек-конспектіні мұқият оқып шығып, егер түсініксіз сұрақтар кездесіп қалса, оқулықтағы материалды қарау;

• Тірек-сызбада берілген материалды жадында жақсы сақтап, меңгеру үшін дәптерге заңдар мен олардың математикалық өрнегін, негізгі формулалар мен теңдеулерді, заңдылықтарды жазып алу;.

• Көру мен жазу арқылы өзінің есте сақтау қабілетінің артуына көп ықпал жасау [5];

Мысалы, «Геометриялық оптиканың негізгі ұғымдары мен заңдары» тақырыбын оқыту барысында төмендегідей тірек сызбаны ұсынамыз.

Геометриялық оптикада қарастырылатын негізгі ұғымдар. Геометриялық оптика – жарықтың табиғатын қарастырмай, оның тек таралуын ғана зерттейтін оптиканың бөлімі. Геометриялық оптика – тек геометрияның заңдарына ғана сүйенетін абстракты оптика.

Жарық табиғатты танудағы маңызды құрал болып табылады. Бізді қоршаған дүние туралы мәліметтің 90%-ын біздің көру мүшеміз береді, ал оның тасымалдаушысы жарық болып табылады. Жарық дегеніміз не? Осы сұрақтың жауабын төмендегі 1, 2-сызбаны болашақ мұғалімдердің «Физиканы оқыту әдістемесі» пәнінде қолданудың тиімділігі зор (1-сурет) [2].

Бұл қысқаша «Геометриялық оптика тарауының негізгі ұғымдары мен заңдары» тақырыбының негізгі элементтері негізгі мектеп физика курсында және орта мектеп физика курсында да қолданылады [2, 4]. Алайда, болашақ мұғалім сызбаны өз қажетінше оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қолдануына толық мүмкіндік береді (1-сурет).

Келесі 3-тірек сызба «Геометриялық оптика тарауының негізгі ұғымдары мен заңдары» тақырыбын оқытуға байланысты. Бұл сызбаның артықшылығы – негізгі мектепте де, орта мектепте де қолдануға тиімді (2-сурет).

Физика сабағында тірек сызбамен оқыту технологиясын қолдану арқылы мектеп физика мұғалімі:

• уақытын үнемдеуге, ұтымды пайдалануға;

• оқушыларға білімді жүйелі беруге;

• оқу материалдарын оқушылардың жас еркшеліктеріне сәйкестендіруге мүмкіндік жасайды;


• бірнеше оқушыларды бағалай алады.

Ал оқушы үшін:


• тірек сызбаны қолдану арқылы есте сақтау қабілетін дамытады;

• оқушыларға ұзақ мәтіннен гөрі нақты негізгі ұғымдарды іріктеп алуға мүмкіндік алады;

• жоғары сынып оқушыларына жоғарғы оқу орындарында оқуға дайындық ретінде көмек жасайды;



Сурет 1.



Сурет 2.

Әдебиеттер:

1. Әлімов А. ЖОО-да оқытудың интербелсенді әдістемесін қолдану курсының «Интербелсенді оқытудың тәсілдері» атты бірінші семинар-тренингі. – 2012 .

2. Дүйсенбаев Б.М., Байжасарова Г.З., Медетбекова А.А. Физика / 8-сынып оқулығы. – Алматы: Мектеп, 2008.

3. «Математика және Физика» ғылыми әдістемелік журналы. – 2011. – №2.

4. Тұяқбаев С., Кронгарт Б. Физика / 11-сынып оқулығы. – Алматы: Мектеп, 2007.

5. «Физика Қазақстан мектебінде» ғылыми әдістемелік журналы. – 2012. – №1.

Резюме

В статье излагается определение эффективных путей применения интерактивных методов обучения темы «Основные понятия и законы главы, «Геометрическая оптика» для будущих учителей физики. Предлагаются конкретные рекомендации для использования опорно-схематической технологии при формировании в процессе обучения физического понятия.

Summary

This article states the determination of effective ways to use interactive teaching methods of theme «Basic concepts and laws of the chapter «Geometrical Optics» for future physics teachers.

Also the specific recommendations for the use of support-schematic technology in shaping the learning process of physical concepts are suggested.

ӘОЖ 372.853:004.032.6

ОРТА МЕКТЕПТЕ «ЖЫЛУЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫС» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРДЫ ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Ұ.З. ЕШІМОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты
Ж. М. НАЗАРОВА,
магистрант,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Қазіргі заман ағымы болашақ ұрпақтың ой-өрісінің шыңдалуын, жеке тұлға ретінде қалыптасуын талап етуде. Егеменді еліміздің алғышарттары өркениетті елдер қатарына көтерілуі керек болса, өркениетке жету үшін жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіру керек. Жас ұрпақтың бойындағы қабілетін көру, оны жетілдіру ізденгіштік қасиетін дамыту мұғалімнің сабақ берудегі ізденушілік, шеберлік қабілеттеріне байланысты.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдаған жолдауында «Біздің міндет – жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып, білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу» деп ұстаздар қауымының алдына жаңа міндеттер қойды [2].

Дәстүрлі білім беру өз мақсаты мен мағынасын нақты белгіленген (мемлекеттік стандарттарда көрсетілген пәндер мен сабақтардың аумағында) білім жиынтығын игерумен шектейді. Ал инновациялық көзқарас оқу-үйренудің негізін тек пәндер емес, ойлау мен рефлексияға негізделген интер-

белсенді әдістер құрауы керек деп түсінеді. Интербелсенді әдістер педагогикалық тәсілдердің өзгеруіне алып келіп, оқушылардың өздік және өзіндік дамуына, олардың өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді. Тұлғаның пәнге деген қызығушылығын туғызып, танымдық іс-әрекетті қалыптастыру үшін интербелсенді оқыту үрдісін пайдалану қажет. Сонда бізде интербелсенді оқыту дегеніміз қандай оқыту және бұл оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері қандай деген сұрақтар туындайды. Енді осы сұрақтарға жауап беретін болсақ, интербелсенді оқыту – бұл, ең алдымен, оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Интербелсенді оқыту бірінші мезетте білім игеру процесіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз – «өзара» мағынасында, ал «act» «әрекет жасау» дегенді білдіреді» [1].

Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз – біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру [1].

«Интербелсенді» дегеніміз – диалог арқылы үйрену / үйрету, яғни «үйретуші» – «үйренуші», «үйренуші» – «үйренуші», «үйренуші» – «өзімен-өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

1) Барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;

2) Әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.

Сонымен интербелсенді оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның ортақ мағынасына және аяққы нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен, ойларымен алмасады, тиімді нәтижеге қандай бірлескен үйрену / оқу әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды. Енді осы интербелсенді оқытудың мынадай әдістері бар [1]:

◊ Интербелсенді (интерактивті) лекциялар мен семинарлар;

◊ Пікірталастар;

◊ Ойындар (оқу, рөлдік, іскерлік, өндірістік, имитациялық және т.б.);

◊ Кейс-стади;

◊ Тренингтер;

Оқытудың компьютерлік технологиялары. Осы интербелсенді оқытудың әдістерін қарастыра отырып, осы интербелсенді әдістемеде қолданылатын дидактикалық тәсілдер бар.


Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік-ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Қазіргі уақытта жаратылыстану – ғылыми білім беруде сабақ барысында интербелсенді құралдарды қолдануда. Интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр.

Интербелсенді оқыту – бұл танымдық әрекеттің арнаулы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын-ала болжауға болатын оқыту түрі [3]. Осындай мақсаттардың бірі – оқушы өзінің жетістіктерін, интеллектуалдық белсенділігін сезетіндей, оқу барысында қызығушылықтарын арттыратын оқытудың жинақы шарттарын жасау. Интерактивтік оқытудың тиімділігі сол, сыныптағы барлық оқушы қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Физика сабағында «Жылулық қозғалыс» тақырыбының негізгі ұғымдарына броундық қозғалыс және диффузия жатады. Осы тақырыпты түсіндіруде, интербелсенді әдістемеде қолданылатын дидактикалық тәсілдер ретінде тірек сызба жасау әдісін қолдансақ болады.

Оны төмендегідей етіп көрсетуге болады.

Сызба 1 [4].



Қорыта келгенде, жаңа оқыту технологиясы, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үрдістерді: яғни, жадының алуан түрлерін – есту, көру, қимыл және т.б. ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығар-

машылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілінде) дамытуға бағытталуы.

Оқытудың интербелсенді әдістемеде қолданылатын дидактикалық тәсілдер ретінде тірек сызба әдісінің артықшылықтары мынада [5]:

- оқушының қызығушылығын туғызады;
- әрқайсысының оқу процесіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- оқушыға көп жоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- мұғалімнің уақытын үнемдейді, оқушыны бағалау мүмкіндігі туады.

Интерактивті әдіс әр адамды білім алудың барлық кезеңдерінде белсенді жағдайға қояды, білім алу үрдісін мәнді етеді. Қорыта айтқанда, интербелсенді оқытуды қолдану арқылы белгілі бір жетістіктерге жете аламыз. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану – қазіргі заман талабы.

Әдебиеттер:

1. Әлімов А. «ЖОО-да оқытудың интербелсенді әдістемесін қолдану» курсының «Интербелсенді оқытудың тәсілдері» атты бірінші семинар-тренингі. – 2012 .

2. Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін 2020 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2012.

3. Мұхамбетжанова С.Т. Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту. – Алматы, 2011.

4. Дүйсенбаев Б.М., Байжасарова Г.З., Медетбекова А.А. Физика / 8-сынып оқулығы. – Алматы: Мектеп, 2008.

5. «Физика Қазақстан мектебінде» ғылыми әдістемелік журналы. – 2012. – №1.

Резюме

В статье излагаются эффективные пути применения интерактивных методов обучения и основные понятия по теме «Тепловое движение» для будущих учителей физики. Предлагаются конкретные рекомендации для использования опорно-схематической технологии при формировании процесса обучения физического понятия.

Summary

This article states the determination of effective ways to use interactive teaching methods of theme basic concepts on «Thermal motion» for future physics teachers.Also the specific recommendations for the use of support-schematic technology in shaping the learning process of physical concepts are suggested.

ӘОЖ 82.03: 372.881.111.1

АУДАРМАНЫҢ БАЗАЛЫҚ КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.Ш. ЖҰМАҒҰЛОВА,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Қоғам дамуының қазіргі кезеңін халықаралық қатынастың өте қарқынды түрде жүріп, ұлғаюымен тығыз байланыстыра қарастыруға болады.

Бүгінгі таңда көрші елдер ғана емес, бірін-бірі мүлде танымайтын мұхиттар арқылы бөлініп жатқан түрлі континенттер халықтары біртұтас саяси-экономикалық контексте өмір сүруде.

Жаһандану процесі жүріп жатқан кезеңде әлемнің барлық елдерінен мамандарды жинап, адамзат іс-әрекетінің түрлі мәселелеріне арналған конференциялар, симпозиумдар өткізу ешкімді де таңдандырмайды.

Мұның барлығы да ерекше мамандық иелері, тіпті халықаралық байланыс мәселелерін оңтайландыруға өз үлестерін қосып, қамтамасыз етіп жүрген аудармашылар еңбегінсіз іске аспаған болар еді. Аудармашылардың көмегінсіз, сондай-ақ, халықаралық дәрежедегі түрлі қоғамдық ұйымдардың құрылуы, әріптес мамандар арасында тәжірибе алмасулар, бірнеше ресми тілде жұмыс жасайтын БҰҰ, Еуропалық парламент тәрізді тұрақты ұйымдардың жұмысын көз алдымызға елестету қиын-ақ.

Толассыз жүріп жатқан халықаралық қарым-қатынаста аудармашыларға деген қажеттілік күннен-күнге өсе түсуде. Ал бұл қажеттілік әлі де болса толық қанағаттандырылмай келеді.

Республикамыздың жоғарғы оқу орындарында жыл сайын тіларалық қатынас мәселесін қамтамасыз ету үшін кәсіби аудармашыларды дайындайтын жаңа факультеттер, бөлімдер ашылуда.

Еліміздің оқу орындарында аудармашыларды дайындаудың жаңа бағдарламасы құрастырылып, бекітілген.

Соңғы онжылдықта аударма теориясы мен практикасының жалпы және жеке аспектілеріне арналған көптеген басылымдар шығарылды. Әлемнің көптеген елдерінде аудармашылық қызметтің өзекті мәселелеріне арналған пікірталастарды жариялап тұратын арнайы мерзімді басылымдар да бар. Мұнан басқа, аудармашылардың жаңа буынын дайындау ісінде жыл сайын жаңадан шығып жатқан оқу-әдістемелік құралдардың да көмегі зор. Осындай толып жатқан басылымдар ішінде қазақ аудиториясына арналған оқу құралдары өте сирек кездеседі. Дегенмен, қазіргі уақыт талабының міндеттерін ескерген «Фолиант» баспасы К. Юсуптың аударма ісіне арналған үш томдығын ана тілімізде жарыққа шығарып отыр. Жинақтың бірінші кітабында шет елдер мен ТМД елдерінің, екінші кітабында өз еліміздің көркем аударма саласындағы тәжірибесі мен кейбір өзекті мәселелері, ал үшінші кітапта қоғамдық-саяси мәтіндер және ресми құжаттар мен терминдер аудармасының мәселелері қарастырылады. Автор елімізде тәуелсіздікке қолымыз жеткен уақыттан бергі кезеңде аударманың өмірлік мән-мағынасы бұрынғыдан бетер жоғарылап, оның күнделікті қажеттілігімізге айналғанын айта келіп: «Аудармашылар қатарын толықтыра әрі нығайта түсу мақсатында алдағы уақытта да ауқымды міндеттерді жүзеге асыруымыз керек. Бұл салада Әлем тілдері университетінде, ҚазМҰУ-де, ЕҰУ-де және басқа жоғары оқу орындарында нысаналы жұмыстар жүргізіліп жатқаны да мәлім. Дегенмен, білім ошақтарындағы кафедралардың бұл саладағы жұмыстарын бүгінгі уақыт талабына сай бұрынғыдан да ширата түскені мәдениетімізге де, әдебиетімізге де құт болары анық. Бұл арада шет тілдерінен сабақ беретін мұғалімдерді ғана емес, өзге жұрттардың құндылықтарын бізге жеткізетін, біздің рухани өремізді өзге жұрттарға таныстыратын тәржімешілер даярлау қолға алынса – қандай игілікті шаруа», – деп жазады [1, 17-бет].

Аударма теориясы мен практикасының қайсыбір мәселелеріне арналған басылымдар, аударматану саласында жаңа теориялық жүйелерді ұсынатын монографиялар, мақалалар баршылық болса да, болашақ аудармашыларды аударманың бастапқы курсын оқытуға арналған оқу құралдары жоқтың қасы.

Аударма процесі әдетте кезеңдік принципке сәйкес құрылады. Аударма курсын оқыту бастапқы немесе базалық сатыдан басталады. Мұнан соң студенттер аудармашылық қызметтің күрделірек және мамандандырылған формасы мен түрлерін оқуға көшеді.

Аударманың базалық курсы аудармаға оқытудың бастапқы кезеңі ретінде танылады. Тиісті ресми бағдарламаға сәйкес бұл курс болашақ аудармашыларды дайындаудың бірінші сатысы болып табылады және осы кезеңде аудармаға да, аудармашылық қызметке де оқытудың берік негізі қалануы керек.

Базалық курсты қалыптастыратын фундамент, біріншіден, аударма, аудармашылық қызмет болса, екіншіден, аудармашылық дағдылар туралы білім негізін беру.

«Аударма – адамзаттың тіларалық, сондықтан да жалпы тілдік іс-әрекетінің ең жоғарғы көріністерінің бірі» деген қағида аксиомаға айналғалы қашан. Осыған орай, студент немесе оқушы аударманың базалық курсына белгілі бір білім деңгейімен келу керек. Бір тілден екінші тілге аударуды оқыту үшін білім алушы ең кем дегенде сол тілдерді жеткілікті түрде меңгеруге міндетті. Сондай-ақ, ол өзінің аудармашылық қызметінде қолданатын тілдер елінің, халқының мәдениетінен де хабардар болу керек. Егер аударманың базалық курсы тақырыптық-кәсіби саланы қамтыса, студент екі тілде де сол салаға қатысты терминдерді және сол жүйенің басқа да лексика-синтаксистік бірліктерін білу қажеттілігі туады.

Аударманың базалық курсын оқыту барысында студенттің тілдік және жалпымәдени танымына қатысты төмендегідей мәселелер келіп туындайды:

– лингвистикалық тұрғыдан алып қарағанда студент екі тілдің де грамматикасын жете білуі керек;

– лексикадан тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынаста жиі қолданылатын түрлі идиомалық оралымдарды қолданып, өз ойын кедергісіз жеткізе алатындай көлемдегі сөздік қоры болуы шарт;

– білім алушы, сондай-ақ, бір тілде жазылған, бірақ түрлі функционалды стильге жататын мәтіндерді тиісті деңгейде ажырата білуге міндетті;

– сонымен қатар, студент контрастивті (салыстырмалы) лингвистика саласынан да мәлімет алып, тілдердегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар, аударылатын жұп тілдердің әлемнің тілдік бейнесіндегі ерекшеліктері жайлы хабардар болуы шарт.

Болашақ аудармашының «бастапқы» құзырлылығына сөздік қорын өз бетінше байытып, лингвомәдени ақпаратпен қамтамасыз етілуін де жатқызуға болады.

Білім алушыларға қажетті теориялық білім беретін және практикалық дағдыларын қалыптастыратын екі бөлімнен құралған аударманың базалық курсының аударма теориясының дәрістер курсынан айырмашылығы – теория мен практиканың арасын байланыстыра отырып, мамандыққа кіріспе пәнінен студенттерге ұсынылатын әдебиетті айқындайды. Әдебиет арнайы кәсіби бағытта тереңдетілген болмаса да, аудармашылық қызмет жайлы негізгі мәліметтерді қамтуы керек. Мұндай оқу құралдары шартты-теориялық мазмұнда болып, аударма теориясының материалдары аз қамтылса, ал оны практика жүзінде қолдануға арналған тақырыптарға көп көңіл бөлінеді. Кітап авторлары өз тәжірибелерінен мысалдар келтіріп, аудармашылық қызмет пен аударматану мәселелерін терең түсінуге дайындығы әлде де аз оқырман аудиториясының пәнге деген қызығушылығын арттырады. Осы мақсатта Ресей, Украин баспаларынан жарық көрген Р.К. Миньяр-Белоручевтің [2] , Г.Э. Мирамның [3], А. Чужакин мен П. Палажченконың [4] оқу құралдары ұсынылса, мұнан соң іргелі теориялық және практикалық кәсіби бағыттағы тақырыптар негізінде қысқа курстарды қамтыған А.Л. Бурактың [5], Д.И. Ермоловичтің [6], Д.С. Мухортовтың [7] еңбектерімен жұмыс істеуге болады.

Ұсынылатын әдіс негізінде аударманы интегралды тұрғыдан оқыту мәселесі жатыр, ал мұның мәні аударманың лексика-семантикалық, синтаксистік және прагматикалық ерекшеліктерін бір мезгілде теория арқылы игеріп, алған білімді аударма процесінде қолдана білу болып табылады.

Аударманың базалық курсы аясында білім алушылардың бойында қалыптастыратын практикалық дағдыларға қатысты төмендегі мәселелерді ескеру маңызды:

– жазбаша аударма практикасы ауызша аудармадан бұрын оқытылғаны дұрыс, өйткені түпнұсқаны қабылдау тұрғысынан ол оңайлау болады. Аударма курсы ана тілі мен шетел тілінің ауызша және жазбаша сөйлеу курстарына негізделе отырып, студенттердің тіл ұстарту әрекеттерін қиындатып жібереді. Мәтіндерді оқу тыңдау дағдысын қалыптастырудан әлдеқайда жеңіл, дегенмен, жазбаша аударма тыңдау дағдысынан да қиын, өйткені жазбаша аудармада ұсынылатын мәтінді жай ғана қабылдап, өз көзқарасын білдіру емес, сол мәтінді шетел тілінде қалпына келтіріп, өңдеу қажет. Ал ауызша аудармада түпнұсқа мәтінін есте сақтау қажеттілігі де туады. Сөйтіп, студенттің еркін сөйлеуге мүмкіндігі болмай, тек түпнұсқаға «таңылған» болып шығады. Шетел тілінің ауызша және жазбаша сөйлеу практикасы сабақтарында студенттің сөйлеу дағдысына көп көңіл бөлінсе, ауызша аудармада да есте сақтау қабілетін дамыту, тіл мен сөйлеу шеберлігі талап етіледі. Ал оқытуды ауызша аударма-

дан бастасақ, біріншіден, есте сақтау дағдысы мұндай жұмысты бірден атқара алмайды, оны алдымен машықтандыру керек, екіншіден, түпнұсқаны тұтастай немесе бөліп қайталауға тура келеді, ал мұның өзі сабақ барысында түрленіп отыратын аудармашылық іс-әрекеттің шынайы процесін бұрмалайды. Осы бір әдістемелік мәселені шешу үшін «қарапайымнан күрделіге» принципін ұстанып, оқытуды жазбаша аудармадан бастау керек. Мұндай жағдайда білім алушы түпнұсқаны немесе оның бөліктерін бірнеше рет қарап шығу мүмкіндігіне ие болады, ал ауызша аудармада мұндай мүмкіндіктерге жол берілмейді;

– аударманы оқытудың бастапқы кезеңінде тақырыптық оқытудан бас тарту керек, өйткені аударма сабақтары экономика, банк ісі, заңтану сабақтарына айналып кетуі мүмкін. Алғашқы уақытта аудармашылық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған сөздік-минимумдармен жұмыс істеп, сабақты лингвистикалық мәтіндер негізінде құрған дұрыс болады. Сөйтіп, жаңа лексика мен аудармаға қатысты жаңа ұғымдармен таныстыру мәселесі шешіледі;

– негізгі лексика-грамматикалық, синтаксистік және стилистикалық бірліктердің бір тілден екінші тілге аударылу жолдарын айқындап отыру қажет. Бұл жағдайда шетел тілінен ана тіліне аудару мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Әрине, керісінше ана тілінен шетел тіліне аудару тапсырмалары да қамтылып отыру міндетті;

– студенттерді, біріншіден, нақты тілдік материал негізінде аудармадағы трансформация түрлерін қолдана отырып аударма жасауға, екіншіден, сөздіктермен үнемі және дұрыс жұмыс істей білуге үйрету керек;

– ең басты әдістемелік міндеттердің бірі – білім алушылардың өз ана тілдерінде және шетел тілінде толық мәтін түріндегі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру қажет. Ғылыми ортаға тән мәтін түрлерін (реферат, рецензия) анықтай отырып, студенттердің өздеріне таныс лексика-грамматикалық, синтаксистік және стилистикалық бірліктер негізінде клише фразаларды қолдануға үйрету қажет;

– оқытушылық қызметтегі келесі маңызды аспектілердің бірі білім алушының өзінің немесе өзгенің аудармасын өңдей отырып, сол аудармаларға сыни тұрғыдан қарау дағдысын қалыптастыру болып табылады;

– білім алушылардың аудармада түпнұсқа вариантын сақтай білу іскерліктерін дамыту қажет, яғни олар түпнұсқа мәтінінің негізгі мазмұнына қарай аудармада сақталуы міндетті маңызды элементті анықтап, түпнұсқа мағынасын беруде қолданылуы тиіс элементтерден ажырата білуі тиіс.

Міне, аударманың базалық курсын жүргізудегі маңызды аспектілер жоғарыда айтылғандар болып табылады. Аталмыш аспектілер курс барысында басшылыққа алынбаса, әдістемелік және әдіснамалық қателіктерге соқтыруы мүмкін және болашақ аудармашы мамандарды даярлау процесінде кері әсерін де тигізеді. Базалық курстан соң кәсіби арнайы бағыттағы тақырыпты модульдік (көркем аударма, ғылыми-техникалық мәтіндер, заң, экономикалық терминдер аудармасы) жазбаша аударма және ауызша аударма курстары басталады.

Әдебиеттер:

1. Юсуп К. Көркем аударма: тәжірибе мен тағылым. Екінші кітап. – Астана: Фолиант, 2011.

2. Миньяр-Белоручев Р.К. Как стать переводчиком? – М., 1999.

3. Мирам Г.Э. Профессия: переводчик. – Киев, 1999.

4. Чужакин А., Палажченко П. Мир перевода, или Вечный поиск взаимопонимания. – М., 1997.

5. Бурак А.Л. Введение в практику письменного перевода с русского языка на английский. – М., 2002.

6. Ермолович Д.И. Основы профессионального перевода. – М., 1996.

7. Мухортов Д.С. Практика перевода: английский-русский: Учебное пособие по теории и практике перевода. – М.: Книжный дом «Либроком», 2009. – 256 с.

8. Тюленев С.В. Теория перевода: Учебное пособие. – М.: Гардарики, 2004. – 336 с.

Резюме

В статье рассматривается методическая сущность преподавания перевода на начальном этапе обучения как базового курса перевода. В соответствующей официальной программе базовый курс является первой стадией подготовки будущих переводчиков и должен заложить прочный фундамент для дальнейшего обучения как переводу, так и собственной деятельности молодого специалиста-переводчика. Фундамент, который должен быть заложен базовым курсом знаний о переводе, переводческой деятельности и переводческих навыков.

Summary

The systematic essence of translation teaching in the intial stage as the basic course of translation has been investigated in the article. According to the curriculum the basic translation is the first stage in preparing future translators and it must lay the stable foundation for further teaching of basic translation and proper activities of new specialists in the field of translation and interpreting.

ӘОЖ 316.74: 80: 001. 01: 342.727

«ЕРКІНДІК» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВО-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Э.А. ИБРАГИМОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Қазіргі таңда концепт мәселесін лингво-мәдени ерекшеліктеріне қарай қарастырып, зерттеулер жүргізу өзекті мәселе болып саналады. Осыған орай соңғы кездері қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы концепт табиғатын нақты дәйектер негізінде ашуға бағытталған еңбектердің көбейіп келе жатқаны байқалады. Ғалымдардың зерттеулерінде бақ, тағдыр, өмір, өлім, жан, қайғы, мұң, тары, батырлық, қаһармандық, соғыс, түр-түс, сұлулық, әсемдік, еркіндік, махаббат, достық, адалдық, т.б. концептілердің мазмұны көрсетіліп, олар әр қырынан қарастырылған. Осындай зерттеулердің методологиялық күрделілігі концептінің өзі мен оның мағынасының шекарасын ашуда жан-жақты зерттеуді қажет етуімен айқындалады [1, 9].

Когнитивтік лингвистиканың негізгі мәселелерінің бірі – когнитивтік мағына. Тілдік бірліктердің мағынасы адамның ойлау жүйесімен қатар қарастырылады. Бұл бағыттың басты назар аударатын негізгі ұғымдары – «әлем бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі», «әлем моделі» немесе «когнитивтік модель». Когнитивтік мағына тіл арқылы құрылып берілетін танымдық ақпарат ретінде қарастырылады. Когнитивтік семантика – сол тіл арқылы құрылып берілетін адам санасындағы концептуалды білімді таным моделі арқылы зерттейтін ғылым [2, 12].

XX ғасырдың соңғы жылдары дами бастаған тіл білімінің антропологиялық парадигмаға көшу үрдісі «адам – тіл – мәдениет» және «адам – тіл – ойлау» үштігіне сүйенетін гуманитарлық зерттеулердің жаңа бағыттарына жол ашты. Бұған дейінгі салыстырмалы-салғастырмалы түрде жүргізілген зерттеу жұмыстары құрылымдық-мағыналық бағытта ғана қарастырылып келсе, бүгінгі таңда антропоцентристік бағыттағы уақыт көшінде әр түрлі тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеу ерекше қызығушылық танытуда. Тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру қазіргі тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі. Бүгінгі күні адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсі-

ну мәселесі ғылыми еңбектерде жиі көтерілуде. Осындай зерттеу жұмыстарында ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл тек тұлғалық (формалық) жағынан ғана емес, сонымен қатар ол мағыналық, ұғымдық, мәдени-концептілік тұрғыдан жиі қарастырылып, талданатын болды. Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады [2, 4].

«Еркіндік» концептісі лингвистикалық зерттеулердің нысаны ретінде көптеген ғалым-лингвисттердің еңбектерінде көрсетілді: еркіндік сөзі мағынасының әр түрлі тілдегі универсалды семантикалық элементтері ерекшеленіп алынды, еркіндік – еріктік және freedom – liberty синонимдік жұп сөздеріне зерттеу жүргізілді, «еркіндік» концептісінің диахрондық аспектісі, сонымен қатар «еркіндік» мағынасын көрсету эволюциясы қарастырылды, аталмыш концептісі ұғымы «адам – тыйым көзі – таңдау жасаудың нормативті аумағы» құрылымы арқылы түсіндірілді. Алайда, «еркіндік» концептісінің кейбір аспектілері әлі де зерттеуді қажет етеді.

«Еркіндік» концептісі қызметінің мәдени және саяси шарттары оның мазмұнының құрылымында этноспецификалық ерекшеліктерді туындатады. Қарастырылып отырған концептінің универсалды және ұлттық компоненттерін зерттеу ұлтаралық қарым-қатынастың мемлекеттік деңгейде, сонымен қатар тұлғалық деңгейде атқаратын ролімен де маңызды.

«Еркіндік» концептісі философияның маңызды мәселелерінің бірі болып саналады, сондықтан әрбір философиялық мектеп пен жеке-дара философтар оған арнайы түсіндірме береді. Философ үшін еркіндік, біріншіден, ерік-жігердің азаттығын білдіреді. Еркіндік ұғымына арналған анықтамалар әдебиеттердің басым көпшілігінде әр түрлі философиялық тұрғыдан түсіндіріледі. Дегенмен, аталмыш концептіге лингвистикалық зерттеу жүргізу айтарлықтай құнды талдау болар еді. Философиялық әдебиетте еркіндік және оған жапсарлас концептілерге әр түрлі тілдердің сөздіктерінде концептілердің арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді табуға көмектесетін талдау жасалмаған.

Жалпы еркіндік, азаттық, бостандық сөздерін кейбір зерттеушілер синоним сөздер қатарына жатқызады. Бұл – қазақтың астарлас, яғни айтылуы басқа болғанымен, мағынасы бір сөздер. Еркіндік сөзі, негізінен, қасында қадағалаушысы (бақылаушысы, не тексерушісі) жоқ деген мағынада айтылады, ал азаттық сөзі, негізінен, бір қапаста, түрмеде, зынданда, тағы басқа жабық алаңнан жіберілу деген мағынаны білдіреді, бостандық сөзі аяқ-қолы бұғауда болып, басы көгенде, не шынжыр, кісеннен босаған адамдарға айтылады.

Еркіндік (парсыша «азад» – ерікті, еркін) – қазақша ұғымында саяси еркіндік, тәуелсіздік (әлеуметтік бас бостандығы немесе тәуелділіктен құтылу). Саяси еріктікті білдіретін азаттық ұғымы азаматтардың өз саяси мақсат-мүдделеріне сәйкес әрекет етіп, әлеуметтік-саяси және мемлекеттік әр түрлі мәселелер жөніндегі өз көзқарастарын білдіруге; өз ұстанымдарын қорғауға; саяси оқиғаларға, барлық үлкенді-кішілі үкімет органдарының саяси қызметіне баға беруге; мемлекет және жергілікті өкілетті органдарға сайлауға және сайлануға ерікті болуға кепілдік беретін заңды құқығын танытады.

Тәуелсіздікті білдіретін еркіндік ұғымы – жеке ұлттың, қауымның, елдің бостандығы, дербестікке ие болуы, яғни тәуелділіктен құтылуы. Бұл – тарихи көне дәуірлерден бері көбіне қантөгістер арқылы жүзеге асып келген халқымыздың асыл мұраты. Азат халық қана әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына түсіп, тарих санасында қала алады (еркіндік, тәуелсіздік, бостандық). Тәуелсіздік, теңдік, бостандық, еркіндік бүкіл адамзат баласының қаншама мыңдаған жылдар бойы аңсаған арманы, мақсаты, ұраны болып келе жатқаны белгілі. Азаттықтан айырылу адамның да, халықтың да табиғи болмысына керағар құбылыс. Азат халық қана әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына түсіп, тарих сахнасында еркін өмір сүре алады [3, 880].

Еркіндік, бостандық ұғымдары негізінде конституция атауымен ұқсас. Ата Заңда «Мемлекеттің ең асыл қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» қағидасы жазылған. Елбасымыз атап көрсеткендей, «Конституция бойынша, заң бойынша өмір сүру – жай ғана міндеттілік емес. Бұл – азат адамдардың артықшылығы» [4, 9].

«Еркіндік» ұғымының ағылшын тіліндегі анықтамасы аталмыш концептінің негізгі атауларының этимологиясында көрсетілген. Этимологиялық деректерге сүйенсек, еркіндік концептісі – *liberty* ұғымы *азат, заңды некеде туылғандар* дегенді білдіреді. Ал *freedom* өзіне деген және басқаға деген жақын қарым-қатынасты білдіретін этимоннан шығады. Кейінірек адамдардың арасындағы жақындық олардың белгілі бір азат әлеуметтік ортаға жататынын білдіру үшін қолданыла бастады [5, 165].

Американдық лингво-мәдениеттің *freedom* и *liberty* концептілерінің сөздіктердегі мағыналарын талдау нәтижесінде олардың 3 негізгі мағынасын ажыратып көрсетуге болатындығы анықталды:

1. Қалағаныңдай іс-әрекет қылуға мүмкіншілігіңнің болуы;
2. Шектеулердің болмауы;
3. Абақтыда, құлшылықта болмау.

Әр атау өзіндік мағыналарға ие болып келеді. Мысалы, *freedom* – мүлікке ие болу құқығы, қолдануға еркі болу; жетістігі болу – привилегия, арнайы құқығы болу; еріктік; шынайылық, ашықтық, ақ көңілділік; жеңілдік, жеңіл ойдылық; еркіндік, жеңіл қимылдау; *liberty* – ресми құқығының немесе рұқсатының болуы; мінез-құлқындағы және бір нәрсені баяндаудағы еріктілік.

Аталмыш концептінің тілде етістікпен берілуі төмендегі етістіктері тіркестер тобымен жүзеге асады:

1. Бостандық алу;
2. Азат ету;
3. Бостандықтан айырылу;
4. Бас бостандығынан айыру.

Еркіндік алу тіркесінің ортақ семантикасы шектеулі факторлардың бірқатарынан құтылу мағынасын береді:

1. Зиянды әдеттерден: *to overcome, to dispose of, to give up, to quit, to leave off, to get rid off, to eliminate, to extirpate.*

2. Аурудан айығу: *to recover, to relieve, to be cured of, to get over.*

3. Заңдарды, биліктегі ережелерді орындау: *to revolt, to rebel, to rise in rebellion, to mutiny, to riot, to instigate.*

4. Міндеттерден: *to desert, to get demobilized, to retire, to demob, to be discharged.*

5. Киімдерден: *to unwrap oneself, to unswaddle oneself.*

6. Белгісіз, нақты көрсетілмеген факторлардан: *to escape, to be saved from, to break out from, to throw off, to rid oneself of, to deliver from, to save from, to redeem.*

Еркіндік алу тіркесі субьектінің азат емес жағдайынан азат болу жағдайына өтуін суреттейді, яғни белгілі бір тәуелділіктен арылу мағынасын білдіреді. Мұндай етістіктермен берілетін қимылдардың көпшілігіне дұрыс баға беріледі.

Еркіндік беру тіркесінің тобы төмендегі берілген етістіктердің көмегімен нақтыланады:

1. Рұқсат ету: *to let in (through, by), to allow, to permit, to admit.*

2. Бір нәрсені ашу: *to open, to unlock, to unbolt, to unbar, to reveal, to disclose, to unveil, to uncover.*

3. Шектейтін факторлардан арылу: а) киім: *to unwind, to uncoil, to unchain, to unshoe, to unfetter, to unshackle;* б) міндеттер: *to dismiss, to demobilize, to discharge, to fire, to demob;* в) белгісіз факторлар: *to let out, to rescue, to disentangle from, to release, to liberate, to emancipate, to relieve of, to spare, to save from, to remove from, to free, to vacate, to deliver from, to exempt from.*

Бостандықтан айырылу мағынасындағы етістіктері тіркесі тобы төмендегі бірліктерден тұрады:

1. Бағыну етістіктері: *to obey, to yield (to, up), to submit to, to resign oneself to, to listen to.*

2. Кеңістіктіктік шектеулерді жабу етістіктері: *to fence oneself, to isolate oneself, to restrict, to imprison, to bound, to encircle, to encompass, to incarcerate, to insulate oneself, to enclose oneself, to circumscribe, to barricade oneself.*

3. Шектеулер қою: *to limit oneself to, to restrict oneself to, to confine oneself to, to constrain.*

Бағыну етістіктері белгілі бір адамның басқа бір адамға деген тәуелділігін білдіріп, ол орындағысы келмейтін істі орындауға мәжбүрлігін суреттейді. Аталмыш топ етістіктерінің саны аз. Өйткені, әрбір тұлға өз еркімен азат жағдайдан еріксіз жағдайға ауыспайды.

Бас бостандығынан айыру етістіктері тіркесі тобы, керісінше, көп қолданыстағы етістіктер тіркесі болып саналады. Мұндай семантикадағы етістіктердің көптігі адамның бас бостандығынан айырылуының санын және оның азаттығына төніп тұрған үрейдің бар екенін байқатады. Бұл топтағы етістіктердің әртүрлілігі еркіндіктің адам үшін бағалы екенін ашып көрсетеді:

1. Шектеу қойылған іс әрекет етістіктері: *to constrain, to constrict, to squeeze.*
2. Обьектке шектеулі әсер ету етістіктері: *to arrest, to bind, to tie up, to captivate.*
3. Мәжбүрлеу етістіктері: *to order, to compel, to tell, to force, to extort, to oblige.*
4. Бағындыру етістіктері: *to subdue, to conquer, to subject to, to subordinate to, to subjugate.*
5. Тыйым салу етістіктері: *to prohibit, to forbid, to ban, to interdict, to outlaw, to suppress.*
6. Қоғамдық-саяси өмірдегі шектеулер етістіктері: *to discriminate, to terrorize.*
7. Жаулап алу, басып алу етістіктері: *to conquer, to grab, to seize, to grasp, to occupy, to clench, to capture, to kidnap, to captivate, to possess.*
8. Қарсыласу етістіктері: *to hinder from, to detain, to arrest, to hamper, to impede, to hold back, to embarrass, to bother, to check, to retard, to delay.*
9. Шек қоюларды айқындау етістіктері: *to put (lay) restraint on, to limit to, to restrict to, to confine, to cut down, to constrain, to bound.*

Бас бостандығына айыру етістіктері тіркесінің мағынасы біреуді орындағысы келмейтін іске мәжбүрлеу немесе орындағысы келген мүмкіндіктен айыру болып саналады.

Жоғарыда айтылған ойлардың барлығы «еркіндік» концептісінің өзектілігі азаттықтан азатсыздыққа немесе ұлы еркіндіктен кіші еркіндікке өтуі жағдайында екенін байқатады [6, 157].

Американдық лингво-мәдениетте «еркіндік» маңызды идеал және сонымен қатар басты құндылық болып саналады. Америка халқы үшін «еркіндік» жеке таңдауға еркі болу, кәсіпкерлікте табысқа жету мен жолы болу шексіз сенімімен теңестіріледі. Аталмыш халықтың ойында қарастырылып жатқан концепт төмендегі идеялар түрінде беріледі: *choice, life, peace, free will, liberty, freedom of speech, freedom from prosecution, pride. Home, representation of the people, universal liberty, human rights, responsibility, independence* секілді ассоциаттар американдықтардың жеке тұлғалық қасиеттерін жоғары бағалауының белгісі. Сонымен қатар «еркіндік» демократиялық, құндылықтар, әділеттілік және тәуелсіздікті білдіреді (*democracy, independence, justice, rights, vote*). Еркіндік аталмыш ел халқы үшін тыйымның жоқтығы, ақша, бейбітшілік пен тыныштықты білдіреді. Қарапайым адам үшін ол, біріншіден, міндеттердің жоқтығы және демалу (*holidays, leisure, vacation, fun*). Оған қоса американдықтар кәмелетке толу мен ата-аналарынан бөлек тұруды да еркіндік деп түсінеді [7, 277].

Сонымен «Еркіндік» концептісі маңызды тақырыптарға жатады, оның мәні еркіндік пен еріксіздік ұғымдарын қарама-қарсы қою болып саналады.

Ой-санада еркіндік қажеттіліктер мен тілектердің тұлғалық жүзеге асуы ретінде түсіндіріледі.

Қазақ тілінде «еркіндік» концептісі азаттық, бостандық, тәуелсіздік ұғымдарымен тең мағынада қолданылады, «свобода» концептісі үшін кеңістіктік компонент, яғни абсолюттілік пен шексіздік маңызды компоненттер болып саналады, ал ағылшын тілінде абсолюттілік пен шексіздік басты мағынаға ие бола алмайды.

Сондықтан «еркіндік» және «freedom» концептілері 3 тілде де өзекті, бірақ оларды ортақ ұғымға ұқсастыруға болмайды. Ал олардың ерекшеліктерін шетел тілін оқыту мен коммуникация процесінде есепке алу міндетті.

Әдебиеттер:

1. Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты: филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2008. – 9 б.

2. Ағабекова Б.Н. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық теңеулердің ұлттық мәдени сипаты: ф.ғ.к. дис. автореферат. – Алматы, 2010. – 4-12 бб.

3. Айбын. Энциклопедия /Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 880 б.

4. Байтілен С.А. Жасампаздықтың жаңылмас жарғысы // «Әділет». – 2012. – 29 тамыз.

5. Антология концептов / Под ред. В.И. Карасика, И.А. Стернина. – М.: Гнозис, 2007. – 165 с .

6. Солохина А.С. Номинативное и ассоциативное в структуре концепта «свобода» (на материале русского и английского языков) // Аксиологическая лингвистика: проблемы изучения культурных концептов и этносознания. – Волгоград: Колледж, 2002. – 157 с.

7**.** Воробьев Г.Г. Американский характер: Этика – мораль – закон // Американский характер: очерки культуры США. – М., 1995. – 277 с.

Резюме

В статье дается сравнение лексическим и семантическим особенностям концептов «Еркіндік», «Свобода» и ««Freedom». Концепт «Freedom», которая является актуальной темой, рассматривается с разной точки зрения. Исследование национальной концептосферы в этом случае является одним из способов выяснить уникальность и универсальность разных культур.

Рассматриваются концепты «Freedom», «Liberty», «Еркіндік» и «Свобода» в американской, казахской и русской лингвокультурах с целью выявления специфики образов сознания носителей обеих культур. Анализ проводится с учетом результатов ассоциативного эксперимента.

Summary

This article deals with the comparison of lexical and semantical peculiarities of concepts «Еркіндік», «Свобода» and «Freedom». The concept «Freedom» which is defined as a significant theme is considered in a different way.

The research of the national sphere of concepts in this case is considered to be one of the ways to define uniqueness and universality of different cultures. The article considers the concepts «Freedom», «Liberty», «Еркіндік» and «Свобода» in the American, Kazakh and Russian linguocultures. It aims at revealing specific characteristics of these ideas in the consciousness of the representatives of the two cultures. The analysis is made on the basis of the association experiment results.

УДК 37.034:372.8:355.233/.237

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ВОСПИТАНИЯ НРАВСТВЕННЫХ КАЧЕСТВ У СТУДЕНТОВ, ОБУЧАЮЩИХСЯ ПО ПРОГРАММЕ ВОЕННОЙ ПОДГОТОВКИ

А.М. КИМ, В.В. МОЩЕЕВ, А.В. КИМ,
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

В Республике Казахстан по программе военной подготовки обучаются студенты военных кафедр и студенты специальности «Начальная военная подготовка» (далее курсанты). Развитие системы подготовки молодежи по программе офицеров запаса (на военных кафедрах) и бакалавров начальной военной подготовки (далее вузовская военная подготовка), в которой выявляются индивидуально зна-

чимые особенности личности, важный резерв повышения качества подготовки будущих защитников Отечества.

Необходимость исследования проблем воспитания молодежи, проходящих военное обучение, обоснована в трудах Н.И. Алпатова, И.П. Савченко, И.А. Уварова и др.

Однако изучение литературы по данной проблеме показало, что воспитанию нравственных представлений у будущих офицеров не уделяется должного внимания. Анализ научной литературы позволил выявить следующие противоречия:

– между современной отечественной моделью образования, провозглашающей гуманистические ценности личности, и объективно существующей на военных кафедрах вузов модели авторитарной педагогики;

– между сложившейся в отечественной истории системой представлений о воинской чести и достоинстве и недооценкой этого феномена в связи со сменой парадигмы общественного развития;

– между необходимостью актуализации процесса нравственного воспитания молодежи и существующим кризисом общества, в том числе и в нравственной сфере.

Особенности нравственного воспитания курсантов связаны с ориентацией на военную профессию и во многом определяются спецификой этики военнослужащего.

Студенческий возраст предоставляет наилучшие возможности для интенсивного созревания нравственной личности. Это пора исканий, жизненных выборов, самопознания, утверждения идеалов. Курсантов характеризует твердое решение осуществлять свое духовное и физическое саморазвитие, определить жизненные цели и средства их достижения, стремиться к самоанализу, самостоятельному критическому мышлению и нравственной оценке своих поступков и явлений общественной жизни.

Специфика воспитания нравственных представлений у юношей обусловлена определенной внутренней дисгармонией и противоречивостью в поведении. Это проявляется, с одной стороны, в глубоком понимании общественного долга, чести, демонстрации образцов дисциплинированности, а с другой стороны, в нарушении элементарных норм человеческого общежития, демонстрации безответственности, социальной незрелости, чрезмерном стремлении к самоутверждению [1].

Нравственные возможности личности и их реализация в различных видах деятельности отражаются в критериях и показателях. В качестве критериев формирования нравственных понятий выступают:

а) мировоззренческий, характеризующий уровень развития нравственного сознания курсантов;

б) мотивационно-целевой, отражающий мотивационную сторону нравственных поступков и действий курсантов, направленность их интересов и потребностей;

в) практически-результативный, отражающийся в поступках не только в учебном процессе, но и во внешних действиях и поступках.

Модель воспитания нравственных качеств у курсантов в системе военной подготовки включает цель и задачи (обеспечение понимания и усвоения курсантами ценностей; правил взаимодействия в коллективе; формирование установок, соответствующих социальным требованиям к поведению мужчины; стимулирование саморазвития), соответствующие каждому этапу воспитания.

В модели обозначены формы (беседы, лекции, семинары, дискуссии), методы (методы проблемного разрешения ситуаций, положительный пример, убеждение, включение в коллективную деятельность, анализ результатов деятельности,) и средства воспитания (решение задач нравственного выбора, результатом которого является осознание собственного выбора, педагогическое взаимодействие), обеспечивающие эффективность воспитательного процесса.

Совокупность педагогических условий, повышающих эффективность процесса воспитания молодежи в системе вузовской военной подготовки, включает:

– сплочение коллектива курсантов;

– поддержание и развитие традиций «курсантского братства»;

– опору на субъективный опыт курсантов;

– организацию активной деятельности курсантов;

– гражданскую позицию, педагогическую поддержку и личный пример педагога, офицера.

Воинская честь характеризуется, прежде всего, верностью присяге, войсковым товариществом и взаимопомощью, бескорыстием, требовательностью к подчиненным, сочетаемой с уважением их личного достоинства, бережным отношением к традициям, гуманным отношением к гражданскому населению, верностью данному слову, умением вести себя в обществе.

Следует отметить, что основу воинской чести должна составлять общечеловеческая честь, присущая каждому человеку как личности. Однако среда, в которой обучаются курсанты, вырабатывает свою, корпоративную, честь, которая рассматривается, во-первых, как одна из целей воспитания; во-вторых, как один из факторов развития будущего офицера, как средство его нравственного воспитания.

Нравственное воспитание в кадетских корпусах и военных гимназиях дореволюционной России было направлено главным образом на формирование у воспитанников общечеловеческих ценностей. В военных академиях, военных и юнкерских училищах основной целью нравственного воспитания было дальнейшее укрепление и развитие у обучаемых общечеловеческих нравственных ценностей, формирование патриотических качеств личности. Нравственное развитие личности воспитанника было одной из главных задач военно-учебных заведений России [2].

Таким образом, воспитание нравственных качеств у курсантов должно быть ориентировано на достижение как сугубо практических целей повседневного поведения будущих офицеров, так и перспективных целей нравственного развития личности. Реализация перспективных целей является движением к нравственному идеалу, содержащему в себе общепринятые нравственные ценности данного общества и военной среды.

Важнейшим требованием нравственного воспитания должно являться требование ведения индивидуальной воспитательной работы. При выборе воспитательных средств и способов их применения должны учитываться индивидуальные особенности личности [3].

Цели, задачи, содержание, общие требования к системе нравственного воспитания, как показывают исследования, определяют и круг воспитательных средств, которые могут быть использованы для подготовки будущих офицеров. Эти воспитательные средства можно представить в виде нескольких групп: внешние воспитательные средства, воспитательные средства, предусмотренные законами и уставами, внутренние воспитательные средства [4].

Воспитательные средства включают личное воздействие и личный пример командира (педагога), воздействие внешней среды. Личное воздействие командира (педагога) на личный состав, как воспитательное средство, должно выражаться, прежде всего, в руководстве курсантами, в его советах и напоминаниях.

Нравственное воспитание молодежи в системе вузовской военной подготовки – это целенаправленный процесс развития нравственных убеждений, нравственных качеств и чувств, устойчивых и привычных норм поведения, соответствующих социальным требованиям к поведению мужчины [5].

Содержание нравственного воспитания курсантов включает такие направления, как:

– осмысление нравственных понятий;

– развитие уважительного отношения к традициям и ритуалам вуза;

– поддержание связей с ветеранами, а также с представителями воинских частей;

– оказание различной гуманитарной помощи и др.

Нравственное воспитание характеризуется двусторонностью, длительностью, непрерывностью, активностью курсантов, что выражается в развитии нравственных убеждений, нравственных качеств и чувств, устойчивых норм поведения, основанных на традициях воинского братства и служения Отечеству.

В разрабатываемой модели воспитания нравственных качеств у курсантов обосновывается система форм, методов, средств и условий воспитания данных качеств у молодежи в системе вузовской военной подготовки в процессе внеучебной деятельности, которая складывается из содержания выделенных нравственных проблем, методических приемов постановки воспитанников в активную позицию при проведении мероприятий, организации обмена нравственными ценностями, положительного влияния преподавателей и офицеров и их личного примера.

Результаты воспитания нравственных качеств молодежи в системе вузовской военной подготовки находят свое отражение в конкретных действиях и поступках: проявление интереса к учебе, добросовестное отношение к выполнению своих обязанностей, личностные качества курсантов как будущих офицеров [6].

Табиғатты, жерді, суды, төрт түлік малды аялауды балаға дүниеге келген күннен бастап үйретіп, жас сәбидің құлағына сіңіре білген. Бесік жырынан басталатын ананың әлдиін тыңдап өскен жас ұрпақ көзін ашқаннан табиғатқа талпынып өседі. Анасының «ботам», «құлыным», «қошақаным» деген төрт түлік төлдерінің атаулары сүйіспеншілікпен, нәзіктікпен баланың құлағына сіңді, ана сүті арқылы берілуі әсер етпей қоймайды. Қазақ халқының туған жерінің табиғаты мен табиғи байлықтарын көшіп-қонып жүріп-ақ сақтағанын, жердің тозып кетпеуін, өз жерін, малын қадірлеп келгенін құрметпен түсіндіріп айтып отыру керек. Халықтың тәлім-тәрбие тарихи жинақталған мол тәжірибелер болғандықтан, оны бала тәрбиесіне қолдану ұлттық нәр берумен қатар, халықтың өзіндік ізгі қасиеттері мен мінездерін де айқындайды.

Ғасырлар бойы қазақ халқының санасында белгілі бір ұғым, наным, әдет-ғұрып қалыптасқан. Жер мен суға, отқа, көкке табыну, ырым-тыйым, тасаттық беру, көкке жалбарыну. Бұл жерде халқымыздың туған табиғатының құдіретіне ғана түсініп қоймай, оның сұлулығын сезе білгенін аңғарамыз. Қазақ халқы табиғатқа табына отырып, оны аялай білген, оны өздерінің өміріне қорғаушы ретінде ардақтағанына күмән келтіруге болмайды.

Көне заманда философия ғылымынан хабары болмағанда ата-бабаларымыз табиғат пен адамның біртұтас бөлінбейтін дүние екенін түсінген. Сондықтан халқымыз жаңа шыққан көк шөпті, қылтиып шығып келе жатқан гүлдерді жұлмаған. «Көкті жұлма, көктей соласын» деп ескертіп отырған. Қазақ жас қыздарды желкілдеп өсіп келе жатқан қызғалдаққа теңейді. Қыздардың күлкісін сылдырап аққан бұлақ дауысына ұқсатады немесе халқымызда «Суға түкірме» деген тыйым бар. Тіпті қайта жаңғырған жыл басы Наурыз мейрамымыз күн мен түннің, ыстық пен суықтың теңеліп, жер жылып, өсімдік әлемі қайта түлейтін табиғаттың сұлу кезеңі ретінде тойланады. Сондықтан халқымыз «Күн жаманы кетер, адам жаманы кетпес» деген. Өкінішке орай, жас ұрпақ тәрбиесінде олардың табиғатты аялау, оны жанды рахатқа бөлейтін күш екенін жиі ұмытатыны белгілі. Соның салдарынан оқушылар табиғаттың адам өміріне жан-жақты әсер ететін ұлы күш екенін, оның сұлулығын қорғау қажеттігін түсіне бермейді.

Халықтың тәлім-тәрбиесі жинақталған мол тәжірибелер болғандықтан, оны бала тәрбиесіне қолдану ұлттық нәр берумен қатар, халықтың ізгі қасиеттері мен мінездерін де айқындайды. «Дала көшпенділерінің поэзия мен шынайы сезімге бейім болуына, өмір бойы табиғат құшағында жүруі, жасыл дала, ашық мөлдір аспан, көші-қон жағдайы әсер етпесіне кім кепіл?» деп Ш. Уәлихановтың тұжырым жасағанындай, халқымыздың бойындағы дарындылық, адамгершілік, кеңпейілділік, қонақжайлылық пен ақжарқын ізгі қасиеттердің қалыптасуына кең даламыз бен әсем табиғатымыздың әсері мол деуге болады [3, 9]. Адам баласы дүниеге келген күнінен бастап табиғат аясында болып, өмір сүруін тоқтатқанда да жер қойнына баратынын ата-бабамыз терең мағынада түсіндіре білген.

Ертедегі табиғат жайындағы нақыл сөздер мен өсиеттер жырау мен ақындар жырларындағы ойлы пікірлер қалыптастыруға өте құнды құрал болып табылады. Сондай-ақ ертеден қалған «Бұлақ көзін аша жүр, ізінді қалдыр – жақсы істеп мұра шаша жүр, өзіңді қалдыр – бақша өсіріп, жаса нұр» деген өсиетінде зор мағына жатқанын көреміз.

Әрбір дүниеге келген адам өзіне рухани және материалдық байлық сыйлаған туған табиғатты аялап, күтіп-баптау қасиетті борыш, азаматтық парызы екенін естен шығармауы қажет.

Әдебиеттер:
1. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: ҚКӘБ,1958. – 225 б.
2. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы: Санат, 1998.
3. Тәжібаева С.Г., Нұғманова Х.Е. Отбасы тәрбиесінде оқушының ұлттық келбетін қалыптастыру. – Алматы, 2011.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы защиты природы в казахской народной педагогике, которые отражены в обычаях и традициях, пословицах и поговорках, словах – запретах.

Summary

This article deals with the problems of nature protection in Kazakh national pedagogic which are given in the customs and traditions, proverbs, prohibition – words.

УДК 808.2:371.315

РОЛЕВАЯ ИГРА КАК НЕТРАДИЦИОННАЯ ФОРМА ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ КАЗАХСКОГО ОТДЕЛЕНИЯ НА ЗАНЯТИЯХ ПО КУРСУ «ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ РУССКИЙ ЯЗЫК»

Л.Н. ОРЛОВА,
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Активизация мыслительной деятельности студентов на занятиях профессионального русского языка – одна из самых актуальных проблем методики русского языка. Говоря о необходимости дальнейшего серьезного совершенствования всей общеобразовательной системы, Президент страны Н.А. Назарбаев отметил: «В современных условиях, когда объем необходимых для человека знаний резко и быстро возрастает, уже невозможно делать главную ставку на усвоение определенной суммы фактов. Важно прививать умение самостоятельно пополнять свои знания, ориентироваться в стремительном потоке научной и политической информации. Что здесь требуется? Видимо, и улучшение подготовки преподавателей, и приведение самих методов обучения в соответствие с требованиями жизни, и обеспечение учебными пособиями, наглядными, электронными, интерактивными…»

Необходимо научить студентов подготовиться к самообразованию, к самостоятельному овладению знаниями, чтобы воспитать творцов и созидателей современного общества «нового формата».

Ролевая игра – методический прием, воспроизведение действий и отношений других людей или персонажей какой-либо истории, как реальной, так и выдуманной. Примерами ролевых игр являются такие игры, как «Дочки-матери», «В магазине», «Игра в школу», «На улице», «В банке», «На собрании» и др. Ролевая игра – способ обогащения чувств и накопления опыта, развития воображения, преодоления страхов и развития коммуникативных навыков.

Идентифицируя себя с каким-либо персонажем, человек может не только отработать какой-то навык, но и снять эмоциональное напряжение (например, учащийся, сходивший в цирк, скорее всего, некоторое время после этого будет играть в цирк, чтобы взволновавшее его впечатление превратилось в приятное воспоминание). Несмотря на осознание вымышленности роли, приобретаемый эмоциональный опыт вполне реален. За счет этого ролевые игры эффективны в психотерапии.

Ролевые игры развивают такие коммуникативные навыки, как ролевое, деловое и дружеское общение.

Ролевое общение – это общение людей как носителей определенных социальных ролей (мать и ребенок, подчиненный и начальник, ученик и учитель, возлюбленные). Это общение строится по определенным нормам, определяемым обществом, используется для упрощения общения и облегчения достижения целей каждого из участников ролевого общения. Проигрывая различные ситуации в ролевой игре, человек увереннее чувствует себя в реальном ролевом общении.

Теории, относящиеся к ролевым играм – психодрама Я. Морено, терапия фиксированной роли Дж.А. Келли и репетирование поведения (Дж. Вольп и А. Лазарус).

В теории и на практике лингвистический принцип в качестве ведущего принципа обучения русскому языку как иностранному давно уступил место коммуникативному. Целью обучения студентов казахского отделения в вузе является формирование у них коммуникативной компетенции, то есть набора и реализации программ речевого поведения в зависимости от способности человека ориентироваться в обстановке общения.

Особенность обучения русскому языку как иностранному состоит в его ориентации на культуру речи и развитие профессиональной терминологии.

Ролевые игры можно классифицировать по следующим признакам:

а) по функционально-целевому назначению;

б) по времени проведения;

в) по структурно-композиционному построению.

По первому признаку бывают игры диагностические и контрольные.

По второму признаку – от нескольких минут до часа.

По третьему бывают «опережающие» запрограммированные и «спонтанные» адаптированные.

В чем же специфика ролевой игры? Во-первых, выбирается и характеризуется речевая ситуация, в рамках которой будет проходить игра; во-вторых, определяются роли для участников игры (телеведущий и гость студии, ведущий передачи «Сельский час», «Эконовости», «Казахстан – Кызылорда», учитель – ученик, «Прогноз погоды», ведение экскурса с новостями местного значения); в-третьих, определяются цели для каждого участника в целом, наконец, сохраняется соревновательный характер действия.

Основные этапы подготовки и проведения ролевой игры следующие:

1. Подготовительный этап: подготовка преподавателя к игре (определение цели, правил и регламента игры), подготовка и самоподготовка студентов к игре, подготовка дидактического, методического и технического обеспечения игры), определение готовности студентов к игре, предварительное формирование игровых групп.

2. Введение в игру: ознакомление участников игры с темой, предъявление информации преподавателем, проведение установки на игру, предъявление сценария и правил игры, формирование игровых групп, распределение ролевых обязанностей, выдача задания на игру, обеспечение дидактическими, методическими и техническими материалами.

3. Собственно игровой этап: обсуждение полученного задания в группах, консультации ведущего игру, выполнение игровых ролей участниками игры, коммуникативное взаимодействие игроков в игровой группе, организация в группе коллективной мыследеятельности, обсуждение вариантов решения задания, принятие оптимального решения по заданию, определение докладчика от игровой группы, подготовка наглядности, выступление, ответы на вопросы, межгрупповая дискуссия участников игры.

4. Заключительный этап: рефлексия участников игры, рефлексия ведущего игры, определение победителей игры, подведение итогов ведущим.

5. Постигровой этап: анализ содержательной и процессуальной сторон ролевой игры, анализ и оценка результатов ролевой игры.

В текстовые материалы должны входить:

а) информация о проблеме, вынесенной в дискуссию,

б) образцы устной полемической речи,

в) использование теле- и радиосюжетов.

Лингвистический комментарий представляет собой:

а) лексико-грамматические сведения и правила,

б) упражнения и задания, устраняющие формальные трудности при чтении и воспроизведении текстов.

Речевое обеспечение игры содержит:

а) перечень речевых действий, обслуживающих различные стадии игры;

б) правила соединения речевых действий в цепь связного монологического высказывания;

в) задания и упражнения, мотивирующие общение участников игры.

Создание пакета подобных материалов является особенностью подготовки дидактической игры для иностранных студентов, так как они находятся в условиях иноязычного общения, во-первых, и играют на уроках русского языка с целью совершенствования навыков профессионального общения, во-вторых, что требует тщательной подготовки речевых материалов.

Еще одной положительной особенностью ролевой игры для иностранных студентов на занятиях по русскому языку является то, что подготовка к игре активизирует самостоятельную работу студентов, в которую целесообразно включать задания, стимулирующие самостоятельную подготовку к дидактической игре не только по усвоению новой лексики, но и по моделированию определенных типов устной научной речи, а также по подбору необходимых информационных материалов.

Много было разработано игр. Сделаем краткое описание одной из них, ролевой игры «Радио-А», тема которой «Роль и значение спорта в социально-культурной сфере общества». Выбор темы был обусловлен необходимостью введения иностранных студентов в язык специальности и активизации речевых навыков в сфере будущей специальности. Данная тема позволяла также применить в «реальной» речевой деятельности, полученные на занятиях знания, приобретенные навыки и умения.

Игровая цель данной игры состояла в создании радиопередачи, посвященной новостям о спорте. Конфликтная ситуация, возникшая в радиокомпании в связи с падением рейтинга радиопередачи, требует от сотрудников мобилизации всех сил на создание новой, более актуальной и интересной передачи, посвященной проблемам спорта и пропаганде здорового образа жизни.

Учебная цель игры заключалась в совершенствовании коммуникативных навыков и умений диалогового общения, ведения дискуссии, а также в активизации спортивной лексики в речи студентов.

В процессе подготовки к игре можно выделить 3 стадии деятельности, которые в зависимости от уровня подготовленности группы занимают от 24 до 36 часов. Сама игра рассчитана на 4 часа учебного времени, и результатом ее должна стать записанная на магнитофон 15-20-тиминутная радиопередача. После игры радиопередача и сам ход игры обсуждаются участниками и преподавателям, анализируются ошибки, вырабатываются практические рекомендации, выслушиваются пожелания и самооценка участников.

На первой стадии работы на занятиях по подготовке к игре вырабатывались и развивались навыки ролевого поведения и навыки диалоговой речи. Формами работы были диалоги, ситуативно-ролевые задания, игры-соревнования, игра «Эстафета».

На второй стадии группа знакомилась с проблемами спорта на современном этапе. Основной формой работы являлась работа с текстом. Система упражнений этого раздела направлена на обучение оперировать текстом (сворачивание, разворачивание, трансформация), извлекать из текста необходимую информацию и использовать ее для продуцирования собственного высказывания (беседа на темы, анализируемые в текстах: история спорта, связь спорта с другими областями культуры – наукой, техникой, экономикой, медициной и др.).

Третья стадия подготовки заключалась в проигрывании основных моментов сценария. Как уже было сказано, учащиеся действуют в обстановке иноязычного общения, поэтому весьма актуальной становится работа с полилогом, так как полилог – основная форма коммуникации в области дискуссии.

Исходя из слов известного педагога Е.Н. Ильина «Игра для детей – естественная потребность», именно поэтому во время проведения ролевых игр учащиеся ведут себя свободно, раскованно, не боятся ошибок. Их интересует сам учебный процесс.

Участие в игре снимает психологическое напряжение, учащийся ощущает равноправие с другими участниками игры, в том числе с учителем. В игре определяется сотрудничество, отстаивается мнение, пусть даже оригинальное или парадоксальное.

Литература:

1. Артамонова И.М., Белых А.Я. Общение в деловой игре как фактор открытия резервных возможностей учащихся и активизация взаимосвязанного обучения видам речевой деятельности / Русский язык и литература в общении народов мира: проблемы функционирования и преподавания. Тезисы докладов и сообщений (секции 1 – 3). – М.: Русский язык, 1990.

2. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989.

3. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. – М.: Высшая школа, 1991.

4. Вятютнев М.Н. Коммуникативная направленность обучения русскому языку в зарубежных школах / Научные основы и практика преподавания русского языка и литературы. Доклады советской делегации 3 Международного конгресса преподавателей русского языка и литературы // Варшава, 23-28 августа 1976 г. – М.: Институт русского языка имени А.С. Пушкина, 1976.

5. Напольнова Т.В. Активизация мыслительной деятельности учащихся на уроках русского языка. – М.: Знание, 1983.

6. Хозяинов Г.И. Педагогическое мастерство преподавателя. – М.: Высшая школа, 1988.

7. Шмаков С.А. Игры в слова и со словами. – М.: Астрель, 2000.

Түйіндеме

Мақалада орыс тілі сабақтарындағы студенттердің ойлау қызметінің белсенділігіндегі рөлді ойындардың маңызы, командада жұмыс істейтін және әріптестіктің элементі туралы сөз болады.

Мақалада «Кәсіби орыс тілі» курсы бойынша сабақтағы рөлді ойындар туралы көкейкесті сұрақтар қаралады.

Summary

The role of role playing in enhancing cognitive activity of students at Russian lessons. The game – a form of knowledge of the world, a remarkable development of personality traits such as independent thinking and creativity. Game – a wonderful stimulant mental activity of students, developing attention and cognitive interest in the subject, one of the ways to overcome the passivity of students, the element of cooperation, partnership and teamwork.

ӘОЖ 800.879: 008

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ МЕН ЭТНОЛИНГВИСТИКА ПӘНДЕРІНІҢ АРАҚАТЫНАСЫ

Ф.Ә. ОСПАНОВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны – қайсыбір этнос болмысындағы белгілі бір халық жайындағы мәдени ақпараттарды жеткізуші тіл, ұлттық, материалдық, рухани мәдениет және адамзат

арасындағы өзара байланыс, қарым-қатынас болып табылады. Ол этнолингвистика, әлеуметтік лингвистика, т.б. пәндерімен сабақтас. Дегенмен, лингвомәдениеттануды этнолингвистика пәнінің бір бөлігі ретінде қарағанымызбен, екеуі екі бөлек ғылым салалары болып табылады. Ал дүние жүзіндегі ғылымдармен, оның ішінде тіл білімі салаларымен салыстырғанда, этнолингвистика – теориялық, анықталған тұстарынан гөрі, күңгірт жағы басымдау түсетін ғылыми бағыттардың бірі. Зерттеу нысаны ортақ, яғни «тіл мен мәдениет», олардың өзара байланысы, бір-біріне ықпалды болып табылатын зерттеудегі әдіс-тәсілдері, теориялық қағидалары мен негіздері көп жағдайда ұқсас болып келетін этнолингвистика мен лингвомәдениеттану салаларының ара-жігі әлі де болса айқын ажыратылмауы, дәлелден гөрі болжамның көбірек айтылуының өзі осы пікіріміздің айғағы деуге болады.

Әлеуметтік лингвистика, психолингвистика, статолингвистика, паралингвистика сияқты этнолингвистика да – «этностаным мен тілтаным» ғылымдарының ортақ мәселесі шеңберінде, түйісу нәтижесінде пайда болған жаңа сала. Оның теориялық негізі Еуропада неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдт еңбектерінен бастау алып, Америкада Ф. Боас, Э. Сепир, Д. Уорф; Ресейде Д.К. Зеленин, Н.И. Толстой, Е.Ф. Карский, А.А. Шахматов, А.А. Потебня, А.Н. Афанасьева, А.И. Соболева, т.б. ғалымдардың еңбектерінде, ал қазақ тіл білімінде Ә.Т. Қайдар, М.М. Копыленко, Е. Жанпейісов, Р.С. Сыздық, Ж.А. Манкеева, Г.Н. Смағұлова, т.б. сияқты ғалымдардың еңбектерінен өз жалғасын тапты. Сондай-ақ оның негізін салушылардың бірі – Н.И. Толстой этнолингвистика мен оның тіл және этносты зерттеудегі рөлі туралы айта келіп: «Этнолингвистикалық сипаттағы еңбектердің негізі – тіл мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде әрі мәдениеттің жалпы құбылыстары арқылы сипатталуы мүмкін екендігі және сипатталуы болып отыр» [1, 196], – деген пікір айтады.

Қазақ тіл білімі үшін этнолингвистика – қазіргі таңда зерттеуді қажет ететін ғылым саласы. Тіл арқылы мәдениеттану аспектілері қазақ тіл білімінде үстіміздегі ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап ғылыми тұрғыдан дәлелдене бастады. Қазақ тіл білімінде мұндай мәселелердің зерттеу аясының кеңейіп, толыға бастауы осы салада өзіндік бағыты, мектебі қалыптасқан Ә.Т. Қайдардың есімімен байланысты. Этнолингвистика – этнос пен оның тілінің байланысын зерттеуден туындаған ғылым саласы. «Бұл, – дейді академик Ә.Т. Қайдар, – этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты саналы түрде сарапқа салып мойындау, этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды деген қағиданы нақтылы зерттеуге өзек ету деген сөз». Сонымен қатар Ә.Т. Қайдар этнос», «тіл» деген ауқымды, кең ұғымдарды нақтылап, «этнос болмысы, тіл әлемі» деген термин ұғымдарды қолдануды ұсынады [2, 195]. Негізінен, этнолингвистика – XIX-XX ғасыр аралығында Америка үндістерінің тіл ерекшеліктерін зерттеуден келіп шыққан ғылым саласы. Тіл білімі сөздігінде «Этнолингвистика (гректің «ethnos» – халық, тайпа және лингвистика) – тілді мәдениетпен, тілдік, этномәдени және этнопсихологиялық факторлармен байланыстыра қарастыратын тіл білімінің бағыты» [4] деп көрсетіледі. Кең мағынада, этнолингвистика – мәдениетті, халық психологиясын, мифологияны тіл арқылы зерттейтін кешенді пән. Оның нысанына тіл мен мәдениеттің арақатынасы шеңберінде болатын түсініктерді (мағыналарды) анықтау, тілдік белгілер жүйесі деп танудан туындайтын мәселелерді шешу және т.б. мәселелер кіреді. Оның төңірегінде екі маңызды бағыт қалыптасты. Біріншісі – Р.А. Агеева, С.Б. Бернштейн, В.В. Иванова, Т.В. Гамкрелидзе сынды ғалымдар қолдаған тілді этникалық жағынан қарастыру бағыты болса, екіншісі В.В. Иванов, В.Н. Топоров, Т.В. Цивьян, Т.М. Судник, Н.И. Толстой, оның мектебі ұстанған этностың материалдық және рухани мәдениетін қалыптастыру бағыты.

Н.И. Толстойдың көзқарасы бойынша, этнолингвистика – тарихи ретроспектива, яғни халықтық рәсімдердің дүниедегі тілдік көрінісін ашу. «Этнолингвистика, – дейді ол, – тіл білімі мен этнологияның жәй ғана қоспасы емес. Тіл білімінің тіл мен рухани мәдениет арасындағы байланысты, тіл мен халықтық менталитет, тіл мен халық творчествосы арасындағы қатынасты, олардың өзара байланысынан туындаған хабарлардың әр түрін қарастыруға бағытталған тіл білімінің саласы» [1, 306].

Ә.Т. Қайдар: «Этнолингвистика – этностың (одан ұлыс, халық, ұлт) инсандық болмысынан туындап, санасында сараланып, тарихи жадында сақталып, тіл арқылы ғасырлар бойы қалыптасып, қорланып, рухани мәдени мұра ретінде атадан балаға, әулеттен нәсілге үзілмей ауысып келе жатқан дәстүрлі

мирасты жаңғыртып, жан-жақты зерттеп, танымдық мәнін ашып, болашақ ұрпаққа ұсыну мақсатына байланысты дүниеге келген тіл білімінің құнарлы саласы» [4, 475], – деп кешенді анықтама береді. Бұл саланың ерекшелігіне әрі қарай: «Ана тіліміздің ұшан-теңіз байлығын, ғасырлар бойы толассыз толығып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, мұра болып келе жатқан асыл қазынасын мүмкіндігінше толық меңгеріп, ел игілігіне айналдыруды мақсат ететін салалардың бірі осы этнолингвистика болу керек» [4, 18], – деп өз ойын одан әрі жалғастырады. Ғалым бұл саланың ерекшелігін нақты айтып кетеді. Демек, этнолингвистика қазіргі тілдік материалдарды тарихи тұрғыдан қарастырса, лингвомәдениеттану тілдік деректерді өткен күн тұрғысынан да, қазіргі уақыт межесінен де рухани мәдениет негізінде зерттейді. Бұл жөнінде ғалымдардың әр түрлі көзқарастары бар. В.Н. Телия лингвомәдениеттануды: «Тіл мен мәдениет байланысын синхронды тұрғыдан қарастырып, ол халық менталитетінен хабардар ететін тілдік бірліктердің қарым-қатынаспен байланысын зерттейді» [5, 21], – деп түсінсе, В.А. Маслова: «Этнолингвистика белгілі бір материалдық және тарихи мәдени кешендермен байланысты тілдік бірліктерді зерттейді», – дейді. Сонымен қатар лингвомәдениеттану ғылымының да өз алдына мақсат-міндеттері бар екендігін, ол «тарихи» да, қазіргі заманның да тілдік айғақтарын рухани мәдениет арқылы қарастыратынын да атап өтеді [6, 11]. Бұдан шығатын қорытынды, этнолингвистика халықтардың генетикалық туыстығын, биллингвизм мәселелерін, тіл дамуындағы әлеуметтік мәдени факторлардың ықпалын, этникалық рухани мәдениет жүйесін қарастырады деп түйіндеуге болады. Оның лингвомәдениеттанудан өзгешелігі – ретроспективтілігінде, яғни өткенді шолуға, халықтардың ата-тегін, тайпа тілін зерттеуге негізделген. Екеуін салыстыра отырып қараған мәселелерді ғалым В.И. Тхориктің пікірімен дәлелдеуге болады: «По сравнению с лингвокультурологией, которой свойственна проспективность, этнолингвистика, образно говоря, имеет характер ретроспективный, поскольку нацелена больше на изучение языка племен, диалектов, пракультуры» [7, 66].

Лингвомәдениеттану мен этнолингвистика тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеу бағытындағы ғылым салалары болғанымен, өзіндік ұқсастықтары мен ерекшеліктері де бар. Ол айырым белгілері мыналар болып табылады:

– этнолингвистика – этностаным мен тілтаным ғылымдарының түйісуінен туындаған сала;

– этнолингвистика мәдениеттің материалдық жағына көбірек мән берсе, лингвомәдениеттану мәдениеттің рухани жақтарына көбірек көңіл бөледі;

– этнолингвистика жеке бір этностың этномәдени жағын қарастырса, лингвомәдениеттану салыстырмалы-салғастырмалы түрде зерттеуге ойысады;

– этнолингвистика белгілі бір материалдық және тарихи мәдени кешендермен байланысты тілдік бірліктерді зерттесе, лингвомәдениеттанудың өзіндік мақсат-міндеттері айқын, қазіргі заманның да тілдік айғақтарын рухани мәдениет арқылы қарастырады;

– лингвомәдениеттанудың басқа ғылым салаларынан өзгешілігі – кез келген нысанды зерттеуде тілдік және мәдени деректерді бірдей қарастыруы;

– лингвомәдениеттануға проспективтілік тән болса, этнолингвистика – ретроспективті, тайпа, халық тілдерін зерттеуге негізделген.

Өзара айырмашылықтары болғанмен, бұл екі пәннің ұқсас тұстары да бар:

– екі пәннің міндеті – тілде сақталып келген тілдік көріністердің түп төркінін айқындау болып табылады;

– екі пән де ұлттық тіл мен ұлттық мәдениеттің бір-біріне ықпалынан туындайды;

– екі пән де тілдік фактілерді тіл мен халық мәдениетіне байланыстыра отырып зерттеуді мақсат етеді.

Тіл, мәдениет және этнос байланысына XIX ғасырдың басында неміс ғалымдары ағайынды Гриммдер, кейіннен XIX ғ. 60-70 жылдары Ресейде Ф.И. Буслаев, А.Н. Афанасьев, А.А. Потебня сияқты ғалымдар зер салған болатын. Бұл идея сонау В. Гумбольдтан бастау алып, оның пікірі бойынша, «Тіл – халықтық рух, халықтық болмыс» деген ұғымдар қалыптасты.

XX ғасырдың II жартысында В.Н. Топоров, В.В. Иванов секілді белгілі ғалымдар бастауымен бірнеше ғылыми орталықтар қалыптасты. Атап айтқанда, Н.И. Толстойдың этнолингвистика мектебі, Ю.А. Сорокин, Н.В. Уфимцеваның этнопсихолингвистика мектебі, т.б. Олардың зерттеулерінде тіл – мәдениеттің табиғи субстраты, дүниені ментальді жүйеге келтіруші және этникалық дүниетанымды орнықтырушы құрал.

Лингвомәдениеттану тілдің мәдениеттегі көрінісін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы екендігі жоғарыда сараланған болатын. Атам заманнан бері қалыптасқан ұлт мәдениетінің тереңде жатқан ұлттық мәдени құндылықтарын көрсету лингвомәдени ғылыми зерттеулердің бірден-бір міндеті саналады.

XX ғасырдың аяқ шенінде Мәскеуде лингвомәдениеттанымдық мәселелермен шұғылданатын төрт арнаулы мектептің іргесі қаланды:

1. Әр дәуірге қатысты мәтіндердің мәдени мазмұнын тарихи аспектіде қарастыратын Ю.С. Степанов мектебі;

2. Әр түрлі уақыт кезеңіне қатысты халықаралық терминдерді лингвомәдени тұрғыдан зерттейтін Н.Д. Арутюнова мектебі;

3. Фразеологиялық бірліктерді лингвомәдениеттанымдық аспектіде қарастыратын В.Н. Телия мектебі;

4. В.В. Воробьев, В.М. Шаклеин, т.б. ғалымдарының Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров концепциясын дамытуға негізделген Ресей халықтар достығы университетінің лингвомәдениеттану мектебі.

Лингвомәдениеттанудың негізгі екі даму кезеңін атап көрсетуіміз тиіс. Бірінші кезең – В. Гумбольдт, А.А. Потебня, Э. Сепир, т.б. ғалымдардың идеяларының даму кезі, екінші кезең – лингвомәдениеттанудың өз алдына жеке сала ретінде қалыптасу кезеңі.

Бүгінгі уақытқа дейін лингвомәдениеттану пәнінің бірнеше бағыттары қалыптасты.

а) жеке әлеуметтік топтарда, этностарда;

ә) диахрониялық лингвомәдениеттану, яғни этностың белгілі бір уақыт ішіндегі лингвомәдени жағдайының өзгеруін зерттеу;

б) салыстырмалы лингвомәдениеттану, әр түрлі жеке этностар арасындағы лингвомәдениеттанымдық көріністі сипаттау;

в) салғастырмалы лингвомәдениеттану;

г) сөздіктер жасаудағы лингвомәдени лексикография.

Лингвомәдениеттану соңғы уақытта да қазақ тіл білімінде қарқынды бағытта дамуда. Айталық, А. Алдашева, А.Д. Сейсенова, Г.Н. Смағұлова, т.б. еңбектерінде бұл мәселелер кешенді зерттеледі.

Лингвомәдениеттанудың зерттеу құралы – тіл → мәдениет → адам үштігі арасындағы қарым-қатынастың мәдени мазмұнын зерттеу.

Лингвомәдениеттануда мәдени сема, мәдени фон, мәдени концепт, мәдени коннотация, т.б. сынды терминдер негізгі ұғымдар ретінде саналады. Бұл ұғымдардың мазмұны келесі тарауда сөз етіледі. Сондай-ақ бұл ғылым саласы ұлттық діл (менталитет), мәдениет аумағы, мәдениет түрлері, өркениет сияқты терминдерді қамтиды.

Лингвомәдени талданымның мақсаты – фразеологиялық бірліктердің шығу тегін емес, оларға түсініктеме бере отырып, жасалуындағы, қалыптасуындағы себептілік пен жағдаяттарын анықтау. Демек, бұл этимологиялық талданымнан бөлек дүние деген сөз. Лингвомәдени талдауда Н.Г. Брагина жалпы мәдени компонент әр түрлі тілдік деректерде көрініс таба алады, лингвомәдени тәсілде жанды және жансыз метафораға бөлу шарттылығы, лингвомәдени талданым этимологиялық талдаудан өзгеше, оның мақсаты тілдік бірліктердің шығу тегін емес, мәдени конструктылардың қалыптасу шартын анықтау сияқты позицияларды ұсынады. Сонымен бірге «Тілге лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан қарауда мәдениет трансляциясы (мәдени білімдер, анықтамалар бір ұрпақтан келесі ұрпаққа беріліп отырады), ұжымдық мәдени қайта туындату (мәдени білімдер, анықтамалар сөз нысаналары арқылы туындайды) және трансформация (мәдени білімдер, анықтамалар басқа дискурс түрі арқылы кіреді

және өзгереді) идеялары басым» деген мәдени құндылықтарды лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан жан-жақты қарастыруға болатынын көрсетеді.

Тілдік бірліктердің түп негізін айқындауда этимологиялық талданым қандай қажет болса, халықтың рухани және материалдық мәдениетінен хабардар ететін тілдік бірліктердегі ұлттық мәдени ақпарат көздерін ашуда, оларды жүйелеп талдауда лингвомәдени талданым сондай қажет екендігін айта кету қажет.

Лингвомәдениеттануда тіл мен мәдениет арақатынасын сипаттайтын тілдік бірлік – лингвомәденирема термині пайда болды. Бұл терминді алғаш ұсынған В.В. Воробьев болатын. Оның пікірінше: «Лингвомәденирема – лингвистикалық және экстралингвистикалық ұғымдардың диалектикалық бірлігі болып табылатын кешенді деңгейаралық бірлік» [8, 97]. Оған В.Н. Тхорик те мынадай ой айтады: «Лингвокультурема кешенді деңгейаралық бірлік ретінде лингвистикалық және экстралингвистикалық (ұжымдық және пәндік) мазмұнның диалектикалық бірлігі болып табылады. Бұл бірлік мәні бойынша, сөзге қарағанда «терең». Сөз референтпен қатысты, лингвокультурема оның мазмұнын ұғым ретінде (пәндер тобы) ашады» [7, 56].

Демек, ұлт тілі ұлттың тууымен бірге қалыптасып, оның пайда болуы мен өмір сүруінің алғышарты болып табылады. Халықтық эпостарда, аңыз-жырларда, өткен ғасырлардағы ақын-жыраулардың шығармаларында және басқа да дереккөздерде сақталған этноатаулар сияқты басқа да бірқатар тілдік бірліктерде де ұлттық мәдениеттен ақпарат беретін нышан болады. Бұндай нышан тілдік бірліктердің бірінде имплицитті түрде (жасырын, байқалмайтын), екіншісінде эксплицитті (ашық) түрде тілдегі кейбір тұлғалардың сыртқы нысанының өзі «ұлттық бітімді» ұлтқа, мәдениетке тән белгісі қолданысқа түскенде ғана айқындалады. Екі пән де тіл мен мәдениеттің өзара байланысының тілдегі бейнесін сипаттайды. Бұл үдерісті «тілдік және мәдени мазмұнды тұтастай құрылым, біртұтас тұлға ретінде кешенді тәсілдер жәрдемімен және де қазіргі заманның негізгі ағымдары мен мәдени ұстанымдарына сәйкес зерттейтін жинақталған біртұтас ғылым болып табылады» деп тұжырым жасаймыз.

Әдебиеттер:

1. Толстой Н.И. Этнолингвистика. – М., 1993.
2. Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.
3. Сүлейменова Э.Д. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998.
4. Қайдар Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985.
5. Телия В.Н. О специфике отображения мира психики и знания в языке // Лингвокультурологическая специфика сравнительных оборотов. – М., 1987.
6. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Academia, 2001.
7. Тхорик В.И. Языковая личность (лингвокультурологический аспект): Автореф. дисс. ... докт. филол. наук. – Краснодар: КубГУ, 2000.
8. Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и методы). – М.: Издательство Российского университета дружбы народов, 1997.

Резюме

В статье рассматриваются сходства и особенности лингвокультурологии и этнолингвистики. Анализируются место и виды двух предметов, как лингвокультурология и этнолингвистика, с научной точки зрения в лингвистике. Характеризуется образ двух предметов в языке.

Summary

The article deals with the functions of two subjects: linguaculturologies and ethnolinguistics. It is also analyzed similiarities and differences between two subjects. The role and functions of linguacultlrologies and ethnolinguistics in general linguistics are characterized in the article.

ӘОЖ 811.512.122

ЖАЗУШЫ Ә. ҚОҢЫРАТБАЕВ ПРОЗАСЫНЫҢ ТІЛІ

Ж. СӘДУАҚАСҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Біз кейінгі кезге дейін Әуелбек ағайдың ұстаздық қызметіне байланысты әдістемелік еңбектерімен, түркітану, соның ішінде қазақ әдебиетіне байланысты ғылыми еңбектерімен бірге Я.А. Коменскийдің «Ұлы дидактика» және «Қорқыт ата кітабына» байланысты аудармашылық қызметін ғана танып келген едік. Ал ол кісінің жазушылық, ақындық қырын, тіпті драматургиядан да хабары бар екенін жүз жылдығына қарсы шығарылған он томдық жинағынан білдік.

Сонау Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында жазылған әңгімелерінен бастап, кейінгі жылдарда жазылған аудармалары мен естеліктерінің қайсысы да Әуелбек ағамыздың өзі кезінде аралас, пікірлес болған қазақ зиялылары тәрізді жан-жақты болғандығын айқын көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, ғалымның зерттеуге тұрарлық қырлары баршылық екен. Соның бірі оның шығармаларын тілдік тұрғыдан зерттеу деп білеміз. Біз бұл қысқа мақаламызда ғалымның бірсыпыра әңгімелері мен «Қорқыт ата кітабының» аудармасы бойынша алдағы уақытта істелер үлкен істің алғышартын ғана жасап көрмекпіз.

Ә. Қоңыратбаевтың он томдығының сегізінші томына біршама әңгімелері топтастырылған. Олардың негізгі тақырыбына сол тұстағы қазақ кедей-жатақтарының өмірі мен олардың тұрмыс-тіршілігі, сүйгендеріне қосыла алмай малға сатылған қыздардың аянышты өмірі, кейбір қазақ зиялыларының ағартушылық қызметі, т.б. өзекті мәселелер арқау болған.

Әдетте, көркем шығарманың тілі дегенде, алдымен лексикалық байлықтың қолданылуы ескеріледі. Осы тұрғыдан алғанда, жазушының қай шығармасы да, қазақ тілінің терең тұнығынан сүзіліп алынған сөз маржанымен көмкеріле берілген.

Сөзіміз дәлеледі болу үшін «Жалшы күні» әңгімесінің бас жағынан Сыр бойның табиғатын суреттеген бір үзінді келтірейік: «Әдеттегідей биыл да Сыр бойына қар түспеді. Анда-санда сіркіреп өткен жаңбырдың жерді жібітуге шамасы да келмеген. Сондықтан жер бетіне тоң тұрмай, шаң-топырақпен айғыздалып қана қойған. Балкөгендегі құмды өзектің жағдайы да осы тектес. Жел үйірген құмдар балалар жасырынбақ ойнайтын жердей үйдім-үйдім боп төмпешік құрса, олардың ара-арасы асық ойнайтындай тап-тақыр. Батыс жақтағы Доңғал жары да биік көрінеді. Қызылқұмға кіреберіс есік болып саналатын бұл Доңғалдың ойдым-ойдым қамысы, ажырығы, орталығында қарабарқын, жыңғыл өскен кебірі, теріскейде шабыры, түстігінде құм шырпысы бар. Шөп жоқта бұлар ірі қара мен түйеге азық». Бұл шағын үзіндіні оқыған осы өңірдің тумасы болып саналатын кез келген азамат қай өңірде жүрсе де, туған жердің табиғатын бар шындығымен көз алдына келтірер еді. Өйткені бұл шындық сол азаматтың шыр етіп жерге түскеннен бергі естіп, құлағына сіңісті болған – ата-баба қалыптастырып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген сөздері арқылы берілген. Жазушының басты шеберлігі осы сөздерді орынды қиюластырып, ойын оқырманға дәл жеткізуінде.

Жазушы Ә. Қоңыратбаев прозасында тілдің лексикалық байлығының қай түрі кездеседі және оны қалай қолданған деген мәселеге келсек, оның барлығын бажайлап баяндау бір баяндаманың жүгінен әлдеқайда ауыр болады. Сондықтан кейбір мәселеге ғана тоқталамыз.

Жазушы шығармаларында біз үшін көне болып есептелетін архаизм және историзм сөздер молынан кездеседі. Бірсыпырасына ғана талдау жасап көрейік. Мысалы: *«Өткен жазда көк шықпағандықтан, жерде іскекке ілінер шөп тұқымы жоқ»* деген сөйлемде ***іскек*** сөзі берілген. Қазіргі тілімізде бұл сөз

қолданылмайды. Брақ осыған ұқсас (түбірлес десе де болады) ***істік*** сөзі бар. ***Істік*** – ұшы үшкір темір не ағаш, оған ет, балық, т.б. шаншып, отқа пісіріп жеуге болады. Ал ***іскек*** сөзі, сөйлем мазмұнына қарағанда, шөпке қатысты айтылып тұрғандықтан, сол тұста шөп жинау үшін айыр орнына қолданылған, мүмкін ағаштан жасалған айыр тәрізді құрал болуға тиіс.

Шығармаларда осыған ұқсас қазіргі кезде қолданыста жоқ немесе сирек қолданылатын талай сөздер молынан кездеседі. Мысалы: *жұт, шидем шекпен, дамбал, құрт тортасы, шом, малақай, сырмалы шекпен, сөлкебай, бақыр, мір (соңғы үш сөз ақша атаулары), шәйі, пүліш, мақпал (мата атаулары), қанталапай, қақшақұл, жүзік жасырмақ (ойын түрлері), жатақ, ояз, пәуеске, ұлық, итаршы, қалың мал, түтін пұл, бодау (жасалған қиянаттың ақысы мағынасында), тулақ, айылғыр (түйенің тартпасы), бесік құда, бел құда, төтен құда, т.б.* Осы сөздердің қай-қайсысы да халқымыздың тарихи дамуындағы белгілі бір тілдік қолданыстардың көрінісі, тіл тарихының жемісі. Осындай сөздердің талайы белгілі бір кезеңде қайта тіріліп, жаңа бір қолданыста өмірге қайта келуі әбден мүмкін. Оны егемендік алғаннан кейінгі кезде пайда болған жаңа сөздер дәлелдей алады. Сондықтан осындай сөздерді білу ұлтын, оның тілін сүйетін жас ұрпақтың парызы болуға тиіс.

Әуелбек ағаның шығармаларынан тағы бір үлгі аларлық тілдік ерекшелік – шешендік сөздердің, мақал-мәтелдердің қолданысы. «Түнгі оқ» әңгімесінде осы Сыр бойындағы болыстар мен би-шешендердің аттары аталып, солардың аузынан айтылды делінетін талай сөздер берілген. Соның бірі Әуекеңнің аузынан былай беріледі: «Ескінің көзі болған Досбол өзінің шешендігімен бүкіл Сыр бойына аты жайылған адам болатын. Тоқсанға келген шағында төсек тартып ұзақ жатты. Бір жолы оған Байсын, Нұржан, Саудағұл бастаған бір топ адам көңіл сұрай барады. Ас желініп, адамдар тарқауға қарағанда, Байсын:

– Уа, Досбол аға, ат жалын тартып мінгелі екі аяқтыға қызыл тілдің бәйгесін бермей, ұшқан құсты ауызбен ілдіңіз. Атағыңыз Қыр мен Сырға бірдей жетті. Енді, міне, сіз де кәрілік торына түсіп отырсыз. Қой жасындай ғана өміріңіз қалыпты. Сонда о дүниеге не деп бармақшысыз? – деп сауал қояды.

Өзінің жолы мен орнын білетін Досболға мына сөздер жақпай қалады. Байсын кім? Ал оның соңына ерген жарандары кім? Ауыздарын буған өгіздей тіл білмейтін жарамсақтар сол жарамсақтықпен кісі болғандар. Оның үстіне Байсын соқыр, Саудағұл таз, Нұржан пұшық болатын. Сөзге дархан, тапқыр Досбол мысқылға басып:

– Уа, Байсын шырақ, келгендеріңе Алла разы болсын! «Қаз жұлғанда семіреді» деген емес пе, өте қуанып қалдым. Шүкір, артым бар екен. «Қылышқа бергісіз ара бар, алаяққа шара бар» дейді қазақ. О дүниеге мені не деп барады дейсің? Баяғы әруақты ерлердің басына қонатын бақ құсы бұл күнде қара шыбынға айналды. Ол ұшып соқырдың көзіне, таздың басына, пұшықтың мұрнына қонды деп барсам керек, – дейді».

Осы бір үзіндіде жас ұрпақ үшін үлгі боларлық бірнеше тілдік ерекшеліктер бар. Бірі – би мен шешеннің ауызынан шықты деп есептелетін, жазушы қолданған тұрақты тіркестер. Мәселен, *ескінің көзі, ат жалын тартып міну, екі аяқтыға қызыл тілдің бәйгесін бермеу, ұшқан құсты ауызбен ілу, кәрілік торына түсу, қой жасындай өмірі қалу, ауызын буған өгіздей,* т.б. тіркестер – қазақтың би-шешендеріне тән ауыстырып, тұспалдап айтудың көрінісі. Екінші – шешеннің аузынан шыққан жауап сөз, көрегендік сөз, өйткені бақ пен тақтың нағыз иесін таппай адасып жүруі кез келген қоғамда болған, қазіргі біздің қоғамда да кездеседі десек, артық айтқандық емес. Үшіншісі – шешеннің аузынан айтылған екі мақал. «Қаз жұлғанда семіреді» ризашылығын, қанағатшылдығын білдірсе, «Қылышқа бергісіз ара бар, алаяққа шара бар» дегені – сендердей алаяқтарды тезге салатын қылыштан кем түспейтін тілім бар дегені болар. Шынында, ар-ұяты, намысы бар ер азамат жаңағыдай сөзден кейін тірі өлік болып, ел бетіне қарай алмаса керек.

Енді осылай талдап көрсетпесек те, шығармада кездесетін мақал-мәтелдердің біразын тізіп көрсетейік: *«Жақсыдан ат қалар, молдалардан хат қалар», «Жаңа байығаннан, жаңа кісі болғаннан сақтан», «Үлкен бақ – біреуге құт, біреуге жұт», «Ел – жұртымен түгел», «Кеден кеден болды, кер неден болды», «Кісілік ақылдыны адам етеді, ақылсызды надан етеді», «Атаң өлсе де, атаңның көзін көрген өлмесін», «Ен дәулет шала естіні жынды қылады», «Сынса, байдың көзесі, төгілсе, байдың*

көжесі», «Аяр есек таяқпен ақылды болады», «Жаманның төрінен жақсының есігі», «Елді қортық, қойды шартық бұзады», «Жалғыз қаз келгенмен, жаз болмайды», т.б. Байқап отырғанымыздай, бұл мақалдардың бірсыпырасы бұрыннан тілімізде бар жиі қолданылатын мақалдар болса, кейбіреуі өтемөте жиі айтыла бермейтін, тіпті жазушының өзі өмірден алып құрастырғандай, бірақ мағыналы да, мәнді, өміршең мақал-мәтелдер болып табылады. Өміршеңдігі – осы мақалдардың қай-қайсысы да «болашағымыз» деп отырған қазіргі жас ұрпақтан бастап ел басқарған азаматтарға дейін үлгі боларлық, жол көрсетерлік сөздер.

Шығармаларда, сондай-ақ, орыс тілінен енген *вагон, паравоз, инженер, пойыз, губернатор, генерал, пәуеске, поселке, цивилизация, ауылнай, мұжық, пристав, помещик, романтика, желеткі, атбекет, т.б.* тәрізді сөздер қолданылған. Бұлардың бірсыпырасы орыс шенеуніктерінің аузынан шықса, бірсыпырасы орысша сауатты тілмәштардың, автордың өз аузынан, тіпті кейбірі қарапайым шаруа, жұмысшылардың аузынан шыққан сөздер. Мұндай сөздердің қолданылуы темір жол құрылысының салынуымен тығыз байланысты болып, Сыр бойында да жұмысшы табының қалыптасып келе жатқанын да білдіреді.

Сонымен бірге шығармаларда аракідік жазушы туып өскен Ақмешіт, Шиелі аймағына тән жергілікті ерекшеліктер де байқалып қалады. Мысалы: *дембіл-дембіл, шөжік (қамыстың шөжігі), ойсаң болу (олқы болу), дәп қылу, сота, кепкір, шымшуыр, т.б.* Әдетте мұндай жергілікті ерекшелігі бар сөздерді жазушы кейіпкер аузына салады. Ал Әуекең шығармаларында бұл сөздер автор сөзінде кездесіп отырады. Мұның, біздіңше, екі себебі бар: біріншіден, туғаннан үлкендерден естіп, көкірегінде жаттalып қалған бұл сөздердің автор үшін басқаша варианты жоқ, екіншіден, жазушының бұл әңгімелері әрі көркем, әрі деректі шығармалар. Уақиғалардың бел ортасында соларды көзімен көріп, куә болған, көргенін кейінгі ұрпаққа жеткізгісі келген автор әрі басты кейіпкер де. Сондықтан диалект сөздердің автор сөзінде кездесуін заңды деп есептеуге әбден болады.

Ендігі азғантай сөз Ә. Қоңыратбаевтың аудармасы арқылы жұртқа танымал болған «Қорқыт ата кітабының» тілдік ерекшеліктері жайында.

«Қорқыт ата кітабының» алғысөзінде Әуекең былай дейді: «Қорқыт ата кітабын» аудару мәселесінің төңірегінде оны түпнұсқадан дәл аударып, логикалық тілмен берген жөн дейтін пікірлер болды. Асылында журналистика мен ежелгі фольклор стилі бір емес. Осыны ескеріп, бұл жырды фольклор (эпос) тілінде аударған едік, өйткені жыр тілінде мақал-мәтел, афоризм, метафора, диалог, монологтар өте көп. Немістер бастырғанда Қорқыттың «Аталар сөзінде» 400 мақал-мәтелдер болса, солардың көпшілігі жыр тіліне енген. Сол стильді сақтау мақсатымен «Турап жеген ет жақсы, шөлдеп ішкен су жақсы», «Сайдың шөбін жекен білер, қырдың шөбін бөкен білер» десек, бұл тіл өлеңге бергісіз, мақалға жақын. Соның бәрін В. Бартольд балама сөйлеммен берген. Бұл тұста оның стилін алғаным жоқ, мендегі тіл шешендік сөз, эпос тіліне өте жақын. Сондықтан ол оқырманға әрі жақын, әрі тартымды болар деп ойлаймыз». Ғалымның өзі айтқан осы пікірі айна-қатесіз екеніне шығарманы оқи отырып көз жеткіздік.

Ең алдымен, шығармадағы сюжеттердің қай-қайсысы да оқырманға белгісіз бір баяндаушы субъекті жақ аузынан белгісіз бір ханға (тыңдаушы жаққа) бағытталып айтылған. Бұл – фольклордағы ең негізгі стиль – ауызша баяндау стилі, ертегі, аңыз, жырларды жеткізу стилі. Осыған байланысты жырлардың басталар, аяқталар тұсындағы сөйлемдер оқиғаның бұрын өткендігін білдіретін шақтық тұлғалармен (көсемшенің *-ып*, есімшенің *-ған*) беріледі. Мысалы, *«Баят руында Қорқыт ата дейтін білікті, сәуегей адам болыпты... Ел оның барлық өсиетін (билігін) бұлжытпай орындаған»,* т.б. ал жырлардың ішіндегі жеке оқиғаларды, іс-әрекеттерді баяндар тұста жедел өткен шақ формасымен (*-ды*) береді. Бұл оқырманға оқиғаны көзімен көргендей, жаңа ғана болып өткендей, соған қалтқысыз сенетіндей етіп беру үшін қажет болған деп ойлаймыз (*Оғыздардың Дерсехан атты бегі бар еді. Бұлар Шөкли патша еліне келіп жетті, т.б.*).

Кітаптың беташары, кіріспесі ретінде алынған Қорқыттың нақыл сөздері түгелімен келер шақтық, ішінара осы шақтық мағына туғызатын тұлғалар арқылы берілген. Сол арқылы біз, дана қарттың ұрпақтары, оның өсиеттерін өз аузынан естігендей боламыз, көргендері мен түйгендерін болашағына,

кейінгі ұрпағына арнағанын айқын байқаймыз. Бұл да ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтел, шешендік жыр-аңыздарға тән стиль. Сондықтан болар, Қорқыттың көп өсиет сөздері немесе соның бір тіркестері халық аузында мақал-мәтелге айналып, қазірге дейін қолданылып келеді. Мысалы, *«тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел болмас», «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман», «Ұлдың кімнен туғанын ана білер», «Иесінің иісін ат білер, жүктің ауыр-жеңілін есек білер»,* т.б.

Кітапта айқын сақталған ауыз әдебиеті стиліне тән тағы бір ерекшелік – қайталаулардың мол кездесетіндігі. Олар жеке сөздер мен сөз тіркестерін былай қоғанда, тұтас сөйлем, тіпті тұтас абзац күйінде де кездеседі. Сондай-ақ, ертегі, аңыздарға тән ұлғайту (гипербола), кішірейту (литота) тәсілдерін де автор жиі пайдаланады.

Көркем шығарманың, әсіресе фольклорға тән шығармалардың мағыналық, стильдік құрылымында сөздердің ауыспалы қолданыстарының, яғни троп түрлерінің мәні зор. Бұлар кітаптағы жырлардың бәрінде де кездеседі және жекелей де, бір-бірімен қабаттаса, астаса да қолданылып жатады. Жырдан бір мысал келтіре кетейік: *«...Бәну-Шешек өзінің ақ көйлегін тастап, қара көйлек киді, күздің піскен алмасындай беттерін жұлды. «О, менің қызыл ернімнен сүйген жарым! О, менің ақ жүзімнің сәні, басымның бағы! О, менің патшам, ер туған жігітім! Сұңқар болып туған сүйген жар! О, хан сүйекті жігітім, жүзің қарап, тоймай қалған жігітім! О, жан жарым, ерім, мені жалғыз тастап қайда кеттің? Көзімді ашқалы өзіңнен басқаны көрмедім, жүрегімнің жалғыз сүйгені сен едің. Тар төсекте басымыз қосылмаған жан-жарым, мақсатына жете алмай кеткен жан-жарым! Қазан бектің орнын басады деген жан-жарым! О, бүкіл оғыз елінің бәйтерегі болған жан-жарым» деп жылады Бәну-Шешек».*

Осы үзіндідегі «ақ көйлекті қара көйлекке ауыстыру» (қаралы кісінің әрекеті), «бетті күздің қызыл алмасына» теңеу, бетті «жүзге» ауыстыру (метафора), «жүзіне қарап, тоймай қалу» (эпитет), жігітін «жүзінің сәніне, басының бағына» теңеу, «туғалы» дегенді «көзімді ашқалы» деген тұрақты тіркеспен ауыстыру, т.б. толып жатқан бейнелі сөздерді қолдану шығарманың ажарын кіргізіп тұрғаны анық.

Шығарманың мазмұнын айқын жеткізуде жоғарыда аталған лексикалық ерекшеліктердің айрықша орны бар десек, бұл, екінші жағынан, сөйлемнің құрылымдық ерекшеліктерімен де, түрлерімен де тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда да аталған еңбектің өзіндік ерекшеліктері жетерлік. Шығармада қазіргі тілімізде бар сөйлем түрлерінің бәрі де кездеседі және олар фольклордың тілдік ерекшеліктеріне, стиліне бағындырылған. Мәселен, Қорқыттың нақыл сөздеріндегі сөйлемдердің басым көпшілігі жай, хабарлы сөйлемдер болып келеді. Құрмаластың ішінде салалас түрі басым да, сабақтас түрі өте аз және оның өзі де күрделі емес. Сондай-ақ, сөйлемдердің бәрі дерлік бастауыш-баяндауыштық қатынасқа негізделген белгілі жақты, толымды сөйлемдер. Толымсыз, жақсыз сөйлемдер кездеспейді немесе өте аз, ал мүшеленбейтін сөйлемдер мүлдем қолданылмаған. Мұның өзі шығарма мазмұнын құрайтын мәтіндердің көнелігін, о баста ауыз әдебиетіне тән болғандығын байқатады. Мысалы, *«Тәңірге сиынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңірісі құрамаса, ешкімнің бірі екеу болмайды. Тәңірі маңдайына не жазса, сол болады. Оның жазуынсыз адам жамандық көрмейді, ажал келіп, өлмейді... Менмен, тәкәппар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамдарға тәңірі бақ бермейді...»,* т.б.

Кітаптағы жырлардың сөйлемдік құрылымы осындай шағын болып келуі көбіне нақыл сөздерге тән. Басқа сөйлемдер де өте-мөте күрделі күйде беріле бермейді, алайда ойды еркін әрі толық жеткізу мақсатында оқшау сөздер, айқындауыштар, қайталаулар қолданылған. Әсіресе, монологтар мен диалогтар қатысқан күрделірек сөйлемдер мол және олар төл сөз ретінде беріліп, жоғарыда аталған лексикалық бірліктер осындай сөйлемдерде жиі кездеседі. Мысалы, Қазан мен қойшының арасындағы диалог сөйлемдердің әрқайсысы *«қойшы ұлым»* және *«Қазан әке»* деген қаратпалардан басталып отырса, *«Уа, бектерім», «О, ұлым, балам», «О, анам», «О, гәуірлер»* дегендей қаратпалар әр жырда жиі қайталанып отырады.

Сондай-ақ, жеке сөздердің де әр сөйлем сайын қайталанып келуі бар. Мысалы, гәуірлер Ораздың аяқ-қолын байлап дар түбіне әкелгенде, ол ағашпен сөйлеседі. 13 жай сөйлемнен тұратын осы монологта *«ағаш»* сөзі 13 рет қайталанады. Осының бәрі – ауызша сөйлеу тіліне, әсіресе ауыз әдебиетіне тән қолданыстар.

Кітаптағы жырлардың көбісіне тән тағы бір ерекшелік – әр жыр *«Хан ием»* деп басталады да, жырдың оқиғалары жақсылықпен аяқталып, арты тойға ұласады. Осыған байланысты уақиғаны баяндаушы сөз қорытындысын *«Сол тойға Қорқыт атам келіп күй шертіп, жыр айтты»* деген сөзбен бастап, ханға бағышталған Қорқыт атаның батасымен аяқтап отырады. Бұдан Қорқыттай ұлы дананың сөзін ауызша жаттап, кейінгі ұрпаққа жеткізуші шәкірттерінің болғандығын, олардың терең ойлы, құйма құлақ, шебер тілді жыршылар екендігін байқасақ, ал осы жырды пәлен ғасырдан кейін жазба түрде қазақша сөйлеткен Ә. Қоңыратбаевтың да халық тілінің тұнбасынан терең сусындап, оны осы кітапта еркін қолдана білген нағыз жазушы болғандығын аңғарамыз. Яғни, шығарманың барлық ерекшелігін сақтау, сол арқылы мазмұнды оқырманға дәл жеткізу ауыз әдебиеті стиліне тән лексика-грамматикалық байлықты терең игерумен тығыз байланысты екенін ғалым о бастан-ақ түсінді, сол мақсатын шебер жазушы ретінде орындап та шықты.

Резюме

В статье впервые подвергается анализу язык художественных произведении доктора филологических наук, профессора А. Конратбаева.

Summary

The imaqary lanquaqe of A.Konyratbayev has been analyzed for the first time in the article.

ӘОЖ 06.063.001.81 : 37.022

БЛИЦ-ТУРНИР – ҚОРЫТЫНДЫЛАУ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗУДІҢ ТИІМДІ ТҮРІ

К. СӘДУАҚАСҚЫЗЫ,
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Н. ТӨЛЕГЕНОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Педагогикалық ізденіс оқушылардың ойлануын белсенді ететін, олардың пәнге қызығушылығын арттыратын, олардың шығармашылық қиялын дамытуға ықпал ететін оқыту әдістемесінің жаңа және бұрын сынақтан өткізілген тиімді әдістемелік амалдарын анықтауға ұдайы бағытталып отырады. Мұндай әдістер мен амалдарды анықтау оның жетілдірілуіне ықпал ете отырып, оқыту жүйесінің өзгеруіне айтарлықтай әсерін тигізеді.

Сонғы жылдар ішінде біз химия сабақтарында оқушылардың ойлау қызметінің жандану мәселесін зерттей келе түйгеніміз, оқытудың дәстүрлі ұйымдастырылуы уақыт талабына сәйкес келмейді, оқыту сапасын жақсарту мен тұлғаның дамуына жағдай жасамайды деген қорытындыға келуге мәжбүрлейді. Химияны оқытуды түбегейлі жақсарту сабақ әдістемесін өзгертуден, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқушылардың оқу қызметін ұйымдастырудың белсенді түрлеріне батыл қадам жасау қажеттілігі туындап отыр.

Ушинский былай деп жазады: «Оқу еңбегін бала үшін мүмкіндігінше қызықты ету және бұл жұмысты ермекке айналдырмау – дидактиканың қиын және маңызды міндеттерінің бірі».

Мұғалім оқу барысын, баланың танымдық және ойлау қабілетін жандандыра отырып әрқайсысының шығармашылық тұрғыдан дамуы үшін жағдай жасайтындай етіп ұйымдастыруы тиіс. Оқытудың белсенді әдістерінің түрлерінің бірі дидактикалық ойын болып табылады, әрі кейбір жалпы қорыту сабақтары мен блиц-турнирлер түрінде өткізіледі. Дидактикалық ойындар оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады, сабақты бастан-аяқ белсенді етеді, ойлауды, сөйлеуді, жадыны дамытады, танымдық қызығушылықтарды қалыптастырады, оң тәрбиелік әсерін тигізеді.

Дидактикалық ойында мына кезеңдерді толық және ұқыпты ойластыру керек :

- Ойын атауын;
- Ойынды өткізу туралы хабарлама және оған оқушыларды дайындау;
- Ойынның дидактикалық факторлары;
- Ойын атрибуттары;
- Ойын ережелері;
- Ойыншылар саны;
- Ойын барысы (сценарий немесе үлгі);
- Ойын ұзақтығы;
- Ойын қорытындысын жасау.

«Химияның негізгі заңдары» сабағын қорытындылау сценарийі.

11-сыныптағы қорыту сабағы.

Сабақтың тақырыбы: «Химияның негізгі заңдары»

Сабақтың мақсаты: «Химияның негізгі заңдары» тақырыбы бойынша бұрын зерттелген және жаңа оқу материалы арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтауда оқушылардың білімін тексеру мен қателерді түзетуді жүзеге асыру, дүниетанымдық ұғымдарды қалыптастыру.

Міндеттері:

а) білімділік: химияның негізгі заңдары туралы оқушылардың білімін қорыту және жүйеге келтіру; химияның негізгі заңдары, атомдардың құрылысы туралы, заттардың құрылысы мен заттардың қасиеттері арасындағы өзара байланысы туралы, құрылымдық бөлшектердің өзара әсері туралы алынған білімдерін оқушылардың белсенді пайдалана алу шеберлігін бекіту.

б) тәрбиелік: диалектикалық-материалистік дүниетаным мен ақыл-ой еңбегінің дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; патриоттық және интернационалдық тәрбиелеуге ықпал ету.

в) *дамытушылық:* зияткерлік дағдыларды дамыту: талдау жасау, салыстыру, қорыту, қорытынды жасау шеберліктерін, себеп-салдарлық өзара байланыстарды анықтау; оқылатын пәнге қызығушылықты және оқу материалын саналы қабылдауға бейімдеу.

Сабақ типі: Қорытындылау сабағы (оқу материалдарын жүйеге келтіру және білімді, шеберлікті және дағдыны бекіту сабағы).

Сабақ түрі: дәстүрлі емес, блиц-турнир әдісі.

Әдісі: әңгімелесу, логикалық, дербес жұмыс әдістері.

Әдістемелік амалдар: көпір, тізбек, дидактикалық үлестірмелер.

Мұғалімнің алғысөзі.

Бір кездері Д. Хевеши: «Ойлы, өзін бақылап отыратын адам шашыраңқы фактілерді бір жерге байланыстырудың сәті түспейінше өзін бақытты сезіне алмайды», – деп айтты.

Біздің міндетіміз балаларды білуге, қызықты ойында ұдайы пайда болатын көптеген сұрақтарға жауап бере білу үшін шашыраңқы фактілерді бір жерге байланыстыруға үйрету:

- неге күзде жапырақ сарғаяды, ал үсіп кеткен картоптың дәмі неге тәтті?
- альпинистер неге суға қайнатылған жұмыртқаны ешқашан жемейді?
- суық түсер алдында қиярлар мен қызанақтардың көшеттерін неге молынан суғару керек?

• неге соңғы сәтте бір шөкім тұз тастаса, кастрюльдің ішіндегі сорпа тасымайды?

• егер түйелер өздерінің өркештерінде су емес, майды жинайтын болса ұзақ уақыт неге сусыз шыдай алады?

• неге бұлттардың бәрінен бірдей жаңбыр жаумайды?

• неге ыстық күнде саз құмырадағы су мұздай болады?

• қант неге керек?

• неге арнайы қызметтер бұлтты жою үшін ауаға ұшақтан қатты көмірқышқылды («құрғақ мұз») шашады?

Тек энергия сақталу мен түрлену заңын біле отырып неге тропикте, солтүстік елдерде өмір сүретін адамдарға қарағанда көк тамыр қаны ерекше алқызыл түсті әрі өте ашық болатынын түсіндір.

1-кезең. Оқушылар әрекетін ұйымдастыру.

Сабақ блиц-турнир түрінде өтеді. Сабақтың басында сынып үш топқа бөлінеді. Әр команданың капитаны сайланады. Әрбір қатысушы сабақ барысында талқыланатын жеке тапсырма алады. Ұйымдастыру мен тапсырманы орындауға 7-9 мин. Одан кейін турнир басталады.

2-кезең. Кезең бойынша қателерді түзету мен оқып үйренген материалды қайталау және бекіту.

Бірінші сайыс (5 мин).

Турнирге қатысушылар үлестірмелердің нөмірлері бойынша тақтаға шақырылады.

1 – Y

Хром атомы құрылымының электрондық және графикалық сызбасын жасау. Осы элементтің жоғарғы оксиді мен жоғарғы гирооксидінің формуласын құрастыр, реакция теңдеулерін жазып, оларды сипатта.

Қосымша сұрақ: Химиялық элемент дегеніміз не?

5 – Y

Тұрақты және қозған күйлеріндегі селен атомының электрондық және графикалық сызбасын жаса. Осы элементтің валенттік мүмкіншіліктерін көрсет.

Қосымша сұрақ: Құрам тұрақтылық заңы

9 – Y

$AlCl_3$, $KClO_3$, Na_2SO_3, NH_4HSO_4, K_2MnO_4, $BaCr_2O_7$ құрамындағы элементтердің қышқылдану деңгейін анықта. Осы заттарды атаңыз.

Қосымша сұрақ: Қышқылдану деңгейі дегеніміз не?

Екінші сайыс (5 мин).

Әрбір қатарға элементтердің электрондық формулалары жазылған қағаз беттер беріледі. Команданың әрбір қатысушысы бір химиялық элементті анықтап, кестені әрі қарай өз қатары бойынша беруі керек.

№	*Электрондық формуласы*	*Химиялық элемент формуласы*
1	$1s^2 2s^2$	
2	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^5$	
3	$1s^2 2s^2 2p^1$	
4	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2 3p^6 4s^2 3d^2$	
5	$1s^2 2s^2 2p^6 3s^2$	
6	$1s^2 2s^2 2p^3$	

Осы тапсырманы тез орындаған топ өз тобының әрбір ойыншысына қосымша ұпай алу мүмкіндігін береді.

Үшінші сайыс (5 мин)

4 – Ү

Химиялық элементтің реттік саны – 13. Бұл элемент атомының электрондық құрылымы қандай? Оның оксиді мен гидрооксидінің формуласын жаз, реакция теңдеулерімен растап, олардың сипатын көрсет.

Зат салмағының сақталу заңы. Оның авторы кім?

2 – Ү

16 реттік санды элементтің гидрооксид формуласын және тұздың түзілуіне әкелетін тиісті затпен осы гидрооксидтің өзара реакциясының теңдеуін жаз.

Авогадро заңы. Неге бұл заңды тек газ тектес заттарға қолдануға болады?

3 – Ү

Неге III период элементтерінің валенттілігінің ең көп мәні 4 санынан аспайтын болуы керек? Азотты қышқылдағы азоттың валенттілігін көрсететін электрондық сызбаны жаса.

Атом-молекулалық ілімнің негізгі ережелері. Бұл ілімнің авторы кім?

Төртінші – капитандар сайысы.

Ойыншылар алдында ғалымдардың суреттері беріледі. Оқушылар ғалымдарды тануы керек (экранға тек фамилияларын шығаруға болады).

Ломоносов М.В., Менделеев Д.И., Лебедев С.В., Бородин А.П., Бутлеров А.М. Кибальчич Н.И., Джон Дальтон, Лавуазье Антуан, Авогадро Амедео.

Сайыс сұрақтары.

• Бала кезінде ұйымдастырған жарылысы үшін жаза ретінде бұл ғалымның мойнына «Ұлы химик» деген тақтайша іліп қойған. Бұл сәуегейлік орындалды. Оның атын органикалық химиядағы Д.И. Менделеевтің атымен салыстыруға болады.Ол кім?

• Бұл ғалым алғаш оттегінің, азоттың, көміртегінің салмағын дұрыс анықтады, судың, сутегінің, аммиактың, азот, хлор, фосфор, мышьяк, сурьма, метан, этилен, этил спирті, күкірт сутек, күкіртті көміртегі, күкіртті газ оксидтерінің дәл құрамын анықтады. Бірнеше заңның авторы болды, бірақ автор ретінде ғылыми әлемге белгісіз болды, сондықтан оның еңбектері тек 50 жылдан кейін мойындалды. Ол кім?

• Ол музыкада өзін дилетантпын деп атағанымен, оның симфониялары, романстары, ақырында «Князь Игорь» операсы оған өз дәуірінің ірі және талантты композиторларының бірінің даңқын әкелді.

• Сәрсенбі күндері бұл ғалым өз пәтерінде достарын: композиторларды, ғалымдарды, суретшілерді жинады. Олардың арасында Крамской, Репин, Куинжди болды. Бұл ғалым кім?

• Бұл ғалым қабілетті химик 1881 жылы патшаға қастандық жасағаны үшін дарға асылды. Сотта ол өзі ойлап тапқан ауада жүзу снаряды туралы хабарлады. Бұл ракеталық қозғалтқыштың алғашқы жобасы болды. Бұл ғалым кім?

• Мәртебелі ханшайым Елизавета Петровнаның Ресей тағына отыру күніне мадақ жазған ғалым, математик, суретші, педагог. Ол кім?

• Квакерлер отбасында дүниеге келді. Сутегінің, азоттың, фосфордың, күкірттің және басқалардың атомдық массасының бірінші кестесін жасады. Еселік қатынастар заңын тұжырымдады және атомдар мен молекулаларды бейнелеу үшін таңбалар жүйесін ұсынды.

• Бұл ғалым химиямен айналысуды қаржы қызметімен қатар алып жүрді: елдің оқ-дәрі және селитра ісін басқарушысы лауазымын алды және үкіметке халықтан салық жинау құқығына ақша берді.

Химиялық диктант.

Мұғалім керекті сөзді немесе сөздерді қосып жазуы тиіс, сөйлемді оқиды. Әрбір қатысушы жеке қағаз бетіне жазады.

1. Химиялық элементтердің қасиеттері, сондай-ақ олардың қосылыстарының формулалары мен қасиеттері ..... периодты түрде тәуелді (атом ядросының зарядтарының сан шамасына).

2. Атомдағы энергетикалық деңгейлер саны ..... бойынша анықталады (периодтың нөмірі).

3. .....бірдей санымен атомдардың алуан түрлері изотоптар деп аталады (ядродағы протондардың).

4. Кіші периодтар элементтерінің жоғарғы валенттілігі.....санымен анықталады (сыртқы деңгейдегі электрондар).

5. Электрон энергиясының қоры энергетикалық деңгей өте қашықтан ядроға өте жақынға секіріп түсу кезінде.....(азаяды).

6. Электронның болуы өте ықтимал атом ядро айналасындағы кеңістік..... деп аталады (орбиталь).

3-кезең. I, II, III командалардың қорытындыларын жасау.

Аты-жөні	*1 конкурс*	*2 конкурс*	*3 конкурс*	*4 конкурс*	*5 конкурс*	*Қорытынды*

4-кезең. Үй тапсырмасы:

• «Атомдардың құрылысы», «Валенттілік және тотығу дәрежесі» тақырыбы бойынша шығармашылық тапсырмалар құрастыру.

• «Екінші мыңжылдықтың ұлы химиктері» атты мектеп конференциясына баяндамалар дайындау.

Әдебиеттер:

1. Сомин Л.С. Увлекательная химия. – М.: Просвещение, 1978.

2. Крицман В.А. Книга для чтения по неорганической химии. Ч. I и II. – М.: Просвещение, 1984.

3. Ильин Б.И. Биография великой волшебницы. – М.: Детская литература, 1964.

4. Книги из серии «Люди науки» 1) Лебедев С.В. 2) Менделеев Д.И. – М., 1990.

Резюме

Традиционная организация обучения не отвечает требованиям времени, не создает условий для улучшения качества обучения и развития личности. Одной из форм активных методов обучения является дидактическая игра, которая пробуждает интерес учащихся к предмету, активизирует их на протяжении всего урока, развивает мышление, речь, память, формирует познавательные интересы. В качестве примера в работе предлагается разработка обобщающего урока в виде блиц-турнира. Педагогический поиск постоянно направлен на выявление новых и совершенствование ранее испытанных эффективных методических приемов методов обучения, которые активизировали бы мышление учащихся, развили бы в них интерес к предмету, способствовали развитию их творческого воображения. Выявление подобных методов и приемов оказывает существенное влияние и на преобразование системы обучения, способствуя ее усовершенствованию.

Summary

In quality teaching and develop owns don’t ask a token times of tradition organize learning. In this article,I have aimed to show that no matter how the textbook is good, it will never be perfect for every teacher’s teaching. It will always need adapting, modifying or supplementing.Lesson plans and work sheets video tips, web links, teaching articles and lots of information about profession development, conferences and qualifications.Discuss areas of interest get advice keep your own methods and link up with group of teachers around the globe.

ӘОЖ 81.2 – 2 (2)

ТІРЕК КОНЦЕПТІЛЕРІН МЕТАФОРАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН МОДЕЛЬДЕУДІ ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ТӘСІЛДЕРІ

Г.Ж. СНАСАПОВА,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Жоғары оқу орындарында кез келген тілді оқыту құрылымдық лингвистикамен қоса, тілдің когнитивтік аспектілерін қатар алып жүруімен ерекшеленетіні белгілі. Когнитивтік лингвистика шеңберінде тілдік ұжым мүшелерінің қолданысында тұрақты түрде көрініс тапқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан нақты метафоралық модельдерді жүйелеу және оларды сипаттау маңызды мәселенің бірінен саналады. Өйткені, модельдеудің бұл түрі адамды қоршаған ақиқат дүниені ұлттық қауымдастық өкілдерінің метафоралық тұрғыдан сипаттауы мен оларды түсінуінің ортақ заңдылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді.Танымдық тұрғыдан алғанда, лингвомәдени ұжым мүшелерінің белгілі бір нысан туралы қалыптасқан ортақ прототиптік образдары жинақталып, метафоралық модельдердің қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Метафоралық модельдеу дүние туралы ақпараттар мен білімдерді тану, жинақтау, өңдеу мен оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу қызметін атқарады, өйткені метафораның ең маңызды қасиеті болып оның когнитивтік табиғаты саналады. Метафоралық қолданыстардың тасасындағы жасырын ақпараттарды ашу үшін жасалған когнитивтік талдау тілдің көмегімен репрезенттелетін ұлттық қауымдастық өкілдерінің санасындағы ментальдық модельдердің табиғатын зерделеуге мүмкіндік береді.

Тілдің танымдық әрекет нәтижесі болып саналатыны белгілі. Сонымен қатар, сол әрекетті іске асыратын басты тәсіл де тіл екені анық. Ал, метафораны тілдік ұжым мүшелерінің дүниені модельдеуінің тілдік тетігі, негізгі ментальдық категорияны түсіндірудің танымдық тәсілі ретінде тану абстрактілік ойлау әрекетінің ұлттық мүмкіндіктерін саралауға себін тигізеді.

Метафоралық модельдердің табиғатын тану үшін ұлттық тіл мен сана, ойлау әрекеті мен ақиқат дүние арасындағы эксплицитті немесе имплицитті қарым-қатынастарды терең саралау қажет, сондықтан да бұл мәселе тіл, ақиқат дүние, сана мен ойлау арасындағы байланысқа негізделеді. Олай болатын себебі, ұлт өкілдері өздеріне таныс денотатты ғана метафоралау әрекетіне қатыстыра алады, ал өздерінің мәдениеті мен болмысына беймәлім заттар мен құбылыстар бұл үдерістен сырт қалады.

Тілдегі метафоралық модельдердің жасалу табиғатына үңілу, тілдік ұжым мүшелерінің санасындағы *қуаныш-қайғы, байлық-кедейлік, жастық-кәрілік, өмір* мен *өлім* сияқты константалардың образдарының қандай кейіпте болатындығын ұғынуға жол ашады. Метафоралық модельдеудің негізінде түрлі класқа жататын нысандар бір-біріне жақындайды. Тілдегі бар метафораларды модельдеу ақиқат дүниені сипаттаудағы қазақ халқына тән тірек метафораларды табуға көмектеседі. Онда, әсіресе, дерексіз нысандардың ұлт санасында қандай жан-жануардың немесе өсімдіктің, заттар мен табиғат құбылысының, т.б. образымен астасатындығын түсінеміз. Адам өзінің сезім мүшелерінің негізінде нысандар арасындағы ұқсастықтарды тауып, оларды тілінде суреттеп қоймай, деректі және дерексіз нысандардың арасындағы ортақ қасиеттерді табады. Бұл жерде адам ұқсастықтарды тауып қоймай, сол ұқсастықтарды өзі жасайды да [1,10-бет]. Сол себепті метафоралық образдардың пайда болуына адамның психикалық әрекеті де қатысады деуге толық негіз бар.

Метафоралық қолданыстардың мазмұнында социум мен жеке тұлғаның дамуы жөніндегі ұлттық мәдени кодтар мен архетиптер жинақталады. Сондықтан, ұлт өкілдерінің күнделікті тұрмыста жинақтаған деректік-сезімдік тәжірибесіне негізделген тірек концептілерінің мазмұнындағы метафоралық модельдер танымдық, семантикалық тұрғыдан экспликацияланады. Метафоризациялау құбылысы тілдік ұжым мүшелерінің санасындағы концептердің ұлттық образдарының түр-сипатын айқындауға мүмкіндік туғызады.

Ұлттық дүниенің тілдік бейнесін қалыптастырушы константалар саналатын *қуаныш-қайғы, жастық-кәрілік, байлық-кедейлік, өмір-өлім* тәрізді тірек концептілерінің құрылымында кездесетін неғұрлым өнімді метафоралық модельдерді айқындау, танымдық тіл білімі тұрғысынан қарағанда көкейтесті мәселенің бірі. Аталған концептер шеңберінде кездесетін метафоралық қолданыстардың, негізінен, АДАМ – ЖАНУАРЛАР мен ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ – ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ – ДЕРЕКТІ ЗАТТАР (АРТЕФАКТІЛЕР) – ҚОҒАМ – ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫ, т.б. сынды модельдерге бағынатынын байқауға болады. Басқаша айтқанда, аталған модельдердегі метафоралық қолданыстардың пайда болып, қалыптасуына адамның дене мүшелері (соматизмдер), оның іс-әрекеттері мен мінез-құлқы т.б., жануарлардың атаулары (зооморфизмдер), олардың соматизмдері (зоодериваттар) мен мінез-құлықтары, қасиеттері, т.б., табиғат құбылыстарының атаулары, өсімдіктердің атаулары (фитонимдер), олардың қасиеттері, қоғамдық құбылыстар, ұлт өкілдерінің тұрмыс-тіршілігінде қолданылатын заттар (артефактілер), т.б. туралы білімдер мен ақпараттар қатыса алады. Бұл ретте, Ә.Т. Қайдардың ұлттық дүниетанымдағы дүниенің тілдік бейнесін сипаттауда табиғат – адам – қоғам макрожүйелерін басшылыққа алудың көкейкестілігі және солардан туындайтын макроконцептілер көмегімен дүние бейнесі толымды болатындығы жайлы көзқарасын атап өту керек [2, 71-бет].

Ақиқат дүниеде орналасқан кез келген нысанның, мейлі ол деректі не дерексіз болсын, сан алуан белгіден тұратыны анық. Бірақ, номинатор сол көп белгінің ішінен өзінің ұлттық болмысына қарай бірін ғана таңдап, метафоралық қолданысқа арқау етеді. Сондықтан да, метафоралар ақпаратты сақтау мен оны кодтаудың таптырмас танымдық тәсілі саналады. Метафоралық модельдерде тілдік ұжым өкілдерінің ақиқат дүниені сипаттау үшін қолданатын прототиптік образдар жүйесі қалыптасады. Олар, әрине, денотат пен коннотат арасындағы байланыстарды сараптайтын ментальдық әрекетпен айқындалады.

Метафоралық қолданыстарды модельдеу ұлттық болмыс ерекшеліктерінен ғана хабардар болмай, автордың дербес ментальдығы мен оның психикасының ерекшеліктерінен де мағлұмат алуға мүмкіндік туғызады. ҚАЙҒЫ – АДАМ метафоралық моделі авторлық қолданыста көрініс тапқанмен, оның ұлттық нақышы анық аңғарылады:

«Келіпсің, інім,
Кеңесіп қайттың көктемде.
Кейітпес едім,
Болмады билік тек менде.
Жұлмалап, тонап, қалдырып мені шеткеріге,
Жымысқы уайым жылысып саған жеткен бе?!» (М. Мақатаев) деген жолдарда *қайғы кісіні жұлмалап, тонаған, жымысқы ұрының* образында модельденген.

Ұлт өкілдерінің тұрмыс-тіршілігінде қолданылатын, өздерінің қолынан шыққан, жасалу технологиясы таныс, ұлттың материалдық мәдениетіне жататын зат атаулары деректі немесе қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын, түсініксіз, дерексіз нысандарды сипаттауда жиі кездеседі. Осындай артефактілік семантика негізінде туған метафоралық модель тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерде ғана емес, сонымен бірге окказионал қолданыста да жиі ұшырасады. Мәселен, *кедейлік* мен *кәріліктің* прототиптік образдары ретінде *байдың көшкенде жұртына тастап кететін ескі ыңыршық, тозған қауға, жыртық жабуларының* алынуын ұлт өкілдерінің санасындағы мәдени-ұлттық семантиканың вербалдануы деп білеміз: *«Жаңағы Құнанбай, Бөжей, Байсал, Сүйіндік, Қаратайлардың көшіне*

ере алмай, керегіне жарамай қапты. Солардың жұртына тастап кететін ескі ыңыршық, тозған қауға, жыртық жабулары болмаушы ма еді? – деп, үлкен әжуа жасап күлді» (М. Әуезов). Мәтінде қолданылған метафоралардың коннотациясында *мүгедек, қауқарсыз, науқас, қартайған* сияқты мағыналар жатыр. Олар – ассоциациялық білімдер негізінде пайда болған, деперсонификацияланған заттық бейнелер. *Ыңыршық, қауға, жабу* қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне тән заттық мәдениет атауларына жатады. Уақыт өте келе дүние бейнесінде пайда болған өзгерістердің әсерінен олардың ұлт өкілдерінің күнделікті қолданысынан шығып қалғаны мәлім. Сондықтан, олардың кейбірінің, мәселен *ыңыршықтың (ыңыршақ)* бүгінгі ұрпаққа түсініксіз болуы мүмкін. Оған берілген Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі мағынаға үңілсек, *өгізге жүк арту не міну үшін салатын, ағаштан жасалған биік ер* деген интерпретацияға кезігеміз [3, 945-бет]. Келтірілген микромәтіндегі образдық метафоралар автордың абстракт нысандар саналатын *кедейлік, кәрілік* пен тұрмыстық заттар арасындағы байланысы негізінде жасалып тұр. Оған жазушының жеке танымы мен қиял-ғажайып дүниесінің ерекшеліктері әсер еткен.

Көшпенділердің табиғатпен өзара бірлікте өмір сүріп, жыл мезгілдерінің танытатын түрлі мінезіне, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің небір сырына қанық болуы, олардың тіліне әсерін тигізбей қоймағанына метафоралық сипаттағы қолданыстар айқын мысал болады. Тілдік қауымдастық мүшелерінің өздерінің тұрмыс-тіршілігін ұйымдастырып, ыңғайластырғанда табиғи және биокосмостық заңдылықтарды басшылыққа алуы тегін емес. Олар өздерінің барлық әрекетін, саналы өмірін табиғаттан алған бағыт-бағдарға қарап саралап отырған. Сондықтан, көркем мәтін кеңістігінде болсын, мақалдар мен мәтелдер, тұрақты сөз тіркестер шеңберінде болсын, ең жиі кездесетін метафоралық модель ретінде жануарлар мен өсімдіктер, табиғат, космос әлемін білдіретін лексемалар алынған. Мысалы, *«Бұл күнде арғымақтан мәстек озды, Бұрынғы жақсылардың бәрі тозды»* (С. Мұқанов) тәрізді мәтіндегі метафоралық қолданыс қазақтардың тұрмыс-салтында *жылқының* алған орнының ерекшелігін аңғартатын ақпарат екенін көрсетеді. Байлардың коннотациясы *артық туған, ақсүйек* дегенді меңзейтін *арғымаққа*, кедейлердің коннотациялық мазмұны *жүдеу-жадау, аш-жалаңаш, көзге қораш, шағын* семаларын нақтылайтын *мәстекке* теңелуі соның айғағы. *Арғымақ* зоонимдік метафорасының қолданысы адамның қоғамдағы алатын әлеуметтік орны мен жағдайының жоғары екенін білдірсе, *мәстек* зоонимі адамның әлеуметтік мәртебесінің төмендігінен хабар береді.

Тілдік ұжым мүшелерінің мифтік танымы мен діни санасындағы ақпараттар мен білімдерді меңзейтін лексемалардан болған метафоралық модельдің ұлттық сипатта болатыны аян, өйткені, дін мен миф, оның ішінде, әсіресе аңыздар мен ертегілер, батырлар жыры ұлтпен бірге жасасып келе жатқан ұғымдар. Өздерінің арман-тілектерін, наным-сенімдерін, мәлім-беймәлім, тылсым да жұмбақ әлемдер туралы ойларын, тіпті қуанышы мен қорқынышын да мазмұнына арқау еткен мифология мен діннің, ұлттық қауымдастықтың тілдік санасындағы орны ерекше. Мысалы, *«Ерегес, ашу кернеген сайын доңыздай семірген қарын құлы, тоқтық, тыныштық албастысы Тұңғатар пішініндей болып көрініп, әдейі сол үшін, соның ұйытқысын бұзу үшін болса да, апат тілегендей болды»* (М. Әуезов). *Тоқтық, тыныштық албастысы* деген авторлық қолданыстағы ерекше образды *байлықтың* ұлттық прототипі ретінде қабылдауға болады. Ал, *албасты* мифологиялық образының жағымсыздықпен астарласатыны айтпаса да түсінікті. Оны қазақтардың танымынан берік орын алған ұлттық нақыштағы мистикалық бейнелер қатарына жатқызамыз. Аталған мысал автордың танымында ассоциативтік білім көздерінің бейнелі түрде көрініс табатынын тағы бір айғақтайды.

«Қалың жапырағы көлеңкесіндегілерге сая болған кәрі емен құлады» (І. Есенберлин) деген мысалдағы *кәрі емен құлады* тіркесі *өлім* концептісін айқындайтын эвфемистік мағынадағы метафора. Ол АДАМ – ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ метафоралық моделіне сай келеді. *Кәрі емен* фитонимінің коннотациясы *көп жылғы, саялы, көлеңкесі ұзаққа жететін* деген мағынамен ұштасып жатыр. *Кәрі емен*

фитонимдік метафорасы адамның тұлға ретіндегі қадір-қасиетін, адамгершілігін, мінез-құлқын, оның өзі өмір сүретін әлеуметтік қоғамдағы орнын жағымды жақтан суреттейтін тіркес, ал *еменнің құлауы*, сөз жоқ, қоғамда эмоционалдық тұрғыдан қолайсыздық тудыратын құбылыс. Бұл жердегі *кәрі еменнің құлауы* сценарийі *қайғыны* сипаттап тұр. Оның негізіне тілдік ұжым мүшелерінің санасындағы өсімдіктер дүниесі туралы энциклопедиялық білімдердің, атап айтқанда, көп жылдық ағаштың уақыт өте келе дауылдың, желдің екпінімен тамырының жерден ажырап құлауының көрінісі деп есептеуге болады.

Әскери лексика қатысатын метафоралық модель қай ұлттың да тілінде ұшырасатыны шындық. Жаугершілік, шапқыншылық, рулар арасындағы қырқыстар, жер дауы, жесір дауы қатар жүріп отырған қазақ қоғамының тілдік қоры да бұл мәселеден тыс қалмаған. Тілдік қауымдастық өкілдерінің басынан өткен түрлі соғыстар мен әскери жорықтардан қалған бай тәжірибесі олардың танымында білімдер мен ақпараттар түрінде жинақталып, тілінде көрініс тапқан. Мысалы: *ақтабан болды, ақтабан ауғын болды,* т.б.

Санамен сарғайды, сары уайым немесе «*Басыма қара күн туғанда*, *ол қарлығаштай су сеуіп, мені қанатының астына алып еді, ашыққанда нәр, талғанда әл болып еді»* (С. Мұқанов), т.б. мысалдардан қайғының қара,уайымныңсары түспен ассоциацияланатынын атай кету керек.

Талданған концептілер шеңберінде кездесетін метафоралардың модельдену табиғатына жасалған шолу олардың гомогендік құрылым емес, күрделі мағыналық құрылым екенін байқатады. Өйткені, тілдік ұжым мүшелерінің санасындағы тірек концептілерін айқындайтын метафоралық образдардың бір ғана түрде емес, сан алуан болатындығына көз жеткіздік. Әрине, олар бір-бірімен мазмұн, класс, топ, категория, т.б. сияқты ұғымдар тұрғысынан алғанда біріктіруге келмейтін нысандар болуы әбден ықтимал. Бірақ, тілдік ұжым мүшелерінің психикалық және логикалық ойлау әрекетінің арқасында олардың санасы мен танымында аталған нысан атаулары бір құбылыстың төңірегіне топтаса алады. Сондықтан бұл жерде кез келген дерексіз нысанды бейнелеу үшін тек бір деректі нысан атауы емес, ортақ қасиеттері мен белгілері арқылы дараланып, сұрыпталған бірнеше нысан атауы қатынаса алады деген қорытындыға келуге болады.

Әдебиеттер:

1. Арутюнова Н.Д. Метафора и дискурс // Теория метафоры: сборник статей. – М., 1990. – С. 5-32.

2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 304 б.

3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. − Алматы: Дайк-Пресс, 2008. − 968 б.

Резюме

В работе дана характеристика некоторых моделей метафорического представления с разной степенью развитости фреймовой структуры – метафорическая модель «Мир природы», артефактная метафорическая модель, антропоморфная изооморфная метафоры, мифологическая метафорическая модель, социальная и цветовая метафорические модели. Ключевыми метафорами являются антропоморфная, социальная и артефактная метафоры, так как человек мыслит мир по «своему образу и подобию».

Summary

In this article we represent some characteristic models with differentdegrees of developed frame structure – «the world of Nature», «the world of Animals», «the world of Things», meals model, mythologicalmodel, social model, color model. According to theanalysis we came to the conclusion that key models are the metaphorical models «the world of a Man», «the world of Things» and socialmodel as the person realizes the world from the point of view of «his own natureand structure».

УДК 811.161.1

ОБ ОСОБЕННОСТЯХ ИЗУЧЕНИЯ ПРЕЦЕДЕНТНЫХ ТЕКСТОВ В КУРСЕ «СЛОВОТВОРЧЕСТВО В ПУБЛИЦИСТИЧЕСКОМ ТЕКСТЕ» БАКАЛАВРИАТА

Г.У. ТУРАЛИЕВА,
кандидат филологических наук, доцент,
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан

Формирование антропоцентрической парадигмы в современной науке о языке связано с интересом лингвистов к «человеку говорящему». Будучи средой и способом языкового существования человека, язык не может быть рассмотрен вне коммуникативной функции, ориентации на адресата. Поэтому вполне закономерен интерес лингвистов к изучению прецедентных текстов. Цитированные тексты должны быть прецедентными, хорошо известными широкой аудитории, в этом случае фоновые знания адресата пересекаются с фоновыми знаниями адресанта, в результате возникает эффект узнавания закодированного смысла.

Важность изучения прецедентных текстов (ПТ) в курсе «Словотворчество в публицистическом тексте» обусловлено в первую очередь тем, что прецеденты способствуют восполнению пробела в фоновых знаниях, расширению кругозора студентов, овладению культуроведческой информацией, помогают понять языковую действительность. По мнению Ю.Н. Караулова: «Знание прецедентных текстов есть показатель принадлежности к данной эпохе и ее культуре, тогда как их незнание, наоборот, есть предпосылка отторженности от соответствующей культуры» [1, 216]. ПТ играют большую роль в формировании культурной компетенции студентов.

Знания ПТ позволят студентам национальной аудитории лучше понять современную действительность, реалии жизни. Известно, что в советский период были распространены заголовки с ПТ с положительной оценочностью, преобладали пословицы, поговорки о труде, дружбе, мире. В современных газетах при подвижности оценочных коннотаций берет верх негативная оценка. При ссылках на ПТ затрагивается тема коррупции, взяточничества, экономического кризиса, PR и т.п.

В современных газетных заголовках цитаты чаще встречаются в трансформированном виде: трансформация делает стандартную речевую формулу экспрессивной, способствует созданию эффекта новизны. Включение таких единиц способствует диалогизации текста и эксплицитно или имплицитно выражает оценку**.** Важным представляется высказывание Е.А. Земской о том, что время «значительно изменило характер не самого приема, а используемого материала. В наши дни в игру включаются политические и экономические тексты…» [2, 228].

Функциональный аспект исследования ПТ подтверждает их ярко выраженную социальную оценочность при отражении таких проблем страны, как развитие отечественной фармацевтической промышленности: *Своя таблетка сердцу ближе* (Каз. правда, 24 июля 2007); разбазаривание поливной воды: *На воде и шапка горит* (Мегаполис, 19 сент. 2005); коррупция (в различных сферах общества): *В огне не горит, в воде не тонет* – о коррупционных художествах чиновника – акима (Время, 7 сент. 2006); *Бай должен сидеть в тюрьме* (Нов. покол., 3 окт. 2003); *Мораторий взяткам не помеха* (АиФ, №314 2008); *Сколько взяточника ни корми… Служебный долг не дружит с Уголовным кодексом, если дело касается личной выгоды* (Изв. Каз 5 мая 2010); *Баран взятке не товарищ* (Изв. Каз., 18 янв. 2008); здоровье: *Дорожкой длинною…* – о кокаиномании в Казахстане, приобретающей массовый характер (Деловая неделя, 3 апр. 2007); дефицит детских садов: *Что нам стоит сад не строить* – о нехватке

детских садов в Павлодаре (Каз. правда, 17 февр. 2007); *Был дядя тот нечестных правил* (Каз. правда, 15 янв. 2008); энергетический кризис: *Велика степь. А ветрякам места нет* (АиФ Каз. №26, 2008) (об альтернативном источнике энергии, требующего дотаций); В *ТЕМНОТЕ И В ОБИДЕ* (Караван, 30 янв. 2004) (О Рудном, живущем только в светлое время суток); продовольственная программа, повышение цен: *Хлеб ценам не голова* (о повышении цен на хлеб) (Изв. Каз., 3 авг. 2007); *Умом Отчизну не понять*… (Мегаполис, 8 марта 2010); *Умом наш рынок не понять* (Респуб., 8 авг. 2006); образование: *УЧЕНЬЕ – СВЕТ, А НЕУЧЕНЫХ – ТЬМА* (Кызыл. вести, 29 июня 2007); *Чему-нибудь и как-нибудь* (Изв. Каз., 4 дек. 2008); *Ученых – свет, а неученых – тьма* (Вести КЗ, 12 февр. 2008); *«Учитель» гордо не звучит, раз в кошельке не шелестит* (Взгляд, 9 окт. 2003); *Как уважать себя заставить? Что нужно выдумать?* (о профессии учителя); проблемы строительства: *Увидеть Астану и умереть*? (О печальном списке погибших на стройках Астаны) (Мегаполис, 26 нояб. 2004); *Здесь будет город-зад* (Время, 16 дек. 2004) (про хаотичную застройку Алматы) и др.

Работа над газетным текстом, заголовками с ПТ требует большой предварительной работы. Для уяснения смысла высказывания, правильного его понимания возникает необходимость создания словаря ПТ, наиболее часто используемых журналистами в казахстанской прессе. Газетные заголовки в результате трансформации наполняются новыми смысловыми и коннотативными оттенками, которые требуют расшифровки. Словарь ПТ даст массу материала для анализа прецедентов с различных точек зрения (структурного, функционального и т.п.). Для структурного анализа, определения способов введения прецедентов в газетный текст можно предложить модели, по которым прецеденты чаще всего образуются. Создание фонда газетных текстов с ПТ позволит успешнее провести анализ прецедентов с точки зрения функционального аспекта. Подобные дидактические материалы позволят правильно организовать СРОП и СРО.

Расширению кругозора студентов, овладению культуроведческой информацией способствуют знания источников ПТ. В ходе исследования выявлены следующие источники ПТ в казахстанской прессе: литературные цитаты: *ГРЯДЕТ ТАРИФ В НАЧАЛЕ МАЯ* (Каз. правда, 6 апр. 2006); названия фильмов: *Увидеть Париж и умереть*; цитаты из художественных фильмов, песенные цитаты: *Гульчатай, открой личико* (Нов. покол., 19 сент. 2003) (Банки просят предпринимателей выйти из тени); *Не думай о киловаттах свысока*! (Изв. Каз., 13 июня 2007); *Если друг оказался экспертом вдруг… или Экспертиза не в службу, а в дружбу* (Центр Азия Монитор, 18 марта 2011) и т.п.; лозунги советской эпохи, коммунистические лозунги: *Интеллигенция всех стран, объединяйся*! (Каз. правда, 14 апр. 2006); цитаты классиков марксизма-ленинизма: *Теория без практики слепа?* (Каз. правда, 8 нояб. 2007); *Верной дорогой идем, товарищи?* (Центр Азия Монитор, 30 дек. 2010); пословицы и поговорки: *Мал кредит, да дорог* (Нов. покол., 24 окт. 2003); фразеологизмы: Шаром покати (Мегаполис, 12 нояб. 2011); крылатые слова и выражения: *Наполеоновские планы* (АиФ, №4 2008); *Что наша жизнь – игла?* (АиФ Каз. № 45); названия телевизионных программ: *Аул. Мы ищем таланты* (Мегаполис, 18 июля 2007); мультипликационные фильмы: *Нам любое море по карману, нам любое горе по плечу* (Страна и мир, 20 нояб. 2010); басни: *И волки сыты, и овцам вечная память* (Экспресс, 11 февр. 2010); песни: *Их адрес – не дом и не улица* (Каз. правда, 28 окт. 2005), сказки: *ПО ЩУЧЬЕМУ ХОТЕНИЮ* (Каз. правда, 17 янв. 2008) (Репортаж с рыбалки); *ТЯНЕМ. ПОТЯНЕМ ...ДОТЯНЕМ?* (Каз. правда, 26 янв. 2008) (об отоплении и энергосбережении); латинские выражения: Закон – dura (Каз. правда, 30 мая 2005); считалки: *Доллар волнуется раз*…(АиФ Каз. №36, 2007); библеизмы: *Кесарю – кесарево, слесарю – слесарево* (Нов. покол., 2 авг. 2004); мифология: *БОЙТЕСЬ ГОСТЕЙ, ВОДОМЕРЫ МЕНЯЮЩИХ*! (Каз. правда, 11 сент. 2007); детская игра: *Идея +кредит=бизнес* (Каз. правда, 25 мая 2006); речевые формулы: *Осторожно, злая собака;* детские дразнилки: *Тили-тили ТЕСТы, будет много места* (Караван, 18 мая 2012); рекламные тексты: *Учиться, учиться, учиться. И никакой коррупции* (Каз. правда, 8 нояб. 2007) (реклама UIB – Казахстанского университета международного бизнеса).

Особенно популярным среди газетных заголовков является цитирование классических литературных произведений. Это, несомненно, активизирует знания студентов по литературе, так как класси-

ческие выражения, подвергнутые структурно-семантическим преобразованиям, нуждаются в расшифровке для адекватного понимания текста. Главной целью изучения прецедентных высказываний является формирование навыков узнавания и правильного понимания смысла высказывания. Тютчевские строчки «Умом Россию не понять» повторились в следующих трансформах: *Умом наш рынок не понять!* (Респуб., 18 авг. 2006); *УМОМ ВОЕННЫХ НЕ ПОНЯТЬ?* (Страна и мир, 8 июня 2007) (О беспорядках, царящих в воинских частях Центрального региона). Бессмертные пушкинские строки «Москва! КАК МНОГО В ЭТОМ СЛОВЕ ДЛЯ СЕРДЦА РУССКОГО СЛИЛОСЬ…» использованы в следующих трансформах: *ВОДА. КАК МНОГО В ЭТОМ СЛОВЕ...* (Каз. правда, 29 нояб. 2007); *БАЙГА! КАК МНОГО В ЭТОМ СЛОВЕ…*» (Каз. правда, 26 мая 2007); *Астана – как много в этом звуке*! (Деловая неделя, 4 июля 2008). Некрасовская цитата «Кому на Руси жить хорошо?» цитируется как шутливо-иронический комментарий ко всякого рода социологическим исследованиям, опросам, их результатам и т.п. В прессе представлены следующие трансформы этой цитаты: «*Кому в Казахстане отдыхать хорошо?* (Мегаполис, 14 авг. 2006); *Где бедному жить хорошо (АиФ Казахстан*, № 49); Кому при генплане жить хорошо? (Изв. Каз., 20 июля 2007). Известная цитата из стихотворения «Поэт и гражданин» (1856) Н.А. Некрасова «Поэтом можешь ты не быть, / Но гражданином быть обязан» используется как шутливо-ироническая форма напоминания об общественном долге в таких ПТ, как: *… Джигитом быть обязан* (Каз. правда, 13 мая 2008); *…А патриотом быть обязан* (Каз. правда, 31 янв. 2008); *ЮРИСТОМ МОЖЕШЬ И НЕ БЫТЬ…* (Каз. правда, 17 марта 2007). Знаменитая фраза А.М. Горького «Человек звучит гордо» активно используется казахстанскими журналистами: *СПЕЦИАЛИСТ – ЗВУЧИТ ГОРДО* (Страна и мир, 25 мая 2007); *Финансовый консультант – звучит гордо* (Время, 14 сент. 2006); *Патриот – это звучит бодро* (Экспресс, 18 июня 2011); *Чиновник – должно звучать гордо* – о системе государственной службы (Кызыл. Вести, 10 апр. 2012) и т.п. Фраза рискует превратиться в штамп. Другое дело, когда журналисты пытаются подвергнуть ее структурно-семантической трансформации, как в этом случае: *НАШ ЧЕЛОВЕК ЗВУЧИТ ГОРДО, НО СИДИТ ТИХО* (Время, 7 июня 2007) – статья о пессимистическом отношении казахстанцев к правоохранительным органам. Казахстанские журналисты любят обращаться к знаменитому произведению И. Ильфа и Е. Петрова «Двенадцать стульев», в особенности к фразе «… сегодня – стулья, а завтра – деньги?..», которая модифицирована следующим образом: *Вечером деньги, о стульях – забыть* (Каз. правда, 3 мая 2007); *Утром – лыжи, вечером – бренди* (Каз. правда, 22 янв. 2008); *Утром деньги, вечером – боеприпасы* (Изв. Каз., 19 окт. 2007); *Утром – деньги, вечером – ...срок* (Караван, 19 янв. 2012); *Утром – дети, вечером – китайцы* (Мегаполис, 11 мая 2009) (о превращении ряда действующих школ Жамбылской области по вечерам в общежития для китайских гастарбайтеров). Данная модель используется и российскими журналистами: *Утром – деньги, вечером – дети* (Изв. 22 фев. 2008) (статья на тему демографии в России).

В работе над прецедентами следует определить список наиболее активно употребляемых моделей, который позволит исследовать трансформационный потенциал ПТ в газетном тексте: Х + звучит гордо; Плюс + х + всей страны; Особенности национальной + х; Х + всех + х объединяйтесь!; Здесь будет + х; Х + по осени считают; Кому + х + жить хорошо; Х + всему голова; Х + это звучит гордо; Я +х + пойду, пусть меня научат; У х + нет плохой погоды; Х! Как много в этом слове! и др. С точки зрения экологии языка, несомненно, существует опасность тиражирования некоторых типовых трансформаций, превращению их в штампы.

Обогащению речи студентов способствует знание способов включения ПТ в высказывание. Следует обратить внимание студентов на различные способы трансформации заголовков-цитат, так как именно трансформация делает стандартную речевую формулу экспрессивной, способствует созданию эффекта новизны.

Для казахстанской прессы характерны следующие способы трансформаций: 1) замена компонентов; 2) усечение компонентов; 3) добавление компонентов; 4) контаминация; 5) сочетание ПТ + языковые

игры; 6) перестановка; 7) сочетание разных способов; 8) предложение в виде вопроса; 9) использование в ПТ казахизмов.

Для определения способов трансформаций ПТ можно предложить студентам установить соответствия стрелками.

№	Прецедентные тексты	№	Способы трансформаций
1	Айтыс в Париже – больше, чем айтыс.	1	добавление
2	Если «ДРУГ» оказался вдруг…	2	прецедентный текст + фонет. игра
3	Не жалея, не зовя, не плача…Шымкент: между прошлым и будущим.	3	усечение
4	Гляжу, поднимается медленно в гору тариф, проклятьем заклейменный.	4	предложение в форме вопроса
5	Кто рано встает, тому дог подает	5	замена компонентов
6	Пешеход звучит гордо?	6	контаминация
7	Кто рано встает, тому дог подает	7	прецедентный текст + граф. игра
8	И ВИЧный бой: покой нам только снится	8	перестановка
9	У СТРАХования цены велики	9	прямое цитирование

На развитие навыков узнавания, правильного понимания смысла высказывания направлено следующее задание: заполнить таблицу, используя материалы газет с ПТ.

Пример	Исходная форма	Комментарий к ПТ в статье
Наш человек звучит гордо, но сидит тихо (Время, 7 июня 2007)	А.М. Горький «Человек звучит гордо»	Статья о пессимистическом отношении казахстанцев к правоохранительным органам.

Определяется источник нетрансформированного прецедентного высказывания, использованного в публицистическом тексте. Путем короткого пересказа содержания статьи студентам предлагается пример функционирования прецедентного текста в конкретной ситуации действительности.

Более сложный вид работы представлен в следующей таблице:

ПТ	Содержание статьи	Канонический текст	Значение канонического текста	Реализация значения в статье

Восстанавливается канонический текст, выявляется смысл трансформированного прецедентного высказывания в сравнении с исходным. Таким образом, в процессе обучения ПТ развиваются такие коммуникативные умения, как анализировать уместность использования ПТ, оправданно употреблять ПТ в своей речи.

Целенаправленное введение в учебный процесс ПТ с помощью особой системы упражнений, направленной на развитие навыков узнавания и правильного понимания смысла высказывания, будет способствовать формированию коммуникативной компетенции студентов.

Литература:

1. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М., 1987.

2. Земская Е.А. Взаимодействие нормы и узуса в русском языке рубежа XX-XXI в.в. (на материале словообразования) // Русский язык сегодня. – Вып. 4. – М., 2006. – С. 223-231.

Түйіндеме

Мақалада прецеденттік мәтіндерді зерттеудің ерекшеліктері функционалдық және методикалық аспектілер тұрғысынан қарастырылады. Прецеденттік мәтінді игеру негізгі білімді толықтыруға, студенттердің ой-өрісін кеңейтуге, мәдени ақпаратты меңгеруге, тілдік анықтаманы түсінуге мүмкіндік береді. Мәтіндердің мағынасын дұрыс түсіну және танып білуді жетілдіру үшін әр түрлі тапсырмалар ұсынылады. Оларды оқу үдерісіне мақсатты түрде енгізу студенттердің коммуникативті құзырларының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Summary

The article considers the precedent texts in points of functional and methodological aspects.

Knowing of precedent texts encourage to restore gap of background knowledge, to expand horizons of students, to own the information of cultural studies, to understand linguistic reality.

There are different types of exercises which directed to development of recognition skills and right understanding the meaning of precedential texts. Purposeful entering of precedential texts to educational process will support to formulate communicative competence of students.

ӘОЖ: 378.851

ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МАТЕМАТИКАНЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ

Б.Е. ТҰРБАЕВ,
физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
С.С. КҮЗДЕУБАЕВА,
И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық колледжі,
Қазақстан Республикасы

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» мақаласында «...Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту үш басты бағыт бойынша жүргені көкейге қонымды:

1. Білім беру мекемелерін оңтайландыру;
2. Оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту;
3. Білім беру қызметтерінің терімділігі мен қолжетімділігін арттыру. Оңтайландыру аясында білім берудің үздіксіз көлбеуін нығайту қажет» деп атап көрсеткен болатын.

Сондықтан, білім берудегі үздіксіздіктің басты қағидасы – ол жаңа білімнің бұрынғы білімге негізделуінде, белгілі ұғымдарға жоғары деңгейде тұжырымдама жасауында және оқу материалдарында жаңа байланыстар орнатуында болып табылады. Осы шарттар логикалық тұрғыдан қатаң болып есептелетін математика пәні үшін өте маңызды.

Кәсіптік мектептер, колледждер мен орта дәрежелі көпсалалы колледждердегі оқу топтары әр түрлі негізгі мектептің 9-сыныбын бітірушілерден құралады. Осыдан 1 курс оқушыларының математикалық даярлықтарының әркелкілігі байқалады. Сондықтан оқушылардың математикадан бейімділіктері мен қабілеттілігін тиімді түрде дамыту сұрақтары бірінші кезекте қойылады.

Математикадан жүйелі талапқа сай білім алуда пәнаралық және пәнішілік байланыстарды, қолданбалы бағыттағы, сондай-ақ мамандықтарына сай есептерді қамтып отырудың маңызы зор. Оқушыларға сапалы білім беруде, дүниеге дұрыс ғылыми көзқарасын қалыптастыруда пәндерді байланыстырып оқытудың маңызы зор. Оқу пәндері өзара байланысқан ғылымдардың негізінде құрылғандықтан, олардың арасында да ғылымдар арасындағы сияқты байланыс орнату қажет.

Пәнаралық байланыс дегеніміз – сабақта өтілетін материалдарға қосымша ұғымдарды, түсініктерді үстемелеп енгізу деген сөз. Мұғалім пәнаралық байланысты ойластырғанда, нені немен, қай мөлшерде, қай сәтте байланыстыратынын дәл анықтап, негізгі материал мазмұнына зиян келмеуін қатаң ескеруі қажет.

Пәнаралық байланыстылық жеке пәндердің өзіндік ерекшелігіне қарай жұмыс жүргізу тәсілдерін белгілейді. Мұндай методикалық тәсілдердің жалпы пәндерге ортақ түрлері бар. Олардың қатарына мыналар жатады:

1. Әр түрлі сипаттағы пәндердің мазмұнын игеру барысындағы оларға тән ортақ қандай да бір заңдылықтарын тауып, теориялық қорытынды шығарып отыру;

2. Бір пәннің материалын екінші бір пәннің мазмұнын ашуда иллюстрация ретінде пайдалану;

3. Өткен материалдарды қайталау арқылы жеке пәннің ішкі мазмұн бірлігін, сабақтастығын сақтау, сөйтіп, ортақ жалпы заңдылықтарын таныта отырып жеке мәселелерді түсіндіру;

4. Мазмұны ұқсас материалдарды байланыстырып және тақырыптас жеке материалдарды салыстыру түрінде ұғындыру;

5. Әр түрлі пәндерде физика, химия, биология, т.б. сабақтарда оқып үйретілетін құбылыстардың байланысын ашу, материалдық дүниенің бірлігін көрсету.

Ғылым дамуының қазіргі кезеңі ғылымдар арасындағы барған сайын ұлғайып отырған байланыспен және ғылымдардың өзара сабақтасуымен, әсіресе математика мен физика білімінің басқа салаларымен байланысымен сипатталады.

Физика мен математиканы байланыстыра оқыту оқушылардың танымдық біліміне қызығушылығын дамытуға, ойлау қабілетін, ғылыми көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі.

Математика мен физика байланысының маңызды формасы физикалық мазмұнды математикалық есептер шығару болып табылады. Бұл математика үшін теорияның практикамен байланысын күшейтетін құралдардың бірі болса, ал физика үшін физикалық ұғымдарды пысықтап, оны тереңірек ұғынудың қажетті шарты болып табылады. Ғалымдар математика мен физиканы байланыстыра оқытудың мынадай жолдарын ашты:

1. Математикалық ұғымдарды өндіруде, түсіндіруде физикалық процесстерді, идеялар мен есептерді қолдану;

2. Физиканы оқытуда математиканы пайдалану;

3. Математика мен физика пәндері бойынша комплексті экскурсиялар;

4. Абстракты математикалық өрнекті физикалық заңның математикалық өрнегімен салыстыру;

5. Физикалық формулалардың математикалық анализі және физикалық түсіндірмесі;

6. Математика мен физика сабақтарында физикалық мазмұнды есептердің шығарылуына байланысты математика мен физика пәндерін бір уақытта қайталау.

Жалпы, математика мен физиканың өзара байланысы олардың әр түрлі көзқараста зерделенетін пәндік аймақтарының және идеялары мен әдістерінің ортақтығымен анықталады. Оларды үш түрге бөлуге болады:

1. Физикалық мәселелерді шешу үшін қажетті идеялар мен әдістер математиканың теориялық дамуына негіз болады.

2. Дамыған математикалық теория өзінің идеяларымен, аппаратымен физикалық теорияны тудырады, ал ол дүниенің физикалық бөлінісін дамытып, жаңа физикалық мәселелердің туындауына әкеледі.

3. Физикалық теоияның дамуы белгілі математикалық аппаратқа сүйнеді, ал соңғысы физикада қолдану деңгейіне байланысты дамып, жетіледі.

Математика мен физиканың идеялары мен теорияларының өзара байланысының осы үш түрлі шартты сипатта, себебі олар «таза түрде» болмайды, олар бір-біріне өтіп отырады және диалектикалық бірлікте болады.

Баяндамада математика және физика пәндерінің өзара тығыз байланысы ашылып, нақты мысалдар көрсетілген.

Мысал 1. $+e$ ток зарядының пайда болған электрлік $+ei$ ток заряды электрлік өрісіне қозғалады. Кулон заңындағыдай, *кі* ток зариядының қатынасының күші мына формуламен анықталады:

$$F = \frac{e^1 \cdot e}{R^2}$$

$+ e$ ток заряды арқылы өтетін A және B нүктелері бір түзуде орналасқанын ескере отырып, зарядын A нүктесінен бастап B нүктесіне орын ауыстыру кезіндегі жұмысын анықтау керек.

Шешуі: Қарапайым dr орын ауыстыру жұмысы мынаған тең:

$$\delta A = Fdr = \frac{e_1 \cdot e}{r^2}\ dr$$

ал толық жұмыс интегралдаумен анықталады:

$$A = \int_{r_1}^{r_2} \frac{e_1 \cdot e}{r^2}\ dr = e_1 \cdot e \left(-\frac{1}{r} \right) \Big|_{r_1}^{r_2} = e_1 \cdot e \left(\frac{1}{r_2} + \frac{1}{r_1} \right)$$

$$A = e_2 \left(\frac{e}{r_1} - \frac{e}{r_2} \right)$$

Жақшаның ішіндегі өрнектер A мен B нүктелеріндегі потенциалдың немесе қуаттың әр түрлі болуы.

Тапсырманы шешу барысында қарапайым өрнекті құрамай-ақ, жоғарыдағы формуланы пайдалануға болар еді, өйткені, бұл жерде аналитикалық өрнектердің күші белгілі

$$F = \frac{e_1 \cdot e}{R^2}$$

Мысал 2. Денеге серіппенің бір ұшы жалғанған, ал екінші ұшы қозғалмайтын O нүктесіне жалғанған. Денеге әсер етуші серпімділік күші Гук заңына бағынышты, ол мынадай:

$$F = - kx$$

Мұндағы, k – пропорционалдық коэффициент, x – серіппе ұзындығы.

a абциссасынан b абциссасына дейінгі түзу сызықты орын ауыстыру кезіндегі серпімділік күштің жұмысын табу керек. (Күш килограммен, орын ауыстыру метрмен өлшенеді).

Минус таңбасы серпімділік күшінің теңдесуге бағытталғанын көрсетеді.

Шешуі: dx орын ауыстырудағы серпімділік күшінің элементар жұмысы A мынаған тең: $\sigma A = - kx \cdot dx$

Сондықтан a нүктесінен b нүктесіне дейінгі орын ауыстырудың толық жұмысы σA мына формуламен есептелінеді:

$$A = \int_a^b Fxdx = \int_a^b - kxdx = - k\ \frac{x^2}{2}\Big|_a^b = \frac{k}{2}(a^2 - b^2)$$

Егер дене серпімділік күшінің модулінің кему жағына қарай жылжыса, онда серпімділік күшінің жұмысы оң болады. Керісінше, егер дене серпімділік күшінің модулінің өсу жағына қарай жылжыса, онда серпімділік күшінің жұмысы теріс болады.

Мысал 3. Массасы 5 кг жүк белгілі биіктіктен құлап келе жатыр және жердің бетіне 2,5 секундтан кейін келіп түседі. Жүктің жасаған жұмысын табу керек.

Шешуі: Жүктің толық жұмысы мынаған тең:

$$A = \int_{H}^{0} F\cos\alpha \, dh$$

мұндағы H – жүк құлай бастаған биіктік; $F = mg$ – жүкке әсер ететін ауырлық күші; $\cos\alpha = -1$

$$A = \int_{H}^{0} F \cos\alpha \, dh$$

теңдеуін түрлендірсек:

$$A = \int_{H}^{0} mg \, dh = mgh \Big|_{H}^{0} = mgH$$

Мұндағы $H = \frac{gt^2}{2}$ болғандықтан,

$$A = mg\frac{gt^2}{2} = \frac{mg^2t^2}{2}. \quad A = \frac{5 \cdot 9,8^2 \cdot 2,5^2 \, Дж}{2} \approx 1.5 кДж.$$

Жауабы: 1,5 *кДж.*

Мысал 4. $V = V(t)$ нүктесінің $[t_1;t]$ уақыт аралығындағы түзу сызықты қозғалысының жылдамдығы болсын. $V(t) > 0$, $t = t_2$ – ден $t = t_2$ уақыт аралығында нүктенің жүріп өткен жолы қалай анықталады?

Шешуі: Қозғалып бара жатқан нүктенің t уақыт мезетіндегі координаталарын $S(t)$ деп белгілейік. $V > 0$ болғанда жылдамдық тек оң бағытта болғандықтан, $S(t)$ функциясы өспелі болғандықтан, $S(t) = V(t) > 0$) ізделінді қашықтық мына санмен беріледі:

$$S(t_2) - S(t_1).$$

Екінші жағынан $S(t)$ функциясы V (t) функциясының алғашқы функциясы болғандықтан, жоғарыдағы айырма

$$S(t_2) - S(t_1) = \int_{t_1}^{t_2} V(t) d(t)$$

интегралын береді.

<u>*Мысал 5.*</u> Жер бетінен жоғары қарай V_0 жылдамдықпен лақтырылған дененің ең үлкен көтерілетін биіктігі қандай?

Шешуі: Дененің кез келген t уақыт мезетіндегі жылдамдығы дененің алғашқы V_0 жылдамдығымен еркін түсу үдеуінің айырмасына тең болады:

$$V = V_0 - gt$$

Дененің жоғары көтерілуі $V = V_0 - gt > 0$ болғанда, яғни $0 \le t \le \frac{V}{g}$ жағдайда орындалады. Сонымен, ұщудың ең жоғары көтерілу биіктігі

$$H = \int_0^{\frac{V_0}{g}} (V_0 - gt)dt = \left(V_0 t - \frac{gt^2}{2} \right)_0^{\frac{V_0}{g}} = \frac{V_0^2}{g} - \frac{g}{2} \cdot \frac{V_0^2}{g^2} = \frac{V_0^2}{2g}$$

болады.

Әдебиеттер:

1. «Егемен Қазақстан» газеті. – 2012. – 10 шілде

Резюме

Благодаря специфичности математики осуществление для нее межпредметных связей является фактически одним из требований принципа взаимосвязи обучения с жизнью и практикой. Математика – наука самостоятельная, но известна и другая прикладная ее особенность: математический аппарат используется почти всеми другими науками. Глубокие связи, существующие между физикой и математикой как науками, должны найти отражение в связях между соответствующими учебными предметами. Имеется ряд идей и понятий в курсах физики и математики, которые образуют естественную базу для реализации соответствующих межпредметных связей.

Summary

Specificity math exercise for her interdisciplinary connections is actually one of the requirements of the principle of communication training with life and practice. Mathematics - independent science, but the lime and the other, the application of its peculiarity: mathematical tools used in almost all other sciences. Deep links between physics and mathematics as a science should be reflected in the links between the subjects. There are a number of ideas and concepts in physics and mathematics courses, which forms a natural basis for the implementation of relevant interdisciplinary connections.

УДК 808.7

ПОЛИЯЗЫЧИЕ. РОЛЬ ПОЛИЯЗЫЧИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ ЛИЧНОСТИ

М.С. УМБЕТОВА,
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата
А.С. САЛАВАТОВА,
Казахско-Британский технический университет,
г. Алматы, Республика Казахстан

Полиязычие – основа формирования поликультурной личности. Человек, погруженный в триаду «язык – речь – общение», через выбор языка общения и самовыражения приходит к культуре. В свою очередь, речевая культура личности является творческим трамплином для самосовершенствования,

для ее самореализации. Речевая культура – составная часть культуры народа, связанная с использованием языка. Она включает в себя язык с его национальной спецификой, с его социальными и функциональными разновидностями. Речевая культура – это также совокупность общезначимых для данного народа речевых произведений, система речевых событии и речевых жанров, обычаи и правила общения, присущие данному народу, соотношение вербальных и невербальных компонентов общения, способы сохранения и передачи языковых традиции.

Каждый народ имеет свою речевую культуру и если мы обращаем внимание на манеру человека себя держать, его походку, его поведение, на его лицо и по ним судим о человеке, иногда, впрочем ошибочно, то язык человека – гораздо более точный показатель его человеческих качеств, его культуры.

Особый тип взаимодействии языков связан с культурными контактами между народами и языками.

Единство мира и культуры определяется неделимостью последней, действующей как целостное явление. Культура не существует вне своего живого носителя – человека. Индивид усваивает ее через язык, воспитание, живое общение. Картина мира, оценки ценности, способы восприятия природы, времени, идеалы закладываются в сознании личности и незаметно для индивида изменяются в процессе культурных практик.

Биологический человеку дается только организм, обладающий лишь определенными задатками, возможностями. Овладевая существующими в культуре нормами, обычаями, приемами, способами деятельности индивид осваивает, преобразовывает саму культуру, включая язык.

С выделением в образовании полиязыкового аспекта предусматривается исследование возможности полиязыковой культуры в целях расширения миропонимания, мировоззрения человека, развития его жизненных сил, что в свою очередь может позволить развивающимся, становящимся личностям отдавать предпочтение коммуникации. Связано это с тем, что посредством слова нельзя передать другому человеку свои мысли, а можно только пробудить в нем его собственные мысли. Слушающий может гораздо лучше говорящего понимать, что скрыто за словом, а читатель может лучше самого автора постичь идею его произведения. Как сказал Лев Толстой: «Язык – есть орудие мышления». Сила такого произведения не в том, что разумел под ним автор, а в том, как оно действует на читателя или зрителя, следовательно, в неисчерпаемых возможностях его содержание, а потому полиязыковая культура личности выступает как индикатор, возникающий благодаря органам чувств и его индивидуальному опыту.

Полиязычие – проявление жизненных сил народов, его творческого потенциала, что способствует взаимопониманию и сотрудничеству народов, обогащению и развитию родных языков, повышению общей культуры человека как социального субъекта, поскольку различные социальные системы вынуждены сотрудничать в решении общих глобальных проблем, поэтому полиязычие оказывает позитивное влияние на развитие общественной жизни культуры образовательных систем в условиях современного коммуникационного пространства. Культура, выступая как исторический концентрированный опыт, представляет через образование каждому человеку возможность превратить этот опыт в личностный смысл. Каждая личность выступает как носитель личностной культуры, то есть культурного богатства личности. Возникает необходимость постоянной коммуникации, перехода друг в друга культуры общества и личностной культуры. Личная культура – культура отдельного человека, хранимая в знаниях и навыках, вещах и знаково – в символических структурах. Язык и культура составляют единство.

Человек живет в полиязыковом пространстве общества, где всякая языковая система есть общественно-исторический продукт, в котором находит отражение история народа, культура, система отношений, традиции.

Рассмотрение в рамках настоящего исследования полиязыковой культуры в контексте общей культуры человека представляется особенно актуальным. Несомненно, это позволяет изучить проблему координации разнообразной деятельности человека в различных межкультурных пространствах, в итоге

сформировать интерес к широкой образованности. Учитывать обстоятельство, что социокультурные знания делают язык особым объектом в образовании, необходимым для развития жизненных сил человека. Человек, его язык, его внутренний мир едины, следовательно, человека нельзя изучать вне языка, а язык нельзя изучать вне человека. Культура может меняться под влиянием идеологии пропаганды, язык хранит культуру, передает его от поколения к поколению. Язык представляется непрерывно работающим и развивающим способом в общении с другими людьми. Этот способ формирует личность, определяет его место в обществе, его судьбу; язык – это и особый дар, который принадлежит всему народу, объединенному одним языком, это общественная собственность. И то, что сегодня мир переживает «языковой бум», а изучению языков придается большое значение и в Европе и в Азии, еще раз подтверждает мысль о стремлении людей разных национальностей к культурному единению в решении многочисленных глобальных проблем. Гуманизация полиязыкового образовательного пространства предполагает создание такой среды, в условиях которой возможно целенаправленное формирование индивидуальной полиязыковой культуры. Только человекознание позволит молодому человеку лучше понять самого себя, выстроить более гуманное и толерантное отношение с другими людьми, окружающим миром. В этом смысле гуманитарное знание призвано развивать, формировать в человеке чувство собственного достоинства. В связи с этим необходима серьезная проработка концепции и идеи, связанных с пониманием закономерностей развития человеческого общества и с осознанием, пониманием перспектив развития самого человека. С этой точки зрения не случаен наблюдающийся во всем мире интерес к проблемам гуманизации и гуманитаризации всех видов и типов образовании.

Известно, что только то государство может успешно развиваться и гармонично вписаться в ряд ведущих стран мира, которое сумеет создать для своих граждан достойные условия для приобретения качественного и современного образования.

Президент страны Н.А. Назарбаев поставил высокую планку перед отечественным образованием. Оно должно стать конкурентоспособным, высококачественным, таким, чтобы выпускники казахстанской школы могли легко продолжать обучение в зарубежных вузах. Поэтому важнейшей стратегической задачей образования является, с одной стороны, сохранение лучших казахстанских образовательных традиций, с другой стороны, обеспечение выпускников школ международными квалификационными качествами, развитие их лингвистического сознания, в основе которого – овладение государственным, родным и иностранными языками. В связи с этим понимание роли языков в современном мире с особой остротой ставит вопрос о результативности обучения языкам и повышении уровня языковой подготовки учащихся. Полиязычие – основа формирования поликультурной личности.

Цель поликультурного и полиязычного образования может заключаться в формировании человека, способного к активной жизнедеятельности в многонациональной и поликультурной среде, который обладает развитым чувством понимания, относится с уважением к другим культурам, умеет жить в мире и согласии с людьми разных национальностей, рас и верований. Полиязычие при соответствующих принципах гуманизма условиях может стимулировать гуманизацию в национальной образовательной системе. Обоснование необходимости приоритета родного языка, который, активно адаптируя языки других народов, укрепляется в своем богатстве и уникальности, – это тот методологический принцип, который выдвигается в качестве концептуального решения социально-философских проблем гуманизации полиязыкового образовательного пространства современного мира.

Так, развитие рыночной экономики, конкуренции, бизнеса, торговли, реорганизация системы сервиса в направлении к клиенту, потребителю ведут к диалогизации общения, увеличению роли диалога в общении. Формируются подъязык делового общения, система деловой документации, устные и письменные деловые речевые шаблоны, деловой речевой этикет. Уровень развития языка, его удельный вес в жизни страны, мира того народа, который говорит на нем, определяют сферу распространения языка и объем выполняемых им функций. Наиболее употребительны на земном шаре языки международного

общения, официальные языки Организации объединенных наций. Значительную сферу распространения имеют языки межнационального общения в рамках одного многонационального государства, например, русский язык в странах СНГ. Далее следуют языки, обслуживающие отдельные народности, так называемые местные языки. Есть языки очень узкой сферы использования, к примеру, латинский язык (мертвый язык) используется в медицинских рецептах; книжнославянский язык сохраняется в церковных службах и т.п.

Овладевая полиязыковой культурой, человек тем самым расширяет свои возможности. Определяя полиязыковую культуру, как совокупность показателей, отражающих уровень распространенности «языков культуры» в языковом пространстве, а также уровень владения родным и не родными языками в пространстве конкретного социума, мы видим важный фактор решения многих социальных проблем современного образования в исследовании роли языковой культуры.

Углубление международного взаимодействия и сотрудничество стимулировало поступательное развитие полиязычного образования. Как отметил в своем Послании народу Президент Н.А. Назарбаев, важнейшей задачей образования является обеспечение выпускников школ международными квалификационными качествами, развитие их лингвистического сознания, в основе которого – овладение государственным, родным и иностранными языками. Перед нами стоит вопрос о результативности обучения языкам и повышения уровня языковой подготовки учащихся. Стремительное вхождение Казахстана в мировое сообщество: инновационно-индустриальная экономика, информатизация общества, гармонизация образовательного пространства и внедрение международных стандартов коренным образом изменяют сознание и поведение человека. Социально-историческая перестройка общества и общественная формы сознания и ориентация на ценности общей человеческой культуры актуализировали проект Президента «Триединство языков», как социально-историческую необходимость, как конкурентоспособность нации, как культурный императив времени, и утвердили приоритет трех языков в Республике Казахстан: казахский – русский – английский. Наряду с казахским языком, имеющим статус государственного, и русским – языком межнационального общения, важным средством общения выступает иностранный язык.

Позиция Президента в разрешении проблемы полиязычия наиболее близка и понятна.

В Казахстане уже сформировались основные тенденции, определяющие развитие методики полиязычия. Согласно законодательству об образовании в РК 2007 года, все организации образования, независимо от форм собственности, должны обеспечить знания обучающимся казахского языка как государственного, а также изучения русского языка и одного из иностранных языков в соответствии с государственным общеобязательным стандартом соответствующего уровня образования. Новое время и новые условия требуют коренной перестройки, переоценки ценности и идеалов, пересмотра целей и задач методов и приемов обучения. Изучение иностранных языков в Казахстане – это обучение языку, как реальному и полноценному средству общения на уровне носителей этого языка.

Система принципов обучения в системе полиязычия: казахский язык – русский язык – английский язык.

Владение казахским, русским и иностранными языками становится в современном обществе неотъемлемым компонентом личной и профессиональной деятельности человечества. Все это в целом вызывает потребность в большом количестве граждан, практически и профессионально владеющих несколькими языками и получающих в связи с этим реальные шансы занять в обществе более престижное как в социальном, так и в профессиональном отношении положение.

Одной из задач приобщения подрастающего поколения к универсальным, глобальным ценностям является формирование у подростков умения общаться и взаимодействовать с представителями соседних культур в мировом пространстве.

Для того чтобы подготовить профессиональные кадры, отвечающие этим требованиям, большое внимание уделяется полиязычному образованию, которое рассматривается, как действенный инструмент, в подготовке молодого поколения в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого мира. В связи с этим понимание роли языков в современном мире ставит вопрос обучения языкам и повышения уровня языковой подготовке учащихся.

Литература:

1. Послание Президента Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире». – Астана, 2012.

2. Государственная программа развития образования в РК на 2005-2010 годы // Казахстанская правда. – Астана. – 2004. – 16 октября.

3. Карасаева Х.О. Полиязычие в образовательной политике Казахстана. – М., 2009.

4. Заботкина В.И. Роль многоязычия в устойчивом развитии общества XXI века. – М., 2009.

Түйіндеме

Бұл мақалада қазіргі таңдағы көп тілді мәдениетті зерттеудің өзектілігі туралы сөз болады.

Көп тілді және көп мәдениетті білімнің мақсаты – адам қалыптастыруында оның өмірдегі белсенділігі және көпұлттылығы, көп мәдениетті ортада өзге ұлттардың мәдениетін түсініп, үлкен құрметпен қарап, өзге ұлт өкілдерімен және өзге діндердегі қөзқарастағы ұлт өкілдерімен татулықта өмір сүре алуды қалыптастыру. Сонымен қатар бейбітшілікте келісімде болу.

Summary

This article shows the actuality of polylingual culture nowadays and that the goal of multicultural education and poliyazychnogo may lie in the formation of man, capable of active life in a multinational and multicultural environment, having a strong sense of understanding and respect for other cultures and the ability to live in peace and harmony with people of different nationalities, races and creeds. Poliyazychie principles of humanism under appropriate conditions may encourage the humanization in the national educational system.

УДК 37(094)

ОБУЧЕНИЕ СТУДЕНТОВ ТЕХНИЧЕСКИХ ВУЗОВ ЭЛЕМЕНТАМ МАТЕМАТИЧЕСКОГО АНАЛИЗА

М.С. ХОЗЯИНОВА,
Ухтинский государственный технический университет,
г. Ухта, Российская Федерация

Преподавание математики для студентов технических вузов на первом курсе сопряжено с рядом трудностей. В отличие от школьного курса математики изучение математических дисциплин в вузе связано с использованием сложного математического языка со специфическими для него логическими конструкциями, что делает математический язык сложным для усвоения. Содержание математики в техническом вузе обладает большой фактологической насыщенностью, что связано с большим объемом и многообразием учебного материала, изучаемого в техническом вузе. Это накладывает свои отпечатки на преподавание, изучение материала происходит большими разделами, а теоремы и свойства часто остаются без доказательства.

Практика показывает, что студенты первого курса технических вузов, как правило, имеют слабую математическую подготовку, недостаточную для изучения математических дисциплин вуза. Разрыв между уровнем математической грамотности, имеющейся у абитуриентов, и уровнем, необходимым студентам для успешного изучения математических дисциплин, остается значительным.

Данный недостаток следует устранить для более успешного усвоения математических дисциплин. Представляется, что необходимо обратить внимание на подготовку студентов первого курса к изуче-

нию курса высшей математики, к логике построения математических теорий. Традиционными методами, путем введения дополнительных дисциплин в учебную нагрузку вводного курса математики, решить эту проблему нельзя из-за с сокращения срока обучения бакалавров в условиях двухуровневой системы подготовки студентов вузов.

Представленную проблему необходимо решать на методическом уровне, адаптировать предметное содержание математики, адресованной студентам технических вузов, а также специальной организацией учебной деятельности студентов в этом контексте, с целью повышения их уровня от школьной математики к математике в вузе.

Поиск методики обучения студентов определяется назначением математики в профессиональном становлении бакалавра-инженера. По убеждению методистов-исследователей и инженеров-практиков, математика является фундаментальным предметом для инженеров. Преподавание математики в техническом вузе должно преследовать следующие цели [1,2]:

- сообщить студентам основные теоретические сведения, необходимые для изучения специальных дисциплин;
- воспитать у студентов прикладную математическую культуру, необходимые интуицию и эрудицию в вопросах приложения математики;
- развивать логическое и алгоритмическое мышление;
- ознакомить студентов с ролью математики в современной жизни и особенно в современной технике;
- выработать первичные навыки математического моделирования: перевода реальной задачи на адекватный математический язык, выбора оптимального метода ее исследования и интерпретации результата исследования;
- выработать навыки доведения решения задачи до практически приемлемого результата числа, графика, точного вывода и др.;
- выработать умение самостоятельно разбираться в математическом аппарате, применяемом в литературе, связанной со специальностью.

Таким образом, основной задачей изучения математики студентами технических направлений вузов является подготовка студентов к изучению специальных дисциплин, а позже и к практической деятельности инженера. Поэтому при обучении математике студентов технических направлений необходимо подчеркивать, что целью математического исследования в профессиональной деятельности инженера будет решение задач, лежащих за пределами математики, решение производственных, технологических вопросов, что накладывает на студентов большую ответственность и требовательность к их математической подготовке.

Для инженеров математика «наряду с глубокой теоретической подготовкой требует большей эрудиции, прикладного чутья, владения не только дедуктивным, но и рациональным (т.е. убедительным, хотя и не обязательно строгим с позиций чистой математики) мышлением с его нечеткими утверждениями» [1,40]. Развитие всех перечисленных способностей у студентов становится важной задачей преподавателей, в частности, преподавателей математики.

Для того, чтобы студент мог перейти к интуитивным, рациональным методам в своих математических исследованиях, ему необходим большой опыт работы с дедуктивными методами, проведения логических цепочек рассуждений, логического доказательства теорем, свойств некоторых объектов и др., так как основой построения любой теории является дедуктивный способ. Студенты должны узнать и познать логико-математические принципы построения математических теорий.

Изучив содержание некоторых образовательных стандартов технических направлений подготовки бакалавров (в частности, 250400 «Технология лесозаготовительных и деревообрабатывающих производств», 151000 «Технологические машины и оборудование»), можно заметить, что в результатах освоения математического естественно-научного цикла не представлены ни математическая логика, ни вопросы, касающиеся математической логики. Поэтому может оказаться, что при реализации об-

разовательного стандарта в области изучения математики важные вопросы математической логики не будут освещены.

Если согласиться с необходимостью изучения элементов математической логики в курсе математики в техническом вузе, то следует предложить пути для реализации этой возможности. В решении данной задачи возможны два направления.

По первому пути можно специальным образом изучать основные понятия математической логики в виде дополнительной дисциплины или включением отдельного раздела (модуля) в математическую дисциплину.

Другой путь – путь косвенного формирования логического базиса. Этот путь является интенсификацией обучения математики. Его сущность состоит в том, что в процессе изучения основного материала математики раскрываются логико-математические принципы (построения теории, доказательств, правил логического следования и т.п.). Следуя указанным образом, содержание математической дисциплины необходимо принизать элементами математической логики. Важной задачей будет не просто сообщить студентам содержание «математической логики», основных определений и понятий, а научить пользоваться математической логикой для построения математических теорий.

Литература:

1. Мышкис А.Д. Преподавание математики прикладникам // Математика в высшем образовании. – 2003. – №1. – С. 37-52.

2. Федоров И.Б. Вопросы развития инженерного образования // Alma Mater (Вестник высшей школы). – 2011. – №5. – С. 6-11.

Түйіндеме

Мақалада жоғары оқу орындарының техникалық бағыттағы студенттеріне математиканы оқыту үдерісі туралы айтылады. Техникалық жоғары оқу орнында математиканы оқытуда кездесетін кейбір қиындықтар келтіріледі. Осыған байланысты математикалық логиканың математиканың кез келген теориясы секілді оқытылуы қажеттігі туралы қорытынды жасалған.

Summary

Education of students in technical universities of elements of mathematical analysis

The educatory process in mathematics of students in technical universities is considered at this article. Some difficulties are presented with wich joint teach of mathematics in technical universities. On the basis of training goals in mathematics of students has made a conclusiton about necessity of study of mathematical logic as a framework of different mathematical theory.

ӘОЖ 37.035.6:894.342

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ БАҒЫТТАРЫ

А.Е. ШӘДІБЕКОВА,
филология магистрі,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы

Ел Президентінің Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті

бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен, оның ішінде патриоттықпен айқындалатынын ерекше атап көрсетеді».

Білім ұлттың мәдени дамуының тұтастығын, сабақтастығын қамтамасыз етеді. Оның маңызды шарттарының бірі – ана тілінің мәнін, басымдылығын, маңызын танып, түсіну. Соның негізінде ұлттық сана-сезімді дамыту.

Халқымыздың белгілі ғалымдарының бірі Х. Досмұхамедов: «Тіл, сөйлеу – адам психологиясының басты белгілерінің бірі», – дей отырып: «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел болмайды. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт. Мектеп пен баспада қолданылудан қалған тіл – шатасқан тіл. Ол ел сорлы ел, мұндай ел бұзылмай қоймайды. Ата тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, ол – күйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлеу – бұл сүйініш... Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру зор қате», – дейді [1]. Бұдан бала тәрбиесін жөргегінен бастаудың және оны халық даналығымен байланыстырудың қажеттігі туралы қорытынды жасауға болады. Ал бала тәрбиесінде қолданылатын халық даналығының негізі халық ауыз әдебиеті екенін ескерсек, оның өзі көркем шығарманың бір жанры екендігі белгілі.

Белгілі жазушы, қоғам қайраткері Ә. Кекілбаев «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тағдыры» деген еңбегінде: «Өз мүддесін өзі қолдап, өз есесін өзі түгендеп, атаның алғысын, ананың ақ сүтін ақтай алған перзенттен алдыңғы қатардың азаматы шыға алмақ [2, 5]. Халқының көңілінен шығып, қауымының үмітін ақтап, өткен ұрпақтың есесін түгендеп, келешек ұрпақтың мерейін үстем ете алған перзенттен Отанның азаматы шыға алмақ. Ендеше, ұрпақ тәрбиесі – ұлттың тағдыры. Өз ұрпағының тәжірибесін өз жолына қоя алған ұлт қана өз тағдырын өзі ойдағыдай қамдай алмақ», – дейді.

Яғни, бала тәрбиесінде басты орындардың бірі отансүйгіштік мәселесін нұсқайтындығын байқаймыз. Отансүйгіштікке, яғни патриотизмге тәрбиелеудің жолдары сан алуан. Осылардың ішінде жас ұрпақты ұлттық бірлікке, Отанын, елін, жерін сүюге, ұлттық тәуелсіз мемлекетті нығайтуға өз үлесін қосуға тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Себебі, көркем шығармаларда патриоттық сезімді ардақтау, батырлық, ерлікті мадақтау, ақылдылық, парасаттылық, достық тәрізді адамгершілік игі қасиеттерді дәріптеу басым орын алады.

Баланың болашағына оның кішкентай кезінен дарыған қасиеттердің ерекше рөл атқаратыны мәлім. Аудармашы, әдіскер Ә. Қоңыратбаев [3, 6] балаларға патриоттық тәрбие берудің түп негізі адамгершілік қасиеттердің бала бойында егілуімен тікелей байланыстылығын айта келіп, Я.А. Коменскийдің «Ұлы дидактикасын» аудара отырып, балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің 16 ережесін ұсынады. Адамгершілік тәрбиесін егудің өнері 16 түрлі ережелерге келіп тіреледі. Соның ішінен бірнешеуін атап өтейік:

1. Ізгілік мінезі барлық балаға бірдей егіледі. Соның ішінде алдымен ізгі мінездің ең негізгілерін, яғни, жұрт айтқандай, өте «іргелілерін» басым енгіземіз. Оны данышпандық, ықшамдылық, ерлік және әділдік мінездері деп атаймыз...

2. Жас буын ерлікке өзгеше зейін қойып оқитын болсын. Оның өзі қиындықты жеңе білу, өзінің тиісті мерзімін сақтамайтын артық жүгірістен, яки ойыннан аман болу, шыдамсыздыққа, күйгелектікке, ашуға жол бермей, өзін тізгіндеп ұстай білу түрінде егілмек. Мұндай мінезге жетілудің негізі барлық нәрсені ойланып істеуге әдеттену, құмарлық немесе қызбалықпен еш нәрсеге кіріспеу әдеттері болмақ.

3. Әділдікке үйрену үшін бала ешкімге зәбір көрсетпейді, тілдемейді, кімді де болса қадірлей біледі, өтірік, алдау-арбауға салынбайды, тілалғыш, адамға жылы болады.

4. Ерлік мінезі ішінен жас буынға өзгеше қымбаттысы – бүкпесіз ақпейіл болу, еңбекке төзімділік.

5. Ізгілік мінездерін балаға сәби кезден бастап егу керек, жаны кірлеп, кемшілікке белшесінен батқан соң, ол ізгілік мінезін қабылдай алмайды.

6. Қайырымдылыққа үйрену үшін бала үздіксіз адалдықпен ауыздануға тиіс.

Осы аударманы, әдістемелік монографияларды басшылыққа ала отырып қазіргі таңда халықтық педагогиканың негізінде құрылған оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді зерделеп талдау барысында, бастауыш сынып оқулықтарының мазмұны халықтық педагогика-

ны негізге ала отырып, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге мүмкіндік беретін материалдарды қамтығандығы байқалады [3, 493].

Сонымен қатар, Әуелбек Қоңыратбаевтың 1966 жылы «Әдебиетті оқыту методикасы» атты монографиясы жарық көрді. Әдебиетті оқыту методикасын жасай отырып: «Ғылыми пәндер қоғам өмірінің бір саласы жайында ғана ұғым берсе, көркем әдебиет қоғамның өткені, бүгіні, болашағы, мүддесі жайлы жан-жақты жинақталған ұғым береді. Ғылыми таным адамның логикалық ойлау жүйесіне әсер етсе, көркем образ көбіне адамның жан сезіміне ықпал етіп, сол негізде оның ой-санасын да тәрбиелейді», – дейді. Расында да, көркем шығарма патриоттық сезімдер пайда болуының алғышарты болып табылады, оны оқыту негізінде туған жер, ел, Отан туралы мағлұматтар алып, білім-наным негізінде елге, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімі қалыптасады, нығая түседі. «Осы орайда Абай шығармаларын айтпай кету жаңсақтық болар еді. Өйткені Абай шығармалары қазіргі таңда қазақ жастарын ұлттық рухта тәрбиелеудің күшті құралы болып отыр», – дейді Әуелбек Қоңыратбаев. Ол өзінің еңбегінде Абай шығармаларын оқыту мәселелерін талдап, оның білімдік, тәрбиелік жағын айқындап, орта мектепте Абай шығармаларының оқытылу, берілу деңгейін саралап береді [3]. Абай ескі дүниемен күресіп, елді жарқын өмірге, азаттыққа, ғылым-білімге шақырып, әділет, адамгершілік арманын үндеген болса, оның осы армандарының бәрі бүгінде жүзеге асуда.

Д. Исабеков: «Патриотизм өзінен-өзі келетін қасиет емес. «Отанды сүю» деп жалаң айғайлау жастарды патриотизмге тәрбиелеу болып табыла бермейді, міне, мынадай Отаныңды сүй деп тәрбиелесек, сірә, сол ұғымды болар. Ол үшін ауқымды мемлекеттік бағдарлама, мәдениет жөніндегі жетілген заң керек», – деген өте құнды пікір айтқан [4].

Мектеп оқушыларын заман талабына сай жан-жақты тәрбиелеуде көркем сөздің атқарар ролі зор. Көркем шығармадағы кейіпкердің іс-әрекеті, образдар, оқиғалар баланы сан қилы сезімге түсіріп ойландырады, қуандырады, жирентеді. Кейбір көркем сөз, сөз тіркестері тіл үшына оралып, мақал-мәтелдерді жаттап алады.

Көркем шығармаларда халықтың сүйе тыңдап, сүйсіне жырлағаны – көпшілік үшін жасалған ерлік, батырлық істер, ел қорғау туралы көркем әңгімелер етек алады. Бұл тақырыпта көптеген тартымды әңгіме, қызықты ертегі, өлең, жырлар туғанын, олардың мазмұны халықтың батырлық, ерлік істерін және оны жасаушы кейіпкерлерді ардақтағанын көреміз. Көркем шығарма өмір шындығын суреттегенде өмірде кездесетін түрлі жайларды жалаң хабар түрінде баяндамайды, көркем образдар арқылы бейнелейді. Айтайын деген негізгі ойын жалаң ақыл түрінде айтпайды, оқушыны ойландыруға, толғандыруға мүмкіндік береді. Сонымен, көркем шығарма мазмұнына қарай көркем әдебиет деп аталады. Жоғарыдағы айтылғандарды қорыта келе, көркем шығарма дегеніміз – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың өмір тарихы, шығарма арқауы, көркем тіл арқылы, сөз өнерінің күшімен суреттелетін шындық.

Ғалым Е. Жұматаева Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беруді зерттеудің басты нысанасы етіп Б. Момышұлы, Ә. Шәріповтің, Қ. Қайсеновтің шығармаларын алған. Майдангер жазушы шығармаларында жауынгерлердің әр түрлі сәттердегі ерлік істерін ақиқатпен сипаттаған. Нағыз патриоттар бейнесі сомдалған шығармалары зерттеу жұмысына негіз болған. Мысалы, Әди Шәріповтің «Партизан қызы», Қ. Қайсеновтің «Жау тылындағы бала», «Жас партизандар», Б. Момышұлының «Соғыс психологиясы». Автор «Майдангер жазушылардың шығармаларындағы құнды ой-пікірлер» атты факультативтік курстың бағдарламасын (10-11 сынып) жасаған [5].

Көркем шығармаларда өзінің жеке басын ғана емес, елдің амандығын ойлаған, отқа күймейтін, суға батпайтын халықтың ержүрек қаһармандары, батыр ұлдары мен қыздарының ерлік істерін суреттейді. Соларды мадақтайды, құрметтейді, мақтан етеді. Мысал үшін Ә. Нұршайықовтың «Ержүрек қыз» әңгімесі Кеңес Одағының батыры М. Мәметованың, «Мәлік Ғабдуллин» әңгімесі жазушы-жауынгер Мәлік Ғабдуллинның, Жекен Жұмахановтың «Әлияның ерлігі» әңгімесі Ә. Молдағұлованың, С. Бақбергеновтың «Талғат» әңгімесінде 2 мәрте Кеңес Одағының Батыры, ержүрек ұшқыш Талғат

Бигелдиновтың Отанға неміс басқыншыларынан қауіп төнген сын сағаттарда көрсеткен ерлік істері тартымды суреттеледі.

Осындай тамаша образдар оқушы көңілінде үлкен із қалдырады, өзінше батыр аға-апаларына ұқсауға тырысады, Отанға деген алғашқы патриоттық сезімі қалыптасады. Көркем шығармалардың ішінде ауыз әдебиетінің де балаға патриоттық тәрбие берудегі орны ерекше. Ауыз әдебиетінің басты ерекшелігі оның шынайы патриотизмді, халқына сүйіспеншілігін, халқының бақытын, мүддесі мен болашағы үшін күресуге дайындығын жан-жақты көрсете білуі дер едік.

Халықты сүйсіндірген әңгімелермен қатар халық ауыз әдебиетінің бір саласы болып табылатын мақалдардың да айрықша орыны бар. Ел қорғау, батырлық істер жайында туған халық мақалдары-халықтың бұл жөніндегі ой-тілегі, арман-мүддесі, патриоттық сезімі, ұлттық мақтанышы қандай екенін көрсетіп отырады. Осы тақырыптағы мақалдар, ең алдымен, кімге болса да, туған жер, өсіп-өнген ел, Отан аса қасиетті, қадірлі қымбат, ыстық деп көрсетеді. Мысалы: «Ел іші – алтын бесік», «Туған жердің тауы да ыстық». Ал, сонымен қатар, туған елді, жерді басқа елдермен салыстырып, әркімге өз елінен артық ел жоқ екенін аңғартатын мақалдар да баршылық. Оған дәлел: «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол», «Кісі елі – күміс, Өз елің – алтын», т.б. мақалдар.

Б. Адамбаевтың ой-тұжырымы бойынша ерлік, батырлық тақырыбындағы қазақ мақал-мәтелдері көлемі, мазмұны жағынан ең көлемдісі. Оқушыларды батылдыққа, өжеттікке, отаншылдыққа тәрбиелеуде ондай мақалдар атқаратын мәнін, маңызын ерекше атап көрсеткен. Ұлы Отан соғысы жылдарында кеңес жауынгерлерін ерлікке, патриоттыққа шақыратын халық мақалдары қайта жаңғырып, жауынгерлік ұранға айналды. Дәстүрлі мақалдың үлгісімен «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген секілді жаңа мақалдар шықты [6, 35].

Ө. Тұрманжанов «Мақал-мәтелдер туралы» атты ғылыми еңбегінде «Қашан, қайда болсын, адамға ең жақын, ең қымбаттысы – туған Отаны, өскен жер, туған елі. Сондықтан да халық «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл», «Ел іші – алтын бесік», «Жекен жерінде көгерер, ер елінде көгерер!» деп халық өскен ұрпағын отаншылдық патриотизмге шақырады» деген [7, 6].

Өзінің мақалдарында туған жер, ел, Отанын аса жоғары бағалап ардақтаған халық, оларды қорғау әрбір ер-азаматтың борышы деп біледі. Өз елін жаудан қорғау үшін қасықтай қаны қалғанша, ақтық демі біткенше алысу, сөйтіп дұшпаннан елін, Отанын қорғап алу халқын сүйген әрбір азаматтың міндеті болатындығын көрсеткен. Оны мына мақалдан: «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Елін сүйген ел болар», «Жүкті нар көтерер, қайғыны ер көтерер», т.б. көруге болады. Ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көлемді саласының бірі – ертегілер. Ертегілер халқымыздың тарихын, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, нанымын, дүниетанымын білдіреді. Қай халықтың ауыз әдебиетін алсақ та, ертегілер ауызша айтуға лайықты түрде құрылады.

Қазақ ертегілерінің тақырыптарына, суреттелген оқиғаларына қарап белгілі бір дәуірлерге топтауға болады. Кейбір ертегілер қазақтың өте ерте замандағы өмірін елестетеді. Мұндай ертегілердің негізі-аңшылық, малды бағу ,оларды қыстан аман сақтау, әр түрлі стихиялық күштермен күресу, оларды жеңу мәселелеріне арналады. Басты кейіпкерлердің іс-әрекеті де, ұнамдылық жағы да соған орай көрсетіледі. Бұған мысал ретінде «Ер Төстік», «Құлагер», т.б. ертегілерді алуға болады.

Қазақ халқы, оның ішінен шыққан дана адамдар өзінің замандастарына да, кейінгі ұрпақтарына да жақсы тәрбие беруде оларды зұлымдық әрекеттерден сақтандырып, адамгершілікке үндеу мәселелерін ерте кезден-ақ қолға алғандығы ертегілерден байқалады. Көп ертегілерде суреттелетін әділдік пен жауыздық арасындағы күрес оқушылардың патриоттық сезімдерін оятуға септігін тигізеді. Ертегі – Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеудің ең қолайлы және ештеңемен алмастыруға болмайтын қайнар көзі. Ертегінің патриоттық идеясы – оның мазмұнының тереңдігінде. Халық жасаған мыңдаған жылдар бойына өмір сүретін ертегілік бейнелер баланың жүрегі мен ақылына еңбекші халықтың қуатты шығармашылық рухын, оның өмірге көзқарасын, мұратын, үміт-тілегін жеткізеді. Ертегі туған жерге сүйіспеншілікті тәрбиелейді. Өйткені, ол – халықтың өзі жасаған нәрсе. Ертегі – халық мәдениетінің рухани байлығы. Оны тану арқылы бала туған халқын жүрегімен танып біледі.

Жалпы ертегілердің түрлері сан алуан. Ертегінің негізгі бір саласы – қиял-ғажйып ертегілері. Бұларда өмірде болмайтын нәрселер туралы әңгімелер қозғалады. Қиял-ғажайып ертегілердің оқиғасы қиялға құрылады. Мысалы, «Ұшқыш кілем», «Адам жеңбес, Айыртөс батыр», «Аңшы бай», «Керқұла атты Кендебай», т.б. қиял-ғажайып ертегілері балалардың қиялын арттырады. Қиял-ғажайып ертегілерінің кейбіреуінде әдеттегі өмір мен қиял дүниесі араласып жатады. Ертегінің кейіпкері – қарапайым ғана адамдар.

Ауыз әдебиеті шығармаларының халыққа көп тарағандарының бірі – батырлар жыры. Ол ескі заманнан келе жатқан мұра ретінде тәрбиелік мәні зор шығармалар қатарына жатады. Батырлар жырында халықтың жаны, рухы, қазақ халқының бастан кешірген жауынгерлік өмірі суреттеледі. Өткен дәуірлерде жерін, елін жаулап алмақшы болған жауларға қарсы қазақ халқы талай майданға шыққан. Сол кездің өзінде де елі, жері үшін Отанын жан-тәнімен сүйген ұлдар халықта аз болған жоқ. Елін шапқан жауларын қирата жеңген Қобыланды сияқты батырлар өз халқының, елінің шын патриоттары ретінде суреттеледі. Бастауыш сыныптарда батырлар жырынан үзінді оқытып, оны сахналатуда батырлар ролінде ойнату арқылы оқушылардың намысын, жігерін қайрап, қиялын шарықтатып, патриоттық рухын көтеруге мүмкіндік туады.

Шешендік сөздер – терең оймен, шебер тілмен айтылған халық шығармалары. Ол тапқырлық пен шешендікке үйретететін көркем сөз үлгісі болып табылады. Мысалы, Қазыбек бидің «Біз – қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Еліміздің құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз» деген тәрбиелік мәні күшті шешендік сөзді жаттату арқылы бастауыш сынып оқушысына өз елін, халқын сүйетін, мақтаныш ететін, оның қадірін жете түсінуге тәрбиелейміз.

Мысалда адамның мінезін, құлқын жанды, жансыз нәрселер арқылы салт-санасына сәйкес көрсетіп өнегелеу мысалдау болады. Мысалдар көбінесе хайуандар турасында шыққан ертегілерден алынады. Ондай ертегілерде хайуандарға адамша тіл бітіріп, адамша мінездеп, түрлі өнеге боларлық сипат береді.

Патриоттық тәрбие ұлттық мақтаныш сезімінен туындайды. «Ұлттық мақтаныш сезімі дегеніміз белгілі бір басқа бір ұлт адамының көптеген жеке мақтаныш сезімінің жиынтығы болып табылады, ұлттық мақтаныш сезімі әрбір ұлт адамдары үшін бұзылмас заң» деп Б. Момышұлы анықтама берген.

Қазақ балалар әдебиетін зерттеуші ғалым Ш. Ахметов «Қазақ халқының бала тәрбиелеу дәстүрі» [8] атты еңбегінде халқымыздың тәрбие ісінде қамтыған мәселелеріне жан-жақты тоқталған.

– Біріншіден, тәрбие басы адам алдымен әдептілікке үйретуді көздеген, әдепті бол дегенді басты міндет етіп қойған.

– Екіншіден, мейірімді болуды үйреткен.

– Үшіншіден, тілалғыш, елгезек болуға тәрбиелеген.

– Төртіншіден, адалдық пен шындыққа баулуды көздеген.

– Бесіншіден, білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңда, ақпа құлақ болма, құйма құлақ бол дегенді бойларына сіңіре берген.

– Алтыншыдан, үлкенді, ата-анаңды сыйлай білуді үйреткен.

– Жетіншіден, «Кісі айыбын бетіне баспа» дейді халық тәрбиесі. Бұл кемшілікті айтпа деген сөз емес, қаріп-қасерлердің табиғи кемдігін (мұрны пұшық, көзі қисық, аяғы ақсақ деген сияқты) көзге түртіп көрсетпе деген сөз.

– Сегізіншіден, ел қорғаны батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді үйретеді.

Бұған қарап, тәрбиенің қай саласы болса да ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрдің бірі – патриоттық тәрбие беруге баулитындығын көреміз.

М. Ғабдуллин «Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес» атты педагогикалық еңбегінде [9, 69]: «Ата-ананың баласына тілейтіні: Балам ержетіп, елінің ер-азаматы, халқының мақтанышы, абыройы, зор адамы, қажырлы қызметкері болса екен деген тілегінен, ертең ержеткен соң, еліңе адал еңбек ет дегенді түсіну қиын еместігі жайлы ой қозғайды. Одан халқыңды сүй, халқың үшін отқа түс – күймейсің,

суға түс – батпайсың, әрқашанда халықпен бірге бол, бәрінен де халық мүддесін жоғары ұста, ел қорғауда және тұрмыс-тіршілікте халықтың ер-азаматы, қамқоршы ұлы бол, халық үшін ерінбей еңбек ет» дегенді түсінуге болады.

Патриоттық сезім біртіндеп дамып, күн санап жетілетін жеке бас сапаларына жатады. Патриот болу, ең алдымен, баланың тәртібінен, орындаушылық, ықыластылық, мейірбандық сезімдерінің жетілуінен басталмақ. Кіші мектеп жасындағы оқушылар тәртіптілікке үйренсе, олар ұқыпты, тиянақты, жинақы болып келеді. Саналы тәртіп пен тәртіптілікке үйренген бала алға қойған мақсатқа жетуге ұмтылып, қандай да тапсырманы орындап шығуға ынталанып, жігермен орындайтын болады. Бұл қасиет үздіксіз тәрбие арқылы баланың қанына сіңіп, бойына тарайды. Оқушыларды мәнерлеп, түсініп оқуға төселдіретін және оларға өміртануды үйретететін көркем шығарманың ең әсерлі түрлерінің бірі – өлең. Қазақ халқы әуелден өлеңді жанындай сүйетін, құрметтейтін халық. Сондықтан да өлеңді өтуге байланысты мұғалім алдына үлкен-үлкен талаптар қойылады. Яғни, өлеңді ақынша әсерлі етіп оқи отырып, ол арқылы білім мен тәрбие беру. Ғали Ормановтың «Ана»деген өлеңінде:

Сен жалықпай жетектеп,
Мен жаттыға жетермін
Айтқаныңды екі етпей,
Ақ сүтіңді өтермін.
Біліп тұрсың, жан анам,
Міндеті үлкен ботаңның.
Күтері сол баладан
Ана менен Отанның! –

дей келіп, Ана бақыты бала екенін, оның болашағына деген үміттің шексіз екенін, ана баласын, баласы анасын қалай ардақтайтынын, Анасы мен Отанының алдындағы бала борышының маңыздылығын, оны өтеу кез келгеннің қолынан келе бермейтінін айта отырып, балаларды патриоттыққа тәрбиелейді.

Халқымыздың ақиық ақыны М. Мақатаев туған жерді, Отанды сүюге, оны қорғау үшін жанын беру керек деп, қазақтың намысын оятатын, патриоттық сезімін туғызатын Отан туралы мына өлең жолдарын арнаған:

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған «Отан» деп сыбырлаған.
Жаным менің, кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған.
Отан, Отан
Бәрінен биік екен,
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем... [10, 135]

Ақынның өлеңінен Отанды сүюмен бірге, оны қорғауға, жаныңды беруге әзір болу керектігін меңзейді. Отан деген кең ұғымға қоршаған орта, яғни, табиғат, қоғам, адам барлығы бірлестікте қарастырылатынына түсіністікпен қарау керектігін, оны көздің қарашығындай сақтағанда ғана Отанды сүйеді деуге болатынын жырлайды.

Бүгінгі кезеңде егемен елімізде жалпы орта білім беретін мектептегі тәрбие жұмысын қазіргі заман талабына сай ойдағыдай ұйымдастыру және демократияландыру мәселесі жалпы ұлттық, бүкіл-

халықтық, мемлекеттік деңгейде жұмыла көтеруді қажет ететін аса маңызды мәселе болып саналатыны белгілі жайт. «Отан отбасынан басталады» дейді халық даналығы. Демек, бала тәрбиесі – Отан мен ел мүддесі. Әрбір бала бір ғана отбасының ғана емес, күллі қоғамның келешегі, көктемі, бүршік атар гүлі екені жадымыздан әсте шықпағаны абзал.

Бір сәт «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген даналық сөздің мәніне үңілсек, балауса шағынан-ақ бала тәрбиесіне көңіл бөлу міндеті тұрғанын аңғару қиын емес. «Дала Демосфендері» деп аталған Қаз дауысты Қазыбек бидің «Біз қазақ...» [11, 279] және Ж. Молдағалиевтің «Мен қазақпын» [12, 195] атты жырлары арқылы күрмеуі көп қиын заманда ел тағдырын жырлап өткен қос тұлғаның жыр шумақтары бүгінгі ұрпақты өз жерін, елін сүюге баулиды.

Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық, ерлік деген ұрпақтан-ұрпаққа ата дәстүрі болып қала бермек Өткенін білмеген, одан тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі – тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық» [13, 195]. Жаугершілік замандағы аңыз-әңгімелер, жыр-жоқтаулар – үлкен тәрбиелік мәні бар білім мен өнегенің нағыз қайнар көзі, халықтық педагогиканың негізінде ұлт қаһармандарының өмірі мен тарихи қызметі арқылы жеткіншектерді патриоттыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады.

Оқушыларды Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдерінің тату-тәтті, достық қарым-қатынаста, туысқандық, ынтымақтастықта тұруының өзі патриоттық тәрбиенің негізі деп қарауға болады. Сондықтан, көркем шығарманы оқу барысында оны өмірмен салыстыра отырып нақты деректер негізінде тәрбиелеу қажет деп санаймыз.

Көркем шығарма оқушының сезіміне әсер етеді. Оның тәрбиелік ықпалы осыдан басталады. Көркем шығарма кейіпкері оқушылардың қызыға қарайтын, еліктейтін адамы. Балалардан көркем шығарма кейіпкеріне қызығудың екі түрлі көрінісін байқауға болады. Алғашқысы – кейіпкердің батылдық, күштілік, тапқырлық, өжеттілік сияқты қасиеттеріне баланың сырттай қызығушылығы. Ол қаһарманның бұл әрекеттерді жасаудағы түпкі мақсатын жете түсіне бермейді. Екінші сипат баланың жағымды кейіпкердің батыл әрекеттерін құр тамашалап қана қоймай, сол әрекеттердің шынайы мазмұнын, оның көздеген мақсатын түсінумен сипатталады. Қаһарман қауіп-қатерге бас тіккенде, қиыншылыққа төзгенде, қиянатқа қарсы күрескенде соның бәрін өз басының қамы үшін емес, көпшіліктің мүддесі үшін жасалғанын ұғады. Бұл – саналы түсінік.

Жоғарыда дәлелдеп өткеніміздей, көркем шығарманың білімдік және тәрбиелік мәні зор. Сонымен қатар оқушының жеке басын қалыптастыра отырып, әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелейді, рухани дүниесін кеңейтеді, ақыл-ойы мен ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал етеді. Көркем шығарманың бұл ерекшелігі жас буынның туған еліне деген махаббат сезімін оятып, ой-санасын қалыптастырады. Соның негізінде баланың бойында ізгілік пен имандылық, адалдық пен мейірімділік, елжандылық пен жауапкершілік сияқты адамгершілік нормалары қалыптасады.

Көркем шығармалар арқылы біз оқушылардың білімдік және тәрбиелік деңгейлерін айқындау үшін бағалау өлшемдерін нақтылап айтсақ, оқушының эрудициясы, ынтасы, еңбексүйгіштігі, табиғатқа қарым-қатынасы, адамгершілік құндылықтары, эстетикалық талғам, патриоттық сезім, өзін-өзі жетілдіру арқылы көрініс береді. Оқушылардың білім және тәрбиелік деңгейі, оқушылардың сөйлеу мәдениеті, білімнің тереңдігі мен беріктігі, нәтижеге жетуге ұмтылуы, жауапкершілігі, елін, жерін қорғау, мәдени қарым-қатынас, мінез-құлықты, өзін-өзі бақылауы, т.б.

Қорыта келгенде, көркем шығарма арқылы патриоттық тәрбие беру дегеніміз – ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрі мен ерлік, батырлық істерін дәріптейтін әдебиет үлгілері арқылы оқушылардың ұлттық мақтаныш сезімін, намыс-жігерін оятып, елін, тілін, ұлттық рәміздерін құрметтеуге, Отанына, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көркем шығарма үлгілерінің кез-келген жанрын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану оқушылардың тілін дамытудың, дүниетанымын қалыптастырудың, оларға патриоттық тәрбие берудің бірден-бір жолы болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991.

2. Кекильбаев А. Новое поколение. – 1996. – №45. – 5 б.

3. Қоңыратбаев Ә. Педагогикалық еңбектері. Құрастырған: Қоңыратбаев Т. – Т. 7. – Алматы, 2005. – 493., 505 б.

4. Исабеков Д. Таңдамалы. – Алматы, 1993. – Т. 3. – 490 б.

5. Жұматаева Е. Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Пед. ғыл. канд. ... автореф. дис. 13.00.01. – Алматы, 1995. – 166 б. – 0495РК00202.

6. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы, 1996. – 35 б.

7. Тұрманжанов Ө. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 6 б.

8. Ахметов Ш. Қазақ халқының бала тәрбиелеу дәстүрі. – Алматы: Мектеп, 1974. – 227 б.

9. Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. – Алматы, 1966. – 120, 69 б.

10. Мақатаев М. Жылап қайттым өмірдің базарынан. Жыр кітабы. – Алматы, 1996. – 135 б.

11. Әбен Е., Дүйсенбайұлы Е., Тасмағанбетов И. Дала даналары / Қаз дауысты Қазыбек би «Біз қазақ». – Алматы, 2001. – 279 б.

12. Молдағалиев Ж. Мен – қазақпын. – Алматы, 1964.

13. Момышұлы Б. Халық танымы. – Алматы, 1980. – 52 б.

Резюме

В статье автор освещает методы и приемы, используемые в целях патриотического воспитания учащихся при изучении художественных произведений. В качестве дидактического материала используются произведения устного народного творчества и произведения современных писателей, в которых отражается тема любви к Родине.

Summary

The given article considers the ways and content of patriotic education to by imagery literature papils. The article includes the oral writings of national poems and novees of the modern writers in which added the theme of love to the mortherland as a didactical material.

ӘОЖ 371.31:37.016:372.893

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ МЕТОДОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХТЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ОҚЫТУ

И. ЖҰБАНИЯЗОВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Президент Н.Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор» [1] деп айрықша атап көрсеткен еді. Сондықтан да, жоғарғы оқу орындары алдында педагогтар дайындауда басты мақсат – кәсіби тарихшыларды дайындау талаптары тұр. Себебі соңғы жылдары тарих ғылымының барысында әр түрлі методологиялық тәсілдері қалыптасқан және жасалып та келеді.

Сондай-ақ, тарих оқулығының мазмұнына байланысты және тарихшылар алдында күрделі ғылыми теориялық мәселелердің шығуы, ғалымдарға жаңа мазмұнды әдістерді іздеу мен тарихты оқыту технологиясын үйренуде үлкен еңбек ету қажеттігі тұр.

Кеңес дәуірінде бүкіл дүниежүзілік процесті түсіндіруді үстем болған маркстік-лениндік методология бойынша дәйектілік пен алмасып тұратын қоғамдық-экономикалық формация процесі деп саналатын теорияны қабылдауды талап етіп келгендігі белгілі. Бірақ, маркстік-лениндік теория бырыңғай методология болғандықтан, көп ұзамай Кеңестік кездің өзінде ғылыми зерттеуде,тарих ғылымының дамуына мүлде дұрыс ықпалын тигізбеді және елдегі тарих білім жүйесінеде кедергі бола бастағандығы жұртшылыққа белгілі. Маркстік-лениндік методология антогонистік таптарға барынша көңіл аударған еді, революцяны абсалюттендірді, эволюциялық дамудың маңызын төмендетті және инвалюциялық мүмкіншілікті жоққа шығарды. Демек, маркстік формациялық тәсіл социализмнің теориясы мен практикасы төңірегінен аса алмады және білім мен тәрбие теориясында осылайша қаралды. Сондықтан, 90 жылдардан бастап маркстік-лениндік методологиядан бас тарту, жаңа методологияны іздеуге әкеліп соқтырады. Дегенмен де,тез арада басқа методология табылды. Осы кезден бастап өркениеттік методология тәсілі ел ішінде кеңінен таралып насихаттала басталған еді. Алғашқы кезде ғалымдар арасында бұл теорияны маркстік ілімнің орнына механикалық түрде алмастыра салу керектігі де кеңінен айтылған еді [2]. Аталмыш теорияда адамзат баласының қоғамы, өркениеттің кейбір әлеуметтік жүйе циклінің жиынтығы болып табылатындығын атап келеді. Бірақ қазіргі кезде ғалымдар циклдік даму іс жүзінде мүмкін еместігін түсініп отыр, себебі ол ішкі тұрғыдан алғанда тұйықтылықты қажет етеді және бірде-бір өркениет басқа әлемнен оқшаулана өмір сүре алмайтындығы айтылып отыр. Сонымен бірге, өркениеттің ыдырауының өзі жаңа өркениеттің қалыптасу процесіне әсерін тигізетіндігін тарихтың өзі дәлелдеп берді. Өйткені, ежелгі Грек өркениеті ежелгі Рим өркениетіне зор мәдени әсерін тигізді, өз кезеңінде ежелгі Рим, Батыс Европа өркениетінің қалыптасуына ықпал жасаған, Византиялық орыс өркениетіне, советтік – қазіргі Ресейге және т.б. Яғни, тарихи цикл тұйық еместігі және ол адамзаттың тұтас үдемелі дамуында жоққа шығарылмайды. Бұл теорияны әр кезеңде жете зерттегендер Джамбатиста Вико, О. Шпенглер, кейбір жақтарын Дж. Тойнби, Ф. Бредель және Н.Я. Данилевский, А.Н. Гумилев және басқалар. Дегенмен де өркениеттік методология әлі де болса толық жете зеттелмеген.

О. Шпенглер өздеріне бөлінген әрбір өркениеттің ерекшелігіне қарады. Ал, Дж. Тойнби жете түсінген, тарихты бір ізге салу фактілерді өрескел бұрмалауына және тарихи ой-өрісінің таралуына әкелетіндігі, адамзат баласының, ерекше қайталанбас жеке өркениеттегі жалпы қозғалыстың сырын ашқан еді [3]. Ф. Бредельдің пікірінше, әрбір өркениет өзіне көршілес және онда арғы өркениеттің белгілі бір құндылығын қабылдайды және өзінің құндылығын өз шекарасынан әрі қарай кеңінен таратады деп көрсеткен [4]. Өркениет теориясы XIX-XX аралығында белсенді түрде формациялық тәсілді толық ысырып ауыстырды деп есептей бастаған, себебі бұл теория да бұрынғы сияқты, негізінен ағарту және тәрбие бағыттарын сақтай отырып, ұлттық идеаларды нығайтты. Бұл теорияның көмегімен отандық және жалпы тарихты түсіндіру мүмкін деп есептеді [5]. Өркениеттік тәсілдің үлкен артықшылығы бар екендігі талас тудырмайды. Себебі, бұл да әлеуметтік-мәдени тарихпен үйлесімді келеді. Қазіргі таңда анықталғандай, бұл теориялық тәсіл де универсалды емес, бұл да шектеулі және жеткілікті түрде жете зерттелмеген. «Өркениет» ұғымын талдау негізінде жиырмадан астам анықтамасы белгілі болып отыр. Бұл өркениет теориясының мәнін толық түсінуде қиындықтар туғызатыны анық.

Соңғы жылдары жоғары оқу орнында және орта мектептерде тарихтан саналы білім беруде теория мен әдістеме мәселелерін жетік білуге үлкен мән беруде. Ғалымдардың пікірінше тарихтан сапалы білім беруді орта мектептен бастап, тарихтың іргелі пәндеріне үлкен көңіл аударуды талап етіп отыр. Атап айтқанда, «Дүние жүзі тарихы», «Адам және қоғам», «Құқықтану негіздері» мен «Алғашқы қоғам тарихын» оқытудың кейбір кемшілік тұстары аталып, оларды жою жолдары белгіленеді. Әсіресе, орта мектептің төменгі сыныптарында тарих пәнінен сабақ беруді, тәжірибесі аз оқытушыларға емес, керісінше тәжірибесі мол, білікті оқытушыларға тапсыруды және 5-7-сыныптарда тарих пәнін жүргізетін оқытушылар арнайы курстан өткізуді мектеп директорынан талап етуді ұсынып отыр [6].

Себебі, орта мектептен бастап жоғарғы оқу орнында тарихтың іргелі пәндерін оқытатын оқытушылар теорияны терең білетін тәжірибелі әдіскерлер болуы тиіс. Бұл ретте, орта мектептерге арналған іргелі пәндердің оқулықтары мен бағдарлама мазмұнын жақсартуға үлкен мән беріліп келеді. Соған байланысты «Ежелгі дүние тарихы» пәніне арналған бағдарламаның [7] мазмұны талапқа сай жасалып, оның бірінші бөлімінде алғашқы қоғам тарихын оқытудың теория және әдістеме мәселелеріне ерекше мән берілген. Себебі, «Ежелгі дүние тарихының» кіріспесінде оқылатыны ескерілген. Әрине, орта мектеп тарихында іргелі пәндермен қатар, Отан тарихы оқылатыны белгілі және оның қажеттілігі түсінікті, себебі егеменді елдің жас ұрпақтары өз Отан тарихын мақтан етуі – қасиетті міндет. Сондықтан да, орта мектеп тарихының басты міндетті ісі ағартушылық және тәрбиелік мәселелерді іске асыру болып табылады. Ал жоғарғы оқу орнында тарихтан білім беру өзгеше. Онда мектеп курсында оқылып кеткен тарихи оқиғаларды қайталап оқыту өзекті мәселе емес. Басты мақсат студенттерге тек білім беріп ғана қоймай, қабілеттілікті, дағдылықты үйретумен қатар, өзін қоршаған ортада емін-еркін болуды үйретеді және оларға тарих тұрғысынан ойлауды қалыптастырады. Тарих тұрғысынан ойлау (историзм мышления) – қазіргі таңда білімді адамның маңызды бір мәдениеттілігі, оның шексіз тізбектелген тарихи фактілерге баға бере алатын қабілеттілігін сипаттайтын бірден-бір көрсеткіші. Тарихты оқыту процесінде тарих тұрғысынан ойлауды қалыптастыру бұл ғылымның методологиялық негізін қалыптастыруға ерекше көңіл аудару өте қажет, себебі оның қоғам дамуын түсінуге маңызды және шынайы білімге барынша жақындап жетуге әсері бар [8]. Осы бағытта Отан тарихын жаңа методология негізінде студенттерге білім беруде үлгі болатын профессорлар А. Кузембайұлы, Т. Омарбеков, Қ. Атабаев әлем тарихы ғылымында жаңа идеяларды басшылыққа алып, тың көзқарастарды ұсынып жүрген Қ.Т. Жұмағұловты атауға болады.

Жоғары оқу орнында тарихтан сапалы білім беруді арттыруда теория мен практиканы үйлестіру әдістерін қолдану өте маңызды. Оны бірінші курста өтетін алғашқы қоғам тарихы пәнінен бастаған жөн. Себебі, пәннің зерттейтін обьектасы адамзаттың пайда болуынан бастап, таптық қоғам мен мемлекеттің пайда болуына дейінгі кезеңді теория тұрғысынан зерттейтін іргелі ғылым. Кеңес дәуірінде, алғашқы қоғам тарихы пәні, ежелгі дүние тарихының кіріспесінде Энгельстің «Семья және меншік және мемлекеттің пайда болуы» атты еңбегінің негізінде оқылғандығы белгілі. 90 жылдардан бастап өркениеттік методология тәсіліне ауысуға байланысты алғашқы қоғам тарихы «История первобытного общества» [9] деп аталатын жаңа оқулық негізінде оқылып келеді. Біріншіден, оқулықтың ерекшелігі, егерде бұрын алғашқы қоғам тарихы Энгельстің еңбегімен шектеліп оқылса, енді антик ойшылдары еңбегінен бастап, XIX ғ. алғашқы қоғам туралы жиналған нақты білімдердің жиынтығы және оларды қорытындылауды атақты ғалымдар мен ойшылдар пікірлері сарапталып, алғашқы қоғам тарихының өзектілігі мен оны қалпына келтірудегі ұсыныстар өте маңызды роль атқарады. XIX-XX ғасырлар аралығында жаңа ғылыми жетістіктерге сүйеніп адам және қоғамның қалыптасуы, кемелденген алғашқы қауым құрылысының коллективтік табиғатын және жеке меншіктің пайда болу барысында оның ыдырау процессі, қоғамдық таптар мен мемлекеттік шығуы көрсетіліп, қорытынды бөлімінде алғашқы қоғам мен өркениеттің арақатынастары және олардың нәтижелері баяндалған [10]. Екіншіден, мақалада теория немесе әдістемеге байланысты мәселелердің бәрін қамтымай, тек танымал теориялық қағидаларды практикамен үйлесу жақтарын студенттерге түсіндіру мақсаты қойылып отыр. Мысалы, «Ерте таптық қоғам және мемлекеттік қалыптасуы» атты тақырып бойынша. Бұл тақырыпты Шығыс елдер мемлекеттерінің тарихынан бастаған жөн. Өйткені, б.з.д. мыңдаған жылдар бұрын пайда болған мемлекеттердің тарихы күрделі де қызықты. Сондықтан, оқу процесінде оларды түсіндіру барысында тарихи фактілерді тізбектелген факталогияға айналдырмас үшін ежелгі Египет мемлекетінің пайда болу қарсаңында оның алғышарттарының жасалуына әсер ететін негізгі факторды анықтау арқылы алғашқы қоғамның ыдырауы мен қоғамдық таптардың қалыптасуын теориялық тұрғысынан түсіндірген дұрыс. Мысалы, көне теорияда көп уақытқа дейін қоғамдық таптардың қалыптасуына өндірістік фактор ең басты деп қаралған, ал кейде қазірдің өзінде металдың шығуы немесе оның пай-

далы қасиетін игеруді, тастан металға ауысуын айтып келді. Бірақ, қазір белгілі болғандай, қоғамдық таптардың қалыптасуы дәуірінде, металл түгелдей бәр жерлерде бірдей игерілмеген, бар жерде бірдей әсер еткен шаруашылықтың одан әрі дамуы, бірінші кезекте өндіруші, сондай ақ соған ұқсас жоғары дәрежеде мамандалған тұтыну шаруашылығы [11] деп көрсетілуде. Өндіруші шаруашылықтың кешеуіл алғашқы қауым сатысында қалыптасуы, оның таптар пайда болу дәуірінде прогрессивтік дамуына мүмкіншілік жасады. Әр түрлі жүйедегі егін шаруашылығы қалыптасып, комплексті егінші мал өсіруші шаруашылық және мал шаруашылығы қалыптаса бастаған. Дегенмен де, алғашқы қоғамдағы егіншіліктің эволюциясы қалай дамығандығы белгісіз. Бірақ, бұл туралы үстем етуші пікірлерде жер жыртатын құралдардың шығу тегі тырмалау құралдардан басталатыны айтылуда, онымен жол-жол (борозда) салуға және егіншілікті тырмалау үшін пайдаланғандығы туралы археология [12] және этнография [13] ғалымдары растап отыр. Алғашқы кезде бұтақты таяқ арқылы жерді бірнеше адамның күшімен тартып өңдеп отырса, көп ұзамай қолмен жер өңдеудің орнына, мал жегіп жерді өңдеуге көшкен. Қол еңбек құралымен жер өңдеуге қарағанда, мал жегіп айдалған жердегі еңбек өнімділігі бірнеше есеге арттырылады [14]. Мал күшін жегіп айдаудың қажеттілігі, жегетін малды өсіруге ынталандырып, мал шаруашылығының түрлері одан әрі тереңдеп және тармақтанып бөлініп шыға бастады. Ақырында егіншіліктен мал шаруашылығының бөлінуі, бірінші ірі қоғамдық еңбек бөлісін шығарды. «Бірінші ірі қоғамдық еңбек бөлісінен қоғамда бірінші ірі екі тап пайда болды – мырзалар және құлдар, қанаушылар және қаналушылар» [15]. Демек, егіншіліктегі эволюциялық даму негізінде өндіруші шаруашылықтың бар саласындағы еңбек құрал-жабдықтардың жетілуі, қоғамдағы жіктелу процесін жеделдетіп отырды.

Мемлекеттің пайда болу қарсаңында оның алғышарттарының қалыптасуына әсер еткен факторлардың бірі – өндіруші шаруашылықта металды пайдалану негізінде болды. Адамның өндірісте пайдаланған бірінші металы – мыс. Оны белгілі бір пропорцияда қалайымен, кейде қорғасын немесе цинк, сурьма, мышьяк қоспалары арқылы қоланы шығарып еңбек құралдарын жасады. Бұл металл кеңінен тек мыстас ғасыры энеолитте емес, классикалық қола ғасырында пайдаланды, жағдай тек темірді игерумен, ерте темір ғасырының басталуымен өзгерді. Темір мысқа және қолаға қарағанда сапасы жағынан әлдеқайда жоғары, Мыс пен қола толық темір ғасырында ығыстырылды. «Темір басқа шикізатқа қарағанда тарихта ревалюциялық роль атқарады» [16]. Темір ерекше құрылысты, күрделі тәжірибені, арнайы кәсіптік мамандықты талап ететін метталургияны шығарды. Өңдіру шаруашылығында темірді кеңінен пайдалану үй кәсіпшілдігіне – қолөнерге ауысуға ынталандырды. Ендігі жерде қолөнер кәсіпшілдігінің қарауындағы темір құралдар, сүйекті, ағашты теріні, түрлі түсті металдарды түбегейлі жақсы өңдеуге мүмкіндік берді. Темір дәуіріндегі қолөнер кәсіпшілдері әр түрлі мамандыққа мамандалып, жан-жақты жетілді. Қолөнер кәсіпшілдері басқа өндіріс жұмыстар түрлерімен қосарласа жұмыс істеуге мүмкіндіктері болмады. Егерде бұрында егіншілер еңбек құралдарын өздері жасайтын болса, енді қолөнер кәсіпшілдер олардан оқшауланып, кем-кемнен әр түрлі саладағы қолөнершілер шығып, адамзат баласының тарихында екінші ірі қоғамдық еңбек бөлісі қолөнершілерді басқалардан бөлді, ең бастысы, егіншіліктен [17]. Осындай тарихи процестер, қоғамдағы жіктелуді бұрыңғыдан бетер тереңдетіп, топтардың қалыптасуына барынша кең өріс ашып отырды.

Мемлекеттің пайда болу мен таптар қалыптасу дәуірінде бірінші қоғамдық еңбек бөлісінің тереңдеуі және екінші ірі қоғамдық еңбек бөлісінің қалыптасуымен қатар, алғашқы қауым құрылысында алмасу ере жүріп дамыды. Ерте алғашқы қауым дәуіріндегі коллективтер ерекше табиғи орта берген байлықпен алмасты, ал кенеуіл алғашқы қауымда ана құрылым кең тараған алмасудың басқа түрі, сый алмасу болды [18]. Енді мәдени-шаруашылық түрлерінің жіктелуі және осы алмасуларға негізделген экономиканың одан әрі дамуы, бұл алмасудың екі түрі одан да бетер үлкен маңызы болды. Бірақ, олардан да маңызды болған – шынайы экономикалық алмасудың пайда болуы [19]. Бұның ерекшелігі сый алмасуға қарағанда байланысты соншалықты қадірлеу емес, алмасу жолымен алынған заттарды бағалау болды [20]. Беделді және, әсіресе, шынайы экономикалық алмасу қоғамында заттарды айыр-

бастау кезінде баламасы туралы түсініктің қалыптасуына мүмкіндік туды. Олар әр түрлі заттардан құралды, айырбастаушылар өздерінде сирек кездесетіндіктен алмасатын заттары құнды болып саналады, экзотикалығымен немесе оларға сіңірген еңбегімен бағаланады. Айырбастау операциялардың артуы көп уақытқа дейін осы салада арнайы мамандарды – саудагерлерді қажет етпеді. Бұл операцияларды қоғамда өнім өндірушілердің өздері айналысқан, әсіресе көсемдер мен бигмендер, олар үшін айырбастаудағы делдалдық және айырбастағы баламалықтан қор жинап өздерінің мәртебесін көтеруде ең маңызды тәсіл болды. Бірақ, кәсіби немесе жартылай кәсіби саудагерлердің шығуы үшінші ірі қоғамдық еңбек бөлісінің пайда болуын көрсетті. Энгельс енді мұны ерте таптық қоғамға жатқызды [21]. Алғашқы қауым құрылысында мамандалған саудагерлердің пайда болуы бірден емес, кем-кемнен қоғамдық таптар қалыптасу дәуірінде пісіп жетіліп отырды.

Қорыта келе, алғашқы қоғамның ыдырауына және қоғамдық таптардың қалыптасуына әсер еткен негізгі фактор, өндіруші шарушылықтағы комплексті дамыған, егіншілік пен мал шарушылығы және металлургияның негізінде пайда болған қолөнер мен сауда. Оқу процесінде студенттерге осы қысқаша жасалған теориялық тұжырымды практикамен үйлестіру әдісін қолдану негізінде түсіндірген дұрыс. Мысалы, б.з.д. IV мың жылдардың орта кезінде Египет қоғамда алғашқы қоғамның ыдырауын жоғарыда айтылған теориялық тұжырым арқылы түсіндіре келе, нақты тарихи фактілермен үйлестіру үшін Египеттегі негізгі үш әлеуметтік топтың нұсқауларының айқындала басталғандығы туралы нақты фактіні оқулықта көрсеткен. Олар – үстем етуші топтар, оларға атақты ру тайпаларының ақсүйектері, абыздар, ауқатты қауым мүшелері, негізгі материалдық игілікті өндірушілер, құлдар тобы әзірше көп емес, бірақ үнемі көбейіп отырды. Ең көп санды құраған екінші топтағылар, яғни егіншілер қауымы барған сайын көбейіп, рулық сипатын жойып, территориялық немес көршілік қауымға айнала бастады [22]. Яғни теория мен практиканы үйлестіру әдістемені іс жүзіне асырып, соның негізінде Египет қоғамындағы әлеуметтік топтардың және таптардың қалыптасуы мемлекеттің пайда болуына негіз болды. Нәтижесінде мемлекет бұл әлеуметтік топтармен қалыптасып келе жатқан таптардың арақатынастарын үстем етуші топтың мүддесін қорғау үшін реттеп отырды. Теория мен практиканы үйлестіру негізінде түсіндірген тақырып тек жоғарғы оқу орнының студенттеріне емес, сондай-ақ орта мектептің оқушылары да екі қоғамның тарихын, яғни алғашқы тапсыз қоғамнан құл иеленушілік таптық қоғамға ұласу процесін түсінуге мүмкіндік алады. Себебі, жоғарғы оқу орнында оқылатын алғашқы қоғам тарихы орта мектепте де Ежелгі дүние тарихы пәнінің кіріспесінде (8 сағ.) алғашқы қоғам тарихы, екінші бөлімінде (42 сағ.) құл иеленуші қоғам тарихы оқытылады. Бұл іргелі ғалымдардың жалғасы жоғарғы курста оқытылатын іргелі пәндерде жалғасын табады. Олар, орта ғасыр тарихы, бұнда құл иеленуші қоғамның қойнауынан, феодалдық қоғамдық-экономикалық қатынастардың қалыптасу және даму заңдылықтары туралы оқылады, ал жаңа тарих пәнінде капиталистік және социалистік қоғамдық-экономикалық қатынастардың шығу тегі мен құлау себептерін түсіндіру барысында міндетті түрде теорияны практикамен үйлестіру әдістемесін қолдану дұрыс. Себебі, капитализм және социализм қоғамдардың генезизі және даму процестерін түсіндіру күрделі және қазіргі кезде көптеген жаңа теориялар мен әр түрлі пікірталас көзқарастармен байланысты. Сол себепті бірінші курстан соңғы курстарға дейін іргелі ғылымдар негізінде оқылатын бес қоғамның тарихы Кеңестік кезде және қазір де орта мектептен жоғарғы оқу орындарына дейін оқу процестерінде оқытылып келеді. Кеңестік кезде олар қоғамдық экономикалық формация деп аталған еді. Сондықтан, қазіргі таңда жоғарғы оқу орнында тарихтың іргелі ғалымдарыннан сабақ беру өзгеше екендігін айту қажет. Ондағы ең басты мақсат әр қоғамның тарихына байланысты, өздеріне тән ерекше теориялық тұжырымдардың болатыны белгілі. Осыған орай, оқу процесінде жоғарғы оқу орнының оқытушылары терең теориялық білімді және озық әдістемені қолдану міндетті. Себебі, жоғарғы оқу орнын бітірген түлек жоғарыда аталған бес қоғам тарихынан терең теориялық білім алғанда ғана кәсіби тарихшы аталуы анық. Сондықтан, жоғарғы оқу орнында іргелі ғалымдарға үлкен мән беріліп, іргелі білімді үнемі жетілдіріп отырады. Дегенмен де, жас оқытушылар арасында іргелі ғалымдардың теориялық мәселелерін оқытуда кейбір олқылық жақтары да белгілі болып отыр. Өйткені, қазіргі кезде жастардың жаппай Отан тарихына және археология ғалымына деген зерттеу ізденістері артуда, іргелі ғалымдар теориясы мен әдістеме

мәселелері көлеңке тұстарда қалуда. Нәтижесінде, жоғарғы оқу орнын бітірген түлектер әуесқой тарихшы қатарын көбейту қаупін тудыруда. Әрине, егемендікті алғаннан кейінгі кезде халқымыздың өткен тарихы және тәуелсіздік үшін күрескен тарихы тұлғалар мен әр ру тайпалардың өз батырлары, ақындары мен жыраулары туралы тарихы зерттеулердің құндылығы мен қажеттілігі белгілі. Дегенмен де, жоғарғы оқу орнының басты мақсаты – орта мектептер оқушыларына адамзат тарихының даму процесінде бастан кешкен бес қоғам тарихынан теориялық білім беру кәсіби тарихшының қасиетті міндеті. Сондықтан, тарих кафедрасының міндеті студенттерге магистранттарға іргелі ғылымдар теориясы мен әдістеме мәселелеріне үлкен мән беру көзделіп отыр. Ғылыми методикалық семинарларда іргелі ғалымдардың өзекті мәселелері мен жаңа методологиялық тұжырымдар туралы зерттеулерді талқылау қарастырылуда. Әсересе, студенттер мен магистранттардың диплом жұмыстарын іргелі ғалымдарға байланысты ізденістердің аясын кеңейтуді ойластырып келеді. Сондай-ақ курстық, бақылау жұмыстарының тақырыптарын іргелі ғылымдарға сәйкестендіруді қарастыруда. Іргелі пәндердің сапасын арттыру барысында тәжірибелі оқытушылардың жастарға үйрету жақтарын үнемі тұрақты бақылауға алуды ескеру керек.

Әдебиеттер:

1. Егемен Қазақстан. – 2012. – 2 қазан.
2. Семеникова Л.Н. Россия в мировом сообществе цивилизации. – М., 1994. – С. 422.
3. Тойнби А. Дж. Постижение истории. – М., 1991. – С. 20-271.
4. Бродель Ф. Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. Т. 1-3. – М., 1992. – С. 75.
5. Андреев И.Л. Методологические проблемы цивилизационного процесса // Вопросы философии. – 1998. – №9. – С. 38-53.
6. Қазақ тарихы. 2003. – №6. – 9 б.
7. Ежелгі дүние тарихының бағдарламасы. – Алматы, 1991.
8. Каменский А.Б. Уроки, которые можно было бы извлечь. Одиссей: Человек в истории. – М., 2004. – С. 408-421.
9. Алексеев В.П., Першиц А.И. История первобытного общества. – М.,1990.
10. Бұл да сонда. 322-342 бб.
11. Бұл да сонда. 255 бет.
12. Бұл да сонда.25 б.
13. Құсайынұлы Қ. – Алматы, 2001. – 45 б.
14. Алексеев В.П., Першиц А.И. История первобытного общества. – М., 1990. – С. 25.
15. Маркс К., Энгельс Ф. Соч. 2-е изд. Т. 21. – М., 1960. – С. 161.
16. Алексеев В.П., Першиц А.И. История первобытного общества. – М., – 1990. – С. 259.
17. Бұл да сонда. 261 бет.
18. Бұл да сонда. 261 б.
19. Бұл да сонда 263 б.
20. История Древнего Востока. – М., 2005. – С. 29.
21. Алексеев В.П., Першиц А.И. История первобытного общества. – М., 1990. – С. 263.
22. История Древнего Востока. – М., 2005. – С. 29.

Резюме

В статье рассмотрена марксистско-ленинская теория, как единая методология исследования исторического процесса, которая очень скоро стала тормозом в научных исследованиях советского периода и оказала отнюдь не положительное влияние на развитие исторической науки и систему исторического образования в стране. Методология марксизма-ленинизма схематизировала прошлое, пренебрегая разнообразием и сложностью исторического развития стран и народов; уделяя основное внимание классам-антагонистам, абсолютизировала революционное и преуменьшала значение эволюционного

развития, исключала возможность инволюции, не придавала значения ментальному уровню народов. В связи с этим на смену марксистско-ленинской методологии была найдена другая теория. В 90-е годы стал широко пропагандироваться цивилизационный подход в качества готовой познавательной парадигмы, которой, как первоначально считалось, можно было просто механически заменить марксистскую. Рассмотрены особенности преподавания в вузах истории первобытного общества на основе современных данных о становлении человека и общества, коллективистской природе зрелого первобытнообщинного строя и процессе его распада в ходе возникновения частной собственности, общественных классов и государств.

Summary

Article considerations Marxist-Leninist theory as unity of research methods of investigation of historic process which became obstacle in scientific research of souvet period and had show its in fluency to the development of historic siens methodology of Marxism and Leninism systematized of historic, development of countries and peoples, Stareing the main influense of groups – antagonist; as absolutaized the maining of annotation at the beginning of development excepted possibility of innovention; not recognized the meening of mental level of people. According to this Marxism and Leninism metods had find theory. In 90-th widely propagandetion symbolized approth prepared paradigm which as originally considered may be simply change Marxism. Consideration the defanion teaching history of originally society in education system on the bezic of modern becoming human and society, collectivizing nature of originally communal formation and in process, separating in appearing private property, public group and government.

ӘОЖ 37.018:54

НЕГІЗГІ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ

К. СӘДУАҚАСҚЫЗЫ,
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Г. ТАЛҚАНБАЕВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Тәрбиесіз білім ессіздің
қолындағы найзамен тең.
Д.И. Менделеев

Осы заманғы педагогикада өткен ғасырдың 80 жылдарынан бастап білім берудің басымдық берілетін мақсаттарын анықтау проблемасы туындай бастады. Дәлірек айтар болсақ, оқушы тұлғасының алатын білімі маңызды ма, әлде дамуы мен тәрбиесі маңызды ма деген сұраққа жауап беру керек болды. Педагогтардың басым көпшілігі, әрине, оқушы тұлғасының тәрбиесі мен дамуы маңыздырақ, ал білім сол мақсатқа қол жеткізуге қажетті құрал екендігімен келіседі. Бірақ шын мәнінде мектептің іс-тәжірибесінде оқу пәндерінің тәрбиелік және дамытушылық мүмкіндіктері тиімді пайдаланылып жүрген жоқ, оған дәлел мұғалімнің қызметін бағалауда оның оқушыларының білім сапасының сандық көрсеткішін басшылыққа алатындығы. Ал, мұғалім жақсы оқушы деп өз пәнін жақсы оқытып,

оқушыны біледі. Сөйтіп, осы заманғы сабақтың көлеңкесінде осы оқу материалы оқушыларыма не берді деген сұрақ тұратындығы сөзсіз. «Менің сабағымның нәтижесінде оқушылар қандай сапаға ие болды? Менің сабағым оқушылардың қабілеттерін дамытуда қандай рөл атқарды? Ең бастысы, менің сабағым оқушының өскелең ұрпақ ретінде тіршілік үшін аса маңызды ма? Мен кіммін? Не үшін өмір сүремін? Өмірдегі орным қандай? Кім болам?» сияқты сұрақтарға жауап іздеуде септігі тиді ме?

Ерте кезден-ақ «Біз мектеп үшін емес, өмір сүру үшін оқимыз» деген дидактикалық ұстаным белгілі. Соңғы кездерге дейін осы ұстаным педагогикада білім берудің ақырғы нәтижесі ретінде тұлғаның дамуы емес, білім, білік және дағдыға (ББД) ие болу деп есептелініп келеді. Сондықтан да кейбір оқушылар мен олардың ата-аналарынан «Бізге химияны, физиканы немесе математиканы оқып қажеті не, олардың біздің өмір сүруімізге қажеті жоқ» деген сөздерді жиі естіп жүрміз. Осыны естіген кезде осы пәндер мұғалімдерінің өздерінің пәнінің тәрбиелік және дамытушылық мүмкіндіктерін аша алмағандығын, оқушыларына қайсыбір ғылым болмасын адамды, адам өмірінің нақты бір қырларын зерттейтіндігін және кез келген ғылым үлкен гуманистік әлеуетке ие екендігін ұқтыра алмағандығын түсінесің.

Егер мұғалім сабағында өз пәнінің тәрбиелік және дамытушы әлеуетін пайдаланып толық аша алатын болса, онда оқушыларда гуманистік дүниетаным, белсенді өмірлік позиция қалыптасар еді.

Оқушы сабақта қандай адамгершілік нысандармен әрекеттеседі? Әрине, бәрінен де бұрын олар «басқа адамдармен» қарым-қатынаста болады. Басқа адамға қарым-қатынасты анықтайтын барлық адамгершілік қасиеттерді мұғалім қандай пәнмен беретіндігіне қарамастан мақсатқа сай қалыптастырып және дамытып отыруға міндетті.

Адамның «басқа адамға» қарым-қатынасы, яғни *бірінші нысан* мыналар арқылы көрінеді:

– Ізгілік;
– Жолдастық;
– Қайырымдылық;
– Сыпайылық;
– Әдептілік;
– Тәртіптілік;
– Жауапкершілік;
– Адалдық.

Оқушының *екінші адамгершілік нысаны* – оның өзі, яғни өзінің «Мені». Өзіне қалай қарайтындығы мыналардан көрінеді :

– Тәкаппарлық және сыпайылық;
– Өзіне талап қоя білу;
– Өз басын сыйлауы;
– Ұқыптылық;
– Ұяты болуы;
– Жауапкершілік және адалдық.

Үшінші нысан – қоғам мен ұжым. Оларға қарым-қатынасы мыналардан көрінеді:

– Борышын сезінуі;
– Жауапкершілік;
– Еңбексүйгіштік;
– Адалдық;
– Жолдастарының жолы болмауына қиналу, олардың табыстарына қуану.

Мектеп мүлкіне және оқу құралдарына жанашырлықпен қарау – сабақта өзін жоғары қоғам мүшесі ретінде сезінетіндігінің айғағы.

Ең бастысы, адамгершілік категориясына *төртінші нысан* – оқушының еңбекке қарым-қатынасы жатады.

Оқушының еңбекке қарым-қатынасы мыналардан көрінеді:

– Үй тапсырмаларын жауапкершілікпен орындау;

– Өзінің жұмыс орнын дайындау;

– Тәртіптілік және жинақылық;

– Адалдық;

– Ыждағаттылық.

Осылардың бәрін де мұғалім басқара алады.

Ең соңғы *бесінші нысан* – адамгершілік құндылығы ретінде сабақ үстінде тұрақты түрде болатын – Отан. Оқушының Отанға қарым-қатынасы мыналардан көрінеді:

– Өз міндетіне адалдық және жауапкершілік;

– Отанның табыстарына қуану, масаттануы;

– Отанның қиындықтарына қиналуы;

– Отанға пайдасын тигізу мақсатында ақыл-ойын дамытуға, жоғары жетістіктерге жету үшін ұмтылу;

– Өзінің оқуына және оқу еңбегіне жалпы қатынасы.

Мұғалімнің оқушыларды Отанмен жоғары байланыста болуын үнемі дамытып отыруы аса маңызды.

Осы аталған оқушылар тұлғасының сапаларын адамгершілік сапалары деп атаған жөн. Адамгершілікке қалыптастыру мұғалімнен педагогикалық шеберлікті, оның баланың болашақта өмір сүруі үшін маңыздылығын терең түсінуі, өз пәнінің тәрбиелік және дамытушылық әлеуетін оқыту үдерісінде өз орнымен тиімді пайдалануын талап етеді.

9-сынып сабақтарындағы патриоттық тәрбие

Бағыты	Сабақтың тақырыбы
1. Жамбыл облысындағы Қаратау маңындағы фосфорит кені. Ақтөбе облысындағы Шилісай фосфорит кені. Таразда, Шымкентте және Ақтөбедегі фосфор өңдейтін заводтар.	§18. Фосфор.
2. Академик Ә.Б. Бектұров – фосфориттен фосфор тыңайтқышын алудың ғылыми негізін қалаушы.	§20. Тыңайтқыштар. Азот, фосфор және калий тыңайтқыштары.
3. Маңғыстаудың әктасы, Жетіқара асбест кен орындары. Астана фосфор зауыты. Өскеменнің «Аютас» зауыты. Алматының қыш зауыты.	§27. Силикат өнеркәсібі.
4. Кенді Алтайда 900-ге жуық полиметалл бар. Жезқазғанда мыс, қорғасын, мырыш, никель, кобальт, алюминий, марганец, т.б. металдар бар. Қаратауда қорғасын, мырыш, ванадий, темір кендері бар.	§33. Табиғаттағы металдар. Қазақстанда кендерден металл алу.
Академик Қ.И. Сәтбаев – Қазақстандағы кен орындарын зерттеуші ғалым. Қазақстандағы қара металлургияның ең ірісі: Теміртау металлургия комбинаты, Ақтөбе ферроқұйма зауыты, Соколов-Сарыбай Лисаковск тау-кен комбинаты. Қазақстандағы түсті металлургия: Өскемен, Риддер, Шымкент, Павлодардың металлургия комбинаттары. Қазақстанда аса бағалы металдар: алтын, күміс, платина; сирек кездесетін металдар: ванадий, рений, молибден, уран, т.б. өндіріледі.	§32 Қара және түсті металлургия §33. Табиғаттағы металдар
5. Фосфорит пен апатит кендері Қаратауда, Шилісайда, қызғылт түсті ұлутас Маңғыстауда, гипс Жамбыл облысында, цемент балшығы Шымкент, Семейде өндіріледі. Боксит – Қостанай, Торғай жерінде. 2007 жылдан Павлодар электролиз зауыты жұмыс істейді.	§38. Алюминий.

Табиғи газ Каспий маңы ойпатында, Маңғыстауда, Үстірт қыратта, Орал қаласы маңында бар. Қазақстанның табиғи газы Қарашығанақ, Жетібай, Қаламқас кен орындарында өндіріледі. Қазақстанда мұнай Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда облыстарында өндіріледі.	§51. Көмірсутектердің табиғи қорлары.
Е.Н. Әзербаев – Қазақстанның тұңғыш химия ғылымдарының докторы. Қазақстанда органикалық химияның – көмір химиясы, мұнай химиясы, ацетилен химиясы дамуына зор еңбек сіңірген. Қазақстанда көмір Қарағанды, Екібастұз, Торғай, төменгі Іле бойында кен орындарында өндіріледі.	§52. Мұнай. §53. Таскөмір.

Химия сабақтарындағы экологиялық тәрбие
VIII сынып

Кіріспе. Экология мен химияның өзара байланысы. Зиянсыз экологиялық технологияларды жасау.

Алғашқы химиялық ұғымдар: Ластаушы заттар және олардың көздері.

Көрнекі тәжірибе: «Су бетін ластаушылардан (мұнай, майлар) тазарту».

Д.И. Менделеевтің химиялық элементтердің периодтық заңы және периодтық жүйесі. Биогендік элементтер туралы түсінік, олардың периодтық жүйедегі орны. Химиялық элементтердің табиғатта таралуы, тірі организмдер құрамында болуы, улылық дәрежесі, биологиялық бір-бірінің өзара орнын басуы. Изотоптар. Табиғи ортаның радиоактивті ластану проблемалары: себептері, салдары, шешілу жолдары.

Көрнекі тәжірибе: Биогенді элементтердің өсімдік тіршілігіндегі рөлі:

1) Пигменттің маңызды элементі хлорофилдің магнийінің қоректік ортада кальцийге алмасуы;

2) Өсімдіктегі фотосинтез үдерісіне көмірқышқыл газының қатысуы және улы қорғасын қосылыстарының зиянды әсері.

Химиялық байланыс. Заттардың биологиялық функциясының олардың құрамына, құрылысына, байланыс түріне, кристалдық тор типіне, химиялық қасиеттеріне тәуелділігі.

Оттек. Оттекті өнеркәсіпте, тұрмыста, энергетикада қолданылу масштабы. Заттардың толық және жартылай жануы нәтижесінде түзілетін қоршаған ортаны ластайтын өнімдер. Атмосфера ауасының тұрақтылығын сақтаудағы жасыл өсімдіктердің рөлі. Тұрғын үйлердегі ауаның тазалығын сақтау тәсілдері.

Сутек. Сутек болашақтың экологиялық таза жылу энергиясының көзі ретінде. Металдардың гидридтері – осы күнгі автомобильдердің сутекті отын көзі.

Қышқылдар. Тұздар. Қышқылдар мен тұздардың адам ағзасындағы рөлі. Ағзаның қышқылдануы, адамның ерте қартаюының бір себебі. Қышқылды жаңбырлар: себептері, салдары және алдын алу жолдары. Топырақтың және судың тұздануы табиғи ортаның сапасының нашарлауының фокторы ретінде.

Көрнекі тәжірибе: «Топырақ пен судың қышқылдығының өсімдіктің өсуі мен дамуына әсері».

Зертханалық тәжірибелер: «Топырақ үлгілерінің қышқылдылығын анықтау», «Ізбестеу – топырақтың қышқылдығын кеміту әдісі».

Су. Негіздер.Ерітінділер. Табиғи судың химиялық құрамы. Су бассейндерінің ластануының негізгі көздері. Су тазартқыш станциялар. Су тазарту әдістері және олардың тиімділігі. Табиғи суды қорғау.

Көрнекі тәжірибе: «Суды құрамындағы тұздар мен қоспалардан тазарту».

Зертханалық тәжірибе: «Таза және лас суды иісі, түсі, мөлдірлігі, pH, тұндырғаннан кейінгі тұнбаның болуына қарап салыстыру».

Бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластары жайлы мәліметтерді қорытындылау. Бейорганикалық заттар тұрмыста, өнеркәсіпте, медицинада. Өндірілетін өнімнің сапасына қойылатын экологиялық талаптар. Заттардың техногендік көздері – биосфераны ластаушылар. Маңызды табиғат қорғау іс-шаралары.

Әдебиеттер:

1. Чернышева Л.А. Воспитание учащихся на уроках химии // Методика преподавания в школе. – М., 1998. – №3.

2. Титова И.М. Обучение химии. – СПб.: КАРО, 2002. – 135 с.

3. Чернобельская Г.М. Методика обучения химии в средней школе. – М.: ВЛАДОС, 1999.

Резюме

В статье рассматриваются существующие в педагогике проблемы определения приоритетных целей образования, раскрыты воспитательный и развивающий потенциал предмета химии и методы формирования у учеников гуманистическое мировоззрение, активная жизненная позиция. В современной педагогике существует проблема определения приоритетных целей образования, что важнее: знания или развитие личности ученика, его воспитание? Еще в древности был сформулирован принцип воспитывающего обучения: «No scholae, sed vitae discimus» – «мы учимся не для школы, а для жизни». Анализ работы показал – если учитель на уроке успешно раскрывает и использует воспитательный и развивающий потенциал своего предмета, у учеников формируется гуманистическое мировоззрение, активная жизненная позиция.

Summary

In this article examines the existence problems in pedagogic definitions the priority aims of education, revealed training and developing potential of chemistry subject and methods of formation pupils, their humane world outlook, the active life position. In modern pedagogics there is a problem of definition of the priority purposes of education that is more important: knowledge or development of the identity of the pupil, his education? Still the principle of bringing-up training was in the ancient time formulated: «No scholae,» - «we study sed vitae discimus not for school, and for life». The analysis of work on this problem showed us that if the teacher at a lesson successfully opens and uses educational and developing potential of the subject, at pupils the humanistic outlook, an active living position is formed.

ӘОЖ 332.012.2:374(574)

О. СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

С. ДАСТАН,
тарих ғылымдарының докторы, доцент,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

1985 жылдан бастау алған КСРО-дағы қайта құру саясаты көптеген шығармашылық тұлғалардың жеке жоспарларына түзетулер енгізді. Әдебиетте публицистика дәуірі басталды. Азаматтық ар-ожданы

шыдас бермеген көркем шығармашылықтың ірі тұлғалары, өз істерімен емес, саясат және экономикамен айналысуға мәжбүр болды. Қазақстан ақын-жазушыларының ішінде экономика мен саясатпен ең белсенді айналысқан О. Сүлейменов болды. «Маған мынандай сұрақты жиі қояды, дейді ол, – неге мен жазушы бола тұра кенет әдебиеттен мүлдем алыс саясат, экономикамен айналыса бастадым? Ал мен барлық уақытта өз ісіммен айналысқан емеспін. Өлең жаза бастаған кезде белгілі ақын «Сен геологсың ғой, өзіңнің мұнайыңды іздей бер, ал поэзияны мына бізге, кәсіпқойларға қалдыр» деді. Тарихпен әуестеніп едім, академиктер «Сен ақын емессің бе, өлең жазғаның дұрыс» деп үйретті... «Өз ісім» немесе «бөтен іс» мәселесін мен өзім үшін ерте айқындап алғанмын. Немен айналыссам да, «Мен ең бірінші кезекте ақынмын, бұл мамандық емес, ар-ождан мен адам жанының жағдайы. Қай жерде «тепе-теңдік бұзылса, мені сол жерге тартып отырды... Біздің жарылыс қаупі бар үйімізде от тұтанып немесе «бостандық шырағы» бұрқ ете қалмас үшін өзімнің әбден тұшынған және ұққан тәжірибемді мен осы жерде қолдануға тырысамын. Бұл менің саясатпен айналысуға мәжбүр болып отырғанымды түсіндірсе керек. Экономикамен де» [1]. Ақын 1988 жылдан бастап Батыстың экономика ғылыми мектебінің дәстүрлері мен жетістіктерін жүйелі түрде зерттеді. Заманауи экономикаға деген көзқарастары әлемдік экономика ғылымының ең ірі бедел иелері Леонтьевтың, Манделланың, Кейнстің тұжырымдамалары негізінде қалыптасты. 1984-1989 жылдары бұрынғы шақырылған КСРО Жоғары Кеңесінің мәдениет бөлімінде жұмыс істесе, жаңадан шақырылған кеңесте экономика саласын таңдап, Бағалау комитетінде жұмыс істеді. Сөйтіп, нақты экономикалық мәселелермен айналысты.

КСРО-да айқын бағдарламасыз экономикалық реформалар басталған кезде Қытай мен Біріккен Германияның уникальды тәжірибелері бар еді. Бірақ нарықтық эйфория жетегінде кеткен Кремльдің экономикалық кеңесшілері заманауи талаптарға сәйкес келетін теориялық тұжырымдар жасай алмады. «Нарықтық экономика» тұрпайы да дуалы түсінілді. Шын мәнісінде жоспарлы экономиканың принциптері лақтырылып тасталып, жоспарсыз экономикалық стихиялық принциптер алға тартылды. Жаңа «нарықтық экономика» термині Батыс экономикасының идеологиясын дәл білдіргенімен, кеңес жағдайында оның уақыты ертерек еді. Ақынның кеңестік экономикалық стереотиптерімен күресуіне тура келді. «Батыс өндіріс – нарық – тұтынушы тізбегіндегі басты буынды өзі үшін дәл белгілеп алған. Оларда өндіру проблемасы енді жоқ, өнімді өткізу проблемасы бар. Нарық – жетекші буын, ол сұранысты білдіруші, өндірістің деңгейін айқындайды, сөйтіп тұтынушылар мүдделерін өзінше реттеп отырады, – дейді О. Сүлейменов. – Біз ескі әдетіміз бойынша капитализмнің бастапқы сатысын өндіру экономикасын айналып өтіп, нарыққа бірден шыққымыз келеді. Батыс жағдайында басты іскер тұлға – делдал, біздің жағдайымызда тауар өндіруші болуы тиіс» [2]. О. Сүлейменовтің пайымынша, кеңес жағдайында тауар өндіруші мемлекет тарапынан тез қолдауға және жеңілдіктерге ие болуы тиіс. Алайда, нарық есікті табандылықпен қағып тұрған жағдайда бағаны босатуға деген романтикалық желік дегенін істеді.

Кеңестік бұрынғы жылдарда АҚШ-тың 1 доллары 62 копеекке жасанды түрде теңестірілгені белгілі. Бұл шетел мамандарының езуін тартқызса, қарапайым Кеңес халқы үшін абстракциялық ұғымдар-тұғын. Ел нарықтық экономикаға бет бұрғанда рубльдің әжуа эпопеясы жалғаса түсті. Доллар мен Кеңес рублінің арасалмағын көлеңкелі нарықта алыпсатарлар белгіледі. Даудың басы кеңестік экономиканың ең әлсіз саласы тұрмыстық электронды тауарлар зәрулігінен басталды. Бұл кеңес халқы үшін элитарлық тауарлар болатын. Мысалы, батыста 1000 долларға алынған компьютер немесе видик Мәскеуде 15000 рубльге сатылып, кейіннен өсе түсті: 1/15, 1/20, т.т. Бұл арақатынас тауарлардың барлық түріне тарады. «Асқабақты алмамен, компьютерлік долларды нанның рублімен салыстыруға болмайды. Төменгі халықтық топтарға жақын нақ демократиялық тауарлар валютаның нақты құнын айқындайтын еді. Әлемдегі нанның, еттің, майдың және арпаның бағасы қалған заттардың құнын салыстырмалы түрде айқындайтын уақыт болатын. Оның ішінде алтынның да, компьютердің де, Мерседестің де. Рубльді доллармен салыстыра отырып, біздің және американдықтардың жетекші кәсіпорындарының негізгі қорлары құнының арақатынасын білу керек еді» [3], – дейді О. Сүлейменов.

КСРО-да керісінше болып шықты. Қара нарықтағы элитарлық тауарлардың рубль мен долларға деген арақатынасы халық көп тұтынатын демократиялық тауарларға да тарап, рубльдің құлдырауы басталды. Тауардың бір түріне деген зәрулікті (электронды тұрмыстық тауарлар) жеңуге болатын. О. Сүлейменовтің ойынша, «Мемлекет көптеген жетіспеушіліктердің ішіндегі бір затқа деген зәруліктен туындап отырған қауіпті сезінбеді. Жетіспеушіліктің бұл түрі шешуші болды. Құдіретті мемлекеттің, тұрмыстық электронды техниканы өндірушілерге нарықты жәй ғана аша салып бұл зәрулікті жоюына болатын еді. Бір-екі жылда-ақ нарықты толтыруға болатын. Бұл әрекет жаңаша ойлау, «қабырғаларды бұзу» саясаты аясымен де қабысып жататын. Алайда, олай еткіміз келмеді. Өзіміз өндіргіміз келді. Зауыттар сала бастап, олар жобалау сатысында-ақ ескіріп жатты. Жапон және Американың арзан автомобильдеріне жолды ашқанда уақытты да ұтып, рубльді сақтауға болатын еді. Жоқ! Бір жылдың ішінде «Волга» мен «Жигулидің» құны 300 есеге, азық-түлік бағасы 100-200 есеге өсіп кетті. Ал жалақы өсімі 20-30 есеге ғана артты» [4].

1991 жылдың қазан айында қара нарықтың қысымымен КСРО Ұлттық банкі рубльдің доллармен арасалмағын 1/30 қатынасында ресми түрде мойындады. Бұл рубльдің апат алдында тұрғандығын көрсетті. «Қазан айында Президенттің қабылдауына барып рубльдің құлдырауын қалай тоқтатуға болатындығы жөніндегі ұсыныстарымды ұсындым. Бұл жазбаларыма дейін мәселені екі жыл бойы зерттеген едім. Рубльдің нақты құнын белгілеуде Батыстағы және біздегі, тек элитарлық тауарлар бағасын есепке алып отырған Ұлттық банктің қате жіберіп отырғанына мен сенімді едім», – дейді О. Сүлейменов. «Ресми экономистердің бұл қатесі барлық Кеңес Одағы халқының күрт қайыршылануына, рубльдің апатты құнсыздануына алып келді. Екі жылдан кейін 1 доллар 5000 рубльге дейін шарықтады. Миллиондаған адамдардың жинақ кассаларындағы салымдары күйіп кетті. Бүтіндей бір елдің осыншалықты арсыздықпен тоналуын тарих білмейтін» [5].

Шынында да, бүтіндей бір елді талан-таражға салудың мұндай сорақы үлгісі тарихта кездескен емес. Мысалы, Мәскеудегі еттің бір килограмы кеңес адамы үшін 60 рубль болса, шетелдік үшін 2 доллар болды. Мәскеу мен Алматы арасындағы ұшақ билетінің құны кеңес адамы үшін 62 рубль болса, шетелдікке 2 долларға түсті. Шеткері аймақта одан да сорақы болды. Алматыда таксиге отырған шетелдік 1-2 доллармен қаланың ең алыс түкпіріне дейін жетсе, жергілікті жолаушы 300-500 рубль төледі. Елдің финанс жүйесі ешқандай логикаға симады. Тіпті шетелдіктердің КСРО-ға келіп үйлену тойларын атқарған жәйттер кездесті. «Мен Горбачевке кіріп оның алдына элитарлық тауарлардың емес, керісінше күнделікті сұранысқа ие демократиялық тауарлардың бағасы салыстырылған кестені жайып салдым», – дейді О. Сүлейменов. «Кесте 1990 жылы АҚШ пен КСРО-дағы нанға, майға, сүтке, етке, ірімшікке деген бағаның бірдей дерлік екенін көрсетті... Нью-Йорк дүкенінен 120 долларға костюм сатып алғаным бар, ал Мәскеуде дәл сол костюм 100 рубль тұрды. Осы арасалмақты ескеріп, рубльдің долларға деген қатынасын айқындау керек. Горбачев оқып болысымен телефонды жұлып алып (оның экономикалық кеңесшісі Г. Явлинский болатын) боқтап жібере жаздады: «Сіздер немен айналысып жатырсыздар?! Сіздерден күткен анықтамаларды маған ақындар әкеліп жатыр!» Трубканы тастай салып, ұзақ уақыт өзіне-өзі келе алмады» [6].

Осы кездегі М. Горбачевтің жағдайын түсінуге болатын. Ол өзінің алданғанын, бір уақытта ұтылғанын сезінді. Ел талан-таражға түсті. Оны тоқтату да мүмкін емес еді. Бір ай өтпей Кеңес Одағы тарап кетті. Бүтіндей бір кәсіпорындар сутегінге сатылып кете барды. Сөзіміз дәлелді болуы үшін аса ірі, «Камаз» кәсіпорын алыбын кеңес экономистері 5 миллиард рубльге бағаласа, Англиядан шақырылған тәуелсіз аудитор 12 миллиард долларға бағалаған еді. Биліктен М. Горбачев кетіп, Б. Ельцин келген кезде Ресейдегі миллионерлердің саны жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай көбейді... Березовский, Ходорковский, т.б.

Еліміздің егемендік алуымен О. Сүлейменов кеңес басшылығына ұсынған экономикалық тұжырымдамаларын кейбір түзетулермен жаңа Қазақстан Үкіметі мен қоғамдық ғылыми көпшілігіне ұсынумен болды. Ақынның негізгі деректері мен дәйектері Біріккен Германия, әсіресе Қытай тәжірибелерінен алынды. «Біріккен Германияда жекешелендіру жүргізгенде біздегідей қиындықтар пай-

да болды. Елдің шығысындағы кез келген өнеркәсіп алыптарын сатып алуға дайын бай фирмалар жеткілікті еді. Бірақ үкімет бұл кәсіпорындарды жекешелендірмеуге шешім қабылдады. Оны уақытша мемлекет меншігіне өткізді. Ондаған мың адамдардың далада қалатынын олар түсініп әлеуметтік тыныштықты сақтау үшін шығынға да барды» [7].

Алайда, О. Сүлейменовтің айрықша іш тартқаны әлемдік инновациялық экономиканың жетістіктері тоталитаризм жағдайында ақырын, мысық табандап жүзеге асырылған Қытай тәжірибелері болды. Ақынның ішкі ой ағымы бойынша 30-жылдардағы ұжымдастырудың тез қарқынмен жүзеге асырылуы қандай апатты болған болса, енді дәл сол қарқынмен ірі кәсіпорындар мен колхоздарды сол қарқынмен жекешелендіру және тарату соншалықты қауіпті. Келесі постулаты бойынша шетелдің займдарына емес, инвестициясына басым бағыт беру керек. «Дэн Сяо Пин займдарға емес, инвестицияға арқа сүйеді, займдар Қытайда жоқ заттай (*материалдық.* – Д.С.) кепілдіктерді талап етеді. Займдар экономиканы тек наркотик сияқты ширатқанымен, делдалдығы үшін астыртын төлем алатын бюрократияны байытады. Уақытша сергуден кейін депрессия кезеңі басталады. Инвестиция дегеніміз – еңбекке және пайдаға бірге қатысу. Өз жобаларын қаржыландырудың осы түрін таңдап алып, қытайлықтар оны құқықтық актілер жүйесімен заңдастырып алды» [8], – дейді О.Сүлейменов.

Әміршілдік-әкімшілдік экономиканы қайта құруды 1979 жылы бастаған Қытай экономикасының даму қарқыны 1985 жылы әлемдегі ең жоғарғы көрсеткішке жетіп, жалпы өнім шығарудың өсуі 9%-ды құрады. Бұл күшті орталық биліктің бақылауы жағдайында ғана реформалардың сапалы жүретінін көрсетті. Оның әлсіз болуы кез келген қайта құру конструкциясын қайта қиратуға айналдырады. Оның дәлелі – КСРО тағдыры. Ыдыраушылықтың күйзеліс дерті ТМД елдері экономикаларында жалғаса түсті. «Біз тәуелсіздікке де дайындықсыз, бағдарламасыз бөрлігіп кірдік» [9]. Жаңадан тәуелсіздік алған ТМД басшылары үшін ең үлкен сынақ болған нақ осы әлеуметтік-экономикалық проблемалар болды. Саяси реформалар жақсылы-жаманды жүзеге асырылды. «Жалпылай алғанда саяси реформаларға қол жетті. Президент-хатшылар не нәрседен сүрінген еді? Экономикадан. Мұнда сабақтастықты ұстау қолдан келмеді. Экономикалық бағдарлама тоқтап қалып, үкіметтік бағытпен келіспейтіндігі байқалды» [10], – дейді О. Сүлейменов.

Осындай жағдайда ақын жағдайдан шығудың бірден-бір жолын шағын және орта бизнесті шұғыл дамытудан көрді. Үкімет позициясы мен О. Сүлейменов көзқарастарының айырмашылығы сонда, үкімет аса қымбатты уақытты жіберіп алып жатты. О. Сүлейменов асығуды талап етті: «Шағын және орташа бизнес – бұл нарықтық экономиканың негізі, өзегі. Мұндай негізге ие болмай нарық туралы айтудың қажеті жоқ. Шағын және орта бизнесті дамытудың біртұтас стратегиясы Қазақстан Республикасында әлі пайда болған жоқ: заңнамалық негіз жетілмеген, салық жүйесі репрессивті (үкімет дайындаған жаңа салық кодексінің жобасы бүгінгі күннің талабына жауап бере алмады). Кәсіпкерлікке қолдау көрсетуге тиісті ведомостволар, шын мәнісінде, оның дамуын тежеп отыр. Қазақстандағы шағын кәсіпорындардың көпшілігі алыпсатарлық бағыттағылар» [11]. Шынында да, өнім өндіретін шағын бизнестік кәсіпорындардың саны ресми мәліметтер бойынша 1994 жылдың ортасында 15764 болса, жылдың соңына қарай өсудің орнына 11177-ге кеміп кетті. Осы орайда 1990 жылдың басындағы экономикалық даму индекстерін анықтау жолындағы О. Сүлейменов ізденістерінің нәтижелерін экономикадағы жаңалық деңгейінде қабылдауға болар еді. Бюджетті толтыру үшін белгілі бір елде қанша шағын және орташа кәсіпорын болуы керек? Есептеу өте қарапайым жүргізілді. Дамыған елдердегі (АҚШ, Жапония, Германия, Франция, Англия, Канада, Италия) халықтың саны сол елдердегі кәсіпорындар санына бөлінді. Айталық, АҚШ халқы 260 миллион болса, кәсіпорындар саны 13 миллион болды. Бұл 260 миллион халықтың 5%-ы. Кәсіпорын қожайындарының саны халықтың 20/1 бөлігін құрады.

Қалған елдердегі есептеулерде осыны көрсетті. Осылайша, О. Сүлейменовтің «5%-ы принципі» қағидасы дүниеге келді. Қалған зерттеулер көрсеткендей, бұл қазіргі экономиканың универсалды заңы болып шықты. Қазақстанда халықтың саны 16 миллион болған жағдайда 11 мың кәсіпорын емес, 800 мың шағын бизнес кәсіпорындары керек болып шығады. Яғни, 800 мың кәсіп иесі нақ сол, «5%-ды»

құрайды. «Жыл сайын мыңдаған фирмалар пайда болады, бірақ қорытындысында 5%-ы сақталып қалады,» – дейді О. Сүлейменов. Егер бұл сан ұлғайса – артық өндірілген; экономика қызынады да, артық кәсіпорындар табиғи жолмен ығыстырылып тасталады. Нарық – өзін-өзі реттейтін ұғым. Жапония мен Германияда да шамамен осындай арақатынас. Неғұрлым кемшіндеу дамыған елдерде пайыздық көрсеткіш аздау. Нашар дамыған елдерде пайыз үлесі мүлдем аз. Бұл заңдылық экономикалық даму дәрежесін айқындайтын жақсы классификациялық белгі бола алады. Сөйтіп, мемлекет қызметін жоспарлауға да жәрдемін тигізер еді» [12].

Горбачев төңірегіндегі «аспирант» кеңесшілері сияқты О. Сүлейменов пен оның «Қазақстан халық конгресі» партиясының ұсыныстарына Қазақстан Республикасының алғашқы үкіметтері дер кезінде реакция бере алмай жатты. Кейбір ұсыныстары ғана баяу да болса астыртын қабылданып жүзеге асырылды. Бұл орайда жалған бюрократиялық «намысшылдық та», чиновниктік эгоизм, жан аярлықта өз дегенін істеген болуы мүмкін. Қалай болған күнде де О. Сүлейменов тәуелсіз Қазақстан Республикасы алғашқы үкіметтерінің экономикалық саясаттарына сындарлы оппозиция да болды. О. Сүлейменовтің ойынша, тәуелсіздік кезеңінің алғашқы үкіметі (Терещенконың) елдің агро-өнеркәсіп кешенін бүлдірді. «Шұғыл ұжымсыздандыру, қираған колхоздар мен совхоздар, тағдырдың тәлкегіне тасталған жаңа туып келе жатқан фермерлік. Қажыгелдиннің үкіметі Отандық өнеркәсіпті толығымен күйретіп, оны талан-таражға салды. Бюджет Батыстың займдарына тәуелді бола түсті. Балғымбаевтің үкіметі негізінен өзіне дейінгілердің дәстүрін жалғастырды» [13].

Алайда, О. Сүлейменовтің экономикалық сценарийіне жақын бағытта дамыған бұрынғы КСРО республикалары да болды. Ең бірінші кезекте Балтық жағалауы республикалары, әсіресе Эстония, Ресейдің Б. Немцов басқарған Нижний Новгород губерниясы да осы қатардан көрінеді. Балтық жағалауы республикалары 1993 жылдың өзінде-ақ дағдарыстық кезеңді толығымен басынан өткеріп үлгірді. Мұның барлығы Кеңестік Кремль кеңесшілерінің тарихи қолы тимей, Қазақстан Үкіметі басшылары тыңдауға намыстанса да, О. Сүлейменов экономикалық концепцияларының ғылыми негізді болғандығын көрсетеді. Ақынның тұжырымдары әлемдік экономиканың беделді тұлғалары тарапынан да қолдау тауып отырды. Францияны президент генерал де Голль басқарған жылдары оның экономикалық кеңесшісі болған Алекс Москович былай деп жазады: «Мен Сіздің баяндамаңызды мұқият, тіпті өте мұқият оқып шықтым және көп жағдайларда сізбен біздің пікірлес екендігімізге Сізді сендіргім келеді. Әсіресе экономиканың барлық мәселелері бойынша... Қытай үлгісі ең үздік дәлелдеме болып табылады, соған ұмтылу керек деген Сіздің пікіріңізбен мен үзілді-кесілді келісемін... Біздің сирек кездесетінімізге қарамастан Сіздің теңдесі жоқ ақыл иесі екендігіңізді мен тамаша түсінемін және сіз де жақсы түсінесіз» [14].

Қорыта келгенде, ақын, ғалым және белгілі қоғам қайраткері О. Сүлейменовтің көп қырлы қоғамдық қызметінің бір бағытын экономикалық мәселелер құрады. Кеңестік рубльдің құнсыздануы, бағалардың белгіленуі, жер мәселесі, әлем елдері экономикалық даму индекстерін анықтауда, ортақ әмбебап экономикалық заңдылықтары іздестіруде, халықаралық Валюта қорының қызметін бағалауда, жекешелендіру мен қаржыландыру, ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту мәселелерінде О. Сүлейменов соны тұжырымдамалар жасай алды. Заманауи талаптарға жауап беретін ақынның дәлелдері мен дәйектері ТМД және халықаралық беделді экономикалық ғылыми ортада мойындалып жатты.

Әдебиеттер.

1. Сулейменов О. В новые времена по старому стилю: монолог поэта об экономике и политике // Казахстанская правда. – 1993. – 13 января.

2. Бұл да сонда.

3. Бұл да сонда.

4. Бұл да сонда.

5. Сүлейменов О. От полюсов к экватору // ПСС. Т. 7. – Алматы, 2004. – С. 307.

6. Бұл да сонда. 308 бет.
7. Сулейменов О. В новые времена по старому стилю: монолог поэта об экономике и политике // Казахстанская правда. – 1993. – 13 января.
8. Доклад Председателя партии «Народный Конгресс Казахстана» Олжаса Сулейменова на IX Пленуме ЦКК 29 октября 1994 года // Народный Конгресс. – 1994. – №13 (29).
9. Сулейменов О. Я это знаю. – Алматы, 2004. Т. 7. – С. 247.
10. Доклад Председателя партии «Народный Конгресс Казахстана» Олжаса Сулейменова на IX Пленуме ЦКК 29 октября 1994 года // Народный Конгресс. – 1994. – №13 (29).
11. Бұл да сонда.
12. Бұл да сонда.
13. Сулейменов О. «Использовать шанс!» Интервью // Аргументы и факты. – 1999. – 4 ноября.
14. Алекс Москович. Открытое письмо Олжасу Сулейменову. Те же ли результаты? // Казахстанская правда. – 1995. – 1 марта.

Резюме

В статье рассматриваются социально-экономические взгляды поэта, ученого и общественного деятеля РК О. Сулейменова. Подчеркивается, что экономические взгляды и расчеты поэта, особенно по выявлению индекса экономической развитости, вполне соответствовали требованиям современной экономической науки. Отмечается, что социально-экономические взгляды поэта были востребованы обществом и признаны авторитетными экономистами мира.

Summary

The article considers the social and economic outlook of Olzhas Suleimenov the poet, scientist and statesman the Republic of Kazakhstan. His economic and outlook and consolidations, especially on imbalance of economic developing index meets requirements of modern economic science. Social and economic outlooks of poet is important to the society and recognized from famous economists of the world.

ӘОЖ 398.831

МЕКТЕП РЕПЕРТУАРЫН ИГЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

К. ҚЫДЫРБАЕВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Музыкалық білім беру үдерісінде болашақ музыка мұғалімдерін мектепте өздігінен жұмыс істей білуге жүйелі және белгілі бір мақсат қоя дайындау жоғары оқу орындарының музыка-педагогика факультетінде оқыту процесі барысында іске асады. Әсіресе, мектеп оқушыларына арналған репертуарды игеруге көп көңіл аударылуы керек, өйткені болашақ мұғалім балаларға арналған музыка материалдарын жеткілікті білумен қатар, әнді мәнерлеп айтуға дағдыландыру әдісін және музыкалық шығармаларды қабылдай білуге үйрету тәсілдерін меңгеруі тиіс.

Мектеп оқушыларына арналған әндерді меңгеру хорды дирижерлау, дауысты қою, негізгі және қосалқы аспаптарда ойнау, концертмейстерлік кластарда, педагогикалық практика кезінде іске асады. Болашақ ұстаз мектеп әндері репертуарына қойылатын мына талаптарды білуі тиіс:

– мектеп әндері арқылы оқушылардың талғамын жоғары сапалы көркемділікке тәрбиелеу мүмкіндігі;

– оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты музыканы қабылдауларына және орындауларына қолайлы болуы;

– мектеп оқушыларына музыкалық тәрбие беруде оның мектеп бағдарламасына сәйкес болып келуі;

– мектеп әндерінің тақырыбы мен мазмұны жағынан жан-жақты болуы.

Жалпы алғанда, мектеп әндері оқушыларға түсінікті болуы, олардың музыкалық және жалпы өсу баспалдағының белгілі бір кезеңіне сай келуі, музыкалық дағдыны жетілдіру барысында бірізділік пен жүйелілікті қамтамасыз етуі, мектеп бітірушілерінің музыкалық мәдениетті болуына өз үлесін қосатын болуы шарт.

Балалардың орындалуына арналған шығармалардың қолайлылығын дәлелдеу белгілі бір жас ерекшелігіне лайықты материалдардың техникалық мүмкіндігін білуге байланысты (мысалы: дауыс диапазоны, динамикасы, тыныс алуы, сөйлеу анықтығы, ансамблі, екпіні, т.б.) анықталады.

Мектеп репертуарының жан-жақты болуы оқушылардың музыка сабағына қызығушылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ән үйрету процесі, балалардың шығарманы қабылдауға дайындалуына, қабылдау сәтіне және тыңдаған музыканы талдай білуіне сүйенеді. Ең алдымен студенттің назары композиторы, сөз текстісінің авторы, шығарма, оның сипаты, музыкалық-көркемдік құралдары, т.б. жөнінде деректерді жинауға бағытталады. Жиналған материалдардың көлемі музыканы терең түсіндіруге, оны танып білуге, қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді, яғни мектеп әндерінің репертуарын сапалы игеру оның сипаты мен мазмұнын теориялық түрде терең қорытындылай білуді, белгілі бір мақсат қоюды қажет етеді.

Мектеп әнімен алғаш танысу оны әдістемелік талдаудан басталады. Орындалатын мектеп әнінің сипатын, үйрету мақсатын, міндетін ескеріп, оны әдістемелік тұрғыда талдау барысында үшке бөлуге болады.

1. Мектеп репертуарының мазмұнына жалпы сипаттама беру:

Мектеп бағдарламасының талабына сай, орындалатын әнді таңдап алу себебін анықтау. Бұл жерде сыныбын, сабақ тақырыбын, әнді үйрету барысында қойылатын музыкалық-танымдық және әдістемелік талаптарды көрсетумен қоса студенттер мынадай сұрақтарға жауап береді:

а) Мектеп әнінің идеялық бағыты және көркемдік құндылығы неде?

б) Таңдалып алынған мектеп репертуарындағы әндік шығармалар оқушылардың жас ерекшеліктері мен музыкалық мүмкіндігіне сай келе ме?

в) Оқытуға қойылатын қандай талаптарды көздейді?

Екіншіден, әннің шығу тарихы, авторлары туралы мәлімет. Студенттер авторлардың өмірбаяны туралы мәліметпен танысады, әннің мазмұнына байланысты сұрақтарды анықтайды: бейнелі образы, ақын мен композитордың идеясы.

Көбінесе балалардың ойыны мен ермегінің бастысы төлдер мен құстардың дыбысын бейнелеу болатыны белгілі. Оған мысал ретінде Б. Ғизатовтың «Төлдер», Ә. Бейсеуовтың «Қошақаным қайда екен?», халық әні «Қой мен ешкі өсе бер», т.б. әндерді жатқызуға болады. Көптеген әндер ойынмен жалғасады. Солардың бірі – «Соқыр теке», Ә. Еспаевтың «Ортеке», т.б. әндерін де балалар ойын ойнап жүріп айтады.

Әдеби текстпен жұмыс жасағанда оның ең негізгі ойды білдіретін жерлерін, ән жолдарының шегін анықтаған дұрыс. Сөз текстінің мазмұнын, оның логикалық идеясының жүзеге асуын анықтау музыкалық ән шығармасын терең сезініп қабылдауға мүмкіндік береді. Музыкалық шығарманың әуені мен ақындық шумақтардың бірігуі әнді әрлендіре, мәнерлендіре тартымдылыққа әкеледі. Бұл турасында белгілі дирижер А.М. Пазовский былай дейді: «Әннің сөзі тек музыкаға ғана бағынып қоймай, ол өз кезегінде музыканы психологиялық интонация, түрлі бояумен түрлендіреді, адам жанының жылылығына бөлейді» [1]. Әннің жалпы мазмұнын ашып алмай, оның құрылысын белгілі бір мақсатпен игеру мүмкін емес екендігі естен шықпауы керек.

2. Мектеп әнінің құрылысы және оны мәнерлеу құралын анықтау.

Мұнда әннің құрылысына, (яғни бастауы, қайырмасы, кіріспесі, соңы, қайталануы), әуеніне, әуендік дамуына, шарықтау шегіне, ырғағына, екпініне, гармониясына, динамикасына сипаттама беру жатады. Әнді комплексті түрде игеру, музыканың негізін құрайтын барлық компоненттерді егжей-тегжейіне дейін талдауды талап етеді. Әуенді өздігінен тыңдауға кіріспес бұрын студент оның формасын (бөлімі, тарауы, фразасы) анықтауды мақсат етіп қоюы тиіс. Бастауыш сыныптарға үйретілетін әндерді талдағанда олардың бөлімдерінің жалпы құрылысына ғана тоқталады: кіріспе, аяқталуы, бастауы, қайырмасы, қайталануы. Ортаңғы сыныптарда олардың жүйелілігі мен контрастылығына (егер әнде кездессе) назар аударылады.

3. Мектеп репертуарындағы әнді орындау жоспары.

Яғни мұнда әннің бейнелік, драмалық, екпін-ырғақтық, динамикалық, ерекшеліктерін, ән жолдарын, дыбыстың жүру бағытын, сипатын талдауға бағытталған болуы тиіс. Бұлай талдау әнді өз мәнінде орындауға кедергі келтіретін қиындықтарды анықтап, соны меңгерудің әдістемелік ұтымды жолын белгілейді, яғни әуендік және сүйемелденетін дыбыспен жұмыс істеу тәсілі, жолы. Мысалы, орташа динамика мен жұмсақ сүйемелдеудің фонында А. Жұбановтың «Ақ көгершін» әнінің әсем де, нәзік әуені адамды лирикалық сезімге бөлейді, өзінің шыншылдығымен және қарапайымдылығымен баурап алады. Әуенінің жүру бағыты біртіндеп жоғарылап, бастапқы тұсына қайта бағыт алады, дыбыс аралығы біркелкі және әр түрлі биіктікте орындалады. Бір буынды бірнеше нотаға сызығымен жалғанған ноталарды айтқанда, дауыстың біркелкі шығуына назар аударған жөн. Әннің майда желісін бұзбау үшін ән жолдары арасындағы дем алу жеңіл және қысқа болып келуі тиіс.

Болашақ музыка мұғалімдері мектеп бағдарламасына ендірілген әндердің көбінесе шумақтық формада болатынын естен шығармағаны дұрыс. Әннің мұндай формада келуі оны орындауда белгілі қиындық туғызады. В.Г. Соколовтың пікіріне сүйенетін болсақ, «мағыналық мазмұны әр түрлі, музыкасы мен хорға арналған фактурасы бірдей шумақтар, олардың әрқайсысын әр түрлі, өзінше талдауды қажет етеді» [2].

Әрбір әнге мән бере орындауда мұғалім, ең алдымен, әннің текстісінің мазмұнына сүйенеді, сонан кейін оған негізгі әсемдік беретін екпін, нюанстер, дикция тазалығы және т.б. элементтерден тұратын көркемдеу құралдары көмекке келеді. Міне, мектеп әндерін осылай талдау жасау, болашақ музыка мұғалімдеріне шығармамен қалай жұмыс жасауды мұқият қабылдағандықтарын көрсетеді.

Әндердің сүйемеліне байланысты мәселеге көңіл аударсақ, мектеп әндері репертуарын тиімді меңгерудің бір жолы – ол әндердің сүйемелімен жүйелі түрде жұмыс істеу.

Осылайша жүйелеу студенттердің музыкалық дайындығына және шығармашылық ойлау мүмкіндігіне байланысты болады ғой деп ойлаймыз. Сондықтан әнді игеруді осылай топтастыру тек шартты түрде деп қабылдануы тиіс. Оқытудың осындай бағытта ұйымдастырылуы студенттердің орындаушылық шеберлігін бірте-бірте жүйелі түрде қалыптастырудың ең қолайлы түрін табуға көмектесері сөзсіз. Алайда, аспапта (фортепиано, баян, т.б.) ойнау техникасы жетік кейбір студенттер ұсынылған ән репертуарын біраз уақыттың ішінде-ақ меңгеріп алуы мүмкін.

Ән фактурасын аспапта көрсетуде болашақ ұстаздарға мынадай талаптар қойылады:

– вокалдық ән шығармасының музыкалық мәнін, яғни әуені, ырғағы, гармониясы, екпіні, динамикасы барынша дәл бейнелеп көрсету;

– мектеп әнінің мазмұнын жеткізе білу.

Оның үстіне, болашақ музыка мұғалімдері сүйемелдеуін үйлесімді ойнай отырып, ән айтқанда өздерін сүйемелдей білуге дағдылануы тиіс. Әдістемелік талдаудан өткен әнді үйрену алдында студенттердің назары тағы да әндегі композитордың белгілеулеріне, сипаты мен музыкалық мәнерлеу құралдарына аударылады.

Жалпы мектеп репертуарындағы әндермен жұмыс жасау, студенттерден музыканың әр алуан мәнерлеу тәсілдеріне кешенді түрде қарауды, әннің текстін шығармашылық тұрғыдан көре білуді, музыканың мазмұнын ашуға әсерін тигізетін құнды ерекшеліктерді байқауды талап етеді. Балалар

әндері репертуарын игеру – музыка мұғалімдерін даярлаудағы негізгі сала. Мектеп әнімен жұмыс жасауды сабақ үстінде, одан тыс уақытта жүйелі жүргізу, студенттердің (концертмейстерлік) сүйемелдеушілік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Әдебиеттер:

1. Пазовский А.М. Записки дирижера. 2-е изд. – М.: Сов. композитор, 1988. – 558 с.
2. Соколов В.Г. Работа с хором: Учебное пособие. 2-е изд. перераб., доп. – М.: Музыка, 1983. – 192 с.
3. Музыка. Жалпы білім беретін мектептің 1-4-сыныптарына арналған оқулық / Құлманова Ш.Б., Оразалиева М.А., Сүлейменова Б.Р., Елеманова С. – Алматы: Атамұра, 200. – 128 б.
4. Балтабаев М.Х., Өтемұратова Б. Елім-ай. – Алматы: Атамекен, 1993 / Музыка в 4-7 классах. – М.: Просвещение, 1986. – 239 с.
5. Дүйсембінова Р.Қ. Музыкалық білім беру педагогикасы. Жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. – Талдықорған, 2006. – 216 б.
6. Қыдырбаева К. Хор үнділігі / Оқу құралы. – Қызылорда, 2007.

Резюме

В статье рассматривается освоение школьного песенного репертуара, как основная работа в подготовке будущих учителей музыки. Учитывая характеристику исполняемой школьной песни, ее задачи, разучивание, автор делит на три этапа освоение школьного песеннего репертура: охарактеризовать содержания школьного песенного репертуара, определить структуру школьной песни и ее выразительное исполнение, план исполнения репертуара школьных песен.

Summary

Mostering the songs from school repertoire. The main training musicians: branch in talking into consideration the deseription, the aim and the note of teaching the school music it was devided into 3 parts: they are, to describe the content and school repertoire; the composition of the clorify expressing tool. The plan of acting the songs from school repertoire.

ӘОЖ 802.0:809.434.2-055.2

АҒЫЛШЫН-ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ «ӘЙЕЛ» КОНЦЕПТІСІ

М.Қ. МАМЫРБАЕВА, Ш.Т. ЕСЕМБЕКОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы

Адам баласы айналасын тани отырып, оны бағалайды. Бағалау барысында кездесетін шынайы өмір құндылықтарын ақ-қара, жақсы-жаман, мейірімді-қатыгез, сұлу-сұрықсыз деп ажыратады, яғни қоршаған ортадағы барлық заттар мен құбылыстар «жақсы-жаман» принципі бойынша бағаланады.

Әрбір мәдениеттегі әлем бейнесі кеңістік, уақыт, махаббат, әйел, еркек, достық, бостадық, жеке меншік және т.б. бірқатар ортақ концептер мен мәдени константтардан тұрады. Халық осылар арқылы әлем бейнесін таниды.

«Концепт» термині алғаш рет XX ғасырдың алғашқы жартысында қоршаған орта құбылыстарын тіл әлемінде бейнелеу мәселелерін зерттеуге байланысты пайда болды. Когнитивті лингвистика саласында «концепт» ұғымына берілген әр түрлі анықтамалар кездеседі. В. Колесов «Концепт – сөздің

мағыналық дамуының ең соңғы шегі, мәдениеттегі мазмұндық қатары молайған ұғым» десе, В.С. Кубрякова «Концепт» – адамның санасында, психикалық жүйесінде қалыптасқан әлем бейнесінің мазмұндық бірлігі» деп түсінсе, В.Н. Телия концептіге «Белгілі бір объект туралы барлық мағлұмат жиынтығы» деген анықтама береді. Ал А.П. Бабушкин «Концепт – ұжымдық санадағы менталды бейненің дара белгілері» деген түсінікті қалыптастыра отырып, әрбір концептілік бірліктің ұлттық концептілік өрісте өзіндік орны болатындығын, белгілі бір зат не құбылыс жөнінде білім деңгейіне орай жеке тұлғаның санасында концепт түрлерінің қалыптасуы әрқилы болып келетіндігін дәйектейді [1].

Концепт заттың бір немесе бірнеше кез келген маңызды емес белгілерін анықтайды, яғни концепт күнделікті қарапайым тіршіліктегі ойымыздың көрінісі (жемісі). Концепт – когнитивтік бірлік ретінде халықтың қоршаған орта туралы әлемдік бейнесін қалыптастыратын мәдени құндылықтары мен түсініктері.

Тілдің когнитивті кеңістігінде «әйел» концептісі түрлі лингвомәдени бірліктер арқылы беріледі.

Әйел – белгілі бір өмір тәжірибесі бар, ересек, некелескен нәзік жан, ер адамның қосағы. Ағылшын тілінде «әйел» лексемасының және оған синонимдес «girl, female, lady, lass» сөздері «соғысу» немесе «күресу» сөздерінен шыққан. Соғысу деп соғыс қимылдарымен қатар, әйел-ананың бала туудағы өмір үшін күресі айтылады.

Әйел концептісінің номинативті аясын зерттеушілер оны екі түрлі жолмен қарастырады.

1. Тек қана концептің тура атауына қатысты тірек сөздер мен оның синонимдерін анықтап, номинативті топтың негізін құру. Мысалы, әйел концептісінің негізгі номинативті тобын мынадай бірліктер құрайды: әйел, әйел текті, қатын, дама, тәтей, нәзік жан, шайтан қыз, перi және т.б.

2. Тура атаулармен шектелмей, концептінің оқырманға түсінікті әр түрлі денотат атауларын беру жолы. Мысалы: әйелі, отанасы, ана, кемпір, мыстан, жас әйел, леди, бизнес леди, кәрі албасты және т.б.

Бұл концептінің номинативті құрылымын зерттеуге әйелге қатысты паремия, афоризмдер, фразеологизмдердің алатын орны ерекше, себебі олар «әйел» концептісінің әр түрлі қыры мен сырын сипаттауда кең қолданылады.

А.В. Артемованың пікірінше, бұл бірліктер бастапқы заттық мағынасын жоғалтып, коннотативті-прагматикалық мағынаға ие болады. Мысалы: «Бабьи хоромы недолго живут» – заттық мағынасы: әйел салған үй берік емес, оңай құлауы мүмкін, коннотативті мағынасы: әйел қолынан шыққан зат сапасыз, ұзақ уақытқа жарамайды. Бұл мақалда әйелдің әлеуметтік қызметі жағымсыз жағынан көрсетіледі.

В.Н. Телияның пікірінше, әйел ұғымының идеографиялық аясы осы сөздің барлық атауларынан құралады. Олардың арасында бастау алатыны «әйел» сөзі, сондай-ақ «қатын» сөзі. Әйелді жасына қарай (қыз, кемпір); жыныстық аспектісіне қарай (қатын, әйел); жанұядағы орнына қарай (әйелі, енесі, келіні, жеңгесі); әлеуметтік – жанұялық орны (отана, жесір, дәрігер); туыстық қарым-қатынас (ана, апа, немере қыз); әлеуметтік топқа (байдың қызы, кедейдің қызы); әлеуметтік ролі (аспазшы, кәсіпкер); трансцендентті – таңғажайып саламен немесе басқа әлемнен келген (сиқыршы, су перісі, мыстан) деп сипаттама береді [2].

Афоризмдер мен мақал-мәтелдерде әйел образы қоғамдағы әр түрлі субъективті және объективті факторлар жағымды немесе жағымсыз коннотациялық мағынада сипатталады. Әйел туралы зұлым, күнәһар, өтірікші, кекшіл сияқты өте төмен көзқарастар тарихтан белгілі.

Ағылшын ауызекі тілінде бұндай дөрекі термин жоқ. Жалпы ағылшын-орыс тілдеріне әйелді нәзік жан деп айту тән емес.

Ал қазақ халқында қыз баланы қонақ деп, әйелді ана деп құрмет тұтады. Жалпы, Шығыс әйелдеріне тән стереотип бойынша олар ибалы, инабатты, қылықты, ақылды, ізгілікті, көреген болып келеді. Бұндай қасиеттер ағылшын тілінде төмендегі афоризмдерден көрінеді.

Ағылшын тілінде ең әдемі әйел образы «lady» сөзі арқылы беріледі.

A good wife makes a good husband. Жаман еркекті жақсы әйел адам етер.

There is a woman at the beginning of all great things.

A woman's guess is much more accurate than a man's certainty.

A cat has nine lives and a woman has nine cats' lives. Әйел қырық жанды.

The wife is the key to the house. Әйел – үйдің шырағы.

Бұл афоризмдерде әйелдің шыдамдылық, төзімділік, ақылдылық, көрегендік қасиеттері туралы айтылады.

Әлеуметтік тұрғыдан әйелдің отбасындағы маңызды орны, әйел-ана ретіндегі бейнесі айқын көрсетіледі.

Жағымсыз коннотация әйелдің психологиялық мінез-құлқынан туындаған. Көптеген тілдік бірліктер әйелдің жалғандығы мен залымдығын бейнелейді:

The laughter, the tears and the song of a woman are equally deseptive. Әйелдің шын мәнісінде не ойлайтынын білгіңіз келсе, оны тыңдамаңыз, оған тура қараңыз.(О. Уайлд)

Әйелдің мінезіндегі тағы бір айта кететін қасиет бірбеткейлігі мен еркіндігі: *The way of women; When you will they won't, and when you won't they are dying to*. *Әйел дегенін істетпей қоймайды.*

Тағы бір афоризмдер мен мақал-мәтелдерде әйелдің құбылмалы және адам түсініп болмайтын мінезі мен ысырапшылдық қасиеті сипатталады; *A woman's mind and wind change off. Әйел құбылмалы келеді. A woman can throw away more with a spoon than a man can bring in with a shovel*.

Еркектің күрекпен тапқанын, әйел ысырап етеді:

Қарақшы өмірің мен әмияныңның біреуін ұстайды, ал әйелің екеуін де ұстайды.

Әйелдің көп сөйлейтіндігі де ертеден өткір, мысқыл тілге ілінген:

A women's tongue wags like a lamb's tail; The trouble with her is that she lacks the power of speech but not the power of conversation. (Y.B. Shaw) Қойылған сұраққа қысқа жауап берудің орнына , оған қатысты-қатысты емес болған оқиғаны да, оған өзінің көзқарасын да баяндап шығатын әйел табиғатының көпсөзділік қасиеті қазақ әйеліне де ортақ.

Әйелді бейнелейтін келесі бір психологиялық аспект – ойлау, фольклорде және әдеби жанрда қолданылатын логикалық ойлауының таяздығы: *Because is a woman's reason; Әйелді бір нәрсеге сендіру қиын; алдымен олар өздері көз жеткізу керек.*

Тілдік бірліктердің кейбірінде әйелдің ақымақтығы және сезімталдығы айтылады: *When an ass climbs a ladder, we may find wisdom in a woman. Шашы ұзын, ақылы қысқа. A woman laughs when she can and weeps when she pleases. Әйелдің күлуі де, жылауы да тез.*

Ағылшын – қазақ халықтарында тілдік бейне ретінде әйел бейнесін сипаттауда жағымсыз коннотациялар басым. Жоғарыда келтірілген мақал-мәтелдер мен афоризмдерде әйелдің кемшіліктері аталған халықтардың экстралингвистикалық тәжірибесінен алынған.

Мақал-мәтелдердер, афоризмдер – халық даналығының көрінісі, айнасы. Сондықтан да оларда «әйел» концептісі айқын әрі жан-жақты беріледі.

Әйелдің рухани дүниесі, психологиясы әрқилы өзгергенмен, оның қоғамдағы ролі маңызды болып қала береді.

Әдебиеттер:

1. Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. – А., 2008.

2. Телия В.Н. Русская фразеология. – М., 1996. – 217 с.

3. Смаилов А. «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингвомәдени мәні. – А., 2008.

4. Интернет материалы: www.google.kz, www.yandex.ru.

Резюме

В статье рассматривается сопоставительный анализ понятийного, образного и ценностного компонентов концепта « женщина». Концепт «женщина» отражает представления о базовых ценностях разных народов и входит в область национальной концептосферы английского и казахского языков. В языковой картине мира английского и казахского языков данный концепт находит различные спо-

собы выражения, в каждом из которых существуют свои универсальные и специфические характеристики оценки женщины. В английском языке лексема «женщина» не имеет эмоционально-негативных коннотаций, в то время как в казахском языке эти значения превалируют.

Summary

The article deals with comparative analysis of the comprehensive, figurative and valuable components of the concept «woman».

The concept «woman» reflects notions on basic values of nations in lingual-cultural studies, such as national character, history, culture and mentality of the nations. It is a part of the national sphere of concept of the English and Kazakh languages.

In the English and Kazakh lingual pictures of the world the given concept has various ways to be expressed and each of them has its own universal and specific characteristics to appreciate the woman.

The lexeme «woman» does not have nearly any emotional-negative connotations in the English language, whereas in the Kazakh language such meanings prevail.

УДК 342.725:008:379.82

ЯЗЫК КАК ОТРАЖЕНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОЙ РЕАЛЬНОСТИ, КАК ФЕНОМЕН КУЛЬТУРЫ

Г.Н. ОРЫНШАЕВА,
магистрант,
Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата,
Республика Казахстан

Среди огромного количества научных категорий и терминов трудно найти другое понятие, которое имело бы такое множество смысловых оттенков и использовалось бы в столь разных контекстах, как понятие «культура». Достаточно распространенным определением понятия «культура» является его понимание как совокупности материальных предметов, объектов, идей, образов, созданных человеком на протяжении его истории. В этой интерпретации культура представляется как сумма всех достижений человечества, «как вторичная природа», сотворенная самим человеком, образующая собственно человеческий мир в отличие от дикой природы [1, с. 5]. В ряде работ под культурой понимается «личностно освоенные в деятельности духовные ценности, пространство, в котором происходит процесс социализации личности» [2, с. 17]. В своей работе В.С. Библер дает определение культуры, т.е. культура «есть всеобщая форма одновременного общения и бытия людей – представителей разных культур и в этом общении культур происходит общение индивидов» [3, с. 27].

В современной лингвистике и лингвокультурологии сложилась следующая, принятая большинством ученых, точка зрения, которую в обобщенном виде можно представить следующим образом. Язык и культура являются разными семиотическими системами, которые имеют, однако, много общего:

1) культура, равно как и язык, – это формы сознания, отображающие мировоззрение человека;

2) культура и язык существуют в диалоге между собой;

3) субъект культуры и языка – это всегда индивид или социум, личность или общество;

4) нормативность – общая для языка и культуры черта;

5) историзм – одно из сущностных свойств культуры и языка;

6) языку и культуре присуща антонимия «динамика – статика».

Различаются эти две сущности следующим образом:

1) в языке как феномене преобладает установка на массового адресата, в то время как в культуре ценится элитарность;

2) хотя культура – знаковая система (подобно языку), но она не способна самоорганизовываться;

3) язык и культура – это разные семиотические системы [4, с. 56].

Эти рассуждения позволяют сделать вывод о том, что культура не изоморфна (абсолютно соответствует), а гомоморфна языку (структурно подобна).

Картина, которую являет собой соотношение языка и культуры, чрезвычайно сложна и многоаспектна. В.А. Маслова пишет о трех подходах, которые к сегодняшнему дню наметились в решении этой проблемы. Первый подход разрабатывался такими учеными, как С.А. Атановский, Г.А. Брутян, Е.И. Кукушкин, Э.С. Маркарян и другие [5, с. 72], [6, с. 117]. Суть этого подхода в следующем: взаимосвязь языка и культуры оказывается движением в одну сторону, так как язык отражает действительность, а культура есть неотъемлемый компонент этой действительности, с которой сталкивается человек, то и язык – простое отражение культуры [4, с. 259].

В работах таких известных ученых, как В. Гумбольдт, А.А. Потебня, язык понимается как духовная сила. По В. Гумбольдту, язык есть «народный дух», он есть «само бытие» народа. Иначе говоря, язык осуществляет «менталитетообразующую» функцию. Национальная культура являет себя, прежде всего, в языке. Он есть истинная реальность культуры, он способен ввести человека в культуру. Язык есть фиксированный взгляд культуры на мироздание и себя самого.

Концепция В. Гумбольдта получила дальнейшее развитие в работах А.А. Потебни «Мысль и язык», Ш. Балли, И.А. Бодуэна де Куртэне, Р.О. Якобсона и других ученых.

В рамках второго подхода к исследованию проблемы взаимосвязи и взаимодействия языка и культуры научный интерес представляет так называемая «гипотеза лингвистической относительности», разработанная представителями школы неогумбольдтианцев.

Данная гипотеза основывается на понимании неразрывности и единства языка и культуры в широком смысле этого слова и постулирует значительную зависимость мышления от языка.

В наиболее четкой форме положения данной теории выразил один из самых значительных представителей американской науки о языке Э. Сепир: «Люди живут не только в объективном мире вещей, и не только в мире общественной деятельности; они в значительной мере находятся под влиянием того конкретного языка, который является средством общения для данного общества. Было бы ошибочным полагать, что мы можем полностью осознать действительность, не прибегая к помощи языка, или что язык является побочным средством разрешения некоторых частных проблем общения и мышления. На самом же деле «реальный мир» в значительной степени бессознательно строится на основе языковых норм данной группы... Мы видим, слышим и воспринимаем так или иначе те или другие явления главным образом благодаря тому, что языковые нормы нашего общества предполагают данную форму выражения».

Это высказывание избрал в качестве эпиграфа к своей работе последователь Э. Сепира, Б.Л. Уорф, который наполнил общую формулу Э. Сепира конкретным содержанием и превратил ее в своеобразную метафизическую систему, получившую наименование «гипотеза Сепира-Уорфа».

В соответствии с данной гипотезой способ познания реального мира зависит от того, на каких языках мыслят познающие субъекты. «Мы расчленяем природу в направлении, подсказанном нашим языком. Мы выделяем в мире явлений те или иные категории и типы совсем не потому, что они самоочевидны, напротив, мир предстает перед нами как калейдоскопический поток впечатлений, который должен быть организован нашим сознанием, а это значит в основном – языковой системой, хранящейся в нашем сознании. Мы расчленяем мир, организуем его в понятия и распределяем значения так, а не иначе, в основном потому, что мы участники соглашения, предписывающего подобную системати-

зацию. Это соглашение имеет силу для определенного языкового коллектива и закреплено в системе моделей нашего языка».

Гипотеза Сэпира-Уорфа дала толчок многочисленным исследованиям в области взаимосвязи языка, мышления и культуры. Среди них особое место принадлежит работе А.Н. Леонтьева и его последователей. Ученые этой группы утверждают, что между языком и реальным миром стоит человек, носитель языка и культуры. Именно он воспринимает и осознает мир посредством органов чувств, создает на этой основе представления о мире. Они, в свою очередь, рационально осмысливаются в понятиях, суждениях и умозаключениях, которые уже можно передать другим людям. Таким образом, между реальным миром и языком стоит мышление.

Вместе с тем в работах многих ученых гипотеза лингвистической относительности достаточно обоснованно подвергается резкой критике. Так, Б.А. Серебренников аргументирует свое неприятие этой гипотезы следующими положениями: «1) Источником понятий являются предметы и явления окружающего мира. Любой язык в своем генезисе – результат отражения человеком окружающего мира, а не самодовлеющая сила, творящая мир; 2) Язык приспособлен в значительной степени к особенностям физиологической организации человека, но эти особенности возникли в результате длительного приспособления живого организма к окружающему миру; 3) Неодинаковое членение внеязыкового континуума возникает в период первичной номинации. Оно объясняется неодинаковостью ассоциаций и различиями языкового материала, сохранившегося от прежних эпох».

Отрицательную оценку гипотезе Сепира-Уорфа дают также Д. Додд, Г.В. Колшанский, Р.М. Уайт, Р.М. Фрумкина, Э. Холленштейн и другие.

Таким образом, гипотеза лингвистической относительности оценивается современными учеными далеко не однозначно. Тем не менее, к ней обращаются исследователи, занимающиеся проблемой взаимоотношения языка и культуры, языка и мышления, и считающие, что данная гипотеза способствует осмыслению таких понятий как «языковая картина мира». Совокупность знаний о мире, запечатленную в той или иной языковой форме, специфическое «языковое мировидение», присущее каждому народу, принято называть «языковой картиной мира».

Каждый естественный язык отражает определенный способ восприятия и организации («концептуализации») мира. Выражаемые в нем значения складываются в некую единую систему взглядов, своего рода коллективную философию, которая навязывается в качестве обязательной всем носителям языка.

Ученые, исследующие данную проблему, совершенно правомерно, с нашей точки зрения, считают, что языковая картина мира является вторичным образованием, сознанием чувственного отражения, мировосприятия сквозь призму ранее накопленного опыта и его творческим переосмыслением, она выступает важнейшим компонентом национальной культуры и, как отмечает И.Б. Михайлова, «... в ткань восприятия, не говоря о представлении, всегда вплетаются слова, знания, опыт и культура поколений».

Усилением внимания к языку, как особому знанию о картине мира, обусловливается связь языка и культуры. Основы взаимосвязанного и взаимообусловленного подхода к пониманию явлений языка и культуры отражены также в фундаментальных трудах Э.С. Маркаряна, Ю.М. Лотмана, Г.В. Колшанского, Э.В. Соколова и др.

По мнению Э.В. Соколова, которое мы разделяем, язык является главным условием и средством выполнения культурой ее основных функций, а именно:

1) освоение и преобразование окружающего мира;

2) обмен социально значимой информацией (коммуникативная функция);

3) языковое (знаковое) моделирование картины мира;

4) накопление и хранение информации (кумулятивная функция);

5) регламентация поведения людей в обществе (регулятивная функция);

6) воздействие (директивная функция);

7) обеспечение гармонии «коллективного я – этноязыкового сообщества – с окружающим миром (адаптивная функция), т.е. функция упорядочения, гармонизации человеческого бытия».

Важным представляется утверждение ученых о том, что языковая картина мира создается разными красками и что наиболее яркими являются мифологемы, образно-метафоричные слова, коннотативные слова и др.

Особую роль в создании языковой картины мира играют фразеологизмы. Они «зеркало жизни нации». Природа значения фразеологизмов тесно связана с фоновыми знаниями носителя языка, с практическим опытом личности, с культурно-историческими традициями народа, говорящего на данном языке. Фразеологизмы приписывают объектам признаки, которые ассоциируются с картиной мира, подразумевают целую дескриптивную ситуацию (текст), оценивают ее, выражают к ней отношение. Своей семантикой фразеологизмы направлены на характеристику человека и его деятельности.

Анализируя языковую картину мира, создаваемую фразеологизмами, В.А. Маслова подчеркивает такой ее признак, как антропоцентричность. Антропоцентричность картины мира выражается в ее ориентации на человека, т.е. человек выступает как мера всех вещей [4, с 259].

В этом случае отраженная в языке картина мира, которая складывается как ответ на практические потребности человека, как необходимая когнитивная основа его адаптации к миру, и отличается значительной прагматичностью. Претендуя на абсолютную истину, знания данного типа могут сколь угодно отходить от того, что посчитала бы объективной истиной традиционная наука. Их критерием выступает не формально-логическая непротиворечивость, а сама по себе целостность и универсальность модели, ее способность служить объясняющей матрицей для структурирования опыта.

Из сказанного следует вывод о том, что каждый конкретный язык представляет собой самобытную систему, которая накладывает свой отпечаток на сознание его носителей. Отсюда представители разных национальностей видят мир по-разному – сквозь призму своего родного языка.

В науке существует и третий подход к решению проблемы взаимосвязи языка и культуры, который занимает промежуточное положение между двумя, описанными выше.

К. Леви-Строс, как представитель этого подхода, полагает, что язык есть одновременно и продукт культуры, и ее важная составная часть, и условие существования культуры. Более того, язык есть специфический способ существования культуры, фактор формирования культурных кодов.

Наиболее важным является то, что данное направление рассматривает язык как факт культуры, так как он является: 1) составной частью культуры, которую мы наследуем от наших предков; 2) основным инструментом, посредством которого мы усваиваем культуру; 3) фактором формирования культурных кодов.

Важным в этом направлении исследований представляется положение о том, что, язык – это составная часть культуры и ее орудие, это действительность нашего духа, лик культуры; он выражает в обнаженном виде специфические черты национальной ментальности.

В соответствии с этим подходом окружающий мир человека представляется в трех формах: реальный мир; культурная (понятийная) картина мира; языковая картина мира.

Реальный мир – это объективная действительность, существующая независимо от человека, мир, окружающий его.

Культурная (понятийная) картина мира – отражение реального мира через призму понятий, сформированных в процессе познания мира человеком на основе как коллективного, так и индивидуального опыта. Эта картина специфична для каждой культуры, возникающей в определенных природных и социальных условиях, отличающих ее от других культур.

Языковая картина мира отражает реальность через культурную картину мира. Язык подчиняет себе, организует восприятие мира его носителями. Эта картина мира тесно связана с культурной картиной мира, находится в непрерывном взаимодействии с ней и восходит к реальному миру, окружающему человека [1, с. 253].

Культурная картина мира всегда богаче, чем языковая картина мира. Но именно в языке реализуется, вербализуется культурная картина мира, хранится и передается из поколения в поколение.

По обоснованному утверждению ученых этого направления ни одна культура не существует изолированно. В процессе своей жизнедеятельности она вынуждена постоянно обращаться или к своему прошлому, или к опыту других культур.

Научная доказательность взаимосвязи языка и культуры позволяет ответить на поставленный вопрос: «В чем проявляется взаимосвязь языка и культуры?», имеющий принципиально важное значение для методической науки и практики обучения иностранным языкам. Этот вывод состоит в том, что вербальная коммуникация является необходимым условием существования и развития человеческой культуры, она обеспечивает единство культурных процессов в рамках данной общности, хранение и передачу культурных ценностей, то есть коммуникативная деятельность оказывается тем звеном, в котором пересекаются и взаимодействуют язык как система знаковых единиц разных уровней и культура, в которой он существует и необходимым компонентом которой является.

Чтобы сформировать у обучаемых ценностное отношение к языку, раскрыть его как отражение социокультурной реальности, как феномен культуры национальной и общечеловеческой, как один из основных путей к созданию эффективной основы для интернационального взаимопонимания, необходимо целенаправленное взаимосвязанное обучение иностранному языку и инокультуре. Статус ИЯ и его роль как инструмента, с помощью которого становится реальностью строительство мостов взаимопонимания и взаимодействия между представителями различных лингвокультур, обусловили переориентацию методических исследований на проблемы межкультурной коммуникации, точнее, на проблемы формирования у обучаемых способности эффективно участвовать в ней. Перед исследователями закономерно встает вопрос: «Можно ли решить поставленные задачи на основе прежнего методологического подхода или речь должна идти о новом методологическом направлении?» Чтобы ответить на этот вопрос, необходим аналитический обзор основных научных подходов, на основе которых решаются поставленные задачи в современной методике обучения иностранного языка.

Литература:

1. Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П. Основы межкультурной коммуникации. – М.: ЮНИТИ, 2003. – 253с.

2. Бердичевский А.Л. От диалога культур к третьей культуре личности // Лингводидактический поиск на рубеже. – М.: Знание, 2000. – С. 17-25.

3. Библер В.С. Диалог культур и школа 21 века // Школа диалога культур. Идеи. Опыт. Проблемы. – Кемерово: АЛЕФ, 1993. – С. 27.

4. Маслова В.А. Лингвокультурология: Учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 259 с.

5. Базарова Л.В. К вопросу о соотношении языка и культуры. Образование и культура России в изменяющемся мире. – Новосибирск, 2007. – С. 72-76.

6. Маркарян Э.С. Теория культуры и современная наука. – М.: Мысль, 1983. – 117 с.

Түйіндеме

Мақалада тіл мен мәдениет байланысы, тілде көрініс беретін мәдени құндылықтардың жұмсалу жүйесін зерттейтін тілдік бағыттар қарастырылады. Сонымен қатар, тіл мен мәдениет мәселелері бірге қарастырыла отырып, олардың құндылықтары ерекше сараланады. Тіл – халықтың танымы мен бүкіл тұрмыс-тіршілігін суреттейтін қатынас құрал, құндылық ретінде мақалада жан-жақты сипатталады.

Summary

This article deals with the theoretical base of formation of the language and culture. It comprises linguistic analysis and review of theoretical sources, concerning interrelation of the language and culture. The national culture is reflected on its language. At the same time the language reflects a reality and the culture is a main part of this reality. Theoretical value of the article is to show the main factors of cultural existence. It is also analyzed forms of culture, their similarity and diversity, interpreted notions of culture.

МАЗМҰНЫ

Ахметов Б.С., Лепехин В.А., Харитонов П.Т. Евразийская многоуровневая инновационная техническая школа как вариант профессиональной подготовки инновационных специалистов 3

Моминбаев Б.К., Ильин И.А. К проблеме профессионально-творческой компетентности будущего специалиста 6

Елеусінов Б.Т., Маханбетов О.М. Кәсіби білікті мамандар даярлаудағы жаңаша бағыттар 10

Тургунова Л.Г., Алина А.Р., Бакирова Р.Е., Васильева Н.В., Ларюшина Е.М., Фазылова А.С. Студенттердің клиникалық құзыреттілігін жетілдірудегі пәнаралық және кәсіпаралық оқытудың маңызы 14

Сахипов Н.Г., Лузанов В.А. Особенности процесса обучения как деятельности в дидактике высшей медицинской школы с реализацией компетентностного подхода 17

Мусабекова А.А., Абилова М.У., Шалдыбаева А.М. Подготовка специалистов в области химической технологии в условиях формирующейся инновационной образовательной среды 20

Асанов Ж., Дәрібаева С. Жоғарғы оқу орындарында студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру жолдары 22

Мырзабаева Г.Е. Қазақ биіндегі ұлттық ою-өрнектің маңызы 26

Омаров Д.К. Кемелденген Социализм дәуіріндегі Сыр өңірі мектептеріндегі еңбекке тәрбиелеу мәселелері 30

Омаров Д.К. Кеңестік дәуірдегі білім беру мекемелерін басқару ісі 34

Айтбаева М.А., Нурекеева А.Б. Формирование коммуникативной компетентности студентов как условие их успешной профессиональной самореализации 37

Бисенова Р.А., Жаксылыкова Ж.Т. Инновационные технологии и методы обучения, используемые при подготовке специалистов экономического профиля 41

Қуатбеков Ш.Н., Тютебаев Б.Х. Дене мәдениеті құндылықтары арқылы оқушылардың рухани деңгейін жетілдіру 45

Қуатбеков Ш.Н., Турспенбетова С.Т., Мощеев В.В., Маханова Н.Б. Болашақ педагогтарды дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыруға дайындаудың негізі 48

Майгельдиева Ш.М., Шеримова А.С. Жоғарғы оқу орындары студенттерінің оқу-зерттеу әрекеті мәдениетін қалыптастырудың кейбір мәселелері 51

Абсатова Г.Қ. Жоғары оқу орнындағы психологиялық қызметтің кәсіби мамандарды даярлаудағы рөлі 54

Әлайдарова А.Ә., Парменова Г.Е. Қосымша білім беру негізінде оқушылардың шығармашылық және кәсіптік дайындығы 57

Бахытұлы С., Қошқарова Ш.З. Кәсіби мамандануда «Мен» образының субъект ретінде қалыптасуы 60

Макашева М.С. Формирование поликультурной личности как музыкально-педагогическая проблема 63

Жаксылыкова Ж.Т. Некоторые вопросы подготовки специалистов экономического профиля для инновационной экономики 67

Қошқарова Ш.З., Наурызбаева А. Оқушылардың эстетикалық талғамын халық өнері арқылы қалыптастыру 70

Сарбалакова А.Ж. Оқу процесіндегі инновациялық технологиялар 73

Витченко Д.В. К проблеме профессиональной подготовки будущего педагога-хореографа 78

Тәжиева З.Д. Білім беру қызметі нарығының қалыптасуы 82

Майгельдиева Ж.М. К вопросу о профессиограмме преподавателя русского языка в условиях развития полиязычного образования 84

Исаева Ж.А. Студент заңгерлердің кәсіби қызметке дайындығын қалыптастыру мәселелері 89

Хегай Н.Р. Прагматонимы как средства художественной изобразительности в парфюмерном дискурсе 92

Шильдебаева Л.Қ., Жүнісова Ә.Т., Әлайдарова А.Ә. Ұлттық киімнің дамуы – тәуелсіздік белгісі 96
Абасилов А.М. Тіл меңгерудің әлеуметтік лингвистикалық деңгейлері 100
Ажиев К.О., Досмаханова Р.А. Использование инновационных методов при изучении восточной поэзии 103
Әмзеева Г.Ә., Оңалбаева Г.М. Б. Блум процесін таксономиясы – оқыту басқару құралы ретінде 107
Момынбаев Б.К., Есекешова М.Д., Сейлхан Г. Жастар тәрбиесінде имандылық тәрбиені қалыптастыру жолдары 112
Ешімова Ұ.З., Жумагулова Ш.А. Жоғарғы оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлауда оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану жолдары 116
Ешімова Ұ.З., Назарова Ж.М. Орта мектепте «Жылулық қозғалыс» тақырыбындағы негізгі ұғымдарды оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану жолдары 119
Жұмағұлова М.Ш. Аударманың базалық курсын оқытудың кейбір өзекті мәселелері 122
Ибрагимова Э.А. «Еркіндік» концептісінің лингво-мәдени ерекшеліктері 126
Ким А.М., Мощеев В.В., Ким А.В. Педагогические основы воспитания нравственных качеств у студентов, обучающихся по программе военной подготовки 130
Абдулхасанов А.И., Мощеев В.В. Социально-педагогические аспекты воспитания патриотизма у подрастающего поколения 133
Назарова Г.А., Әкімтаева Н.Ә. Биологиядан далалық оқу тәжірибесінде фенологиялық бақылауды ұйымдастыру 137
Наметша Р.С. Работа с текстами по специальности 141
Нұғманова Х.Е., Тәжібаева С.Г. Халықтық тәрбиедегі табиғатты қорғау 144
Орлова Л.Н. Ролевая игра как нетрадиционная форма обучения студентов казахского отделения на занятиях по курсу «Профессиональный русский язык» 148
Оспанова Ф.Ә. Лингвомәдениеттану мен этнолингвистика пәндерінің арақатынасы 151
Сәдуақасұлы Ж. Жазушы Ә. Қоңыратбаев прозасының тілі 156
Сәдуақасқызы К., Төлегенова Н. Блиц-турнир – қорытындылау сабақтарын өткізудің тиімді түрі 160
Снасапова Г.Ж. Тірек концептілерін метафоралық тұрғыдан модельдеуді оқытудың кейбір тәсілдері 165
Туралиева Г.У. Об особенностях изучения прецедентных текстов в курсе «Словотворчество в публицистическом тексте» бакалавриата 169
Тұрбаев Б.Е., Күздеубаева С.С. Орта оқу орындарында математиканы пәнаралық байланыс негізінде оқыту 173
Умбетова М.С., Салаватова А.С. Полиязычие. Роль полиязычия в формировании поликультурной личности 177
Хозяинова М.С. Обучение студентов технических вузов элементам математического анализа 181
Шәдібекова А.Е. Көркем шығарма арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің бағыттары 183
Жубаниязов И. Қазіргі кездегі тарих ғылымындағы методология мәселелері және тарихты жоғары оқу орнында оқыту 190
Сәдуақасқызы К., Талқанбаева Г. Негізгі мектеп оқушыларын химия сабақтарында тәрбиелеу 196
Дастан С. О. Сүлейменовтің әлеуметтік-экономикалық көзқарастары 200
Қыдырбаева К. Мектеп репертуарын игерудің тиімді жолдары 205
Мамырбаева М.Қ., Есембекова Ш.Т. Ағылшын-қазақ тілдеріндегі «әйел» концептісі 208
Орыншаева Г.Н. Язык как отражение социокультурной реальности, как феномен культуры 211

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің

ХАБАРШЫСЫ

1999 жылғы наурыздан бастап шығады Издается с марта 1999 года

Жылына екі рет шығады Издается два раза в год

Редакция мекен-жайы:
120014,
Қызылорда қаласы,
Әйтеке би көшесі, 29»А»
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда
мемлекеттік университеті

Телефон: (7242) 26-17-95

факс: 26-27-14

E-mail: ksu@korkyt.kz

Адрес редакции:
120014,
город Кызылорда,
ул.Айтеке би, 29 «А»,
Кызылординский
государственный
университет
им. Коркыт Ата

Құрылтайшысы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Учредитель: Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі
берген 450-Ж бұқаралық ақпарат құралын есепке алу куәлігі, 29 қазан, 1998 ж.

Техникалық редактор: ***Күлманова С.А.***
Редактор: ***Мұхиден Б.М.***
Компьютерде беттеген: ***Бердібекова Ұ.У.***

Теруге 15.11.2012 ж. жіберілді. Басуға 12.12.2012 ж. қол қойылды.
Форматы 60х84 $^{1}/_{8}$. Көлемі 15,81 шартты баспа табақ. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс 0126. Бағасы келісім бойынша.

Сдано в набор 15.11.2012 г. Подписано в печать12.12.2012 г.
Формат 60х84 $^{1}/_{8}$. Объем 15,81 усл.п.л.Тираж 500 экз. Заказ 0126. Цена договорная.

Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала мазмұнына автор жауап береді.
Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды.
«ХАБАРШЫДА» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

«Фолиант» баспасы.
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13
«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды